

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ШМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия
Издается с 1997 года

№ 4 (2016)

Павлодар

МАЗМҰНЫ**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации

№ 14210-Ж

выдано

Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А.

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Брицын В. М., *д.ф.н., профессор (Украина)*
 Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*
 Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*
 Жусип К. П., *д.ф.н., профессор*
 Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*
 Казмирова И. А., *ст. науч. сотр. НАН, Украина*
 Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*
 Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*
 Ыскак Д., *д.ф.н., профессор*
 Хасанулы Б., *д.ф.н., профессор*
 Нургожина Б. В., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
 Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
 При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

© ПГУ имени С. Торайгырова

Абуталиева А. А. Тарихи бейне: көркемдік-эстетикалық дәстүр	12
Азаматова А. Х. Сөйлеу мәдениеті және тіл нормалары	17
Аймұхамбет Ж. Ә., Байтанасова Қ. М. Көркем шығармадағы баяндау деңгейі	24
Акошева М. К., Рахимжанов К. Х. Конфликтілік пен әлеуметтік статустың коммуниканттардың сөйлеу әрекетіне тиер әсері	32
Ақтанова А., Жундибаева А. К. Дидахмет Әшімханұлы шығармаларындағы адам және қоғам	37
Аубакирова Қ. Қ., Мустафаева А. А., Кулахметова М. С. Шетел тілдерін үйретуде мобильді оқытуды қолданудың тиімділігі	42
Әбдіқалық К. С., Әділбекова Л. М., Нуртазина А. О. Ленинградтық өрендерім	49
Әділбекова Л. М., Ерғожина Ш. Л., Артукматова З. М., Дүйсен Р. Ж. Қазақ тілін меңгертуде өздік жұмыстарды қолданудың психологиялық негіздері	56
Әділбекова Л. М., Балапанова Э. М. Қазақ тіліндегі «гүл» концептісінің ассоциативтік-символдық сипаты	64
Әділбекова Л. М., Елшиева С. А. Ұлы мектеп	69
Әбдіқалық К. С., Әділбекова Л. М., Керимкулова Б. К. Халық ақыны	74
Бекбосынова А. Х., Қарабасова Қ. М. С. Досановтың «Аруана» шығармасындағы қазақы уақыт өлшем бірліктерінің мәні	81
Бобкова Е. А., Шағбанова Х. С. Көркем сурет көрінісі ретіндегі тарихи шындық (XII-XIII ғ. Ежелгі Ресей мен Германияның орта ғасырдың әдебиетінде әйелдің бейнесі ретінде) ...	88
Доцанова М. С. Шет тілін орта буында оқытуда жаңа технологияны қолдану	101
Екибаева Н. А., Зинуриң Д. К. Аймақтық топонимияның айырмалық ерекшеліктері	108
Екибаева Н. А., Зинуриң Д. К. Қазіргі ағылшын тіліндегі фразеологизмдер және сөздер	112
Жетпісбаева М. А. Эпикалық шығармадағы уақыт және кеңістік (М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша)	116
Жұмағұлов А. Б. Қазақ хандығы және мемлекетшіл әдебиет	125

Жұмағұлов С. Б., Жұмағұлов А. Б.	
XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мұрасының зерттелуі	133
Жумадиллаева О. А., Рахимбекова Г. О.	
Тілдік емес жоғары оқу орындарының көп тілді оқыту топтарында шет тілін оқытуда сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастыру және дамыту	142
Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.	
Мәшһүр Жүсіптің идеялары мен көзқарастары	150
Зейнулина А. Ф.	
Ілияс Есенберлин шығармашылығындағы ұлттық руханияттың көркемдік сипаты	153
Зейнулина А. Ф.	
Жазушы шеберлігі мен көркем қаһарман әлемі	163
Ибраева А. Т.	
Қазіргі қазақ романындағы көркем антропология сипаты	171
Ибраева А. Т.	
Қазіргі қазақ романындағы ұлттық дүниетаным мен көркем характер	182
Исмагулова Г. К., Капанова Д. Е.	
Өлемнің ағылшын және неміс тілдеріндегі «Махаббат» концептісін салыстырмалы зерттеу	191
Қазанбаева А. З., Жуынтаева З. Н., Тұрсынова М. А.	
Этнофразеологизмдердің тілдік табиғаты	200
Капанова Д. Е., Исмагулова Г. К.	
Ағылшын тіліндегі ақтау сөйлеу актілері	209
Қожағұлов С. Қ.	
Нәзира дәстүріндегі қисса жанры	216
Қоңыратбаева Ж. М.	
Көркем дискурстағы поэтикалық символ мәселесі	225
Личман Е. Ю.	
Қазақстандық өнертануды дамыту ерекшелігі	233
Личман Е. Ю.	
Қазақстан суретшілер шығармаларындағы қазақ даласының көркем бейнесі	239
Личман Е. Ю.	
Қазақстанның қазіргі түркі көз мөлшерімен өнерде қазақ белгілері	247
Личман Е. Ю., Жанайхан Е.	
Қазақстанда 20-30 жылдарда қалыптасуы ХХ ғасырдың көркем білім беру	254
Личман Е. Ю., Жанайхан Е.	
1920-1960 жылдары Павлодарда көркем дәстүрлерін қалыптастыру	260
Маәжан С., Адиева П.	
Сәлемдесу кезінде қолданылатын ым-ишараттар	266
Маәжан С., Адиева П.	
Көркем шығармаларда кездесетін просодикалық амалдар	273

Мейрамбекова Л. К.	
Қазақ және қазіргі қыпшақ тобы тілдеріндегі етістік және оның түбір негізі	278
Мәмбетова М. Қ., Анарбекова Ұ. Ұ.	
Алматы қалалық сауда орталықтарындағы тілдік жағдаяттың көрінісі	283
Оңалбаева А. Т., Жанұзақова Қ. Т.	
Бейвербалды қарым-қатынастың тарихи-мәдени контекстінің ұлттық менталитеттің тұрақты мәндерін бейнелеуі	291
Сатеева Б. С., Мизанбаева Г. Ш., Рахымбаева Б. О.	
Қазақ тіліндегі құпия түсініс тәсілдерінің бейвербалды амалдар, таңба, жаргон арқылы берілуі	299
Сейсекенова А. Б., Есіркепова К. Қ., Қанапина С. Ф.	
... Қозғауға керек қолғабыс (Шәкәрім және Гете поэзиясындағы ой, сөз, іс бірлігі идеясы)	309
Сейсекенова А. Б., Есіркепова К. Қ., Қанапина С. Ф., Кадырова Б. М.	
Поэзиядағы табиғат пен жаратушы бірлігі	320
Сейсекенова А. Б., Есіркепова К. Қ., Қанапина С. Ф.	
Шәкәрім шығармаларындағы пәнші және дінші мәселесі	328
Шоқым Г. Т.	
Гендерлік рөлдердің тілдік әлеуметтік мәні	335
Авторларға арналған ережелер	343

СОДЕРЖАНИЕ

Абуталиева А. А. Исторический образ: художественно-эстетическая традиция	12
Азаматова А. Х. Культура речи и нормы языка	17
Аймухамбет Ж. А., Байтанасова К. М. Уровень повествования художественного произведения	24
Акошева М. К., Рахимжанов К. Х. О влиянии конфликтности и социального статуса на речевое поведение коммуникантов	32
Актанова А. С., Жундибаева А. К. Человек и общество в произведениях Дидахмет Ашимханулы	37
Аубакирова К. К., Мустафаева А. А., Кулахметова М. С. Эффективность применения мобильных методов в обучении иностранным языкам	42
Абдикалык К. С., Адилбекова Л. М., Нуртазина А. О. Ленинградцы, дети мои	49
Адилбекова Л. М., Ерхожина Ш. Л., Артукматова З. М., Дуйсен Р. Ж. Психологические основы применения самостоятельных работ при изучении казахского языка	56
Адилбекова Л. М., Балапанова Э. М. Ассоциативно-символическая характеристика концепта «цветок» в казахском языке	64
Адилбекова Л. М., Елшиева С. Великая школа	69
Абдикалык К. С., Адилбекова Л. М., Керимкулова Б. К. Народный поэт	74
Бекбосынова А. Х., Карабасова К. М. Значение казахских временных единиц в произведении С. Досанова «Аруана»	81
Бобкова Е. А., Шагбанова Х. С. Художественный образ как отражение исторической действительности (на примере образа женщины в средневековой литературе Германии и Древней Руси в XII-XIII вв.)	88
Доцанова М.С. Использование новых технологий в обучении иностранных языков на среднем уровне	101
Екибаева Н. А., Зинурин Д. К. Отличительные особенности региональной топонимии	108
Екибаева Н. А., Зинурин Д. К. Фразеологические единицы и слова в современном английском языке ..	112

Жетписбаева А. Время и пространство эпического произведения (по роману-эпопее М. Ауэзова «Путь Абая»)	116
Жумагулов А. Б. Казахское ханство и государственная литература	125
Жумагулов С. Б., Жумагулов А. Б. Изучение литературы в эпоху Казахского ханства	133
Жумадиллаева О. А., Рахимбекова Г. О. Применение и развитие технологии «Критического мышления» в процессе обучения иностранному языку в полиязычных группах неязыкового вуза	142
Жусупов Н. К., Баратова М. Н. Идеи и точки зрения Машхур Жусипа	150
Зейнулина А. Ф. Художественное воплощение национальной духовной ментальности в произведениях Ильяс Есенберлина	153
Зейнулина А. Ф. Мастерство писателя в создании художественного образа	163
Ибраева А. Т. Характер художественной антропологии в современном казахском романе	171
Ибраева А. Т. Особенности поэтики и национального восприятия мира в современном казахском романе	182
Исмагулова Г. К., Капанова Д. Е. Сопоставительное изучение концепта «любовь» в немецкой и английской языковых картинах мира	191
Казанбаева А. З., Жуынтаева З. Н., Турсынова М. А. Языковая природа этнофразеологизмов	200
Капанова Д. Е., Исмагулова Г. К. Речевой акт оправдания в английском языке	209
Қожагулов С. К. Жанр кисса в традиции назира	216
Коньратбаева Ж. М. Проблемы поэтического символа в художественном дискурсе	225
Личман Е. Ю. Особенности развития казахстанского искусствоведения	233
Личман Е. Ю. Художественный образ казахской степи в творчестве казахстанских живописцев	239
Личман Е. Ю. Тюркские и казахские знаки в современном визуальном искусстве Казахстана	247

Личман Е. Ю., Жанайхан Е. Становление художественного образования в Казахстане в 20-30-е годы XX века	254
Личман Е. Ю., Жанайхан Е. Формирование художественных традиций в Павлодаре в 1920-1960-е годы	260
Магжан С., Адиева П. Жесты, используемые при приветствии	266
Магжан С., Адиева П. Просодические элементы в художественных произведениях	273
Мейрамбекова Л. К. Глагол и его корневая основа в казахском и современных кипчакских языках	278
Мамбетова М. К., Анарбекова У. У. Отражение языковой ситуации в торговых центрах города Алматы	283
Оналбаева А. Т., Жанузакова К. Т. Историко-культурный контекст невербального общения как отражение глубинных констант национального менталитета	291
Сатеева Б. С., Мизанбаева Г. Ш., Рахымбаева Б. О. Передача скрытого значения при помощи знаков, невербальных средств и жаргонов	299
Сейсекенова А. Б., Есиркепова К. К., Канапина С. Г. ...Поддержка в движении жизни (идея единства действий, слов, мыслей в поэзии Шакарима и Гете)	309
Сейсекенова А. Б., Есиркепова К. К., Канапина С. Г., Кадырова Б. М. Единство природы и создателя в поэзии	320
Сейсекенова А. Б., Есиркепова К. К., Канапина С. Г. Вопросы науки и религии в произведениях Шакарима	328
Шокым Г. Т. Языковая-социальная сущность гендерных ролей	335
 Правила для авторов	343

CONTENT

Abutaliev A. A. Historical image: artistic and aesthetic traditions	12
Azamatova A. H. Culture of speech and language norms	17
Aimukhambet Zh. A., Baytanasova K. M. Narrative level in the piece of art	24
Akosheva M. K., Rakhimzhanov K. H. The effect of conflict and social status on the verbal behavior of communicants	32
Aktanova A. S., Zhundibayeva A. K. Human and society in the works of Didahmet Ashimhanov	37
Aubakirova K. K., Mustafayeva A. A., Kulakhmetova M. S. Effectiveness of mobile methods in the teaching of foreign languages	42
Abdikalyk K. S., Adilbekova L. M., Nurtazina A. O. The people of Leningrad, my children	49
Adilbekova L. M., Yergozhina S. L., Myrzakulova G. S., Duysen R. Zh. Psychological bases of independent work application in the study of the Kazakh language	56
Adilbekova L. M., Balapanova A. M. Associative-symbolic characteristic of the concept «flower» in the Kazakh language	64
Adilbekova L. M., Myrzakulova S. Great school	69
Abdikalyk K. S., Adilbekova L. M., Kerimkulova B. K. People's poet	74
Bekbosynova A. H., Karabasova K. M. The meaning of Kazakh temporal units in the work of S. Dosanov «Aruana» ..	81
Bobkova E. A., Shagbanova Kh. S. The artistic image as a reflection of historical reality (for example, the image of women in medieval literature of Germany and ancient Russia in the XII-XIII centuries)	88
Doschanova M. S. The use of new technologies in teaching a foreign language at the secondary level	101
Yekibayeva N. A., Zinurin D. K. Distinctive peculiarities of the regional toponymy	108
Yekibayeva N. A., Zinurin D. K. Phraseological units and words in modern English language	112
Zhetpisbyeva M. A. Time and space of epic novel (on the epic novel of M. Auezov «Abai's way»)	116

Zhumagulov A. B.	
Kazakh Khanate and the state literature	125
Zhumagulov S. B., Zhumagulov A. B.	
The study of the Kazakh Khanate literature	133
Zhumadillayeva O. A., Rakhimbekova G. O.	
Implementation of «Critical thinking» technology in polylingual groups of non-linguistic universities	142
Zhussupov N. K., Baratova M. N.	
Mashkhur Zhussip's ideas and viewpoints	150
Zeynulina A. F.	
Artistic realization of national spiritual mentality in Ilyas Esenberlin's works ...	153
Zeynulina A. F.	
Writer's skill in creation of the artistic image	163
Ibrayeva A. T.	
The nature of artistic antropology in contemporary Kazakh novel	171
Ibrayeva A. T.	
Features of poetics and national perception of the world in the modern Kazakh novel	182
Ismagulova G. K., Kapanova D. Y.	
The comparative description of the concept of «love» in the German and English language pictures of the world	191
Kazanbaeva A. Z., Zhuymtaeva Z. N., Tursunova M. A.	
Language nature of the ethnophraseological units	200
Kapanova D. Y., Ismagulova G. K.	
The speech act of justification in English	209
Kozhagulov S. K.	
Kissa genre in «Nazir» tradition	216
Konyratbayeva Zh. M.	
Problems of poetic symbol in artistic discours	225
Lichman Ye. Yu.	
Specifics of development of Kazakh art critics	233
Lichman Ye. Yu.	
Artistic image of the Kazakh steppe in artworks of Kazakhstani painters	239
Lichman Ye. Yu.	
Turkic and Kazakh signs in modern visual art of Kazakhstan	247
Lichman Ye. Yu., Zhanaykhan E.	
Specifics of artistic education in Kazakhstan in 20-30-ies of the XXth century	254
Lichman Ye. Yu., Zhanaykhan E.	
Formation of artistic traditions in Pavlodar in 1920-1960-ies	260
Magzhan S., Adieva P.	
The gestures used in greetings	266
Magzhan S., Adieva P.	
Prosodic elements in pieces of art	273

Meirambekova L. K.	
Verb and its root base in the Kazakh and a group of modern Kipchak languages	278
Mambetova M. K., Anarbekova U. U.	
Reflection of the language situation in the trade centers of Almaty	283
Onalbayeva A. T., Zhanuzakova K. T.	
Historical and cultural context of non-verbal communication as a reflection of underlying constants of national mentality	291
Sateeva B. S., Mizanbaeva G. Sh., Rahimbaeva B. O.	
Transfer of the hidden value by means of signs, nonverbal means and slang	299
Seysekenova A. B., Yesirkepova K. K., Kanapina S. G.	
...We will help the movement (idea of unity of actions, words, thoughts in Shakarim and Goethe's poetry)	309
Seysekenova A. B., Yesirkepova K. K., Kanapina S. G., Kadyrova B. M.	
Unity of the nature and creator in poetry	320
Seysekenova A. B., Yesirkepova K. K., Kanapina S. G.	
Questions of science and religion in works of Shakarim	328
Shokym G.T.	
Linguistic social meaning of gender roles	335
Rules for authors	343

А. А. Абуталиева

ф.ғ.к., полиция капитаны, аға оқытушы, ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды қ.

e-mail: sholpik2503@mail.ru

ТАРИХИ БЕЙНЕ: КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДӘСТҮР

Мақалада ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ тарихи романдарындағы әйелдер образы туралы баяндалды. Қазақ әдебиетінде М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов т.б. дәстүрінің сабақтастығы, қазақ романиштыларының адам концепциясын даралап суреттеудегі авторлық ұстанымы, дүниетанымы сөз болады.

Кілтті сөздер: Тарихи роман, образ, дәстүр сабақтастығы, ұстаным, дүниетаным, суреткер, адам, өмір, дүние, қоғам, шығарма, шеберлік мектебі.

КІРІСПЕ

ХХ ғасырдың 60-80 жылдары роман жанры Әуезов дәстүрінің ізімен тарихи болмысқа қарай ойысып, халқымыздың ұзақ сонар тарихи өткен жолын ұқтыруға бағытталды. Ол жекеленген адам тағдыры арқылы тұтас халықтың тарих көшіндегі кешегісі мен ертеңі суреттеуде соны көркемдік ізденістерге де эстетикалық бағыт-бағдар берді. Әсіресе, қандай да болмасын саяси және рухани қысымдағы Адам құдіретінің ғажайып болмысына үңілдіре білді. Халықтық құдіреттің әрі ар-намыстың киесі әйел адам болып табылатынын туынды тақырыбының басты концепциясына айналдыруда қаламгерлер сол М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов т.б. дәстүрін өрелі биікке көтер білді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

ХХ ғасырдың 60-80 жылдарында роман жанры М. Әуезов ізімен тарихи болмысқа қарай ойысып, халқымыздың ұзақ сонар тарихи өткен жолын, тағдырын ұғынуға бағытталды. Тарихи тақырыптың ауқымы барынша кеңейе түсті. Ол бір ғасырмен шектелмей, тұтас дәуірлер құпиясын бойлады.

Аталмыш кезеңде қаламгерлер тарихи туындыларда көркемдік-эстетикалық ізденістерге негіз болған әйел-ана образын, қазақ әйелінің ұлттық болмысын, ішкі рухани әлемін жан-жақты сомдауда ілгерілеу жолында болды.

М. Әуезовтің «Абай жолында» «Әр бейненің тастан қашалғандай бедер табатыны сондай, әрқайсысы бір ғана адам емес, бір топ адамның

жиынтық бейнесі боп оқырманның көз алдында тұрады да, есінде қалады. Шығармада мейірім-шапағатқа толы, қауымның шын ықыласына ие Зере – әжелердің типтік үлгісі, сабырлы, ақылды Ұлжан – налардың үлгісі, ал ару Тоғжан – адал, таза махаббаттың үлгісі, Абай ақынның асыл да аяулы жары Әйгерім – сұлу жардың үлгісі» [1, 48 б.] – десек, романда Абай-Зере, Абай-Ұлжан, Абай-Тоғжан, Абай-Әйгерім, Абай-Ділде желілері арқылы көркем бейнеленіп, кейіпкер характерін, табиғи болмысын ашуда Әуезов аса зор суреткерлік ізденістерге барды.

Абайдың аяулы әжесі Зеренің немересіне деген терең мейірімі мен анасы Ұлжанның салқын ақылы, сабырлы мінезі романда әдемі өрнектелген. Қос ана тәрбиесі – Абайдың алғашқы білім мен тәрбиенің ұрығын сепкен мектебі, тәрбиешісі. Оқудан қайтқан шәкірт баланың топ ішінен асыға іздейтіні де сол анасы «... бауырына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!». «Үш күндік жолға барын салып», ауылға асыққан шәкірт баланың елін, анаға деген сағынышын, психологиясын автор философиялық тұрғыдан шебер сомдаған.

Академик М. Қаратаев: «... Дәстүр шыңынан асып асқаралы жаңалықтар ашу екінің бірі емес, ілуде бір ірі таланттың ісі ғой. Ондай ірі таланттар сирек кездессе де, күллі көркемдік даму процесіне құдіретті ықпал жасап, өзінің ашқан жаңалығымен сол процестің жалпы идеялық-эстетикалық дәрежесін жаңа сатыға көтеріп тастайтыны мәлім» [2, 14] – деп атап көрсетті. Әуезов романы – бүгінгі қазақ романиштылары үшін қашанда шеберлік мектебі.

ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы әдебиетте өз ізін қалдырып, біздің сөз өнеріміздің өрісін кеңейткен толқын, атап айтсақ, І. Есенберлин, Ә. Әлімжанов, Ә. Кекілбаев, Қ. Жұмаділов, С. Жүнісов, З. Ақышев сында қазақ романиштылары «алыптар тобының» ізденіс сипаттарын, көркемдік-эстетикалық дәстүрін одан әрі дамытып, өзіндік шеберлік амал-тәсілдерімен ұлттық прозаға мол үлес қосты, әйел-ана, ару образдарын қазақ тарихи романдарында көркем сомдады. Тарихи романдарда сұлулықтың, адалдықтың, тазалықты, символы – Ақтоқты, Ұрқия, Қадияша, Назгүл, Самал, Майсара, Бибілермен қатар үлгілі ана образдары да бар. Атап айтсақ, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы Күнімжан, Ә. Кекілбаевтың «Елең-алаң» романындағы ханның ақылшы серігі – Бопай ханым, Қ. Жұмаділовтің «Тағдырындағы» «бір ауылдың анасындай болған» Ажар, адуынды кісі – Айтолқын, «Дарабоздағы» «ұлын ұяға, қызын қияға қондырған» – Ханбibi, Ә. Әлімжановтың «Ұстаздың оралуындағы» Әл-Фарабидің сүйіктісі – Бәну, «Махамбаттың жебесіндегі» Фатима тоташ, «Ақан серідегі» – Дәмелі, Ырысты, біреуге зекіп сөйлемейтін байсалды ана – Жаңыл, «Соңғы көштегі» сабырлы да ибалы ана – Балжан, еркек бітімдес зор денелі – Қатша ұтымды шыққан бейнелер.

Егер қандай шығарма болса да, оның құндылық сапа-қасиеттері көркемдік-эстетикалық өре-деңгейімен өлшенетіндігін ескерсек, біз қарастырып отырған тарихи туындылардағы қаламгерлердің көркемдік ізденістері әдеби-эстетикалық категория – стильге тәуелді екені және мәлім. Яғни стиль ұғымын айналып өту мүмкін емес. Ғалым Қ. Жұмалиев: «Стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы басқа да компоненттері кіреді. Ең алдымен, орталық мәселе – идеялық мазмұн» [3, 13] – деген тұжырым жасаса, академик Р. Нұрғали: «... әдеби ұғымдағы стиль, ең алдымен, эстетикалық категория. Стиль жазушының авторлық мұратымен, эстетикалық идеалымен жанды түрде байланысып жатыр. Өйткені, көркемдік процесте механикалық сипат жоқ» [4, 19] – деген жүйелі ой түйіндейді.

Қаламгер Қ. Жұмаділов стиліне тән сипаттар: ұлттық болмысқа негізделген ұлттық бояу реңктерінің айшықталуы және қарапайымдылық десек, Ә. Кекілбаевтың суреткерлік даралығын ой ағынына, көпүнділікке жиі ден қоятынын жатқызар едік. Публицистік стильге тән элементтер Ә. Әлімжанов шығармашылығына тән болса, С. Жүнісов стиліне көркемдік тәсілдер ішінен психологиялық талдауға көбірек жүгіну басты сипат екенін айтар едік. Ә. Әбішев беймезгіл заманда ғұмыр кешіп, әлеуметтік теңсіздікке қарсы білек күші мен өнерін қатар жұмсаған Мәди Бапиұлының адами болмысын ашуда өз қаһарманының найзағайдай іс-әрекетін көрсетуге көбірек көңіл бөлсе, З. Ақышев характерлі, этнографиялық суреттер басым баяндау тәсілін қолайлы көреді. Ал. И. Есенберлин стиліне баяндау, хроникалық сипат, панорамалық қасиет тән екені мәлім.

Қазақ тарихи романдарында әйелдер образы – шығарма арқауындағы бас қаһармандар образын толықтырушы, әр түрлі қырынан көрсетуші ғана емес, сонымен қатар авторлық ұстанымға орай әртүрлі ракурста кескінделген. Шынайы махабатына адалдығымен ғана емес, биік адамгершілік – адами қасиетімен, рухани жан әлемінің тазалағымен, шынайылығымен ерекше, өткірлік пен өрлікті, турашылдық пен ерлікті, ақылдылық пен сұңғылалықты мойнына тұмар етіп таққан биіктігімен дараланатын әйелдер бейнесі әр автордың алуан түрлі көркемдік тәсілдерге баруына жетекші рөл атқарғандығын баса айту қажет. Шын мәнінде қандай сәтті шыққан образ болса да, ол ұлттық руханият әлемін өзіндік кескін-келбеті, болмыс-бітімі, даралық сипатымен байытатыны мәлім.

«... Менің гүлім сендерсіңдер – балауса қыздар!» [5, 76] – деген Ақан махаббатты, өнердегі пәк тазалықты, сұлулықты жырлайды. Романда ел ұғымындағы әсемдікті білдіретін табиғаттың әдемілігіне қыз сұлулығын теңеу сипатталған, жазушы қыздарды «таңшолпанға», «тотыға», «акқуға»,

«раушанға» теңейді. Акқу, гүл, сұлулық, әсемдік туралы эстетикалық әсер тудырады. Ақан, Мәди, Мұса сұлулықты жырға арқау етті. Қыздардың сұлу сипатын, қылықты қылығын, назды күлкисін жырлады.

Абай-Тоғжан, Ақан Ақтоқты, Мәди-Самал арасындағы шынайы сезім, адал махаббат шығарманың өн бойына шырай, көрік беріп тұр. Ғашықтардың ынтық сезімі – жай құр желік емес, лаулап жанған жалын, ыстық сезім.

Романда шынайы да шымыр сезім әлемінің асқақ қиялы – барынша нанымды, шынайы. Жазушылар махаббатқа шексіз берілген кейіпкерлердің жан толқыны, жүрек лүпілі арқылы жалпыадамзатқа тән сезім күшінің бұлқынысын суреттеп отыр. Автор ойының айқындығы, дәлдігі, сезім, сұлулығы, нәзіктік, оқиға желісінің суреттілігі Кенесары-Күнімжан, Ақан-Ақтоқты, Абай-Тоғжан, Мәди-Назгүл, Мәди-Самал арасындағы диалогтар мен автор, кейіпкер монологтарында, шағын эпизодтарда бой көрсеткен. Романшылар философиялық түйін, қоғамдық-әлеуметтік тартысты бейнелеудегі көркемдік шешім, өз дәуірінің шындығын дәл бере білу үлгісін көрсеткен. Айшықты сөз, тіл нәрлілігі Абай, Ақан, Мәди дәуіріндегі ғашықтар табиғатына сай болып келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ әдебиетінде қалыптасқан М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов т.б. дәстүрі мен сабақтастығы жалғастық таба отырып, қазақ романшыларының әйел образын жасауда ұлттық болмыс ерекшелігі көрінетін көркемдік-эстетикалық ізденістері жүйесіндегі шығармаларымен толыға түсті. Қазақ әйелінің ұлттық болмысы, әйел-ананың дүниетанымы, ішкі рухани әлемі ашылып, тарихи кейіпкерлер галереясы сомдалған.

Мақалада қазақтың тарихи сипаттағы шығармалары сомдаған әйел бейнесінің қыр-сырына, танымдық-тағылымдық сипатына, көркемдік-эстетикалық әлеміне ғылыми зерделеу жүргізе отырып, сол тұстағы ұлттық әдеби үдерістің өре-деңгейіне саралау жүргізу жүзеге асырылды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қабдолов, З.** Арна. – Алматы : Жазушы, 1988. – 256 б.
- 2 **Қаратаев, М.** Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы, 1980. – 367 б.
- 3 **Жұмалиев, Қ.** Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы, 1966. – 384 б.
- 4 **Нұрғалиев, Р.** Телағыс. Әдеби дәстүр және әдеби даму. – Алматы, 1986. – 440 б.
- 5 **Жүнісов, С.** Төрт томдық шығармалар жинағы. Т. 1. Роман, повесть. – Алматы, 1994. – 544 б.

A. A. Abutalievа

Исторический образ: художественно-эстетическая традиция

Карагандинская академия МВД РК
имени Б. Бейсенова, г. Караганда.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

A. A. Abutalievа

Historical image: artistic and aesthetic traditions

Karaganda Academy of the MIA RK
named after B. Beisenov, Karaganda.
Material received on 29.11.16.

Особое место в системе образов казахских исторических романов 60-80-х годов XX века занимают женские образы. Женщина – символ красоты, любви, прекрасного – всегда являлась источником эстетических изысканий художника, мастера слов. В своих произведениях казахские писатели продолжили опыт классиков казахской литературы – М. Ауэзова, Г. Мусрепова в раскрытии женских образов.

The images of women took a special place in the system of images of Kazakh historical novels of 60-80-ies of XX century. The woman is a symbol of beauty, of love; it has always been a source of aesthetic research of the artist, the master of words. In their works Kazakh writers continued the experience of classics of Kazakh literature – M. Auezov, G. Musrepov in the disclosure of female images.

А. Х. Азаматова

д.ф.н., доцент, Казахстанский институт менеджмента, экономики и прогнозирования, г. Алматы
e-mail: ariya_azamatova@mail.ru

КУЛЬТУРА РЕЧИ И НОРМЫ ЯЗЫКА

В статье дается определение хорошей речи, подробно рассматриваются компоненты и критерии культуры речи. Особое внимание уделяется существующим подходам к определению параметров литературной нормы, проблеме усвоения норм русского языка и их кодификации.

Ключевые слова: речь, языковая норма, кодификация, литературный язык, культура.

ВВЕДЕНИЕ

Начало XXI характеризуется активизацией деривационных процессов, обилием новообразований, что связано с ломкой стереотипов поведения, переориентацией морально-этических установок, сменой идеологических доминант, появлением новых общественных реалий. Характерными чертами современной эпохи, по мнению исследователей, стали раскрепощенность языка, ослабление «внутреннего цензора», свобода от ограничений, способствующая расцвету неузального словообразования, лидирование в постсоветское время устной речи в сравнении с письменной. Литературный язык в настоящее время испытывает сильное влияние со стороны устной речи разных социумов общества, допускающих в публичной речи просторечную, диалектную и ненормативную лексику, еще недавно находившуюся под запретом. Расширение сферы спонтанного общения, не только личного, но и устного публичного, психологическое неприятие бюрократического языка советского прошлого привели к состоянию вседозволенности в обращении с языком.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Сегодня активизировались традиционные лексические процессы, и мы можем наблюдать интенсивный рост новых понятий, перераспределение слов активного и пассивного пластов лексики, стремительную англо-американизацию русского словаря, нередко приводящую к гибридации текста, распространение в литературном языке просторечно-разговорной стихии — вплоть до вульгаризмов.

Анализ функционирования американизмов на лингвокультурном пространстве русского языка показывает, что они не оказывают влияние на его систему, а подчиняются этой системе на всех уровнях её функционирования. Американизмы под влиянием системных факторов русского языка изменяются сами и семантически, и стилистически, и грамматически. В итоге меняются и контексты их употребления, и в большинстве случаев русифицированные американизмы перестают полностью совпадать с их прототипами. Русский язык на протяжении своей истории обогащался не только за счет внутренних ресурсов, но и за счет других языков. Однако необходимо разумное использование заимствований, поскольку заимствования, используемые без чувства меры, подменяющие концепты русской национальной этики, несут разрушающее начало, тогда как разумное заимствование обогащает речь, придавая ей точность, лаконичность, выразительность.

В современном словопроизводстве обнаруживаются те же черты, которые характерны для современного языка в целом: рост личного начала, перемещение в центр сферы употребления периферийной лексики. Свобода от ограничений разного рода способствует раскрепощенности языка. Следствием этого является типичная черта современного языка – расцвет неузуального словообразования. Особую активность обнаруживают так называемые «ключевые слова эпохи», то есть те слова, которые находятся в фокусе социального внимания.

Даже краткий обзор нормализации частеречных слов позволяет уточнить картину грамматической системы современного русского языка. Это дает возможность более осознанно относиться к оценкам роли морфологических средств в стратегии развития языка, а следовательно, и стратегии динамики нормы. Как тенденцию следует отметить распространение случаев двойного родового наименования, увеличение количества существительных общего рода. Пожалуй, одним из самых существенных изменений в грамматическом строе современного русского языка стало упрощение падежной системы. Тенденция к ослаблению падежных функций проявляется и в ставших довольно частыми случаях неправильного выбора падежа. Внедрение аналитизма в ущерб флективности – достаточно противоречивый и неоднозначный факт, но перегруппировка и унификация реальных падежных употреблений и прежде имевших место в просторечии сегодня становятся одним из отличительных признаков изменений в категории падежа имен существительных.

Как это ни парадоксально, дать определение хорошей речи не так просто. С одной стороны, представление о том, что такое хорошая речь, исторически изменчиво. Можно сделать вывод, не требующий специальных научных разысканий о том, что как хорошая не может восприниматься

речь не современная. В обществе происходят со временем явные сдвиги в представлениях об эталоне хорошей речи. В определенный период развития общества подобные сдвиги наблюдаются даже в сравнительно короткие периоды времени. Один из таких сдвигов мы пережили (и продолжаем переживать) в 90-х годах XX века.

С другой стороны, представление о хорошей речи, ее эталоне обусловлено социально. Различны представления о хорошей речи у разных поколений (отношение к жаргону, ты-общению, именованию людей без отчества и т.д.).

И, очевидно, нельзя подходить к оценке речи с одними и теми же критериями без учета возраста и социальной (хотя бы профессиональной) принадлежности говорящего. Однако наряду с узуальной нормой существует кодифицированная норма, зафиксированная не только в словарях, но и в речи высококультурных специалистов. Поэтому встает вопрос о допустимости или недопустимости каких-то профессиональных нарушений норм.

Оценка речи зависит от функционально-стилевой принадлежности, формы (устная / письменная) и условий ее осуществления. Не может быть одинакова речь письменная и устная, монологическая и диалогическая, речь в условиях публичного или массового и в условиях неофициального общения и т.д.

Е. Н. Ширяев дал очень емкое определение культуры речи: «Культура речи – это такой набор и такая организация языковых средств, которые в определенной ситуации общения при соблюдении современных языковых норм и этики общения позволяют обеспечить наибольший эффект в достижении поставленных коммуникативных задач»

Итак, хорошая это речь или плохая, нельзя решать вне учета ее ситуации, поставленных говорящим (пишущим) коммуникативных задач, но это обязательно такая речь, в которой соблюдаются современные языковые нормы и этика общения и которая может способствовать достижению наибольшего эффекта.

Хорошая речь – это прежде всего речь целесообразная. Именно поэтому не может однозначно оцениваться ни, скажем, фраза *Бабки гони*. Она вполне допустима в дружеском общении молодежи, поскольку будет адекватно понята адресатом и не вызовет у него никаких обид и опасений в ситуации, например, разговора о походе в кино и предложении купить билеты. Но эта фраза окажется совершенно неуместной, грубой, может быть, даже угрожающей в другой ситуации: при обращении не к ровеснику, тем более не к знакомому человеку.

Безусловное качество хорошей речи – ее соответствие этике общения (и с точки зрения содержания (*в доме повешенного не говорят о веревке,*

о покойном или хорошо или ничего и т.д.), и с точки зрения самих использованных форм: выбор той или иной лексики, формы императива, использование имени или имени и отчества, вы- или ты-общения и т.д.).

С другой стороны, безусловно, критерием хорошей речи в любом случае остается ее понятность адресату, поэтому недопустимы не только малоупотребительные в русской речи иностранные слова (например, *проксенетизм, сикофанты, абсентеизм*), использованные без пояснений в газетных статьях, предназначенных для широкого читателя, столь же непонятные массовому потребителю СМИ жаргонизмы, диалектизмы, но и специальные термины, хотя они и входят в литературный язык.

Очевидно, что хорошая речь нуждается в большом словарном запасе, необходимом для выражения любого понятия, любой мысли и любого чувства. Только при этом не надо забывать, что наличие большого словарного запаса и даже умение свободно им пользоваться (что не всегда сопутствует пассивному лексикону), необходимое, но еще не достаточное условие хорошей речи: надо еще помнить о возможностях адресата понимать сказанное.

Хорошая речь – речь не стереотипная, повторяющая набившие оскомину штампы, затасканные выражения, а творческая, выражающая интенции ее автора и вызывающая адекватное понимание у адресата. Именно адекватность понимания делает речь эффективной и поэтому далеко не всякую несомненно творческую, оригинальную речь можно назвать хорошей.

Сказанное выше заставляет обратиться еще к одному параметру хорошей речи – допустимости и недопустимости тех или иных отклонений от норм.

Эволюция языковых норм неизбежна вследствие социальной обусловленности языка вообще и литературного языка в частности. Социальная база русского литературного языка, то есть состав его носителей, несравнимо расширилась за последние десятилетия. Коренные изменения общественного строя, массовость печати и иных СМИ сделали литературный язык главным средством языкового общения подавляющей части населения. Нивелируются нормативные противопоставления «литературный язык – территориальный диалект», «литературный язык – жаргон». Невозможно, например, в настоящее время рассматривать жаргон как разновидность ненормативной лексики, поскольку этот речевой пласт прочно вошел в практику общения, используясь в качестве стилистически окрашенного средства.

Соблюдение современных языковых норм также входит в данное нами определение. Действительно, не может быть хорошей речь неправильная. Прежде всего это связано с тем, что неправильная (в любом отношении) речь затрудняет понимание.

«Отступления от литературных норм, характеризующие современное состояние русского языка, укладываются в три группы фактов разного порядка: системные, культурно-речевые и этические» [1, 33]. Изменились критерии оценки правильности речи: на первый план выдвигаются функциональные, а не структурные признаки. Все вышеперечисленное изменило отношение к литературной норме: норму-догмат сменила норма-выбор.

Норма русского литературного языка, как и вся система живого языка, подвижна, изменчива при сохранении стержневых понятий и форм. Множественность нормы вовсе не означает расшатывание основ нормативности, а предполагает выбор наиболее жизненных и целесообразных средств выражения.

Вариативность нормы и отсутствие единства в кодификации создают сложности в выборе языковых единиц и затрудняют достижение образцового уровня культуры речи.

С ориентацией на норму составляются учебные пособия; литературной нормой руководствуются редакторы и корректоры; неоправданные отступления от нормы воспринимаются как речевые ошибки. В связи с этим перед лингвистами встает задача уточнения традиционных и определения новых параметров языковой коммуникации. «Общество должно постоянно языковые изменения отслеживать, чтоб знать свой язык и преподавать его адекватно – именно как живой и развивающийся» [2, 204].

Норма как функциональный феномен речевой деятельности представляет собой единый комплекс функций, включающий регулятивную, унифицирующую, оценочную, стабилизирующую, селективную, при явном доминировании регулятивной функции.

Современные представления о речевых нормах на первый план выдвигают коммуникативные признаки нормы. Несмотря на то, что общая значимость норм литературного языка как лингвистического и социокультурного фактора остается неизменной, равно как и «гибкие», «плавающие», вариативные речевые нормы не способны выполнять в полном объеме функцию языковой непрерывности, равно как и функцию объединения общества на основе следования единым нормам языка, используемого в процессе коммуникации. В настоящее время речевые нормы во многом определяются условиями коммуникации и нередко зависят от особенностей функционального языка (стиля), в рамках которого создается текст. Средства массовой информации, прежде игравшие объединяющую и предписывающую роль для формирования, поддержания и распространения единых нормативных принципов, в современных условиях способствуют быстрой смене нормативных образцов, в первую очередь, в сфере лексики и фразеологии, а также в известной степени орфографии и орфоэпии.

ВЫВОДЫ

Таким образом, трансформируется один из критериев нормативного языкового явления – освященность ее общественными языковыми авторитетами (обычно писателями и видными общественными деятелями). «Сейчас речь говорящих на русском языке, обнаруживает признаки субъективной нормативности (то есть применения нормы по своему усмотрению) и, кроме того, в полной мере подчиняется особым нормам, не подвергшимся действию кодифицирования – нормам устной речи. Пишущие же, особенно журналисты, все время играя с нормой сознательно или из-за субъективного ее применения (обычно и то и другое в целях выразительности), вольно или невольно выступают в качестве языковых авторитетов, обращающихся с кодифицированной нормой малопочтительно». Ярким примером свободного обращения с нормой являются авторские неологизмы, широко используемые в текстах СМИ. Подтверждается представление о том, что «журналисты играют со словами и в слова в поисках свежих, необычных номинаций для лиц и фактов, ломая традиционные модели словообразования, грамматики, снимая табу на сочетаемость слов» [3, 4]. Можно предположить, что далеко не все эти слова войдут в активный словарный запас всех носителей русского языка, однако сам принцип свободного обращения с нормой не может не оказать своего влияния.

Норма и ее кодификация – это важная характеристика литературного языка и, безусловно, одно из условий его существования. Проблема нормы – это в значительной степени проблема социальных институтов. Поскольку носитель языка получает навыки правильной и богатой русской речи через словари и литературу, речь идет об отборе того, что дается ему в качестве образцов языка.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Воротников, Ю. Л.** Русский язык: перспективы сохранения и развития // Знание. Понимание. Умение. 2008. – № 1, – с. 31-34.

2 **Петров, А. В.** Активизация заимствованных компонентов сложных слов в современном русском языке // Актуальные проблемы словообразования. – Томск, 2006. – с. 201-205.

3 **Лаптева, О. А.** Двудеиная сущность языковой нормы / О. А. Лаптева, Журналистика и культура русской речи, 2003, – № 1.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

А. Х. Азаматова

Сөйлеу мәдениеті және тіл нормалары

Қазақстан Менеджмент,
экономика және болжау институты, Алматы қ.
Материал 29.11.16 баспаға түсті.

A. H. Azamatova

Culture of speech and language norms

KIMEP University, Almaty.
Material received on 29.11.16.

Мақалада жақсы сөйлеудің анықтамасы беріледі, сөйлеу мәдениетінің компоненттері мен белгілері жан-жақты қарастырылады. Әдебиеттік норманың параметрлерін анықтаудың қазіргі бар тәсілдеріне, орыс тілінің нормаларын меңгеру және оларды кодификациялау проблемасына ерекше көңіл бөлінеді.

A good speech is defined, the components and criteria of speech culture are discussed in detail in this article. Particular attention is paid to the existing approaches to the definition of the literary norm, parameters to the problem of the Russian norms mastering and their codification.

Ж. Ә. Аймұхамбет¹, Қ. М. Байтанасова²

¹ф.ғ.д., профессор, ²ф.ғ.к., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.

e-mail: ¹a_zhanat@mail.ru; ²beka-talgat@mail.ru

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ БАЯНДАУ ДЕҢГЕЙІ

Шығармадағы қандай да болмасын баяндау тәсілі эпикалық ракурс пен эпикалық қашықтықты анықтайды. Эпикалық ракурс – автордың оқиғаларды бейнелеудегі өзін-өзі көрсетуі. Көркем уақыт – сюжет пен фабулага қатарласа жүретін ұғым. Сюжеттік уақыт дегеніміз – уақыттың нақты сәттерінің шығармада автордың суреттеуімен белгілі бір тәртіппен орналасуы. Автор сюжеттік уақытты түрліше ұйымдастырады. Кей кезде оқиға барысында өткенге қайта оралудың қажеттігі немесе көркем уақыт ішінде оқиганың өтуінің бәсеңдеуі кездесіп отырады.

Кілтті сөздер: баяндау, көркем мәтін, баяншы, кейіпкер, мекеншақ, баяндау деңгейі.

КІРІСПЕ

Баяндау категориясы өзінің позициясы жағынан көркемдік жүйедегі барлық материалды қамтиды. Осылайша екі жіктелу материалды да, форманы да қамтып, бұл талдау бұрынғы терминмен айтқанда, мазмұн мен формаға әкеледі. Көркем мәтіннің оқырманы сюжетте, автордың баяндау мәнерінде, кейіпкердің бейнеленуінде ортақ бір жүйенің, ішкі бір бірліктің бар екендігін түйсінеді. Басқаша айтқанда әр деңгейдің құрылымында қандай да бір бірізді принцип танылады. Бұл құбылыс изоморфизм («бірдей, біркелкілік») деп аталады. Қаламгер туындыларының көркемдік жүйесі қаншалықты біркелкі екені мәтінді талдау барысында анықталады. Бұған қатысты М. Бахтин, Н. Бабенко, Н. Гартман филологиялық талдау жүйесін айқындап берді. Көркемдік жүйені суреттеу екі түрде жүргізіледі: «төменнен» заттық дүниеден идеяға; керісінше, «жоғарыдан» идеядан сюжетке, заттық дүниеге түсу. Әрине, заттық дүниеден идеяға жоғарылау – мақсатты болмақ. Бұл жолмен кез келген оқырман жүріп өтеді. Ең алдымен оқырманға автордың баяндауы, заттық дүниелерді бейнелеуі әсер етеді. Осыдан кейін сюжеттік құрылым нәтижесінде туған көркемдік ой, идея жете бастайды. Көркемдік жүйенің әрбір деңгейінің өзіндік тілі, суреттеу тәсілі болады. Баяндау деңгейі – пішін категориясы – қандай да бір қатаң терминдерге, ұғымдарға қатысты

болуы мүмкін. Ал, басқа заттық, сюжеттік-фабулалық деңгей – соншалықты қатаң бола бермейді. Сонымен, ең бірінші, көркемдік жүйенің баяндау деңгейі қарастырылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әдеби шығармаға белгілі бір жүйе немесе құрылым деп қарау қазіргі әдебиеттануда орныққан ұғым. Көркем мәтіннің осы сипаты оны тұтастай, белгілі бір «органикалық бірлік» деп қарастыруға негіз болды. Әрине, кез-келген тұтас құрылымды немесе жүйені бірнеше өзара байланысты деңгейлерге немесе қабаттарға жіктеуге болады. Көркем сөз өнерінің көпқабаттығы туралы түсінік әр авторларда түрліше беріледі. Мәселен, Н. Гартман: «Эстетикалық нысан көп қабатты құрылым ретінде қарастырылады, поэтикалық шығармада алдыңғы қатарға – нақты тілдік құрылым шығады; ал соңғы қабатта – идея тұрса, олардың аралығында – кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінезі, характері болады», – дейді [1, 389]. Туындыдағы өзге деңгейді анықтаған Л. Долежел мен К. Гаузенблас поэтика мәселесіне арналған I Халықаралық Варшава конференциясындағы баяндамада да пікір білдірген: «Әдеби шығарма күрделі бірақ тұтас эстетикалық құрылым. Ғылыми талдау арқылы бұл тұтас құрылымды өзара байланысты бірнеше компоненттерге: тілдік, композициялық, тақырыптық, идеологиялық түрге бөлуге болады» [2, 47]. Көркем жүйені жіктеу ондағы материалдың (фактілер, оқиғалар) қатынасына және оның ұйымдастырылуына байланысты. Көркемдік жүйенің екіаспектілігі оны жіктеудің екіжақты сипатын аңдатады. Бірінші жіктеуге материал жатқызылады да оның деңгейлері анықталады. Олар: заттық, сюжеттік-фабулалық және идеялық. Әр деңгейде жүйелену сипатына орай ең алдымен материал зерттеледі. Материалды зерттеу дегеніміз – көркемдік жүйедегі эстетикалық жағынан мәнді материалды сұрыптаудың принципін орнықтыру деген сөз. Бұл – деңгейлік талдаудың бірінші сатысы.

Алайда, әр деңгейдің материалы қалай болса солай ретсіз орналаспайды. Ол белгілі бір тәртіппен реттелген, ұйымдастырылған түрде болады. Бұл композиция авторға шығарма тудырудағы мақсатты, бағытты айқындап береді. Ал, материалды белгілі бір заңдылықпен ұйымдастыру – деңгейлік талдаудың екінші сатысы. Сөйтіп, материалдан басталған жүйелеу форманы береді де, форманы жүйелеу материалды береді. Осы екінші жіктеу баяндау деңгейін айқындайды. Туындыдағы материалдардың берілуі «белгісіз» емес. Оны суреттеп отыратын қандай да бір адам болады. Мәтінді ұйымдастыру белгілі бір суреттеушіге – баяншыға, әңгімешіге қатысты болады да осыдан баяндау келіп туады. Баяндауға ең алдымен, мәтіндегі сөздік ұйымдастыру, екіншіден, заттық-кеңістікті ұйымдастыру, яғни сөзге жатпайтынның барлығы енеді.

Баяндау деңгейі баяншының немесе әңгімешінің өзіндік, жеке баяндауы мен кейіпкердің төл сөзінен – монолог, диалогінен тұрады. Мысалға Ғ. Мүсіреповтің «Ақлима» әңгімесін алайық. «– Апа! – деп басталыпты жауынгер хаты. Жалын атқан ыстық леп шыққан «Апа, апатайым!» деген сөздер дүниежүзіне айғай салып тұрғандай.

Апатайым-ай, сағындым ғой, – дегеннен кейін тізіле қалған көп нокаттар ыршып түсіп домалап-домалап кеткен көз жасынай ұқсайды. Мүмкін, хатты алқынып отырып, асығып жазған адамның булығып келіп алқымға тірелген сағынышы ағытылып шығарған сөз таппай, түйіліп қалып, көп нокатқа айналған шығар! Мүмкін, анасын қатты сағынған баланың он беттік хат жазса да, бар айтары осы бір ғана сағындым ғой деген қуанышты күрсініс күйі болар» [3, 112].

Хат алмасудағы мақсат – екі тараптың бір-біріне деген ілтипаты, хабар біліп, белгілі жайттар туралы пікір алмасу. Хат өзінің жазылу мақсаты жағынан түрліше болады. Бұл хат алыстағы жауынгердің анасына деген сағынышты, сүйінішті хаты. Хаттың өне бойынан ана махаббатына зарыққан адамның күйі танылады. Бір ғана «сағындым» сөзінің беріп тұрған эмоционалдық мағынасы аса терең. Кейіпкерлердің екі дай көңіл-күйлері қатар беріледі. Мысалы: «бар айтары осы бір ғана сағындым ғой деген қуанышты күрсініс күйі болар» [3, 112]; «Апа, сені Қарағандыдан тапқаным әрі қуандым, әрі қиналдым» [3, 114]. Бұдан бір-бірінен алыста жүрген жандардың ықыласы, бір-бірін аялап, қорғауға дайын көңіл-күйлері өрілген. Бұл хат стилі. Кейіпкер хатын келтіріп, тұрған автордың баяндауы жанама рөл атқарып тұр. Себебі, хаттың аса қадірлі адамға барша сүйіспеншілік-сағынышпен, ілтипатпен жазылғаны хат мәтінінен-ақ байқалып тұр. Автор оны заттық-бейнелілік түрде де береді (тізіле қалған көп нокаттар ыршып түсіп домалап-домалап кеткен көз жасына ұқсайды). Ақлима хатты тыңдай отырып, баласымен (хат иесімен) жарыса диалогке түсіп отырады. Әрине, шығарма кеңістігінде жоқ хат иесінің бейнесін, көңіл-күйін біз хат арқылы біліп отырамыз. Хатта баяндалған жағдаят арқылы майдан даласы, соғыс қасіреті, жаралы жауынгердің бейнесі көрініп отырады. Жауынгер анасының хал-жағдайын біле отырып, өз халін де баяндап отырады. Жарыспалы оқиға, екі кеңістік суреті. Мұнда басты орын хатқа, оның эмоциялық-баяндаушылық сипатына берілген де, «автор тілі» аз көрінеді. Сол сияқты, «Ашынған ана» әңгімесі бірден кейіпкер әрекетінен басталады. «– Қонайын деп едім, – деді есіктен бір жалба-жұлба әйел кіріп келді.

Жағы суалған. Бет-аузын айғыздап тілген әжім маңдайы мен екі көзінің құйрығында түйісіп жұлдызданып тұр. Ағарған әжім сызықтарының әрқайсысы бір-ақ тілектің ізі екенін ешкім аңғарған жоқ. Жарылған еріндерін тас жұмып алып, үй иесіне от шашқан қара көзін қадады да, жауап күтті.

Көгендегі қозыдай болып отқа төніп отырған балалар қорқып, кейін шегініп кетті» [3, 101].

«Іргеге бұққан балалар қозғала-қозғала әйелдің қасына келіп, тізесіне де асылып, аузын да қарап қалыпты. Манадан бері «балам» деген сөзді әйел осы балалар жайында айтып отырғандай» [3, 111].

Үзіндіде тосыннан кіріп келген адамның портреті берілген. Мұндағы түр-түсінің қорқыныштылығы, көп азап көрген әйелдің болмысын суреттеудің арасындағы «әжім сызықтарының әрқайсысы бір-ақ тілектің ізі», «от шашқан қара көз», «күміс сақина» деген сөздер арқылы бұл әйелдің қиындық пен бейнеттен шалдықпаған, қайратты, жігерлі жан екенін аңғартады. Алғаш әйелді көргенде қорқып кеткен балалар енді әйелдің басынан кешкенін тыңдай отырып, оған жақындап, тізесіне сүйеніп, таңқала тыңдап қалады. Оның себебі, баласы үшін үлкен әрекетке барған ананың батылдығы, қайсарлығы еді. Өздері алдында ұсқынын көріп үрейленген адамның енді өздеріне ең жақын, ең қымбат аналарындай екенін білгеннен соң олар қорқынышты мүлде ұмытып, ананың әңгімесін ұйып тыңдайды. Автор баяндауындағы ұқсастық неде? Суреткер ең алдымен, сюжетті, заттық дүниені ұсынады. Сол арқылы оқырманын алдағы болатын оқиғаға жетелеп, идеяға бастап отырады. Алда не болатынына қызығып оқып отырған оқырман кейіпкерлер портретіне, сөзіне, эмоциясына кірігіп кетеді. Бұл тұста автордың дербес стилі, идеясы танылса да, ар жағында көпшілік таным, ұлттық болмыс тұр. Ақлима хатты тыңдай отырып, жалпы бала, жауынгер туралы ойлап отырса, Қания өз баласы үшін отқа түсетін барлық аналардың бейнесін байқатады. Экспрессивтік баяндау формасы хатта көбірек байқалады. Хатты ынтамен тыңдаған Ақлима жауынгер қуанса қуанып, қиналса, қоса қиналып отырады. Зерттеуші Шмидтың көрсетуінше мәтіндер баяндау және суреттеу түрінде болады [4, 39]. Олар кең мағынасында бір-біріне қарама-қарсы. Суреттеу түріндегі мәтіндерде статикалық көріністер – сурет, портрет, қайталанатын тізбекті процестер, әлеуметтік орта суреттеледі. Алайда, екі мәтін түрінің арасында қатаң шекара жоқ. Әрбір баяндауда (нарратив) суреттеу элементтері болады. Кейде өзара ұқсас бірнеше сурет, жағдаяттар қатар бейнеленеді. Автор баяндауы тұтаса келе, көркем мәтіннің жүйеленуіне бағыттайды. Көркем мәтіндегі оқиға, кейіпкерлер болмысы, портреті, сөзі – негізінен, автор-баяншының ұйымдастыруы.

Баяндаудың сөздік ұйымдастырылуында баяншының айтатын сөзі туралы айтылып жүр. Бұл жөнінде зерттеуші А. П. Чудаков: «Баяндау деңгейінің маңызды сипаттарының бірі баяндаудың кеңістігі, яғни бейнеленген кеңістіктегі баяншының сөзі, оның көркем заттарды орналастыруы. Бұл жерде мәселе сөз емес, баяншының көру (оптика) позициясы, оның көзқарасы. Бұл позиция сөз секілді мәтінде бірден көзге

түседі. Оқырман кез келген суреттеуді оқи отыра, оның құрылымын, баяншының қай «бақылау бекетінде» екенін бірден байқай алады» [5, 39]. Баяншы өзінің орналасқан жерінен қозғалмай-ақ, өзінің баянын жалғастыра алады. Мұнда, тиісінше, өзінің көру аясына сыятын кеңістіктегі (сыртқы дүниедегі) заттарды ғана көре алады. Ал, қалғандарын түйсікпен немесе жанама ақпараттар арқылы толықтырады. Әрине, сюжет барысында баяншы өз орнынан әрі қарай жылжып, өзінің байқау, көру кеңістігін кеңейте алады. Көркем туынды сыртқы орта жағдайын, оқиғаны баяндау арқылы береді. Ал, ішкі дүниені ой, толғаныс (экспрессивтік форма) арқылы бейнелейді. Соның нәтижесінде оның ішкі және сыртқы жағы айқындалады. Бұл абстрактілі түсінік, шындығында туындының формасы мен мазмұны бір-бірінен ажырамайды.

Көркем туындыда: тақырып, проблема, көркем идея, конфликт, пафос, сюжет, композиция, орталық және жанама кейіпкерлер, характерлер, кейіпкер бейнесін жасау тәсілдері, әрекет пен оқиға (сюжет жүйесінде), тікелей авторлық мінездеу, портрет, кейіпкерлердің өмір сүру ортасын суреттеу, психологиялық талдау, тілдік мінездеме, кейіпкерлер қатынасы, пейзаж, интерьер, көркем детальдар, көркем тіл көрінеді.

Көркем мәтін – өзара ішкі байланыстары мол көпқабатты құбылыс. Әдеби шығармада сюжет оқиғалардың тізбегінен, яғни уақыт-кеңістік қатынасындағы кейіпкерлердің өмірінен, бір-бірімен алмасып отыратын әрекет-жағдайлардан тұратыны белгілі. Онда берілген үлкенді-кішілі әрекеттердің бірлігі сюжет, идея, кейіпкерлер арқылы қабысады. Автордың толғамы әр түрлі ситуация ішінде шектеусіз көрініп отырады да, шығармадағы оқиғалар уақыттан тыс, кешенді де сипат алады.

Мәтін – автор – кейіпкер – оқырман қатынасын орнықтыратын эстетикалық объект. Автор – мәтінді, көркем әлемді жасайтын нақты адам. Ол өзінің шығармасы мен кейіпкерлері туралы бәрін көріп, байқайтын әр түрлі деңгейдегі баяншы бола алады.

«Әлі есімде, бес танкінің командирі үнсіз ғана танкімізге келе жатырмыз. Су астын тексеріп шыққан барлаушылар бұл қауіптердің барын жасырған да жоқ. Бірақ, сол қауіптердің ара-арасымен өтуге де болады. Өзенге тік түсіп, он метр жүргесін, сол жаққа бұрылып, он бес метр жүріп барып, қиғаштап қабаққа асылуымыз керек. Үнсіз ойымыз осыны есептеп келе жатыр. Көзсіз ерлік емес, көзді ерлік керек, соны ойлап келеміз. Су астындағы шытырман торды көз алдымызға әкеліп, ара-арасымен жол іздеп келеміз. Кедергісіз өтіп кетсек, танкінің ішіндегі ауа тұншықпауға жетеді де, ол екі арада танкінің іші суға да толып кете алмайды. Елеулі бір кедергіге ұшырап, не ілгері, не кейін кете алмай тұрып қалсақ, қоржын ауға түскен балықтай боламыз. Ой қайта-қайта осыны есептейді» [3, 185].

Көркем әдебиет белгілі бір дәуірдің, уақыттың аясында пайда болады. Сондықтан қоғамдық-әлеуметтік жағдайлардың өзгерісі, әрекет-оқиғалардың өтуі мен жылдамдығы көркем шығармаға да тән. Яғни, әдеби шығармадағы қандай да бір көркемдік әлем де белгілі уақыт пен кеңістікте өтеді. Кеңістіктен тыс өмір сүретін нәрсе болмайды. Кеңістік те, уақыт та бір-бірімен үндесіп отырады. Ал, оны жазушы қалай көріп, таныды, оның байқаған әлемі көркем туындыға қалай көшірілді деген мәселе – әдебиеттану ғылымындағы аса маңызды проблемалардың бірі.

Кеңістік пен уақыт аралығында күрделі, үнемі жалғасып отыратын байланыс бар. Автор өткен мен бүгінді бір шығарманың аясында тоғыстырады. Көркемдік кеңістік автор қиялында өзгеріп, жаңғырып, кеңейіп немесе тарылып отырады да, бүтін бір құралым жасайды [6, 297].

Бұл үзіндіде кеңістік мейілінше тарылған. Соғыс, майдан даласы, танк іші, айнала қауіп-қатер. Әрекет су астында, танк ішінде өтіп жатыр. Өлім мен өмір тіресі. Ептілік пен батылдық, шапшаңдық бәрін шешеді.

«– Бұрылма! Тура тарт! Енді солға қарай! Болды, болды! Енді тік тарт! Ал, оңға бұрыл! – деп, дамылсыз қыпылық қағып, қарсы алдымда құбыланама тұр. Қасымдағы үш жолдасымның көздері де осы бір көбелек қанатының қыпылығындай ғана үмітке қадалып қалыпты. Әр метрді тұтамдап есептеп келеміз! Қауіп қасынан сүйкене өтіп, сүйемдей жерден аман қалуымыз керек. Екі минут... Екі жарым... Екі, қырық... екі, қырық бір... екі, қырық екі... қырық үш... Минут пен минуттың арасы дүниені шыр айналғандай ұзақ жол екенін сағат бетінен бірінші рет сонда көрдім» [3, 186].

Уақыттың тарылғаны соншалық минуттар есепке алынған. Уақыт ұғымы көп жағдайда шығармада шешуші мәнге ие. Аздаған мезеттердің өзі мәнді тарихи оқиғалардың өтуіне себепкер болады. Тіпті уақыттың өзі шығармада орталық мәнді бейнеге айналады.

«Өзеннен өткелі он километр жүрдік. – Қырық екі мың тоғыз жүз қырық тоғыз километр, – дедім ішімнен. Сенің қырық тоғызға толған күнің тағы бір есіме түсіп, төсқалтамда келе жатқан хатты кеудеме қарай қысып қойдым» [3, 187], – деп жазған жауынгер басынан өткен жағдайдың бәрін тәптіштей айту арқылы санаулы минуттардың қаншалықты рөлі болғанын түсіндіреді.

Автор кейіпкер сөзі арқылы әрбір әрекеттің өту ұзақтығын береді. Кейіпкер басынан кешкен қатерлі сәттің бәрін кейіннен көз алдынан өткізеді, есіне алады. Бұл жерде кеңістік шектеулі (танк іші, су асты) болғанымен баяншының (кейіпкердің) ойы шартарапқа кетеді. Тірі қалу үшін санаулы минуттарда қаншама әрекеттер жанталаса атқарылып жатыр. Көз алдына өмірдегі ұнамды сәттер, қимас жандар (анасы, хат) өтіп жатыр.

Біз қарастырған қаламгер Ғабит Мүсіреповтің шығармаларында кеңістіктің суреттелуі негізінен, пейзаж, интерьер, портрет екенін байқадық.

Автор қай туындысында да кейіпкерімен бірлікте. Оның авторлық ұстанымы кейіпкерінің болмысымен, өмірдегі мақсат-мүддесімен үндесіп жатыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қаламгердің өзі жазбақ болған тақырыбын, кейіпкерлерін әбден танып, игеруі аса маңызды. Сонда ғана ол өзінің баяндау (сөз) және кеңістік үйлесімін, изоморфизмді сақтай алады. Көркем мәтіндегі баяндау оқырманға аса әсерлі болып, оқу мен көру (пейзаж, суреттеу, портрет) бірлігі үндесуі шарт. Мәселен, «Ақлима» әңгімесінде оқырман соңына дейін хаттың иесі Ақлиманың баласы екеніне шүбә келтірмейді. Сондықтан да хатты тыңдап бір жылап, бір мұңайып отырған Ақлиманың эмоциясын бөлісіп отырады. Оған автордың хат тәсілін таңдауы да ықпал еткен. Себебі, хат екі адам арасында жазылатын ақпарат алмасу. Онда негізгі, нақты, екі тарап үшін де маңызды мәселелер баяндалатыны белгілі. Оқырман хаттың орта тұсында, баяндау майдан даласындағы қиян-кескі ұрысты, танк ішіндегі қысылшаң кезді баяндай бастағанда, жауынгермен бірге сол қыспаққа тап болғандай күй кешеді. Бұл суреттеу мен баяндаудың, кейіпкердің жағдайы мен автор ұстанымының табиғи байланысын тудырған. Сол сияқты «Ашынған анадағы» Қапияның әңгімесі шығарма басында тек оның ғана басынан кешкені секілді, тек бір ұсқынсыз адам тап болған жағдай ретінде баяндала бастаса, әңгіме өрбіген сайын Қапия ананың қорқынышты бейнесі ұмтылып, енді бұл теңдессіз ерлікке баланған хикая ретінде үлкенді-кішілі тыңдарманды баурап әкетеді. Автор әңгіме идеясын осы тұста тереңдете түседі. Яғни, баяндау (сөз) мен кеңістік (заттық-бейнелеу), кейіпкер мен тыңдаушы арасында изоморфтік (біркелкі, бағытталған) қатынас орнықты. Міне, осындай үйлесім көркем мәтін мен автор арасындағы мәнді байланысты тереңдете түседі.

Өнер туындысы – адамның айырықша дарын-қуатының нәтижесі. Әдебиет өнер түрлерінің ішінде ерекше орын иеленеді. Бұл өнер түрінің бірегей ерекшелігі - адамның сөйлеу, тілдік ерекшелігінен тұрады. Өнердің тағы бір маңызды қасиеті-сұлулықты түсіну. Сұлулық түсінігі табиғат пен өнерде бірдей емес. Табиғатта негізінен көзге ұратын сырт сұлулық мәнді. Ал, өнердегі сұлулық көбіне, заттың ішкі сапа-қасиетінде болады.

Әдебиетте әрбір сөз, сөз тіркесі, үзінді, фраза, тармақ, кідірістің рөлі үлкен. Әдеби шығармада айтылған сөз де, айтылмай, меңзелген, ишараланған сөз де маңызды. Мәселен, неміс философы Мартин Хайдегер (XX ғасыр): «Тіл үнсіз бола алады. Адам алдымен ақиқатты танып-біледі. Сосын барып алғашқы сөзді айтады», – деген. Қазіргі ғалымдар айтудан (дискурс) бұрын алдымен үнсіздік, тыңдау болған, тек содан кейін барып сөйлеу туғандығын айтады. Шындығында, да көркем сөздің қуаты әрбір дыбыстың бояуынан, айтушының қимылынан, үн сазынан танылып жатады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Wissenmann, H.** Struktur und Ideehalt von Gogol's «Mantel» // Stil und Formprobleme in der Literatur. Vorträge des VII Kongresses der Int. Vereinigung für moderne Sprachen und Literaturen. – Heidelberg, 1959. – 400 s.

2 **Ингарден, Р.** Исследования по эстетике. – М., 1962. – 370 с.

3 **Мүсірепов, Ғ.** Кездеспей кеткен бір бейне. – Алматы : Олжас кітапханасы, 2012. – 184 б.

4 **Шмид, В.** Нарратология. – М., 2008. – 120 с.

5 **Чудаков, А. П.** Поэтика Чехова. – СПб. : Азбука, 2016. – 704 с.

6 **Байтанасова, К.** Уровень структурированности художественного произведения // Инновационные технологии в науке и образовании // ЦНС «Интерактив плюс» (РИНЦ). – Чебоксары, 2016, № 2 (6). – С. 296-300.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Ж. А. Аймухамбет, К. М. Байтанасова

Уровень повествования художественного произведения

Евразийский национальный университет
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

Zh. A. Aimukhambet, K. M. Baytanasova

Narrative level in the piece of art

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 29.11.16.

В произведении любой способ повествования определяет эпический ракурс и эпическое расстояние. Эпический ракурс – проявление автора в ходе повествования событий. Художественное время – понятие идущее наравне с сюжетом и фабулой. Сюжетное время – расположение в произведении в определенном порядке описанных автором определенных мгновений. Автор по разному организывает сюжетное время. Иногда в ходе повествования встречается необходимость возвращения к прошлому или замедление в художественном времени течения событий.

In a piece of writing any narrative mode defines the epic angle and epic distance. The epic angle is a manifestation of the author during the narration. The narrative time is the notion on a par with the plot and the

story. The plot time is the location of certain moments in a particular order described by the author. The author differently organizes the plot time. Sometimes in the course of the story it meets the need to return to the past, or slowing the flow of events in the narrative time.

УДК 81'246.2:811.512.122

М. К. Акошева¹, К. Х. Рахимжанов²

¹к.ф.н., доцент, ²к.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар
e-mail: ¹akmar2809@mail.ru

О ВЛИЯНИИ КОНФЛИКТНОСТИ И СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА НА РЕЧЕВОЕ ПОВЕДЕНИЕ КОММУНИКАНТОВ

В статье человеческое поведение рассматривается как форма взаимодействия человека говорящего с социальной средой. Речевое поведение выступает как значимая сторона поведения человека. Речевое поведение человека – это форма взаимодействия человека с социальной средой, выраженной в речи.

Ключевые слова: речь, коммуникант, речевой акт, речевое поведение, социальный статус, интерпретация

ВВЕДЕНИЕ

Исследователи понятие конфликтности в теории коммуникации понимают по-разному: одни широко – как отсутствие перлокутивного результата речевого акта, другие – «как столкновение интересов, целей, взглядов участников общения, в результате чего одна из сторон действует сознательно и активно в ущерб другой» [1, 127]. При этом общение обычно развивается в духе конфронтации, коммуниканты различаются в оценке ситуации и между ними нередко возникает чувство антипатии [2, 77]. Уместно будет вспомнить о том, что «отсутствие согласия и возникновение конфликтности характеризуются разного рода нарушениями правил дозировки информации и этикета общения, степени мотивации побуждения и отсутствием учета коммуникативных установок и настроения адресата» [3, 243].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Как справедливо полагает В. З. Демьянков, сам «принцип конфликта восприятия формулируется так: осложнения в восприятии возникают тогда, когда «намекы контекста» заставляют принять противоречивую структуру интерпретируемой части высказывания. Например, когда просят закрыть окно, видя, что оно уже закрыто, возникает именно такой конфликт, из которого интерпретатор выходит, предположив скрытый смысл за сказанным [4, 86].

Как отмечают исследователи, для адекватной интерпретации речи необходимо мотивированное и удачное для данной ситуации, а, значит, и неконфликтное распределение ролей, однонаправленное сочетание интенций обоих коммуникантов и ясная целеустановка. При отсутствии таких признаков речевое поведение, а порой и все поведение говорящего, будет интерпретировано неадекватно, создастся конфликтная ситуация. А это, а одних случаях, индикатор неадекватной интерпретации (в глазах говорящего), в других случаях может быть показателем адекватной реакции/ интерпретации (в глазах адресата), ср.:

В комнату вошла горничная./ Лиза, вы не знаете, зачем это меня ... обыскивали? – спросила у нее гувернантка./ У барыни пропала брошка в две тысячи... – сказала Лиза. / Да, но зачем же меня обыскивать? Всех, барышня, обыскивали. И меня всю обыскали... / Но... зачем же меня обыскивать? – продолжала недоумевать гувернантка. / Брошку, говорю, украли... Барыня сама своими руками все обшарила.... А вы, барышня, напрасно это дрожите. У вас ничего не нашли. Ежели не вы брошку взяли, так вам и бояться нечего./ Но ведь это, Лиза, низко ... оскорбительно! – сказала Машенька, задыхаясь от негодования. – Ведь это подлость, низость! Какое она имела право подозревать меня и рыться в моих вещах? / В чужих людях живете, барышня, – вздохнула Лиза. – Хоть вы и барышня, а все же... как бы прислуга... (А. П. Чехов. Переполох).

Здесь адресатом мы считаем говорящего, ставшего объектом действия барыни- адресанта/ производителя действия.

С помощью вопросительного предложения (*зачем это меня ... обыскивали?*) адресат Машенька пытается установить суть ситуации в целом, целесообразность действия, произведенного над нею, пытается, наконец, понять ситуацию. Все это сопровождается эмоциональным значением удивления и недоумения. Мы наблюдаем градацию чувств: вначале гувернантка только *недоумевает*, но поняв смысл слов Лизы, *негодует*, более того, *задыхается от негодования*. В дальнейшем адресат при помощи повторов вопроса пытается разобраться в том, что именно происходит, почему ее могут обыскивать.

Как видим, возникает проблема категории статусности, которая реализуется в двух разновидностях: равноправия и неравноправия участников [5]. В данной ситуации в исходной ситуации коммуниканты неравноправны по своему социальному статусу. Говорящему, находящемуся выше по социальному положению, принадлежит инициатива в действиях *против личности*. Адресату же отводится как бы вторичная роль покорного адресата/принимающего действие. Об этом дает пояснения другая говорящая, которой мы отводим роль лишь посредника, разъясняющего ситуацию: *В чужих людях живет... Хоть вы и барышня, а все же... как бы прислуга*. Но адресат не признает за говорящим право быть прескриптором действия (термин Богушевича), оспаривает его речевое поведение: *Ведь это подлость, низость!*.

Однако здесь причина заключается не только в категории статусности. При возникшем *режиме несогласия/конфликтности*, как мы видим, адресат не желает признавать за говорящим право что-то предписывать ему и оспаривает его доминирующую роль. В данном речевом поведении человека наряду с ситуативными, переменчивыми элементами, устойчиво отражаются и черты характера личности, ее такие психологические особенности, как *тип личности, интересы, мотивы, интенции, установки и взгляды*. Перед нами предстает, как это видно из его слов, человек с чувством собственного достоинства, гордый, воспитанный, тонко чувствующий. Соответственно, само речевое поведение адресата соответствует особенностям его личности: как мы узнаем из текста, это был благословленный, чувствительный человек, дочь учителя. Изначально социальная роль прислуги не должна была быть причиной подобного поведения по отношению к ней. Поведение Машеньки – показатель адекватной реакции/интерпретации. Мы видим, что распределение ролей мотивировано лишь в глазах барыни, поэтому для нее речевое поведение Машеньки характеризуется как неадекватное ситуации. Интенции обоих коммуникантов не однонаправленны, целеустановка ясна только для одного из них – адресанта.

Как видим, нарушение таких признаков речевого поведения, мотивированное распределение ролей, однонаправленность интенции и целевых установок ведет к конфликтности, в результате чего речевое поведение говорящего будет интерпретировано неадекватно.

Уместно будет вспомнить об условиях речевого взаимодействия, соответствующего модели согласия, а также, на наш взгляд, модели адекватной интерпретации речевого поведения.

Как считает А. Николова, условий адекватной речевой коммуникации пять: «1) однонаправленность интенций обоих коммуникантов; 2) нейтральное или уважительное обращение говорящего к адресату и соблюдение его чувства собственного достоинства; 3) оптимальная дозировка иллокутивной силы высказывания и отсутствие сильного и бесцеремонного нажима на волю

адресата; 4) выбор таких языковых средств выражения побуждения, которые не ущемляют чувство достоинства адресата и соответствуют социальным и психологическим параметрам участников конкретной ситуации; 5) понимание адресатом целесообразности и уместности требуемого и его готовности исполнить действие» [3, 244].

В нашем примере речевого эпизода не соблюдаются, как минимум, три условия: интенции коммуникантов разнонаправлены, не соблюдается чувство собственного достоинства адресата, имеет место бесцеремонный нажим на волю адресата, адресат не понимает (и не должен понимать) целесообразность предпринятого в отношении него действия.

Анализ и других речевых эпизодов (также примеров, подобных следующему), показывает, что в речевой коммуникации возможны различные сценарии развертывания и обыгрывания статусного положения коммуникантов. В каждой конкретной ситуации по-своему комбинируются объективные и субъективные факторы, определяющие разнообразные сценарии развертывания эпизодов общения.

В целом для адекватной интерпретации речевого поведения партнера по общению важны категории, обеспечивающие и регулирующие коммуникацию. Так, исследователь Д. Г. Богушевич насчитывает девять таких категорий и выстраивает их следующим образом: категории статусности, этикетности и направленности связаны с отношением между участниками общения; категории консентности, ритуальности и репрезентативности отражают отношение участников общения к самому эпизоду общения; категории этапности, целенаправленности и результативности обусловлены содержанием эпизода [5, 13-21].

Таким образом, в адекватной интерпретации речевого поведения важную роль играют не только внешние условия речи, но и то, насколько слушающий соотносит говорящего с собой, насколько считает его «своим», представителем своего класса, общности. Чем более «своим» является говорящий, тем успешнее его влияние на слушающего, а значит, и на результаты интерпретации. Только в таких случаях использование чувства общности «мы» является главным механизмом воздействия.

Если хочет убедить, говорящий должен, в первую очередь, продемонстрировать общность интересов со слушающим, показать, что он тоже «свой» (если он действительно «свой»).

Интерпретация речевого поведения коммуникантов зависит как от их роли в каждом конкретном акте речевого общения и от условий и целей данного общения, так и от так называемых константных величин, к которым мы кроме социального статуса относим возраст, воспитание, психологический настрой личности.

ВЫВОДЫ

Если человеческое поведение понимается как форма взаимодействия человека говорящего с социальной средой, то тогда речевое поведение, выступая как значимая сторона поведения человека, предстает «как форма взаимодействия человека с социальной средой, выраженной в речи» [6, 106]. Речевое поведение коммуникантов – это своеобразная «визитная карточка человека в обществе, отражающая «регулярное взаимодействие лингвистических и экстралингвистических факторов» [7]. С этим трудно не согласиться.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Третьякова, В. С.** Конфликт глазами лингвиста. – Юрислингвистика-2: Русский язык в его естественном и юридическом бытии. – Барнаул, 2000. – С. 127-140.
- 2 **Муравьева, Н. В.** Язык конфликта. – М., 2002. – 264 с.
- 3 **Николова, А.** О маркерах категории вежливости в директивных высказываниях // VIII международный симпозиум МАПРЯЛ. – В. Търново, 2002. – С. 240-246.
- 4 **Демьянков, В. З.** Лингвистическая интерпретация текста: Универсальные и национальные (идиоэтнические) стратегии // Язык и культура: Факты и ценности: К 70-летию Ю. С. Степанова. – М.: Языки славянской культуры, 2001. – С. 309-32.
- 5 **Богушевич, Д. Г.** Опыт классификации эпизодов вербального общения. – Языковое общение: процессы и единицы. – Калинин, 1988. – С. 13-21.
- 6 **Акошева, М. К.** Интерпретация в современной теории речевой коммуникации: монография. – Павлодар: Кереку, 2011. – 136 с.
- 7 **Винокур, Т. Г.** Говорящий и слушающий. Варианты речевого поведения. – М., 1993. – 160 с.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

М. К. Акошева, К. Х. Рахимжанов

Конфликттік пен әлеуметтік статустың коммуниканттардың сөйлеу әрекетіне тиер әсері

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 29.11.16 баспаға түсті.

М. К. Akosheva, K. H. Rakhimzhanov

The effect of conflict and social status on the verbal behavior of communicants

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 29.11.16.

Мақалада адамның мінез-құлқы оның әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуіне нысан болып қарастырылады. Сөйлеу әрекеті, мінез-құлқы – адам мінез-құлқының маңызды бөлігі. Адамның сөйлеу құлқы – оның тілде көрінісін табатын әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуіне нысан.

The article examines human behavior as a form of human interaction with the social environment of the speaker. Speech behavior acts as a significant aspect of human behavior. Speech behavior of people is a form of human interaction with the social environment, as expressed in speech.

ӨОЖ 821.512.122

А. Ақтанова¹, А. К. Жундибаева²

¹ф.ғ.к., қауым. профессор, қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы, ²философия докторы (PhD), қауым. профессор, қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.
e-mail: ¹Aktanova_aiman@mail.ru; ²shapsha-aray@mail.ru

ДИДАХМЕТ ӘШІМХАНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Мақалада Дидахмет Ашимханұлы шығармаларындағы адам және қоғам мәселесі талқыланады. Жазушы шығармаларындағы ұлттық дүниетаным мен ұлттық мінез мәселесі көрсетіледі.

Кілтті сөздер: әдебиет, деталь, символ, көркем бейне, ұлттық мінез, әдеби дәстүр.

КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ әдебиетінің көркекті өкілі, жазушы, журналист, Дидахмет Әшімханұлы өз шығармашылық бастауын шағын жанрдағы туындылармен бастаған. Қазақ әңгіме жанрының жаңа бір белесін көтерген ірі қаламгер.

Дидахмет Әшімханұлы да Оралхан Бөкей, Қалихан Ысқақ сияқты Алайдың перзенті. Ол да Алтай сияқты күрделі де, қарапайым.

Жазушының ішкі әлемі қашанда шығармаларынан, кейіпкерлерінің мінезінен байқалып тұрады. Дидахмет Әшімханұлы кейіпкерлерінің көбі күнделікті жанымызда жүретін жұмыр басты пенде болса да өздерінің әрқайсысына тән ішкі әлемі бар. Олардың ішкі жан сырларына үніле отырып жазушының өзін тануға болады. Көркем шығармадағы автор ұстанымы ең алдымен автордың көзімен көріп көкейіне түйген, санасының сүзгісінен өткізген асыл дүние. Себебі, көркемдік сананың бейнелейтіні автордың автобиографиялық жадында сақталған дүниелер. Көркем шығармадағы автобиографизм қаламгер шығармашылығындағы өмірбаяндық деректердің көркемдік сипаты. Автобиографизм қаламгердің барлық шығармаларында кездеседі десек те, сюжеті нақтылы өмірбаяндық деректерге құрылған шығармаларда автобиографизмдер басқа шығармалардағы жалпылыққа ауысқан көркем бейнелерден қарағанда дәлірек болмақ.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дидахмет Әшімханұлы прозасында да негізгі түйінді ой-пікірлер кейіпкерінің жүрек түпкіріндегі асылды табуынан басталады. Қаламгердің бар асылы, бар қазынасы – туған жері мен туған жерге деген ыстық сезім. «Жер аңсаған Сары атандағы»: ...Ұшы қиырсыз сары дала. Сары даланың бір ұшында сары бел. Сары белдің бауыры-сағым ба, әлде шалқар көл. Шартабақ күн төбеде, шалқыған ыстық жер-көкте. Табанын тасқа тілдіріп, жанарын жасқа жудырып, маңдайын жел күнсітіп, таңдайын шөл қаңсытып Сар желіп келеді Сарыатан. Таусылмайды сары дала, жеткізбейді сары бел. Сары белдің ары жағы бота күнгі мекені. Бота күнгі мекенін боздап іздіп келеді, жүректегі бар шерін қозғап іздеп келеді.» [1, 334] – деп төгілген лирикалық ырғақ осының белгісі. Туған жер, балалық шақтың алтын мекені. Адам баласы үшін содан асыл, содан қымбат не бар? Әркімнің туған жері, өскен елі өміріне өзек болар алтын дінгегі. Жүсіпбек Аймауытовтың Қартқожасындағы «туған жердің қадірін туған жерден алысқа шықпаған қайдан білсін?» дегеніндей туған жердің қадірін білу үшін одан жыраққа кету керек пе екен... Жоқ, Дидахмет Әшімханұлы кейіпкерлері сол мекенінде жүріп –ақ, туған мекенін қадірлейді, бағалайды. Сондағы туған жер қадірін білетін адамдар кімдер? Олар қарапайым еңбек адамдары, олар сол жермен етене өмір сүретін адамдар. Олар: «Жер аңсаған сары атандағы» Есберген мен Қожық, «Тас моншадағы» Әзімхан, «Ақ ниттегі» Әзберген және тағы басқалары.

Дидахмет Әшімханұлының прозасына тән лиризм әр әңгімесінен көрінеді. Кейіпкердің ішкі сезімі автордың оймен астаса келе сезімге берілген лирикалық шабытты прозадағы қарапайымдылыққа ұластырады.

«Сары самауыр» хикаятындағы қаршадай қыздың, Айжанның, апасына деген ыстық сезімі Телжанның да өткенін қозғап, кейінгі кездері буылдыр тарта бастаған балалығы мен туған жерін есіне алғызады. Драмалық тартыс Айжанның апасы қайтыс болғаннан кейін қаладығы әкесі мен шешесінің қолына келгенінен басталады. Екі ай уақыт өтсе де өз әке-шешесіне бауыр баса алмаған бүлдіршін қыздың есінен ауылдағы қайтыс болған апасының кетпеуі еді. Қыздың қолында қалған қара тарағы (деталь) оны сол ауылдағы өмірімен байланысын үзбейтін асыл арқауы сияқты. «*Өстіп жатып неге екені екені белгісіз, Айжанның қолындағы жаман тарақты бұл да өмірене иіскеп еді. Одан жаңа сауған сүттің бе, әлде қуарған сүрі шөптің бе, әйтеуір бір жағымды иісін сезді*». Телженнің балалық шағын, туған ауылын есіне түсірген қара тараққа сіңген иіс кейіпкердің ішкі тартысын тудырады. Жазушы осылайша нәзік сезімге құрылған лиризмді драмалық тартысқа ұластырып оқырманын баурап алады. Драматизм барлық жанрларда өзінің әр қырынан көрінетін ерекше категория. Көркем драматизм дегеніміз суреткердің ерекше сезімінен туып, оның көзқарасы арқылы қалыптасатын дүниетану және тарихилықпен астасып келетін көркемдік әлемнің басын біріктіретін құрал деуге болады. Әдебиет зерттеулерінде драматизмді асқақтық, биіктік, адам жанының тазалығын, адалдығы нәтижесінде қақтығысқа толы тартысты оқиғаларға ұрынуы кезіндегі әрекеті негізінде қарастырады.

Сондай-ақ, драматизм әлеуметтік-мәдени қайшылықтарды көркемдік негізде біріктіру құралы да болады. Көркем драматизм әр дәуірдің қоғамдық-тарихи ерекшелігіне сай жалпы және жеке харктерлерге ие болып әр түрлі тартыстарды шешуде кейде трагедиялық сипат алса, кейде комедиялық түрде көрініп отырады. Жалпы драматизм термині полисемантикалық аспектіде көрініп: эстетика категориясы, поэтикалық элемент категориясы, жанрлық категорияларда көрінеді.

Сары самауыр осы жанұяның берекесі мен бірлігінің символы. Сол символдың бүйірін ерітіп жіберген келін қолымен ана мен бала арасындағы бүкіл байланыс үзіліп қалғандай болады. Алайда қаршадай қыздың қолындағы қара тарақ арқылы кейіпкер бір сәт болса да өзінің өткеніне қайта оралады. Анасының өлердегі Қаратұмсық басына ата-бабалар зиратына жерлендер деген соңғы аманатын да орындай алмай «қол созым жердегі қорымға» апарды. Автор ауыл ақсақалдарының Қазбек бидің мәйітін сонау Түркістанға апарып жерлеген сүйекшілер туралы әңгімесіндегі сюжет арқылы қазақ халқының қайтыс болған адамға деген құрметін көрсетеді. Бейбіт заманда отырып анасының соңғы аманатын орындай алмай отырған балалар әрекеті қазақи танымнан айрылған ұрпақ келе жатқанын хабарлайды. Қызының қара тарағы ана аманатын орындай алмаған өкінішін оятқандай болады. Бірақ туған

жерге деген сезім сағым сияқты еді. Уақыт өте келе сол баяғы тірліктеріне ауысып жүре береді. Сары самауыр мен қара тарақ арқылы кейіпкерлер арасындағы туысқандық, қазақтық байланыстың үзілгенін байқаймыз. Мұндай детальдар О. Бөкейдін «Қайдасың, қасқа құлынымдағы» Сарқынды шалмен бірге жерленген заттар сияқты ендігінің адамы үшін қажетсіз.

Дидахмет Әшімханұлының шығармашылығының басты тақырыбы ұлттың тағдырымен байланысты. Қай шығармасын алсаң да ең алдымен қазағым, ұлтым деген авторлық толғанысты кездестіреміз. «Жынды жел» немесе «Алас тайпасы туралы аңыз» атты әңгімесіндегі аңыздық, мифтік сюжеттің заманауи мәселелермен шебер өріле келіп өзінше арна құрайды. Елдің басын біріктіріп, ұйған тайпа болып отыруы үшін Алас тайпасының көсемдері қаншама тер төксе, елдіктен айрылуы үшін әйелдердің алтын тауып алуы да жеткілікті болып қалды. Бірлік пен береке алтында емес, сыйластық пен ұлттық дәстүрдің беріктігінде екенін автор аңыздық сюжетпен ғана бере салады. Әңгімедегі негізгі тартыс: *«Шал жымиып күлді. Сосын шәйін сорантай отырып: – Қарағым, жел деген оңай жау емес. Баяғыда іргеден соққан жынды желдің кесірінен бір тайпа ел мүлде құрып та кеткен, – деді. Мен елең еттім. «Жынды желі» несі? Бір тайпа елдің құрып кеткені қалай?»* – деген жолдардан басталады. Мифтік сарынды негізге ала отырып жаушы қоғамымызға кіріп келе жатқан жаһандандудың, жаһандану арқылы ұлтсыздандудың басты белгілерін сараптап береді. Басында ауылдың көп әйелі көр қазуға барып алтын тауып алып соның соңынан түссе, келе сала оларға патша болып алғын ақ әйелдің айтқанын орындайды. Бұл әңгімедегі бір тайпа елдің басындағы қайғы қасірет дәстүрінен кеткен, берекесіздік жайлағандықтан болып отыр. Ойланатын нәрсе. Автор әңгіме соңында былай дейді: *«Міне, шырақтарым, кезінде дәуірлеп тұрған бір тайпаның тағдыры осылайша бітеді, – деп шал әңгімесін аяқтаған. Әкем күрсінді. Мен жыладым.»*

Әдебиет – өмір айнасы. Оның бетінде өмірдегі барлық суреттің ізі қалады. Жазушы өзінің әр шығармасында өзі өмір сүріп отырған дүниенің шындығын уыз қалпында оқырманына ұсынған. Қаламгердің «Тасқала» деген әңгімесіндегі Сэнтай деген баланың басынан өткен оқиға ауылдан қалаға келген көптеген жастардың мәселесі болатын. Қазір де бұл мәселеден құлан-таза айыққанымыз шамалы. Сэнтай бір ауыз орыс тілін білмегендіктен адасып кетеді. Көшедегі көп адамдардың ішінен осы қазақ-ау деген кісілерден жөн сұрастырады. Алайда олардың ешқайсысы бұның тілін ұқпайды. Тек «Че?» деп ашуланады. Баланың тілін түсініп, ағасы жатқан жатақханаға апарып тастауға келіскен орыс шалы ғана. Бүкіл көшеден кезіктірген адамдарының ішінде қазақ тілінде сөйлескен орыс шалының тағдыры кезінде қазақ аулымен байланысты болғанын білеміз. Қаншама өзге ұлт өкілін өзекке теппей бауыра басқан қазақ баласы өз жерінде жүріп өз тілінде сөйлей алмауының қасірет екенін жазушы осылайша толғайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қаламгер адам тағдырын оның психологиялық толғаныстарын шынайы беру шебері. Жазушының «Тас монша», «Жетпіс апа», «Жұлдызды белбеу», «Дәме», «Тон», «Медаль», «Бәкең», «Зауал» т.б. әңгімелеріндегі кейіпкерлердің әрқайсысының өз «мені» бар. Әрқайсысы жеке тұлға. Мәселен, «Зауал» деген әңгімедегі бас кейіпкер, әрі жалғыз кейіпкер Кемелдің өмірінің соңғы күні суреттеледі. Кейіпкер өзінің ашкөздігінен табиғаттың киесіне ұрынып, иен тауда жалғыз жүріп мерт болады. Ол өзінің қалай ажал құшқанын да байқамай қалатындай. Жазушы шебеолігі міне осында. Ол өз оқырманын шиыршық атқан сюжеттік желіге еліктіріп әкетеді. Оқып отырып Кемелдің құздың басынан қалай ұшып кеткенін аңғармай қаласың. «Жетпіс апа» әңгімесіндегі кейіпкердің басындағы трагедиялық халдің басы әпкесінің көңілін қимағандығынан қаралы хабарды естіреген бауырының кеселінен болған өкінішті оқиға суреттеледі. Шындықты уақытында айтса, өмір бойы үмітті арқалап өмір сүрер ме еді Жетпіс апа. Ал «Жұлдызды белбеу» әңгімесіндегі жұлдызды белбеуге қызыққан баланың неше шақырым жерді жаяу келіп армандаған белбеуіне қолын жеткізе алмай үмітінің өшіп, көңілі түскенін көреміз. «Тас монша» әңгімесінде де жаз бойы бел шешпей бар ынтасымен салған моншасына бір рет те түсе алмай ашудан жарылардай болған Әзімхан басында атына қамшы басса, артынан басын тежей береді дейді жазушы. Әзімханның ішкі жан дүниесіндегі бар ашу-ыза осымен бітті. Оның «Көкірегінде бір қуаныш, бір мұң».

Ойымызды қорыта келе, Дидахмет Әшімханұлы қазіргі қазақ прозасындағы шағын көлемді жанр шебері, қоғамның да адамның ішкі дүниесін ақтарып жазатын жазушы дейміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Әшімханұлы, Д.** Сары самауыр: Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы : Раритет, 2006. – 336 б.
- 2 **Әшімханұлы, Д.** Шығармалары: 1-том, Повестер мен әңгімелер. – Астана : Фолиант, 2001. – 392 б.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

А. С. Актанова, А. К. Жундибаева

Человек и общество в произведениях Дидахмет Ашимханұлы

Государственный университет
имени Шакарима, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

Human and society in the works of Didahmet Ashimhanov

Shakarim State University of Semey, Semey.

Material received on 29.11.16.

В данной статье рассматриваются проблемы человека и общества в произведениях Дидахмет Ашимханова. Так же поднимаются вопросы национального характера и мировоззрение казахского народа.

This article deals with the problems of human and society in the works of Didahmet Ashimhanov. It also raises the issues of national character and world outlook of the Kazakh people.

ӘОЖ 81:372.881

Қ. Қ. Аубакирова¹, А. А. Мустафаева², М. С. Кулахметова³

¹магистр, оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.; ²доктор PhD, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.; ³филол.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
e-mail: ¹academic.uni@mail.ru; ²rummana@mail.ru; ³mira67@rambler.ru

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕТУДЕ МОБИЛЬДІ ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Берілген мақалада шетел тілдерін үйретуде смарт және мобильді оқыту технологияларын пайдаланудың тиімділігі мен әкелеген смартфон бағдарламалары мен қосымшаларын дәріс барысында қолдану ерекшеліктері туралы айтылған.

Кілтті сөздер: мобильді оқыту, смарт оқыту, шетел тілдерін үйрету, мобильді құрылғылар, смартфон бағдарламалары.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу есебінен тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарта

отырып жоғары білім беруді дамыту көзделген. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында еліміздің білім беру жүйесінде оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық желілерге қосылу, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеті қойылған [1].

Қазіргі кезде студенттерге шетел тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелермен қатар мобильді құрылғылар (қалта телефондары, планшеттер) арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Ақпараттық технологияларды шетел тілін оқытуда кеңінен қолдану арқылы білім алушыларға жан-жақты жол ашып, мемлекеттің «Үш тұғырлы тіл» саясатының жүзеге асырылуына үлес қосуға болады.

XXI ғасырда ғылым мен техниканың қарқынды дамуына, жаһандану үдерісінің кең етек алуына байланысты әлемдік білім беру саласында да ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, онлайн курстар, дыбыстық және бейне контенттер, сандық фильмдер, электрондық кітаптар мен сөздіктер, мультимедиялық оқулықтар, ақпараттық сайттар кез келген салада маман даярлауда жаңа мүмкіндіктер туғызып отыр. Соңғы кездері жоғарыда аталған электронды оқытудың түрлі әдістерімен қатар смарт оқыту білім беру саласындағы ең жаңа, ең тиімді оқыту түрі ретінде кеңінен қолданылуда. Себебі, ақпараттық технологиялар ғасырында интернет желісі мен түрлі мобильдік құрылғылар күнделікті өмірде үлкен маңыздылыққа ие. Білім беру саласында да мобильдік құрылғылар білім алушылар үшін көптеген қолайлы жағдайлар туғызады. Осыған байланысты соңғы кездері дәстүрлі және электронды оқытудың орнына смарт оқытудың тиімділігі көп айтылып жүр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Смарт оқыту интернет және әлеуметтік желілер арқылы білім алу, алмасу, жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту қызметі, оқушыға бағытталған, бағдарланған, орталықтандырылған оқыту ортасы, ең соңында Smart құрылғыларды пайдалана отырып оқыту деген тұжырымдарды қамтиды. Оқытудың бұл түрі арқылы білім алу кез-келген жерде, кез-келген уақытта қол жетімді болып табылады. **Smart** сөзі **«ақылды»** деген мағынаны білдіреді. Яғни, ақылды технология, ақылды техника, пайдалануға ыңғайлы, мейлінше ықшам, көп функциялы құрылғыларды атаймыз. Ал педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытудың бұл түрі электронды оқыту, мобильді оқыту, кез келген жерде, кез келген ортада оқыту деген мағынада жұмсалады.

SMART оқытудың негізгі идеясы техникалық құралдарды, қызметтер мен интернетті қолдану арқылы адам өмірінің барлық аспектісін жетілдіру

болып табылады. Мұндай стратегия АҚШ, Корея, Жапония және Еуропа елдерінде кеңінен қолданылады [2].

Смарт оқытудың ажырамас бөлігі ретінде қазіргі таңда m-Learning немесе mobile learning деп аталып жүрген мобильді оқытуды ерекше атап өтсек болады. Mobile – ағылшын сөзі, қозғалмалы, икемді деген мағынаны білдіреді. Мобиль – адам әрекетін жеделдететін, қандай да бір затқа шапшаң қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрылғы. «Мобильді оқыту» термині «қашықтықтан білім беру» ұғымымен тығыз байланысты. Мұнда оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасы қашықтықтан жүзеге асырылып, оқу үдерісіне тән компоненттер (мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілі, ұйымдастыру формасы, оқыту құралдары) түгел қамтылады [3].

Мобильді оқыту нетбук, смартфон, сенсорлық дисплейі бар планшетті компьютер және т.б. байланыс құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Осындай ақпараттық технология құралдарының жаңа заман талабына сай байланыс құралдардың көмегімен өз кезегінде фотоаппарат, видеокамера, аудио және видео ойнатқыштар, диктафон, суреттер мен иллюстрациялық материалдар, электрондық оқулықтар мен оқу-құралдары, мультимедиялық оқулықтар, электрондық кітапхана, электрондық энциклопедиялар мен сөздіктер, анықтамалар, тестік бағдарламалар мен ақпараттық сайттар, электронды пошта, әлеуметтік желілер, офис пакеті және т.б. мультимедиялық қосымшалар арқылы шетел тілдерін жылдам әрі қызықты етіп үйретуге болады [4].

Мобильді оқыту білім беруді негіздемейді, керісінше өздігінен білім алу қабілеттілігін арттыруды көздейді. Осы мақсатта интерактивті смартфондық бағдарламалар, аудиовизуалды материалдар мен интернет желісіндегі түрлі ақпараттық контенттер арқылы білім алушының шетел тілін кез-келген ортада, кез-келген уақытта үйренуіне мүмкіндік туады.

Біз өз тәжірибемізде шетел тілін үйрету барысында мобильді құрылғыларды, оның ішінде смартфон бағдарламаларын қолдану арқылы көптеген жетістікке жетуге болатынына көз жеткіздік. Шетел тілін халықаралық тіл, мәдениет пен әдебиет тілі, шетел азаматтарымен қарым-қатынас тілі ретінде үйренушінің қызығушылығын арттырады.

Мобильді құрылғылардың ішінде ұялы телефон, яғни смартфондарды сабақ барысында, әсіресе шетел тілдерін үйретуде өте тиімді пайдалануға болады. Смартфонның басқа құрылғылардан артықшылығы ең алдымен, оның қолжетімділігі. Қазіргі кезде білім алушының барлығы да күнделікті өмірде соңғы үлгіде жасалған, интернет желісімен қамтылған смартфондарды пайдаланады. Екіншіден, смартфондар көптеген техникалық мүмкіндіктерге ие. Атап айтсақ, байланыс құралы, Wi-Fi, мәліметтерді мобильді тасымалдау (GPRS, 3G, 4G) фото/видео камера, диктафон, офис пакеті, әлеуметтік

желілер, ақпаратты енгізу функциялары және т.б. Мұндай мүмкіндіктер бағдарламалық қамтамасыз ету ортасы арқылы жүзеге асырылады. Білім беру саласында YouTube, Hangouts және Google Docs сияқты Google сервистерін тиімді қолдануға болады. Шетел тілін үйретуде смартфон бағдарламаларын күнделікті сабақ барысында тиімді әрі нәтижелі пайдалануға болады. Ол үшін телефондағы дайын гаджеттер мен Google және Apple сервистері ұсынған мультимедиялық қосымшаларды жүктеп алу қажет.

Оқытушы мен білім алушылар жиі қолданылатын *әлеуметтік желілер*, көбіне қарапайым *WhatsApp Messenger* қосымшасында оқу тобының барлық білім алушылары мүше бола алатындай конференция құру арқылы үнемі байланыста болады. WhatsApp Messenger конференциясы жылдам ақпарат алмасуға өте қолайлы. Осы конференция арқылы оқытушы қажетті оқу материалдарын, электрондық оқулықтарды, аудио және видео контенттерді, ақпараттық сайттар мен қажетті қосымшалардың сілтемелерін білім алушыларға жылдам және барлығына бір мезгілде жібере алады. Осы конференцияда үй тапсырмасын беру және оны тексеру арқылы да дәріске берілген уақытты тиімді әрі жемісті пайдалануға мүмкіндік туады. Бұл – білім алушыға да, оқытушыға да өте тиімді әрі қолайлы. Себебі, білім алушылар кез келген уақытта, кез келген ортада үй тапсырмасын орындап, жіберу мүмкіндігіне ие болады.

Сонымен қатар, сабақ барысында *Skype, ICO, Yahoo messenger, Google Talk* және т.б. ақпараттық технологиялардың көмегімен қарым-қатынас жасай отырып, шетел тіліне деген қызығушылықтарын арттыру, білім деңгейін жоғарылатуға болады. Бұл құралдар арқылы ара қашықтықтың алыстығын жақындатып, шетелдіктермен тілдік, әдістемелік тәжірибе алмасуға болады.

Білім алушыларға дәріс барысында оқылатын оқулықтардың электрондық нұсқасы, аударма жұмыстары барысында қажет болатын электрондық сөздіктер де алдын ала беріледі. Олар берілген оқулықтар, сөздіктермен қатар өздеріне ыңғайлы онлайн немесе офлайн қосымшаларды өздерінің смартфондарына жүктеп алады.

Оқу үдерісінде қолданылатын маңызды құралдардың бірі – *электрондық оқулықтар мен сөздіктер*. Электронды оқытудан мобильді оқытудың басты ерекшелігі, соңғы оқу түрінде көлемді компьютерлердің орнына кез келген ортада, кез келген уақытта қолжетімді болатын ықшам әрі ыңғайлы мобильді құрылғыларды пайдалану болып табылады.

Шетел тілін оқытуда электрондық оқулықтар мен сөздіктер білім алушылардың өз бетінше білім алу жұмыстарын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырады. Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы кезеңінде жасалған электрондық оқулықтардың тиімділігі,

оның соңғы үлгіге сәйкестілігі мен жоғары мобильділігі, оқуға, үйренуге бейімділігінде болып табылады.

Қазіргі кезде шетелдік жоғары оқу орындарында мобильді білім алудың негізгі ақпарат көзі болып табылатын *электрондық білім порталдары* мен онлайн режиміндегі *электрондық кітапханалар* кеңінен қолданылады. Бұл заманауи ақпараттармен қамтамасыз ететіп қана қоймай, сонымен қатар өзіндік білім деңгейін кеңейтуге, біліктілікті көтеруге көмектеседі.

Шетел тілдерін, әсіресе араб тілін үйрету барысында *электрондық сөздікті* қолдану өте маңызды. Себебі, араб тілінің сөздікпен жұмыс істеу тәртібі арнайы қағидаларды білуді талап етеді. Берілген сөзді табу үшін ең алдымен осы сөздің түбірін тауып алу керек. Ал электрондық сөздіктерде сөздерді сол қалпында оңай тауып алуға болады. Бұл білім алушылардың тез әрі оңай сөздікпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтар мен сөздіктер білім беру саласында оқулықтың жетіспеушілік мәселесін, сонымен қатар білім алушылардың ауыр, көлемді кітаптарды тасып жүрмей, ықшам мобильді құрылғыларды пайдалануы, шетел тілдерін үйренуде қолайлы жағдай туғызады.

Шетел тілдерін үйретуде нәтижелі әрі тиімді пайдалануға болатын қосымшаның бірі – *диктафон*. Аталған қосымша арқылы білім алушының шетел тілінде оқу, сөйлеу, тыңдау, өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамытуға болады. Білім алушы сабақ барысында алынған мәтінді үйде қатесіз оқып, диктафонға жазып, белгіленген уақытқа дейін оқытушыға әлеуметтік желі немесе пошта арқылы жіберіп отырады. Оқытушы жіберілген аудармаларды тыңдап, қателіктері мен кемшіліктерін, ұсыныстарын айтып, бағалайды. Мәтін қатесіз айтылғанша диктафонға қайта-қайта жазылады. Бұл оқытылатын шетел тіліне тән ерекше дыбыстардың дұрыс айтылуына, дауыс ырғағы мен екпіндердің дұрыс қойылуына, мәтіннің мәнерлеп қатесіз, дұрыс оқылуына көмектеседі.

Шетел тілін үйретуде қолданылатын мобильді оқытудың аса маңызды түрі – *Интернет желісі*. Мобильді оқытуда қолданылатын қосымшалар мен бағдарламалардың барлығы интернет арқылы жүктеледі, тіпті кейбіреулері онлайн режимде ғана жұмыс істейді. Шетел тілін үйретуде интернет, яғни ақпараттық парталдар, танымдық және білім беру саласындағы түрлі мультимедиялық контенттерді пайдалана отырып, білім алушылардың қызығушылығын оятуға болады. Интернет жүйесінде білім алушы оқу, жазу, сөйлеу, іздеу, ақпаратты сұрыптау, талдау жасау қабілеттерін, лексикалық қорын дамыту, шетелдіктермен байланыс жасау арқылы тіл аралық кедергілерді жою, коммуникативті іскерліктерді қалыптастыру т.б. мүмкіндіктерге ие болады. Бірақ оқытушы білім алушының артық, қажетсіз немесе жеткіліксіз ақпаратпен жұмыс жасап, уақыттарын сарп етпеу және

басқа да олқылықтарды болдырмау үшін нақты, объективті, тексерілген сайттарға сілтеме жасап, бағыт-бағдар беріп отыруы қажет. Сонда ғана білім алушы өз бетімен бағытталған мәліметті табуға тез үйренеді. Интернет тілді дамытатын материалдардың (шетел тіліндегі кітаптар, ақпараттар, аудио, видео, мультимедиялық контенттер және т.б.) негізі болап табылады. Сонымен қатар, білім алушылар оқытылатын тіл еліне виртуалды саяхат жасау мүмкіндігіне де ие болады. Сабақ барысында білім алушыларға шетел тілін үйретумен қатар, мәдени-елтанымдық ақпарат беру, оқытылатын тіл елінің мәдениеті, халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, діні, ділі туралы мәлімет беру мақсатында аудио, видео контенттерді өте тиімді пайдалануға болады. Қазіргі кездегі ең танымал видео сервирдің бірі – YouTube. Ондағы миллиардтаған видео жазбалардың ішінен шетел тілдерін үйретуге арналған түрлі видео сабақтарды, жеңіл әрі қызықты фильмдер мен мультфильмдерді тиімді пайдалануға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шетел тілін үйретуде мобильді оқытуды оңтайлы қолдану арқылы төмендегідей нақты ұтымды нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- оқыту үдерісін жеделдетеді;
- білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады;
- мәліметті қабылдау сапасын жақсартады;
- ақпараттық сауаттылықты қалыптастырады;
- оқушылардың оқу мәнерін және жеке ойлау жүйесін дамытады;
- талдау жасауға, деректерді салыстыруға үйретеді;
- өздігінен білім алуға үйретеді;
- күнделікті өмірде алынған білімін қолдана алады;
- диктафон арқылы оқу, сөйлеу дағдыларын қалыптастырады;
- тыңдап, есту дағдыларын қалыптастырады;
- тіл аралық кедергілерді жояды;
- коммуникативті іскерліктерді қалыптастырады.

Білім беру үдерісіне мобильді оқыту технологияларын енгізу және қолдану білім сапасын кеңейтіп, мазмұнын құнарландырып, білім алушылардың тілге деген қызығушылығын артып, оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасын нығайтады.

Шетел тілдерін үйрету барысында ақпараттық технологияларды шебер меңгеру және оларды оқу үдерісінде саналы түрде тиімді пайдалану арқылы ғана жаңа заман талабына сай мамандар даярлап шығаруға болады.

Әрине, ешқандай жаңа ақпараттық коммуникативті технология оқытушының орнын баса алмайтынын есте сақтаған жөн. Себебі, оқытушы ғана оқу үдерісін ұйымдастырып, оқушыларға әр түрлі режимде жұмыс

жасауға бағыт-бағдар береді. Ал компьютерлер мен түрлі мобильді құрылғылар оқытушының қолындағы оқу үдерісін қызықты әрі тиімді өткізуге арналған қосымша мүмкіндік болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР «Білім туралы» заңы, 11-бап, 9-бөлім. – Астана, 2007.
 2 <http://www.zkoipk.kz/kz/2015smart3/1553-conf.html>.
 3 <http://group-global.org/ru/publication/24142-mobildi-tehnologiyalar-arkyly-soyleu-reketin-zhetildiru>.
 4 <http://orleupvl.kz/ru/mediateka/videogalereya/top-video-lekcziy-pps/553-smart-oytu-negznde-malmn-ksbi-damuy>.
 5 **Киселёва, Н. Е.** Использование мультимедиа-технологий на уроках английского языка // Вестник КАСУ. 2009.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

К. К. Аубакирова¹, А. А. Мустафаева², М. С. Кулахметова³

Эффективность применения мобильных методов в обучении иностранным языкам

¹Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда;

²Национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы;

³Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

К. К. Aubakirova¹, A. A. Mustafayeva², M. S. Kulakhmetova³

Effectiveness of mobile methods in the teaching of foreign languages

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda;

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty;

³S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 29.11.16.

В данной статье рассматривается эффективность использования смарт технологий и мобильного обучения в преподавании иностранных языков, а также раскрываются особенности использования разных программ и приложений для смартфонов во время занятия.

This article considers the effectiveness of using of smart and mobile learning technologies in foreign languages teaching and especially using of different programs and applications for smart phones during the class.

ӘОЖ 882. 151. 212.2

К. С. Әбдіқалық¹, Л. М. Әділбекова², А. О. Нуртазина³

¹ф.ғ.к., профессор, ²ф.ғ.к., профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы;

³магистрант, тіл теориясы мен оқу әдістемесі кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: ¹Kun_jan.16@mail.ru; ²lyazzat_mahaikz@bk.ru

ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНДЕРІМ

Мақалада қазақ халқының ұлы ақыны Жамбылдың Ұлы Отан соғысы жылдары жазылған патриоттық рухқа толы жырлары, сонымен қатар тарихи «Ленинградтық өрендерім» өлеңінің маңызы туралы айтылады.

Кілтті сөздер: Жамбыл халық поэзиясы, жыр, соғыс.

КІРІСПЕ

Жамбылдың сүйікті ұлы Алғадай 1941 жылы соғыс басталып, майданға кетті. Соғыс басталғанын Алматыдағы ауруханада естіген ақын, белін шарт түйіп, «ертең үйге қайтам, енді ауыратын жағдай жоқ, еліммен бір боламын» деп, денсаулығына қарамастан, тас-түйін аулына қайтқан. Ұлы Отан Соғысының бес жылында қарт ақын көп ұлтты отандастарының жанында болып, майдандағы жауынгерлерге әкелік, аталық қамқор хаттарын жолдап, ел басына түскен ауыр күндерді халқымен бірге көтерді. Ал қоршауда қалған ленинградтықтар үшін, өлім мен өмір арасындағы жандар үшін, олардың өз қатарынан табылып, жырымен жанға сая болғаны, әлбетте, өз алдына ерекше әңгіме.

Осы кезеңдерде ақынның жанында болған Әбділда Тәжібаев естеліктеріне тоқталсақ: «Жәкең 23 июнь күні машинасын алдырып үйіне кетті. Ұлы ақынның осыдан кейін қаншалық қайрат жинағаны, жауға қаһары мен зәрін төккені, жеңіске шақырғаны оның дамылсыз жалын атқан жырларынан белгілі. Ақын 95 жасында бойындағы кеселін сыпырып тастап, совет халқы қашан жауын талқандағанша домбырасын тастаған жоқ. Егер Жамбылдың жауынгерлерге көрсеткен көмегін, оның майданнан алған хаттарымен дәлелдеуге кіріссек, онда жүздеген хатты көшіруге міндетті болар едік.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жәкең өзінің шәкірттеріне тағы бір жаңа үлгі көрсетті: ол күрең атқа қайта қонды, қалың елін қақ жара аралап, халықты еңбекке шақырды, майданға жүргелі жатқан эшелондарға барып қоштасу жырын айтты.

– Жауды жеңбей қайтпаңдар, ұлдарым! – деді.

Жамбыл өзі жүріп араласқан, жылағанды жұбатқан әрекеттерінің үстіне бүкіл совет халқына батырлық рух беретін көсемдік сөзін де жырымен айтты:

«Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме
Шапты фашист дегенде
Ашуменен аралас
Жыр да келді көмейге,
Қаһар қаулап денемде
Көз жібердім мен елге.
Сонда елімнің түрінен
Тастай болып түйілген –
Қаһармандық аңғардым
Жау сазайын берерге.
Жау тиді деп саспастан,
Аяқтарын нық басқан,
Айбатынан көресің
Аспанмен күші астасқан!
Құйған құрыш тәрізді –
Тұлғасында күшті ызғар
Батырлықпен ұштасқан».

Жамбылдың мұндай жырлары күнде туып, барлық тілдерде айтылып, басылып, тарап жатты. Ауылынан көп жігіт және солармен өз баласын, Алғайдайын қоса аттандырған ақынның жауға деген өшпенділігі ерекше еді» [1, 81] – деп жазады Ә. Тәжібаев ақын турасындағы «Меймандостық» атты әңгімесінде.

Сол күндердің тағы бір кейіпкері Мариям Хакімжанова: «Қоштасар сағат жеткенде аттанушылар тобын басқарып келген Павел Кузнецов Жәкенді айқара құшақтап, бетінен сүйіп тұрып: «Тәте, біз келмей өліп қалма! Біз жауды жайрата жеңіп келеміз», – деп қолын қысты. «Сапарың оң болсын, сары балам», деп Жәкең Павелдың маңдайынан сүйіп, көзіне жас алғанда, әке жүрегін ұққан Абдолла Жұмағалиев Жәкеңнің алдына барып, қолын қысып, кеудесін жапқан ақ сақалынан сүйді. Жәкең Абдолланы құшақтап, кеудесін басып тұрып, «Тентегім, жас дүлдүлім» деп сүйгені көз алдымда» [2, 39], – деп еске алады.

Орыстың белгілі ақыны, Ленинградты қорғауда ерекше көзге түскен адамның бірі Александр Андреевич Прокофьев былай дейді: «Жамбылдың

«Ленинградтық өрендеріме» деген жыры жарияланған кез. Ленинградтың халқының аса бір ауыр шағы еді. Бұл шақта, немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды: күніне, жұмыс істейтін адам 250 грамм, жәй кісі 150 грамм нан алды, ет, май дегенді халық өте аз және өте сирек көрді, басқа азықты көрген жоқ. Үйлерге кіретін су тоқтатылды. Канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды. Электричество да нашар жанды, қаладағы үйлердің көбінде жарық болған жоқ. Қалаға жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды. Осындай халда Жамбылдың «Ленинградтық өрендеріме» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруге ерекше күш берген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр зор қаріппен басылып, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістің самолеттері төбеде ұшып, бомба тастап жүргенде, бомба-убежищеге тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алуға көшеде өшіретте тұрған адамдарды талай көрдім» [3, 92].

Келесі сөз Николай Тихоновтан алынды:

«Ұлы Ленин дананың
Атындағы қаланың
Бесігінде тел өскен,
Балаларым, жанарым,
Сәулетім, сәнім, айбарым!
Анасындай даланың
Өзендердің алабын,
Байқағанда байыптап,
Бейнесін көрем Неваның.

Мен қабақтары салыңқы, түнгі дүрбелеңнен ұйқылары шала болған адамдардың арасында тұрмын. Солдаттар мен офицерлер, теңізшілер мен көк комбинезон киіп, противогаз асынған қыздар бірінен соң бірі келіп, өмірінің ең қиын, ең ауыр, ең қатерлі минутында ең жақын адамынан келіп жеткен сәлем хаттай Жамбыл өлеңін құмарта оқып жатыр.

Көпірі осы Неваның,
Көзіме түссе
Аңғарсам қала көрікті
Бір серпіліп қаламын аймағын:
Балтықтың терең жарларын.
Қаланы нұрға шомылтып,
Ымыртта жаңған шамдарын,
Зәулім-зәулім үйлерге

Алтынды күмбез салғанын

Қиырдан болжайд жанарым.

Ешкім езу тартып күлген де жоқ, ешбір адам бір ауыз сөз айтып ләм-мим деген жоқ, бірақ жан төзгісіз талай қиындықты көктей өтіп, адам айтқысыз алыстан осында жеткен, шын жүректен жарып шыққан осынау қарапайым сөздерді жадында мәңгілік қалдыру үшін, кей сөздерін қайта-қайта оқып, көкейіне құйып алуға тырысатындықтарын аңғардым.

Күн ұзақ әскери тапсырмалармен қайда барсам да, бүкіл қаланың көше-көшесінің бәріне ілініп, Ленинградтың әр үйінде радиодан саңқылдап тұрған осы өлең ойымнан шықпай қойды. Радио оны майдан даласына да жеткізді. Ол өлең окоптарға да, Ленинградтың тағдыры шешіліп жатқан алғы шепке де барды.

Қаланың қанды шайқасқа қалай дайындалып жатқанын, тіпті көшелер мен аялдардың, тіпті үйлер мен бақтардың өзінде дот орнатып, мүйістердегі үйлерде пулемет ұяларын жасап, баррикада, аран-баған әзірлеп, атыс орларын қазып, бомбадан тығылатын жертөле-баспаналарды мықтап жатқан қалпынан мен тарих тынысын ұқтым, тағдырдың қатер толы адымын аңғардым.

Ол күндері Нева жағалауындағы қалада болған мұндай оқиғалар жеке бір көрініс, кездейсоқ оқиға емес еді. Біз адам жаны түршігерлік тарихи қыл көпірдің үстінде тұрдық. Біз тек Октябрьдің бесігін ғана емес, бүкіл адамзаттың болашағын қорғап жаттық. Өр шаттық алқымымызға тығылатын. Ленинградты жауға бермейміз! Біз бұл плакатты жауды жеңген күні музейге апарып қоямыз. Егер қажет болса, біз Ленинградтың ең ақырғы адам қалғанша соғысамыз! Біздің Троя халықтардың жадында аңыз боп қалады, бірақ мұнда Троя атын ешуақытта да жібермейміз!

...Көзге түртсе көрінбейтін қараңғы түннің қойнында жатқан қаланың төбесінен қарап, өз үйімнің балконында тұрмын. Түн. Жамбыл сөздерін қайта-қайта қайталаймын:

Қаһарындай халықтың,

Бизалана толқыған,

Айбарындай Балтықтың,

Домбыраның қос шегін

Шертіп, жырды шалқыттым.

Жамбылға қарттықтың даналығын берген Уақыт оны болашақты сезіне білу қасиетінен айыра алмады. Мен бұрын ол жайында ойлағанда, тым ұзақ жасады ғой, қазіргі заман оған жаңа бір эпос сияқты болып, қалтқысыз әділ өнердің тағы бір жаңа беті болып қана көрінетін шығар деуші едім. Кенет мен қиырдан есіп қияндағы қыр еліне жеткен Балтық желіне төсін ашып, осынау Ленинград қорғаушылары сияқты түн баласы кірпік ілмей жүрген Жамбылды көрдім».

(Николай Тихонов. Ақындардың атасы), [4, 34-36].

Халық поэзиясының көтерілгендігі сол, қанқұйлы соғыстың жүріп жатқанына қарамастан, 1943 жылдың күзінде Алматыда халық ақындарының республикалық айтысы өтеді. Қатысуға келген Жамбыл домбыраны өзі сұрап алып, кестелі жырын төгіп, мерекені ашады. Бұл халық ақындарына қанат бітіріп, айтыстың биік деңгейде өтуіне сеп болады.

1944 жылдың кірісі ақынға ауыр болды, Алғадайы майданда қайтыс болды.

Алатауды айналсам,

Алғадайды табам ба,

Сарыарқаны сандалсам,

Саңлағымды табам ба,

Өлім деген у екен,

Мендей кәріп адамға,

Күнде үйімде күңіренем,

Көзіме жас алам да,

– деп күңіренген ақын төрт күн бойына бүк түсіп жатып қалған. Қаныш Сәтбаевтың ақылымен, ақынға басу айтуға шақырылған халық ақындарының ішінен Кененге «Базар-Назарынды» айтшы деп, тыңдаған бүкіл ел ағыл-тегіл жылаған-ды.

Соғыс жылдары майданнан келген Б. Момышұлын Сәбит Мұқанов бір кеште Жәкеңе сәлем берейік, батасын алайық деп қарияға алып келеді ғой.

«Жамбыл менің бетіме сығырая қарады. Оның сынап отырғанын байқап, мен де қабағымды түйіп, оған ежірейе қалдым. Сонан соң Жамбыл Сәбитке қарай мойнын бұрды да:

Мына қызыңды... – түсі суық екен, батыр болса болар! – деді.

Сәбит оған қарық болып күліп жатыр. Менде үн жоқ. Жамбыл күлместен маған қайта қарады.

Батыр болсаң сен Өтеген мен Сұраншыдан күштімісің, соны айтшы, – деді.

Мен ойланбастан жауап бердім.

Өтеген қаптап келе жатқан өрт сияқты да, Сұраншы сарқырап аққан су сияқты батыр болатын. Дүниеде су мен оттан күшті жоқ. Мен ол екеуінің ешқайсысына пар келе алмаймын. Мен – оттың ұшқыны, судың тамшысы ғанамын, Жәке, – дедім.

Жәкеңнің өлеңінде өзі айтатын «борға малған» сақалы шошаң-шошаң етіп қалды. Ол атамыздың күлгені. Енді көзі шырадай жайнап, жылы ұшқын шашып, тағы да Сәбитке қарады.

Әй, балуан, мынауыңның түрінде ғана емес, тілінде де бірдене бар екен, қонындар, – деді».

Батырдың құрметіне байланған ақ қошқарды алып келіп, бата сұрағанда:
 Батырдың жолы болсын,
 Самсаған қолы болсын.
 Түсі де суық екен,
 Ісі де долы болсын, аллаакпар!

– деп бетін сипаған ғой. Сәбен бар, хатшысы Ғали бар, жаңа піскен етті комағайлана қыра бастағанда, «түсі де суық» сұсты батыр саусағын сұқпай отыра берген. Қалған жайтты батырдың өз аузынан тындасақ:

«Мен мұнда сыбаға жеу үшін келгенім жоқ, – дедім Сәбитке даусымды қаттырақ шығарып. – Сыбағаны фашистерді жеңгеннен кейін жеймін. Ал мұнда ұлы Жамбылдың, соғыстағы бар солдаттың ұлы әкесінің сарқытын ішуге келдім. Ол үшін Жәкең анау тұздыққа сақалын батырып ұрттасын да, қалғанын табақтың үстіне құйсын. Мен етті сонда ғана жеймін. Және барлық солдаттарға Жәкеңнің сарқытын ішкенімді айтып барамын!

Әй, мынауың дұрыс екен! – деп Сәбит қарқылдап кеп күлді. Содан кейін Жамбылдың құлағына еңкейіп, менің сөзімнің бірін қалдырмай айтып берді.

Бұл қысталақтың мұнысы да жөн екен, – деп Жамбыл басын изеп, анадай тұрған тұздыққа қарай қолын созды. – Бірақ сақалымды батыратын мен суға еңкейген теке емеспін, мұртымды тигізейін. Мына батырыңа түсіндіріп айт.

Жәкең осылай деп Сәбитке қарап, қутыңдап иек қақты. Қарт ақынның бұл тапқырлығына біз қыран күлкіге баттық. Сөйгіп Жәкеңнің жүзін көріп, қолынан дәмін татып, төрінде жатып, қонақ болып атандым. Ертеңінде пойызға мініп майданға қарай бет түзедім» [4, 163] – деп еске алады Б. Момышұлы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жыр алыбының ғұмырнамалық баянындағы ең соңғы жыры 1945 жылдың мамыр айындағы ұлы Жеңіс күнінде, фашистік Германия жеңілді дегенде ұзақ жырлаған толғауы, өкінішке орай, қағазға түспеген. 15 маусымда ауруханаға түскен абыз бір аптадан кейін мәңгілік сапарына аттанып кетті. Поэтикалық шеберлік шыңы саналатын импровизациялық өнердің киесі қонған өлең сөздің пірі ғасырлық ғұмырында поэзия әлемінің қылышын қынабына салмастан жарқырата жыр майданын жарып өтті. Халқының баянды болашағы үшін күрескен ақын жүз жылда да кәсібіне адал болды, прогресшіл халық поэзиясының кәусар бұлағынан тыңдаушысын сусындата отырып, қайнаған өмірдің қақ ортасында, халқымен иін тіресе, қуаныш, қайғысын бөлісе, көпшілікпен үндесе өмір кешті.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Жамбыл Жабаев творчествосы. Монография/ М. О. Әуезов ат.әдебиет және өнер институты. /М. Дүйсенов, К. Сейдаханов, А. Бұлдыбаев, С. Негимов, Ш. Сәтбаева/ – Алматы : Ғылым, 1989.

2 **Төрөкұлов, Н.** Жамбыл мен Кенен. – Алматы : Жалын, 1978. – 128 б.

3 **Бегалин, С.** Жамбыл. Ғұмырнамалық роман. – Алматы : Жалын, 1996. – 184 б.

4 Жамбыл – менің жай атым (Жамбыл туралы естеліктер). Құрастырған Нысанбек Төрөкұлов. – Алматы : Санат, 1996. – 224 б.

5 **Шаштайұлы Жұмабай.** Жамбыл және заман. / Ж. Шаштайұлы. Қазақ әдебиеті, – № 1, (3479), 8.01.2016. – 7 б.

6 **Сыдықов Ерлан.** Жамбыл. – М. : Художественная литература, 2015. – 368 с.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

К. С. Абдикалык, Л. М. Адилбекова, А. О. Нуртазина
Ленинградцы, дети мои

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.
 Материал поступил в редакцию 29.11.16.

K. S. Abdikalyk, L. M. Adilbekova, A. O. Nurtazina
The people of Leningrad, my children

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.
 Material received on 29.11.16.

В статье разбираются стихи военного времени великого поэта казахского народа Джамбула Джабаева, неоценимая патриотическая роль и огромное значение знаменитого стихотворения поэта «Ленинградцы, дети мои!».

The article studies the war time poetry of the great poet of the Kazakh nation Jambul Dzhabayev, his invaluable patriotic role and great significance of his famous poem «Leningradians, my children!».

**Л. М. Әділбекова¹, Ш. Л. Ерғожина²,
З. М. Артукматова³, Р. Ж. Дүйсен⁴**

¹ф.ғ.к., профессор м.а., Қазақ әдебиеті кафедрасы; ²ф.ғ.к., профессор м.а., Тіл теориясы мен оқу әдістемесі кафедрасы; ³магистрант, Тіл теориясы мен оқу әдістемесі кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.; ⁴мұғалім, № 39 М. Жұмабаев атындағы жалпы орта мектебі, Шымкент қ.
e-mail: ¹lyazzat_mahaikz@bk.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада өздік жұмыстың бала дамуына тигізер пайдасы мен іскерлік дағды қалыптастыруда және білім мен біліктілікті игеруде құнды құзыреттіліктерді сіңіруі қарастырылады.

Кілтті сөздер: қазақ тілі, оқыту, даму, жеке тұлға.

КІРІСПЕ

Әрбір адам өзінің өмірлік жолын өзі құрып, таңдау жасайды. Өзге адамдармен де өзі қарым-қатынас орнатады. Сонымен қатар, өз өмірінде кейбір қателерді өзі жасап, өзі түзеп жатады. Білім беру орталықтарының алдына қойған мақсаттары – қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін өсіп келе жатқан жас ұрпақтың жекелік қасиеттеріне тікелей әсер ету ғана емес, сонымен қатар, өзіндік дамуы мен өзіндік сана механизмдерін жетілдіруде өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі қалыптастыру, өзін-өзі құру үшін қажетті жағдайды жасау болып табылады.

Ғылым мен практикада гуманистік бағыт шеңберіндегі арнайы технологиялар өңделіп, дайындалады. Онда жеке тұлғаны дамыту идеясы басты мәселеге айналып, «Жеке тұлғаға бағытталушы қатынас», «Жеке, бағытталған білім беру» түсініктері қалыптасқан. Білім алушы жас адамның психологиялық тұрғыдан дайындығының жетілуі адамның жеке басының өсуіне байланысты. Қазіргі күнгі кейбір ғалымдар көптеген психологтар жеке тұлғаны дамыту мәселелерімен айналысады, бірақ жалпы психология мен жеке тұлға психологиясы арасындағы «Жеке тұлғаның өсуі» аспектісі психотерапиялық тәжірибе мен жалпы психологиялық теория арасындағы алшақтықтың себебінен қажетті деңгейде зерттелмегенін алға тартады. Бұл термин күнделікті қолданылатын қарапайым сөздік қорда «Жеке тұлғаның

дамуы» сөзінің синонимі ретінде қолданылады. Көптеген әдебиеттерде «Өзін-өзі жетілдіру», «Өзін-өзі дамыту», «Жеке тұлға потенциалдарының дамуы» және т.б. түсініктермен кездеседі. Көрініп тұрғандай, әртүрлі терминдермен бір мағыналы сөздер айтылады немесе бір атаумен мүлдем сәйкес келмейтін терминдер кездеседі.

Ғалым К. Роджерстің көзқарасына сүйене отырып жекелік өсу туралы түсінік алатын болсақ, ол жекелік өсуді құрайтын үш негізгі басты компоненттерді бөліп көрсетті: актуализация механизмі, жеке тұлғаны бағалау процесі және адамның өзін-өзі құрудағы позитивті бағытталуы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Даму – адамның сандық және сапалық өзгерістерінің жүрісі мен нәтижесі. Даму нәтижесінде адам биологиялық түр және әлеуметтік тіршілік иесі болып жетіледі. Адамның биологиялық сипаты өз ішіне морфологиялық, биохимиялық, физиологиялық өзгерістерді қамтыған тән-дене дамуынан көрінеді. Ал әлеуметтік даму оның психикалық, рухани, интеллектуал кемелденуінен байқалады. Егер адам сана және өзіндік санаға ие болып, өз бетінше жаңғыртушы іс-әрекет орындауға қабілетті болса, онда ол адам тұлға деп аталады. Адам тұлға болып туылмайды, ол қасиеттік дәреже даму барысында қалыптасады. «Адам» ұғымынан өзгеше «тұлға» түсінігі – адамның қоғамдық қатынастар, басқа адамдармен араласу ықпалында қалыптасқан әлеуметтік сапа-қасиеттерін білдіреді. Тұлға ретінде әрбір адам әлеуметтік жүйеде мақсат бағдарлы және ойластырылған тәрбие барысында қалыптасады [1, 49]. Әрбір тұлға, бір жағынан, қоғамдық тәжірибені игеру деңгейімен, екінші жағынан, материалдық және рухани құндылықтар қорына қосқан қоғамдық үлесімен танылады. Тұлға болып жетілу үшін адам өзіне табиғаттан берілген және өмір мен тәрбие желісінде қалыптасқан ішкі қасиеттерін нақты практикалық қызметте аша білуі шарт. Бұл тұжырымдар психолог ғалымдардың еңбектерінен алынып, оны санамызда өндейтін болсақ, оқушының өзіндік жұмыс жүргізудегі психологиялық іс әрекетінің мазмұны мен сипатын саралайтын боламыз. Мақсатты бағытталған тәрбиенің нәтижесінде тұлға қалыптасатыны айқындалғандай, сол білім алушыны осы деңгейге әкелу үшін қыруар тер төгіліп, әдістемелік жұмыстардың сан түрі атқарылуы тиіс. Әдістемелік жұмыс түрлеріне, әрине, өздік жұмыстар көш бастап тұрады анық. Өздік жұмыстың бала дамуына тигізер пайдасы мен іскерлік дағды қалыптастыруда және білім мен біліктілікті игеруде құнды құзыреттіліктерді сіңіруі айрықша қасиеті болып саналады. Өздік жұмыстар жеке оқушының даралық қасиеттерінің жағымды жағдайда қалыптасуын, дамуының көрсеткіші бола алады. Ол жағдайда мұғалім оқушының жас ерекшеліктері мен психикасының даму ерекшеліктерін ескеру негізінде

жаттығуларын түрлендіре алады. Баланың ойының даму, танымдық қабілетінің артуы, тілтанымдық қабілетінің өсуі, т.б. бұның барлығы олардың машықтандыру әрекеттердің сапалылығымен байланысты болады.

Адам дамуы – бұл өте күрделі, ұзақ мерзімді және қарама-қайшылықты процесс. Біздің ағзамызда болып жатқан өзгерістер өмір бойына ұласады. Ал адамның тән-дене болмысы мен рухани дүниесі, әсіресе, балалық және жас өспірімдік шақта қарқынды ауысуларға кезігеді. Адамның дамуы сандық өзгерістердің қарапайым жиынтығы немесе төменнен жоғарыға бағытталған ілгерілі қозғалыс тобы емес, бұл процестің өзіне тән ерекшелігі – сандық өзгерістердің тұлғаның физикалық, психикалық және рухани сапалық қасиеттеріне диалектикалық түрде өтіп, жаңалануы. Бұл құбылыстарды түсіндіруде әртүрлі көзқарастар қалыптасқан [2, 56]. Мамандардың бір бөлігі адамдардың дамуын кездейсоқ, басқарымға келмейтін өзінше жүрісі бар, даму өмір шарттарына тәуелсіз, сондықтан, тумадан берілген күштерге байланысты; адамның дамуын ешкім, еш уақытта өзгертуі мүмкін емес, тағдыр белгілейді. Ал басқа бір зерттеушілер тобының пайымдауынша: даму – бұл әуел бастан қозғалысқа қабілетті тірі материя. Даму жолында көне жойылып, жаңа туындап барады. Өмірге енжар икемдесуші жануарлардан адам өз дамуы үшін қажеттерін өз еңбегімен жасай алатындығымен ажыратылады.

Дамуды қозғаушы күш – қарама-қарсылықтар тайталасы. Қарама-қарсылықтардың арқасында үздіксіз қайта жасалулар мен жаңғыртулар дүниеге келеді. Қарама-қарсылықтар – бұл өзара екі полярлы күштердің бір-біріне сиымсыздығынан туындайтын диалектикалық процесс. Адам қайшылықтарды іздеп немесе ойдан шығарып, әлектенуінің қажеті жоқ, олар қадам сайын өмірлік қажеттіктердің өзгеру салдарынан пайда болып отырады. Табиғатынан адамның өзі де қарама-қайшылықты дүние болмысы [3, 30]. Ғалымдардың осындай салмақты зерттеу пікірлерін саралайтын болсақ, біздің жұмысымыздағы өздік жұмысты жасаудың бала үшін даму үдерісіндегі айрықша маңызын айтуға болады. Ғалым айтқандай қарама-қарсылықтар арқасында адамның санасында жаңғырулар болып, тайталастың нәтижесінде адам дамуының жемісі көрінеді екен. Өздік жұмысты жүргізуде мұғалім оқушыларды топқа бөліп немесе жұптық жұмыстар мен тапсырмалар беру арқылы олады бәсекеге түсіру негізінде дамыта алатыны анық.

Қарама-қайшылықтар барша адамдардың дамуына ықпал жасаушы ішкі және сыртқы, сонымен бірге қарапайым материалдық және ең жоғары рухани қажеттерінің және оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылықтар әмбебап сипатқа ие. Ішкі қарама-қайшылықтар әр адамның өз болмысына қанағаттанбауынан туындайды. Олар жеке-дара ниеттерде көрінеді. Негізгі ішкі қайшылықтардың бірі – жаңадан пайда болған қажеттер мен оларды іске асыру мүмкіндіктерінің арасындағы

алшақтықтар. Мысалы, оқушылардың өз психикасы мен интеллект, әлеуметтік деңгейінің жетімсіздігіне қарамай, мүмкіндіктері толысқан ересектермен бірге іс алып баруға ұмтылуы. «Қалаймын» – «қолымнан келмейді», «білемін» – «білмеймін», «мүмкін» – «болмайды», «бар» – «жоқ» – мәңгі қарама-қайшылықтарды белгілейтін қосарлы ұғымдар. Адам дамуын зерттей отырып, ғалымдар даму және оның нәтижелері – бір жағынан, және оларға ықпал жасаушы себептер – екінші жағынан, арасындағы заңдылықты байланыстарды аңдатушы бірнеше маңызды тәуелділіктерді ашты. Дамудың қай қырлары адамның өзіне тәуелді және қай тараптары сыртқы жағдайларға, жағдаяттарға байланысты? Дамуды айқындаушы себептер тобы – жағдайлар деп аталады, ал сол қарапайым себептердің ішіндегі ең маңызды, мәнді себеп – жағдаят (фактор) деп аталады [4, 32].

Іс-әрекет барысында адамның жан-жақты және біртұтас тұлғалық дамуы жүріп жатады, оның қоршаған дүниеге көзқарас, қарым-қатынасы қалыптасады. Таңдалған іс-әрекет көзделген тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ықпал етуі үшін оны қажетті деңгейде ұйымдастыру және келелі бағдарлап отыру қажет. Мұғалімнің өздік жұмыстарды ұйымдастыруында көзделген мақсатқа жетуі оқушының іс-әрекетіне басшылығы мен нақты тапсырмалар беруі себепші болады. Баланың бар мүмкіндігін пайдалану – өздік жұмыстың түрлендірілуі. Оқушының қарапайым деңгейден алгоритмдік және эвристикалық деңгейлерге тартудағы жұмыс түрлерінің бірте-бірте күрделене түсуі маңызды. Білім алушының даму мүмкіндіктерін шектейтін жағдайлар кездесуі мүмкін. Кейде тәрбиеленушілер ең қажетті болған жағдаяттарға – қоғамдық, еңбек, таным әрекеттеріне белсенді араласа алмай, енжар бақылаушы күйінде қалып, дайын ережелерді жаттаудан ары өте алмайды. Балалар мен жасөспірімдердің іс-әрекеттерінің негізгі түрлері – ойын, оқу, еңбек. Бағдары бойынша іс-әрекет танымдық, қоғамдық, спорттық, көркем өнерлік, техникалық, кәсіптік, құмарлық (гедоникалық) болып ажырайды. Барлық жастағы оқушылардың іс-әрекеттерінің ерекше түрі – тілдесу, қатынасу (ортақтау). Іс-әрекет сипаты бойынша белсенді (актив) және енжар (пассив) болуы мүмкін. Дамудың тиімді болуы іс-әрекеттің белсенділігіне, көңіл-күй жарасымдылығына тәуелді. Адам таңдаған ісіне жан-тәнімен кірісіп, өзіндегі бар мүмкіндіктердің бәрін іске жұмылдырып, өзін кемелденген тұлға ретінде көрсете білуі қажет. Сондықтан да, іс-әрекеттің маңыздылығы оның өздігінен ғана емес сол әрекетте көрінетін тұлға белсенділігінің деңгейіне байланысты.

Белсенділік оқу барысында шәкіртке тезірек және табысты әлеуметтік тәжірибе топтауға мүмкіндік береді. Оның қарым-қатынас, тілдесу қабілеттерін дамытады, қоршаған болмысқа деген көзқарасын қалыптастырады. Баланың ақыл-парасатты дамуын танымдық белсенділік

камтамасыз етеді. Бұл үшін балаға танымдық мәселелерді шешуімен бірге игерілген білімдерді практикада қолдану қажеттігі де тән болуы тиіс. Себебі еңбектегі белсенділік тұлғаны өзінің рухани және адамгершілік дүниесін тез арада және тиімді қалыптастыруға ынталандырады, оны көп және нәтижелі еңбектенуге бағыттайды. Белсенділіктің барша көріністерінің негізінде бір ғана тұрақты дерек көзі-қажеттік орын алған. Адам қажеттіктерінің көп түрлілігі оларды қанағаттандыру үшін қолданылатын іс-әрекеттердің де сан қилылығын туындатады. Өсіп келе жатқан адамға белсенділіктің пайдалы бағыттарын көрсетіп, алдамшы қырларын мейлінше бәсеңсіту – педагогтар үшін тұрақты да және өте күрделі де міндет. Сондықтан, әртүрлі жас сатыларында іс-әрекет түрлері ауысып баруы шарт. 6-сынып оқушыларының жас ерекшеліктері ескеріле келе, өздік жұмысты ұйымдастыруда олардың белсенділіктері назарға алынады. Олардың бастауыш пен 5-сынып оқушыларының сана-сезімінен жоғары қараған жөн. Өскелең жастағы балаларды не қызықтырады, нені дамытуға бағыттау қажеттігін мұғалімнің психологиялық тұрғыдан жасаған зерттеулері көмекке келеді. Өздік жұмыстардың мазмұны 6-сынып деңгейіне лайықты алынуы басты шарт.

Әрбір адамның өзіндік белсенділігі оның қабілеттері мен дарынының дамуы және табыстарға жетуінің міндетті кепілі. Оқушы тәрбиесімен қандай да бір ғажайып тәрбиеші шұғылданбасын, оқушының өз әрекет-ықпалы болмаса, ешқандай нәтиже болуы мүмкін емес. К. Д. Ушинскийдің пікірінше, бала өзі оқуы тиіс, ал педагогтың қызметі – оған игерілуі қажет материалды ұсынып беру, оның оқу процесін басқару. Осыдан, дұрыс қойылған тәрбиеде оқушы педагогикалық ықпалдың тек объекті ғана емес, ол сонымен бірге өз тәрбиесін белсенді өз қолына алған – субъект.

Өсіп келе жатқан 6-сынып оқушысының толық іс-әрекет мүмкіндігін ашып беру, өз күш-қуатын белсенді қолдануға қажет әрекет тәсілдерімен қаруландыру, тұлғалық ерекшеліктерді жете зерттеу және әр тұлғаның болмысындағы табиғаттан берілген нышандар мен дарындылықты мейлінше жайып салу – әрбір тұлғаның даму процесін дұрыс бағамдау – бағыттаушы мұғалімнің қоғам алдындағы борышы. Сондықтан тілді меңгертуде 6-сыныптың өзгетілді өкілдерінің қабілетін ашып, дарынын кеңейту ұстаздың шеберлігіне келіп тіреледі. Мұғалім алдындағы әр оқушының еңбектенуіне басшылық етуі негізінде көздеген мақсатына жете алады. Әрқилы іс-әрекетті оқушы да ықылысымен орындап, шартты түрде белсенді болуы қажет. Орындаған ісінен шәкірт ләззат және қанағат табуы ләзім. Белсенді іс ешқашан шаршатпайды.

А. Н. Леонтьев «Адам өзге адамдармен қоғамдық қатынастар жасай отырып жеке тұлға болып қалыптасады» [1, 64] – деп жазды өзінің еңбектерінде.

Жеке тұлғаны қалыптастыру дегеніміз - оны мәдениетке үйрету, білім беру, қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік тәжірибені меңгерту арқылы жан-жақты дамыту.

Адамның – тұлғалық жетілу үрдісі, сана мен өзіндік санасының бөлінбейтін компоненті ретінде қалыптасуы тұлғаның даму үрдісі. Тұлға саналы субъект ретінде қоршаған ортаны ғана емес, сонымен қатар айналасындағылармен қатынаста өзін де түсінеді. Тұлғаны өзіндік санасымен «менін» бөлмей қарастырған жөн. Өзін түсініп және «Мен» ұғымының қалыптасуы, заттарға және ситуацияларға қатынасы оның оқу іс-әрекетіне, еріктік сферасына, болашақ өмірлік жолының анықталуына септігін тигізеді.

6-сынып оқушыларының психологиялық тұрғыдан дайындығының жетілуі оқушының жеке басының өсуіне байланысты. Олардың жеке бағыт-бағдары, арманы, құмарлығы, әр түрлі мұраттарға жету жолындағы әрекеті – оның даралық қасиеттеріне тән психологиялық ерекшеліктері.

Л. С. Выготскийдің еңбектері бойынша «мазмұны жөнінен өзіндік сана ішкі дүниеге көшірілген әлеуметтік сана-сезім» [5, 39] болады. Өзіне зейін қойып, өзі туралы ойлай бастаудың шығуы – жеткіншек жастағы балаларға тән ерекшелік. Өзі туралы пайымдаулардың әлеуметтік-реттеушілік функциясы мынадан айқын көрінеді, жеткіншек. әуелі негізінен өзінің кемшіліктеріне зейін аударып, оларды жойғысы келетінін сезінеді, ал кейін жеке адамның жалпы ерекшеліктеріне зейін аударып, өзінің мүмкіндіктерін, қасиеттерін білуге тырысады. Ғалымның осы ой-пікірлерін сараптай келе, өздік жұмыстарды ұйымдастыруда, жүзеге асыру нәтижесінде оқушымен кері байланыс немесе рефлексиялық кезеңді міндетті түрде ұйымдастыру керек. 6-сынып оқушысы қазақ тілін меңгеру барысында өзіне не ала алды, неге қызығушылығы басым, нені меңгере алмады деген сұрақтың төңірегінде оқушының өзі-өзіне есеп береді. Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуі, тәрбиелеуді тек нығайтпай, сонымен қатар толықтырады. Негіз ретінде тәрбиелеу үрдісінде қалыптасқан интеллектуалдық және эмоциялық еріктік қасиеттер қызмет атқарады. Бұл кезеңде әр оқушының қызығушылығын, жеке қажеттіліктерін, талаптарын, қабілеттерін есепке алынады.

Өзіндік жұмыс жүргізген оқушымен жұмыс атқарудағы күрделі үрдіс, осы жағдайда оқушыда сырттан көмек күтпей-ақ, өздігінен ізденуге, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, шағын жобаларына жоспар құруда, шығармашылық тапсырмаларды шешімді атқаруына мүмкіндіктер жасайды. Оқушылардың жеке жұмысқа талаптандыру жеткіншектің қызығушылықтарын, ойларын, құштарлықтарын, психикалық ерекшеліктерін терең білген кезде ғана мүмкін болады. Сондықтан мұғалім оқушыны жүйелі түрде зерттеп танып, олардың дамуын мінез-құлқындағы өзгерістерді байқап отыру қажет. Мұндай әрекет олардың мүмкіндіктерін нақты білуге, әсер студия бағыттылығын анықтауға

және керек кезде көмек көрсетуге жағдай туғызады. Сондай-ақ жеткіншектің сезімталдығын және осыдан шығатын тез ренжігіштігін, кінәмшылдығын және оның сұраныстарымен, талаптарымен санаспаған, оның ар-намысына тиген жағдайда дамуына кері әсердің болатынын ескерілуі тиісті. Сондықтан мұғалімнің 6-сынып оқушысына қатынасы – тұлғаға мүмкіндігінше көбірек сый көрсету, олардың ойымен санасу, мүмкіндігінше оған көбірек талап қою принципіне жауап беруі қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өздік жұмысты ұйымдастыру және басқару кезінде ұстаз үнемі оқушылардың жеке ерекшеліктерін және ұсыныстарын ескереді.

Оқыту барысында балалар білімді, іскерлік және дағдыны меңгереді. Білімді меңгерудің өзіне тән көптеген ерекшеліктері бар. Оны толық меңгеруге барлық жағдай тек қана мектептерде жасалады. Оқу ісі мазмұнының ерекше өзгешеліктері бар: оның негізгі белгісі ғылыми жаңалықтар, ғылым заңдар мен соларға сүйенетін практикалық міндеттерді шешудің жалпы тәсілдерін құрайды. Тек оқыту ісінде ғана ғылыми білімдерді және соларға сәйкес іскерліктерді ілгері негіздеп басты нәтижесі ретінде байқалады.

Оқу іс-әрекетінің белгілі бір құрылымы болады. Оның құрамдас бөліктері мыналар:

- 1) оқу ситуациялары (немесе міндеттері);
- 2) оқу әрекеті;
- 3) бақылау;
- 4) бағалау.

Гальпериннің анықтаған оқу әрекетінің әр сатысына жеке тоқтап өтейік.

Оқу ситуацияларының ерекшеліктері. Оқу ситуациялары бірқатар бөліктермен сипатталады. Біріншіден, мұнда оқушылар балалардың қасиеттерін бөліп алудың немесе нақтылы тәжірибелік қабілеттердің кейбір кластарын шешудің жалпы тәсілдерін игеретіндіктен, осы тәсілдердің бейнелерін қайта жасау оқу жұмысының мысалы ретінде келтіреді.

Нақтылы-тәжірибелік міндеттер тікелей өмірлерінің мазмұны болады және мәнді нәтижелерге сүйенеді.

Оқушылар оқу әрекеттерінің ерекшеліктері. Оқу ситуацияларында оқушы жұмысы түрлі іс-әрекеттерден құрылады. Олардың арасынан оқу әрекеттері ерекше орын алады. Оқушылар оқу міндеттерін оқудың жалпы әдістері үлгілерінің және оларды қолдану шарттарын қостаудың жалпы тәсілдерін қайта жаңғыртып игереді. Бұл әрекеттер ақыл-ойды дамыту шеңберінде де орындалады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Леонтьев, А. Н.** Проблемы развития психики. – МГУ, 1981.
- 2 **Валлон, А.** Психическое развитие ребенка. – М., 1997.
- 3 **Возрастная и педагогическая психология.** Под ред. М. В. Гомезо. – М., 1995.
- 4 **Қожамбердиева, М. И.** Студенттердің қашықтан білім беру технологиясы мен өздік жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру. // п.ғ.к. дисс. – 2010.
- 5 **Выготский, Л. С.** Развитие высших психических функций. – М., 1960.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Л. М. Адилбекова¹, Ш. Л. Ерхожина¹, З. М. Артукматова¹, Р. Ж. Дүйсен²

Психологические основы применения самостоятельных работ при изучении казахского языка

¹Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы;
²СШ № 39 имени М. Жумабаева, г. Шымкент.
 Материал поступил в редакцию 29.11.16.

L. M. Adilbekova¹, S. L. Yergozhina¹, G. S. Myrzakulova¹, R. Zh. Duysen²

Psychological bases of independent work application in the study of the Kazakh language

¹Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty;
²№39 secondary school after M. Zhumabayev, Shymkent.
 Material received on 29.11.16.

В данной статье рассматриваются психологические основы применения самостоятельных работ при изучении казахского языка.

This article discusses the psychological basis for the use of independent work in the study of the Kazakh language.

Л. М. Әділбекова, Э. М. Балапанова

¹ф.ғ.к., профессор м.а., Қазақ әдебиеті кафедрасы; ²магистрант, Тіл теориясы мен оқу әдістемесі кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: ¹lyazzat_mahaikz@bk.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ГҮЛ» КОНЦЕПТІСІНІҢ АССОЦИАТИВТІК-СИМВОЛДЫҚ СИПАТЫ

Бұл мақалада автор қазақ тіліндегі «гүл» лексемасының ассоциативтік сипатын талдайды.

Кілтті сөздер: концепт, символ, лингвистика, лексема.

КІРІСПЕ

XX ғасырдың аяғында лингвистер, тілдік тасымалдауыш – бұл белгілі концептуалдық жүйелердің тасымалдауыштары деген пікір айтады. Қазіргі күні алдыңғы орында ментальдылық немесе концептілер-ментальдылықтың мәні болып табылады. Лингвистикада концепт терминінің ескі де жаңа түрі бір мезгілде пайда болған. Ал ұлттың рухани және заттық мәдениетінен, тарихы мен әдебиетінен, жалпы тұрмыс-тіршілігінен толық ақпарат бере алатын оның тілі болып табылады. Кез келген тілдің лексикасында гүл атауларының алатын орны ерекше.

1928 жылы С. А. Аскольдов «Концепт және сөз» атты мақаласын жариялаған, бірақ өткен ғасырдың ортасына дейін концепт ұғымы термин ретінде ғылыми әдебиеттерде қабылданбаған. С. А. Аскольдов өзінің мақаласында концептінің шығу тегі туралы немесе жалпы ұғымдары ортағасырлық терминология бойынша ескі-универсалий туралы мәселені қозғады. Ол концептінің ауыстырымдылық функциясын көрсете отырып, оны былай көрсетеді: «Концепт бізге ойлау процесінде біртекті заттардың белгісіз көп түрін ауыстыратын ойша құрылым» [1, 102].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ халқының тілдік санасында «гүл» лексемасын ұлттық мәдени фонға ие жеке концепт ретінде тануға болады. Бұл жерде гүл концептісі гипероним ретінде алынып отыр. Бағалауыштық, әрі ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің болуына сәйкес «гүл» концептісін лингвомәдени концепт ретінде қарастырамыз. Лингвоконцептологияда концепт ментальді бірлік ретінде тілдік танбалардың тіл мен сөйлеу коммуникациясындағы семантикасы арқылы зерттеледі.

В. И. Карасиктің пікірінше, мәдени концептілерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу нысанына алғанда мәдениеттану, тарих, психология, этнография сынды пәндердің ғылыми ақпараттары да негізге алынуы тиіс [2, 96].

Гүл концептісінің тілдік және этномәдени белгілерін айқындау үшін, З. Д. Попова және И. Стернин ұсынған семантикалық концептуалды талдау әдісін қолданамыз. Бұл әдіс бойынша, сөздің лексикалық мағынасының концептілік мағынаға ұласу әрекеті талданады. Сөз мағынасының семантикалық құрылымы өзара иерархиялық қатынастарға негізделген семалар жиынтығын құрайтындығы белгілі. Ал «сема – сөзбен таңбаланатын құбылыстың нақты белгілерін бейнелейтін семантикалық микрокомпонент болып табылады» [3, 1985]. Ендеше, гүл лексемасының семантикалық құрылымына назар аударатын болсақ:

1. Түрлі-түсті, үлбіреген хош иісті өсімдіктің жалпы атауы.
2. Гүлді өсімдіктердің жыныстық жолмен көбею мүшесі (терм.мағ.).
3. Жасөспірім, бүлдіршін (ауыс мағ.).
4. Ажар, әр, көрік, келбет (ауыс мағ.) [4, 362].

Қазақ тілінде гүл сөзі қарапайым тұрмыстық санада айқындалған типтік белгілерімен қатар, ғылыми ұғым атауын иеленіп, өзіне тән терминдік дефинициясы бар арнаулы сөз ретінде танылады. «Гүл» сөзінің дефинициясы лексикалық мағынаның негізгі ядросын құраушы мынадай семалық белгілерді бейнелейді: «гүлді өсімдік», «түрлі-түсті», «хош иісті», «үлбіреген», «көбею нысаны». Түсіндірмелі сөздікте берілген гүл сөзінің мағынасы оның заттық-ұғымдық мазмұнымен сипатталатын негізгі семантикалық белгілерін қамтиды, бірақ бұл белгілер қазіргі тілдік санада қалыптасқан гүлдің шынайы психологиялық мағынасын толық қамти алмайды. Жалпы тілдік сана мен когнитивті сананы тілдегі қалыптасқан белгілі тәсілдер, атап айтанда, ішкі лексикон (А. Залевская), ассоциативті-вербалды жүйе (Ю. Караулов, Н. Уфимцева, Ю. Сорокин), сондай-ақ прецедентті мәтіндер (Ю. Караулов, Ю. Сорокин) арқылы да айқындауға болады. Тіл адамзат баласының күнделікті өмір сүру тәжірибесінің негізінде қалыптасқан ғаламның қарапайым бейнесін түзеді. Жоғарыда аталған ішкі лексикон, ассоциативті-вербалды жүйеге келетін болсақ, санадағы қандай да бір ұғымның тілдегі көрінісі болып табылады. Ю. Карауловтың пікірінше, ассоциативті сөздіктер «тілдік қабілетті» айқындаудың негізгі құралы болып табылады, өйткені ассоциативті эксперимент нәтижесінде ұлттық сана элементтері, ұлттың дүниеге деген көзқарасы, өзіндік бағасы, ұлттық-мәдени фреймдер, болмысты метафоралық таным тұрғысынан тану сияқты белгілер айқындалады [5, 110-111]. Қарапайым-тұрмыстық санада «гүл» лексемасына байланысты қалыптасқан ұғымдық белгілерді айқындау үшін, еркін ассоциативті эксперимент жүргізілді. Экспериментке гуманитарлық бағытта білім алып жатқан 18-20

жас аралығындағы студенттер тартылды. Жалпы саны – 100. Ассоциативті эксперимент нәтижелерін, әрі ақын-жазушылар шығармаларының тіліне талдау жүргізу негізінде «гүл» лексемасына байланысты қалыптасқан ұлттық дүниетаным жүйесін, ұлттық ойлау әрекеті, ұлттық психологиясы мен болмысын бағамдауға болады.

Гүл лексемасының концептілік мазмұны мен лексикалық мағынадағы потенциалды семантикалық белгілерін айқындау үшін, түсіндірмелі сөздіктегі иллюстративті материалдар, сөзжасамдық жүйе, тұрақты тіркестер (гүл жастану – рақаттану, жаны жай табу), тұрақты тенеулер мен эпитеттерді, мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, дәстүрлі және қазіргі тілдік санада қалыптасқан ұғымдық белгілерді төмендегідей топтастыруға болады: «хош иісті», «түрлі-түсті», «ажар», «көрік», «жасөспірім», «бүлдіршін», «сұлулық», «әдемілік», «молшылық», «көктем», «пәктік», «күнә». Мұндай ұғымдық белгілер гүл лексемасының семантикалық аясын кеңейтіп, оның лексикалық мағынадан концептілік мағынаға ұласу деңгейін көрсетеді. Мәселен, оның көбею нысаны екендігі метафоралық таным нәтижесінде ауыс мағынада гүл заман, гүлденген қала, гүлстан сияқты тілдік бірліктерінің қалыптасып, өсіп-өну, көбею нысаны ретінде гүл концептісі «молшылық» ұғымымен толыға түскендігін аңғарамыз. Қазақ халқының тілдік санасы үшін, концепт мазмұнындағы бағалауыштық компонент маңызды саналады. Концептінің бағалауыштық мәні лексикалық фон ұғымымен тығыз байланысты.

Мәселен, ақ гүл – адалдықтың, сары гүл – сағыныштың, қызыл гүл – махаббаттың белгісі. Гүлдің мұндай символикалық мағыналарды иеленуі оның түс атауларымен тіркесіп келуімен тікелей байланысты. Мәселен, қазақ халқы сары түсті ұзақтықты, кеңістікті (Сарыарқа, сары дала) бейнелеуде қолданады. Түркі халықтары, оның ішінде, қазақ халқы сары түсті қымбат, бағалы тас алтынмен бейнеленсе, сол алтын (сары түсті) тілшіліктің көзі саналатын күнмен ассоциацияланады (алтын күн). Ал күннің шығуы мен күннің батуы белгілі бір уақыт аралығын қамтитындықтан, сары түс қазақ халқының тілдік санасында ұзақтық, кеңістік сияқты қосымша семаларды иеленуге әкелген, ал ұзақ уақыт бойы көрмеген зат (анаға, досқа т.б.) адам бойындағы сағыныш сезімін оятары сөзсіз.

Қазақ халқының ең жақсы, ең жетік танитын гүлдерінің бірі қалампыр гүлі. Қалампыр гүлінің табиғат дүниесінде 300-ден артық түрі бар. Гүлдішөптесін өсімдік түріне жатады. Қалампыр гүлін жекелеп те, топтап та егіп, көгалдандыруға пайдаланады. Бау-бақтарда кереметтей гүл шоғырларын жасауға болады. Гүлзарларға егуге, қалампыр гүлінің 70-тен аса түрі қолданылады. Осыған қарай бұл гүлге кейде «бақша гүлі» деп те ат қойған. Табиғаттық гүл атаулының барлығы да негізінен дала гүліне жатады. Ал «бақша гүлі» деген атау кейін шыққан.

Гүл концептісінің қолданысындағы өзіндік ерекшелік ретінде ақын-жазушылар шығармашылығында философиялық мазмұнында қолданылуын атап өткіміз келеді. Мәселен, көктемгі гүл бейнесі метафоралық тұрғыда бозбалалық, жастық шақты бейнелейді:

Жоғалқаным толып жатыр,
Тапқаным не, алғаным не.
Ұқсап тұрмын жаны гүл,
Жайдары бір ұланға
Толып жатыр мендей ақын,
Келе жатқан жаңа гүлдеп.
Көзім – қорқақ, қолым батыр,
Өкпем менің бар ма гүлге (Т. Молдағалиев).

«Нәзік, үлбіреген, әлсіз, арнайы күтімді қажет ететіндігі» – гүл концептісінің маңызды ұғымдық белгілері ақын-жазушылар қолданысында әртүрлі модификацияға ие. Көбіне мұндай ұғымдық белгілер қорғансыз заттардың бейнесін бейнелейді (бүлдіршін, нәресте, қыз, қыз махаббатын, ізгілік, жан серігі):

Сардана гүлі – сағынышқа өскен сары гүл,

Бәрі жылылықты сүйеді, бірақ, жайлы үйдегі қожайынның ниеті бұзылса, аялаған гүлдері сарғайып түсіп қалады. Қасірет шегіп, бейнет көргенде, шындықты танып, бақыт кешкенде, сіздің іргенізден ұдайы гүл табылады. Қайғыңызға ортақтасады, қуанышыңызды бөліседі, жалғыздықта серік болады (Д. Амантай).

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақын-жазушылар тілінде гүлдің алуан түрлі пішіні мен құрылымы, атап айтқанда, үзілген гүл, солған гүл, аяқ астына тапталған гүл, шырайы кеткен гүл негізге алынады. Мұндай тілдік бірліктер гүл бейнесі мен адамның ішкі әлемінің байланысы, оның ішкі жан дүниесін сипаттауда қолданылады.

Когнитивті лингвистикада адамға тән когнитивті үрдістер мен құрылымдар айқындалады. Сондықтан да оның зерттеу нысанасына концептілер жатады. Концепт (ұғым) сөздің мағынасы ретінде түсініледі. Бірақ ол жалпылаудың (абстракцияның) ең жоғары деңгейін білдіретін ұғым-концепт емес – «оқиға, процесс, дерек» туралы ұғым. Сондықтан, «концептуальды талдау» сөздің немесе сөйлемнің контекстке, яғни нақтылы мағынаға қатысы анықталуға тиіс» дей келе, «Абстрақтылық концепттер өте көне замандарда пайда болып, қазіргі евразиялық тілдердің ажырамай тұрған кезінде белсенді роль атқарған екен. Көркем аудармадағы концептілік талдау барысында концептке ерекше мән бергеніміз жөн. Жалпы концепт – ақиқат дүниенің санадағы мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады, ақиқат дүние туралы психикалық қабілеттер (қабылдау, жадыда сақтау, көру,

есту, ұғыну, сезу) арқылы қабылданған алғашқы ментальді түсініктер ретінде танылады, ақиқат дүниенің санада жан- жақты жиналып тұжырымдалған ақпараттары мен когнитивтік семантикасы арқылы танылған көрінісі (бейнесі).

Қазақ халқының санасы үшін, гүл концептісіндегі «сұлулық» белгісі, ең алдымен, табиғаттың сұлулығына негізделген. Гүлдің Жер-Анадан өсіп-өнуінің өзі қасиетті, киелі саналады. Табиғаттың жаңаруы, жасаруы, тіршіліктің оянуы көктем мезгіліне сәйкес келгендіктен, гүл – көктемнің басты символына айналған. Жер бетіндегі көптеген халықтар секілді қазақ халқының тілдік санасында да махаббат ұғымы – гүлдің символикалық қасиетімен байланысты көрініс тауып жатады. Мұндай символдық мағыналар гүлдер тілі негізінде көрініс тауып жатады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Аскольдов, С. А.** Концепт и слово // Русская словесность: Антология / Под ред. В. Н. Нерознака. – М. : Academia, 1997. – С. 267-280.

2 **Карасик, В. И.** Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград, 2002. – 477 с.

3 **Попова, З. Д., Стернин, И. А.** Основные черты семантико-когнитивного подхода к языку // Антология концептов. – Т. 1. – Волгоград, 2005. – 315 с.

3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Т.V. – Алматы, 1980. – 505 б.

4 **Караулов, Ю. Н.** Показатели национального менталитета в ассоциативно-вербальной сети // Языковое сознание и образ мира. Сб. ст. Отв. ред. Н. В. Уфимцева. – М. : ИЯЗ, 2000. – 320 с.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Л. М. Адилбекова, Э. М. Балапанова

Ассоциативно-символическая характеристика концепта «цветок» в казахском языке

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

L. M. Adilbekova, A. M. Balapanova

Associative-symbolic characteristic of the concept «flower» in the Kazakh language

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.
Material received on 29.11.16.

В настоящей статье рассматривается концепт «цветок» в казахском языке. Выявлены ассоциативно-символические особенности концепта «цветок».

This article discusses the concept of «flower» in the Kazakh language. There are revealed the associative and symbolic features of the concept of «flower» in the Kazakh language.

ӘОЖ 882. 151. 212.2

Л. М. Әділбекова¹, С. А. Елшиева²

¹ф.ғ.к., профессор м.а., Қазақ әдебиеті кафедрасы; ²магистрант, Тіл теориясы мен оқу әдістемесі кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: ¹lyazzat_mahaikz@bk.ru

ҰЛЫ МЕКТЕП

Мақалада қазақ халқының импровизатор ақыны, XX ғасырдың Гомері Жамбыл Жабаевтың сан қырлы шығармашылық қыры, ұстазы Сүйінбай Аронұлының мектебі туралы айтылады.

Кілтті сөздер: ақын, импровизатор, ақындық мектеп.

КІРІСПЕ

Қыры ұшталған қаламынан мінсіз мұра қалдырған Ғабит Мүсірепов: «Жамбыл өмірге жымия қарап, сынап өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде қашанда бір сықақ ұшқыны тұратын. Өлденені түсіндіре бастасаң «Мені бір алжуға айналған шал деп отырсың-ау!» дегісі келгендей, мұрт астынан миығы жымия бастағанын сезуші едің. Айта бастағаныңды іліп әкетіп, өлеңмен өзіңе қайта айтқанда ақын жүрегінің ыстық жалынына, ой-сезімінің тереңдігіне таң қалатынсың» [1, 38], – деп суреттеген кейіпкеріміз туралы әңгімені әріден бастасақ. Жазушы Сапарғали Бегалиннің 1946 жылы жазылып бітіп, елу жылдан кейін жарық көрген ғұмырнамалық романында (С. Бегалин аталмыш шығармасында Жамбылдың ақындығын емес, ұзақ ғұмырындағы негізгі деректік жайттарға тоқталуды мақсұт тұтқан) Жамбылдың жақсы көрген жолдасы Қосай шешенмен бірге жүрген күндерінен ақынның өз аузынан жазылған біраз мәліметтерді келтірген. Және көп деректерді Жамбыл мен ақынның көз-көрген, жақын білетіндерінен 1944 жылдың көктем, жаз айларында жазып алынғандығы нақты күнімен

көрсетіліп отырады. Қосайдың шешендігі туралы Жамбылдың: «Қызғалдақтай жүзі бар Саймасайдың, Кесірлі қатыны бар Алмасайдың. Қырғыз, қазақ бас қосса топ жарады, Жиреншедей тілі бар ер Қосайдың, – дейтіні дәлел. Әйтсе де, негізгі айтпағымыз, осы романдағы ақынға аян бергендей болған Жамбылдың түсі. Қыстаудағы жылқы мен жылқышыларының халін білмек болған екі ақын көп күнді бірге өткізеді, жылқының қасына барып қонған түні Жамбыл түс көреді. «Ұйықтап жатыр едім, қасыма біреу келді. Жамбыл, саған сақтаулы тұрған қант бар, Қарғалыны өрлесек өзің де табасың, болмаса мен ертіп барып көрсетейін, жүр» – деді. Артынан еріп жүрдім, Қарғалыны өрлеп отырып, бір сайға келдік, үлкен бір мая қант үюлі тұр екен, «Мынау, саған қойған қант, осы» - деді әлгі кісі көрсетіп. Мен мұны қалай алып кетемін, көлігім де, ыдысым да жоқ, деп, ойланып тұрып, бәрін алмасам да балаларыма біразын ала барайын деп, олжашыл басым қанжығамдағы қоржынға салуға ыңғайландым. Әлгі адам: «Әзір алуыңа болмайды, қашан берілсін дегенде біз апарып береміз», – деп, қоржыныма салғызбады. Сондағы көрген түсім, менің осы күнгі өміріме келіп тұрау» – дейді екен Жамбыл атамыз сыр айтқанда [2, 57]. Бұл түсін Жамбыл қарттың 1920 жылдардан бастап белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жалынды басшы Ораз Жандосовтың қамқорлығымен сол кезеңдегі қазақ элитасына тікелей таныстырылып, тірі жыраудан тарихи жырлар мен көне дастандарды, атақты айтыстарды қағазға түсіріп алу ісінің қолға алына бастауымен, сонымен қатар Қазақстан онкүндігінің Мәскеуде өткен 1936 жылымен белгілегенмен, суырып салма өр ақын, өлең-жырды таңнан таң асырып, апталап жырлайтын Жамбыл қарияның қолына домбыра ұстап, «Менің пірім Сүйінбай, Сөз сөйлемен сыйынбай, Сырлы, сұлу сөздері, Маған тартқан сыйындай, Сүйінбай деп сөйлесем, Сөз келеді бұрқырап, Қара дауыл құйындай», - дейтін жас күнінен бастап, атағы алты қыр асқан, қазақ-қырғыз тең мойындаған, алғыр да азулы Жетісудың дүлдүлі, халқы алақанына салған ерке бұлбұлы болғандығы ақиқат.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ақынның осы сапарда айтқан «Туған елім» жыры әлемнің бірнеше тіліне аударылып, жер шарына кең тараған, қазақ ұлтын таныстырып, қазақ халық поэзиясын әлемдік мәдениетке шығарған туынды болды, сонымен қатар бұл өлең Нью-Йорктегі «Біріккен ұлттар даусы» жинағына [3, 264] енгізілді. Бұл сөзіміздің тағы бір дәлелі заңғар жазушымыз М. Әуезовтың Үндістанға сапары. Жиналған халыққа Кеңестер Одағынан келген делегацияның құрамында Мұхтар Әуезов өзін таныстырып, «қазақпын, Қазақстанмын» [3, 18] деген ғой, жұрт тып-тыныш қазағы кім, Қазақстаны кім дегендей жазушыға қадалған көздерінен сұрақ белгісін жібермегесін, белгілі деген

қазақтардың атын атай бастайды ғой, солардың ішінде Жамбыл аты да аталса керек, бір үнді орнынан атып тұрып, өз тілінде бір жырды төгіп салады, сол сол-ақ екен, бүкіл үндістер «Чамбл!», «Чамбл!» деп дүрлігіп, ду қол шапалақтап, қалған жолында қазақ жазушысына аса қызығушылықпен құрмет көрсетіп, сөйлейтін аудиторияларында адамдар толып отыратын болған екен. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» дегендейін, Елбасымыз айтқандай «жырдың қызыл жолбарысын» [4, 15] ұлы жазушы «Жамбылдың үлгісі мен мектебі алыстан, халықтан, халықтық рухани қазынадан, халық даналығынан басталады. Сондықтан да Жамбылдың атақ-даңқы күллі әлемге белгілі болды» [4, 5] – деп ой толғайды.

Екейдің басын біріктірген Сарыбай бидің Сүйінбай замандасы, ақылдасы болса, жас Жамбылды топ жарған ақын ретінде қамқорлықпен қарап, еркелігін көтерген. Бала Жамбылдың тентектік жасап, таяқтан қашса да, аулына жақындаған ақсақалдарды көрсе: «Қонсаңыздар біздің үйге қоныңыз, кісіге бар сақтаған семіз қазымыз», – деп ертіп, үйіне бастап келуі, соның бірі ысты Бөлтірік батырдың риза болған көңілі «атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болсын» – деп батасын бергендігі бала Жамбылдың батамен көгерген көрегендігіне мысал.

Бала күнінен жылқы малын ұнатып, ат құлағында өскен Жамбылдың 27 жасқа дейін өзі өсірген торжорғамен жүргендігі, қарт Жамбылға үкімет тарапынан арнайы көлік бөлінген кезде де «мен ат мінгенді, жорға мінгенді жақсы көремін» деп, күрең жорғасын алдырып мініп, домбырасын беліне қыстырып, ел аралап кетуі ғасыр арқалаған қарияның қазақы болмысынан, текті тумысынан болса керек.

Жапа батырдың «Екейде елу ақын, сексен бақсы, Айқында алпыс ақын, тоқсан бақсы» барлығын ескерте отырып, ұлының елу бірінші «дуаналығына» тыйым салғанмен де, сөз өнерінің киесі қонған жас Жамбылдың:

Батанды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке,
Жапаның ұлы ақын боп,
Атағы шықты, дер, әке...

немесе ел билеген Сарыбай биге:

Сареке, салдым бір сөз сынаңызға,
Сіздің сын таразы ғой сырымызға,
Қолыма домбыра алып талап қылдым,
Бересің қандай бата ұлыңызға?

– деп райынан қайтпағандығы белгілі. Ал жиырма жасында Сүйінбайдан бата алып, қасында жүріп, көп нәрсені көкірекке тоқыған Жамбыл ата қалған өмірінде жыр желмаясына мініп, домбырасын серік етіп, халқына қалтқысыз қызмет етті. Өзінің өмірлік пір тұтқан ұстазына деген терең құрметті

Жамбылдың Қалабай ақынмен айтысынан да көруге болады. С.Бегалин 1944 жылы тамыздың 12 күні Жамбылдың өз үйінде отырғанда сөзден сөз шығып, сонда Жамбылдың өзі: «Бесмойнақ түбінде, Қалабай ақынға Дулат ие болып, маған Шапырашты ие болып, айтыстырмақ болды. Мен айтысайын деп ыңғайланып барғанымда:

«Сүйінбай сенің де ағаң, менің де ағам,
Ол қисайса жыртылар сенің жағаң,
Сүйінбай жүген ұстап, жаяу ... барғанымда,
Алпыс жылқы айдатқан менің ағам»,

– дегенде, мен Қалабаймен айтыспаймын, жолын беріңдер. Сүйекемді аузына ала, алдына сала сөйледі. Және жұтап қалғанда Сүйінбайдың албанға барғаны рас еді...» – деп өзі айтты. «Қалабай ондай ірі ақын емес еді. Бірақ Сүйекемді аузына алған соң мен қоя қойдым», – деп тағы қайталады» [2, 32] – деп көрсеткен. Сүйінбайдың Қатағанмен айтысын, «Сұраншы-Саурық» жырын, турасынан айтсақ бүкіл шығармашылығын құлағына құйып алған шәкірт соңғы демі шыққанша ұлағатты ұстазын бір сәтке аузынан тастаған емес. Осы сынды құйма құлақ ақынның Құлманбеттен «Көрұғлы сұлтан жырын», 1904 жылы Күсеп ақыннан «Өтеген батыр жырын», Шөжеден Шөженің Кемпірбаймен айтысын т.б. ұрпағына аманат етіп жеткізгені белгілі.

Жамбыл арқылы Сүйінбай ақын кезеңіндегі көптеген ақын-жыраулар, билер мен батырлар туралы мәліметтер жетті. Сүйінбайдың «екі ұртына екі қамысты тығып, қобыз тартып, осы үшеуіне үн қосып айтатын жалайыр Жантайдай өнерлі ақын көргенім жоқ», немесе сол кезеңдегі қол бастаған батырлар, (мысалы Сұраншы батыр туралы «Түркістан уалаяты» деген жинақтың 1864 жылға арналған 17-томының 76-бетінде көптеген мәліметтер келтірілген [2, 24]), сөз бастаған билер жайлы айтқандары құнды мұра болып табылады. Бұл сөзімізге С. Бегалиннің аталмыш ғұмырнамалық өмірбаянында дәлелдер жетіп артылады. Мысалы, жазушы 1944 жылдың жаз, күзінде ел аралап, көп әңгімелер жинағандығын айта келеді де, «...Сол жылы август айының 12 күні жайлаудағы елден келіп, өз аулында болып, Үмбетәлі бар үйіне келіп отырдық, соншалық әлсіреп отырғанмен даңғайыр ақын сүйекке біткен жүйріктігінен жаңылар емес. Еміс-еміс еститін сол құлағы жағынан келіп отырмыз. «Мен Үмбетәлімін» дегенде қасына барып, Үмбетәліге «Домбыраның үні естілмейді, неге өлең айтпай отырсың»:

Құлақ керең, көз соқыр, көкірек ашық,
Бойдан қайрат, ойдан сөз отыр қашып.
Дүрілдетіп өлеңді айтсаңшы, Үмбет,
Қадамыңды артылта ұзап басып.
Жүйрікте де жүйрік бар сүрінбеген.
Ақын үні жиында дүрілдеген.

Қан майданда белдесіп талай ерлер
Балуанда да балуан бар бүгілмеген,
– деп басын көтеріп алды.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Сүйекем өлерінде көп ауырды. Өлерінен бір күн бұрын Қисыбай мен Тәйтелі екеуі барып көңілін сұрапты. Сонда: «Кеше бетімді ноқталап, жағымды қарыстырып, тілімді күрмеп еді. Бүгін қайта босатты. Сендермен қоштассын дегені шығар» – деп көңілденіп, біраз әңгіме айтып отырған екен. Қисыбайлар қайтысымен қайта төмендеп, ертеңіне қайтыс болды. Сол сияқты естімейтін кәрі құлағыма ақын үні саңқылдағандай болады. Жәкең жеңілді. ...Өлеңді бой жасап отырып, Екі көзді ашып отырып, Екі аяқты басып отырып айтпаса, өңі қашып кетеді ғой. Сендердің жырдың жырын жырлайтын күндерің келе жатыр», [2, 94] – деп толғанған жыраудың толқынды-толқымалы, иірімді, ағынды-тасқынды өмірінің әрбір сәті халық тарихының жарқын бейнесі. Өткен жүз жылдың қай кезеңі, қай күні, қай қыры болмасын ұмытпастан, күпі-шекпені түгенделген жырымен төгіп өткен ақынның ғибратқа толы ғасырлық ғұмыры – ұлттық құндылығымыз, ұлы дала ұрпағына қалған ұлы мұра.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жамбыл – менің жай атым (Жамбыл туралы естеліктер). Құрастырған Нысанбек Төреқұлов. – Алматы : Санат, 1996. – 224 б.
- 2 **Бегалин, С.** Жамбыл. Ғұмырнамалық роман. – Алматы : Жалын, 1996. – 184 б.
- 3 Жамбыл Жабаев творчествосы. /Монография/ М. О. Әуезов ат.әдебиет және өнер институты. / М. Дүйсенов, К. Сейдаханов, А. Бұлдыбаев, С. Негимов, Ш. Сәтбаева / – Алматы : Ғылым, 1989.
- 4 **Амандықов, Я.** Жамбыл өнер әлемінде. – Алматы : Қайнар, 1998. – 176 б.
- 5 **Төреқұлов, Н.** Жамбыл мен Кенен. – Алматы : Жалын, 1978. – 128 б.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Л. М. Адилбекова, С. Елишева
Великая школа

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

Great school

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 29.11.16.

В статье рассматриваются особенности мастерства импровизации в творчестве Джамбула Джабаева, его лепта в популяризации произведений и айтысов своего наставника, поэта Суюнбая Аронулы.

The article discusses the features of improvisation skills in creativity of Jambul Jabayev, his contribution to the promotion of works and aitys of his mentor, the poet Suyunbay Aronuly.

ӘОЖ 882. 151. 212.2

К. С. Әбдіқалық¹, Л. М. Әділбекова², Б. К. Керімқұлова³

¹ф.ғ.к., профессор,²ф.ғ.к., профессор м.а., Қазақ әдебиеті кафедрасы;
³магистрант, Тіл теориясы мен оқу әдістемесі кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
e-mail: ¹Kun_jan.16@mail.ru; ²lyazzat_mahaikz@bk.ru

ХАЛЫҚ АҚЫНЫ

Мақалада қазақ халқының импровизатор ақыны, жазықшысы Гасырдың Гомері Жамбыл Жабаевтың сан қырлы шығармашылық қыры туралы айтылады. Автор «бір өзі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны» Жамбыл туралы көрнекті ғалымдар пікірлеріне кеңінен тоқталады.

Кілтті сөздер: Жамбыл, эпик ақын, азаматтық әуен.

КІРІСПЕ

Жас Жамбыл жас та болса бас болып, жеке басының бақытын бір емес, бірнеше рет ел бірлігі, татулығы мен тыныштығы жолында құрбан еткен. Жамбылды «Аппак сүттей адамның аққуы» Аманжол қараның қызын алып қашқанда да, Бұрым сұлуды қайтарып беруге мәжбүрлеген де ел ағасы Сарыбайдың «Екей жаңа ел болып, басы бірігіп келе жатыр еді, қайта бүлініп, ыдырайды ғой» – деген бір ауыз сөзі болғандығы белгілі.

Жамбылдың ел ағасы болып, бірауыз сөзбен бітімге келтірген дауларының бірі 1906 жылы болған Әлфия қыздың дауы дер едік. Екі жақ ұзақ дауласып, бітімге келе алмай, Алматыға арызданып, бір жағынан 500, екінші жағынан 400 өкіл келіп, уез алдына 900 адам жиналады. Төре билікті кім айтады дегенде, Жамбылдың көрегендікпен айтқан бір ауыз жыры көптің көңілінен шығып, екі жақ бітімге келіп тарқасады да, ақын аты алғысқа, халық құрметіне бөленеді.

Заманы бір, жастары кіші көп ақынға Жамбыл аға да, жаға да бола білген. Олар: үйсін Манақ ақын, Шағатай Шарғын ақын, шапырашты Төлеміс руынан Избасар ақын, сары үйсін Байбурыл ақын, Төлеміс, Жолымбек ақын, дулат ішінде қоралас руынан шыққан Қожантай ақын, ысты руынан шыққан Бегалы, Бектұрсын деген екі ағайынды ақын, көкірек дулат Қарақбай ақын, жаныс руынан Сәдібек ақын, сәмбет руынан Бармақ, Қуандық ақындар мен Құрма ақын. Шапыраштының өз ішінен Арғынбай, Қарабек, байсалмақ қосай руынан Сүлеймен ақын.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ дегендей, Кеңес Өкіметінің алғашқы жылдары жетпістің үстіндегі ақсақал Жамбыл қай биліктің алдында да халықтың жоғын жоқтап, мұңын айта білген ақын болған. Мысалы, Совет үкіметі жаңа орнап, ақшаның бағасы жоқ, базарда киім-кешек жоқ уақытта Жамбылдың көп ақынның «теңдік болды, кеңдік болды» деп жырлағанына қарсы өкімет өкіліне тіке қарап:

Тобыңа келсем сыйым жоқ,
Тентегіңе тыйым жоқ,
Киелік десе киім жоқ,
Базарға барса тыйым жоқ,
Сөзді тындар ұлық жоқ,
Жігітінде қылық жоқ,

– деп бастаған көп өлеңді төгіп салады. Көп кемдікті туралап айтқан қарт ақынға өкімет өкілі де риза болып, соңынан «Көрұғлы сұлтанды» айтқызып, сый-құрметпен шығарып салып, «Міне, шын ақын өлеңді осылай айтуы керек» [1, 72] – деп, қалған ақындарды жаппай сөккен еді деп еске алады Кенен Әзірбаев.

Кеңес Өкіметі келгенге дейін де Жамбылдың Жетісудың бас ақындарының бірі болғандығына дәлел көп. 1913 жылы Романовтар әулетінің патшалық құрғанына 300 жыл толуына арналған Алматы қаласының маңында үлкен той ұйымдастырылып, Жамбыл бастаған 15 ақын арнайы шақырылған.

1925 жылы Қазақстан автономиясының 5 жылдығына, Жетісу, Сырдария елдерінің Түркістан өлкесінен бөлініп, Қазақстанға қосылғанына бір жыл

толғанына арнап, Алматыда үлкен той болып, Жамбылды шақырып, көп жыр айтқызып, тыңдаған.

1934 жылы республикалық акын, әншілердің жиынына да Алматыға арнайы шақырылып, Жамбыл көп өлең айтқан. Осы сапары туралы жолда астына мінген қара есегі батпаққа батып, батпаққа батқан есекті балалар кесекпен атып ойынға айналдырғанда, одан құтқарған Жұмағұл деген азаматқа:

Жығылды Жамбыл келіп есекпенен,
 Үкімет нанын бермек есеппенен,
 Жығылып қара есекпен жатқанымда,
 Ұрады жүгірмектер кесекпенен,

– деп жас жігітке ризашылықпен батасын берген өлеңі халық арасына кеңінен тарап кеткен [1,83].

Жалғанды жалпағынан басып өтіп,
 Жасарып, қайта туып, алдым бекіп,
 Қаусаған отыз тісім қайта шықты,
 Болғанда қызыл иек әлім кетіп,

– деп жырлаған Жамбылдың 1935 жылғы күз, көктем, жаз ел аралап айтқан жырлары, өкінішке орай, сақталмаған.

Жамбылдың 1936 жылғы Мәскеуде өткен Қазақстан өнер қайраткерлерінің онкүндігі аясында жырлаған «Туған елім» жыры үлкен резонанс тудырып, бірнеше тілге аударылып, қазақ поэзиясын аспанға көтерді. Екі ғасырды бел ортадан жалғаған, көмейінен күй төгілген, тоқсанның төбесінен қараған қарияның әрбір сөзі тыңдарманға жұбаныш, көрерменге қуаныш беретін шапағатты жанға айналған. Ақынның «ұстазым» дей отырып, көсемге теңеу таппай қиналғаны да шынайылығымен тартатыны сөзсіз.

Асқар тау биік дер едім,
 Көрініп тұр төбесі.
 Ақылы дария дер едім,
 Бірақ кейде дарияның,
 Қайырайды кемесі.
 Шайқалған жүйрік дер едім,
 Ат та шаршап болдырар,
 Кездесіп жердің белесі.
 Домбыраны алғанда,
 Сталинге тең таппай,
 Қиналған Жамбыл жері осы.

Тарихи мәні үлкен, әсіресе, қазақ өнер майталмандарының Мәскеу жұртшылығын таң қалдырған, тамсандырған, жоғары бағасын алған 1936 жылғы Мәскеу сапарына қысқаша тоқтала келе, Жамбыл жырларының

ісерін айта келіп: «Жәкеңнің атымен қатар, қазақ халқының халық поэзиясы тозаң тотынан аршылып, жарқ етіп, кең майданға шыққандай болды» [1, 84] – деген С. Бегалин тұжырымына сөз қосу артығырақ.

1937 жылы Жамбылдың Грузияға Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 750 жылдығына барғандығы белгілі. Жанында хатшысы Тайыр Жароков, аудармашы Павел Кузнецов, шәкірті Кенен мен баласы Сәтіш бар делегация Москва арқылы Грузияға жетуі керек. Мәскеуге жеткенде Мирзоян звондап (сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретарі), «Ұзақ жолды қарт адам көтере алмас, қайтарындар» дейді. Мұны естіген қиқар қария қатты ашуланып: «Мырзажанға айтқын. Мен бір шыққан соң жарты жолдан қайтатын қатын емеспін. Қайтпаймын» – деген соң, «барсын олай болса» деп көнуге мәжбүр болған.

Ал «Жамбыл ақын келеді» деп құлақтанған жұрт жол бойындағы әрбір станцияда ақынға құрмет көрсетіп, күтіп отырады. Орынбор, Куйбышев, Саратов, Москва қалаларының поезд станцияларындағы қалың жұрттың Жамбылға деген махаббатын, К. Алтайский мен П. Кузнецов арқылы шығармалары бүткіл Одақ жұртына кеңінен танымал болған ақынға деген шексіз сүйіспеншілікті көріп, таңданумен келе жаттық деп еске алады сол поезбен бірнеше күн бойы ақынның жанында болғандардың бірі, белгілі ғалым Мұқаметжан Қаратаев. «Тбилисиде үлкен жиналыста домбырамен бірдеңе дейсіз ғой» деген Қаратаевқа «Жок. Оқыған өздерің сөйлей беріңдер» – дейді үзілді-кесілді қисық шал.

Әлбетте, Жамбылдың импровизаторлық қасиетін мойындай отыра, кей оқырманның көкейдегі күпті сұрағына жауап беретіндігін ескере отырып, ендігі сөз кезегін ғалымның «Кавказға сапар» естелігіне беруді жөн көрдік:

«Жамбыл пленумның президиумына шыға келгенде, күллі зал тік тұрып құрмет көрсетті. Грузиннің ақын қызы:

– Бүкіл Одақтың бұлбұлы – ұлы Жамбыл ақын жасасын! – деп дауыстап жіберді.

Пленум мәжілісін басқарып отырған Всеволод Вишневский Жамбылға сөз берді. Домбырасын қабынан шығарып, қолына ұстата қойдым. Қыңыр шал қырсығып сөйлемей қойса, не бетімізді айтамыз деп жанымыз тырнақ ұшында. Байқасам, алдыңғы қатарда блокноты мен қарындашын әзірлеп отырған Тайырдың қолы дір-дір етеді.

Ақын домбырасын қолға алған кезде зал іші тына қалды... Әуелі тамағын кенеп, қанатын қомданған қырандай аз-кем құнжындап, екі иығын бүлкілдетіп, домбырасын қағып-қағып жіберді. Сонан соң сөзсіз үнін созып бір қайырды да, нөсер жаңбыр секілді сөз бұршағын төге жөнелді. Қарасам, Жәкеңнің бүйрек бетіне күреңітіп қан жүгіріп, маңдайынан шып-шып тер шығып тұр екен. Ақынның саусағымен бірге жауырыны да ойнақшып,

жыр тасқынын барған сайын үдете түсті. Қарт дүлдүлдің талай шабысын көріп едім, бірақ бұл секілді шабытпен, бұл секілді құшырлана да құлшына сілтегенін көруім бірінші рет. Түйдек-түйдек түскен теңеу мен образдар, үсті-үстіне төпеген арынды өлең шумақтары басқа түгіл біздің өзімізді таң қалдырды. Бір заматта алда отырған Кенен мен Тайырға көзім түсіп кетіп еді – екеуінің де көзінен жас ағып отыр екен. Жолда айтылған әңгімелер бекер кетпепті. Көбін іліп, көбін ұғып қалыпты сақ құлақ жыршы. Көз алдымызда Асан Қайғыдан бастап, грузиннің Шота Руставелиі, украинның Тарас Шевченкосы, орыстың Пушкині – бәрі бір қатарда тізбектеліп, керемет жыр желісін тартып, ұрпақтардың мираскерлігін, халықтардың өшпес даналығын, өзара достығын, адамзаттың мәңгі өлмес өмірін ақындық образдармен дәлелдеген тамаша туынды пайда болды...

Қазақтың Асан Қайғы, Қорқытының тағдыры мен грузин, орыс, украин ақындарының тағдырынан Жамбыл тарихи ұқсастық таба сөйлеуі қазақ ақынын барлық халыққа жақындата түсті. Жамбылды бүкіл ұлт жазушылары мен оқушыларының шын жүрегімен қарсы алып, құрмет көрсетуінің негізгі бір себебі осы болу керек.

Жыр аяқталған кезде, тыңдаған жұрт бірнеше минут тырп етпей тынып қалды. Қазақша түсінетіндер жаңа туған жалынды жырдың көркемдігімен бірге мазмұнына да мәз-мейрам болса, қазақша түсінбейтін сөз шеберлері жыр текстінің әсем музыкасын, лек-легімен ағытылған толқынды өлең шумақтарының ырғағын, халық поэзиясының асқақ патетикасын сезіп сүйсінді. Қалың қауым бұл жолы халық ақынының орысшаға аударылған дайын жырды оқып қана тәнті болған жоқ. Алдымен сол жырдың қазақ тілінде туу процесін көріп таң-тамаша әсерге бөленді» [2, 120-121]. Бұл құбылысты Ғабит Мүсіреповтың «Таңқаларлық бір нәрсе – өзімен тұтас ақындардың бәрінде азырақ торығу болса, Жәкеңде ол жоқ. Түн артында күн барына шектенген емес. Қылыш астында, қыл арқан мойында тұрғанда айта алмаған, іркіп қалған сөздері болса қорлана берген, шыңдала берген. Ұлы революция ақынның барлық тұсауын талқандап, тас бұғаудан біржола босатқанда, ағыл-тегіл жыр да жосылып жүре берді. Ғылым аша алмай келген феномен сырының кілті осында. Феномен сыры ашылады екен» [2, 38] – деп қорытуымен түйіндеуге болатын шығар.

1938 жылы мамыр айының жиырмасында бүкіл одақ болып Жамбылдың ақындығына 75 жыл толғанын тойлады. Қазақстанның түкпір-түкпірінен Шашубай, Доскей, Нұрпейіс, шораяқ Орымбай, Иса, Нұрлыбек, Нартай келіп, шәкірттерімен бірге қазақ халық поэзиясының кәусар бұлағына бүкіл Кеңестер Одағынан жиналған халықты сусындатып, қарт ақын кеудесіне Советтер Одағының ең үлкен наградасы Ленин орденін тақты.

Осы жылы Қазақстан Жоғарғы Советіне делегат болып сайланған Жамбылдың 14 шілде күні Жоғарғы Советтің бірінші сессиясын ұзақ жырмен шашу шаша ашқаны да бір ғанибет оқиға болған:

...Ел сайлады шын сәнді,
Елдің тұзын ақталық.
Жамбыл деп маған ат берді,
Сөнуге қалған қартты алып.
Сессияны ашуға,
Право берді көп халық.
...Елім, ерім, Отаным!
Ашылды деймін бұл тобың.
Берік бірлік, достыққа
Жамбыл берді батасын!
Ел достығы жасасын! [3, 448-449]

– деген бата сөздердің халықтың мұңын жоқтап, қуанышын жырлаған, ғасыр жасаған қарияның көмейінен төгілуі күні бүгін де әсерлі, күні бүгін де тағлымды, күні бүгін де құрметке, қошеметке лайық.

ҚОРЫТЫНДЫ

1938 жылдың желтоқсан айында Жамбыл Мәскеуді аралауға келеді. Қазан вокзалында жиналған жұрт «Қазақ халқының қарт бұлбұлы Жамбыл жасасын!», «Совет ақындарының ақсақалы жасасын!» сынды ұрандармен халық махаббатынан қуат алған қарияны қуана қарсы алады. (С. Қ.газетінен. 1938 жыл, 14 декабрь).

Жердегі «құдай» халық десек, халқының телегей теңіз махаббатынан, құрметінен қуат алып, феникс құстай қайта шабыттанып, жыр толқынына тыңдаушысын тоғытқан жыр алыбы Жамбыл атамыз 1939-1940 жылдарды ел аралып, қия өрлеп, жайлау асып, ақындармен жыр жырлап өткізген. Ақынның қасында бұл кезеңде Тайыр Жароков, Ғали Орманов пен Өмірзақ, Үмбетәлі, Өтеп сынды халық ақындары болған.

Ал 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан Соғысы жылдары ел басына төнген ауырлықта халқымен бірге болып, қоршауда қалған ленинградтық өрендеріне, қан майдандағы жауынгерлерге жолдаған арнау өлеңдерінің мәнін, маңызын, қатерлі минутта әкелік, аталық қолын созған Кеңестер Одағы ақсақалының, халық поэзиясы көсемінің, Одақтар бұлбұлының көмейінен төгіле шыққан қарапайым халықтық сөздердің миллиондаған жүректердің өлімді жеңіп, өмір сүруге итермелеген қуат-күшін сөзбен жеткізу мүмкін бе?

Ел бірлігін ойлаған ерен ақын ғасырлық ғұмырының әрбір күн, әр сағатын халқына арнады, халқымен бірге болды, халық құрметінен арқалы

ақын адуынды күш алып, ауыздықсыз жырын айтты. Жүз жасаған Жамбыл екі ғасырдың бел ортасынан алтын көпір жасап, әлемдік деңгейде қазақ халық поэзиясын, қазақ қалқын, қазақ өнерін аспандатып, «сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» дегендейін, халқына қалтқысыз, ұлтына өлшеусіз тер төккен адамзаттың ұлы бола білді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Бегалин, С. Жамбыл. Ғұмырнамалық роман. – Алматы : Жалын, 1996, – 184 б.

2 Жамбыл – менің жай атым (Жамбыл туралы естеліктер). Құрастырған Нысанбек Төреқұлов. – Алматы : Санат, 1996. – 224 б.

3 Жамбыл Жабаев. Шығармалар. – Алматы : Қазмемкөрәдебас., 1957. – 740 б.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

К. С. Абдикалык, Л. М. Адилбекова, В. К. Керимкулова

Народный поэт

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

K. S. Abdikalyk, L. M. Adilbekova, V. K. Kerimkulova

People's poet

Kazakh State Women's Teacher Training University. Almaty.
Material received on 29.11.16.

В статье рассматриваются новые грани поэзии великого поэта-импровизатора казахского народа, Гомера двадцатого столетия Джамбула Джабаева.

The article deals with the new facets of poetry of the great poet-improviser of the Kazakh people, Homer of the twentieth century Jambul Dzhabayev.

ЭОЖ 811.512.122

А. Х. Бекбосынова¹, Қ. М. Қарабасова²

¹ф.ғ.к., доцент; ²3-курс студент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

e-mail: ¹assia-bek@mail.ru

С. ДОСАНОВТЫҢ «АРУАНА» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚЫ УАҚЫТ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІНІҢ МӘНІ

Мақалада жазушы С. Досановтың «Аруана» шығармасындағы қазақы уақыт өлшем бірліктерінің мәніне талдау жасалынды.

Кілтті сөздер: ұлттық сана, халықтық таным, салт-дәстүр, өлшем-бірліктері, халықтық атаулар.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған асыл қазынасы оның көркем әдебиетінде көрініс табады. Әдебиет әлеміндегі тұтастықты, қоршаған ортадағы үйлесім мен жарастықты, адамзат баласына тән ізгі қасиеттерді оқушы бойына ұялатуда ерекше орын алады

«Әрбір қауым, тайпа мүшелері өздерінің айналасын, ортасын, әртүрлі заттарды танып-білу үшін «сандық», «кеңістік», «салмақ», «көлем», «уақыт» тәрізді өзге де сапалық қасиеттерді анықтау үшін түрлі әдіс-тәсілдер пайдалана білген. Әр халықтың күнделікті өмір сүру, тұрмыс қажеттілігінен туындаған қарапайым өлшемдері болды. Халық өлшемдерін ата-бабаларымыз бірнеше ғасырлар бойы қолданып және сол арқылы өлшем бірліктерін жасаған. Өлшем бірліктері қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі мал шаруашылығымен, көшіп қонумен, түрлі нысандарды салыстырып теңеуінің нәтижесінде өмір қажеттілігінен туындаған деуге болады» [1, 12].

Өткен өмірімізді, салт-дәстүрімізді бүгінгі ұрпаққа насихаттайтын өлшем атауларында төрт түлік малдың кездесуі тегіннен-тегін емес. Мәселен, *түйе көш жер, ат шаптырым жер, қозы көш жер* деп аталатын ара қашықтықты білдіретін өлшем атауларынан ата-бабамыздың төрт түлік малды қастерлеп, жауға шапқанда – көлік, жесе – тамақ, кесе – киім ретінде қолданып, өз пайдасына жаратқанын түсінеміз. Өмірін төрт-түліксіз елестете алмайтын қазақ халқы үшін бұл қалыпты жағдай.

Ж. Кейкін «Қазақы атаулар мен байламдар» атты еңбегінде: «Өлшем – өндірілетін өнімдердің, күнделікті тіршілік-тұрмысқа қажетті заттардың сандық және сапалық көрсеткіші, оның ұзындық, қалыңдық, көлемдік, сондай-ақ жол сапарға байланысты оның қашықтық мөлшері бар. Бұл

замандағыдай дәлдік өлшем аспап-жабдықтары жоқ ертеде мөлшер негіздеріне қоршаған орта көріністері, төңіректегі табиғи заттардың, бүтін бітімі немесе бөлігі, еңбек құралдарының үлгісі, мал өрісі көші-қон шегі, өзге де материалдар сандық және салыстырмалы түрде, сондай-ақ адамның дене тұрқы да алынған» – деп, өлшем-бірліктердің туындауына күнделікті өмірде тұтынатын заттар әсер еткенін атап өтеді [2, 63].

Жазушы, этнограф С. Кенжеахметов уақыт мезгілдерін анықтауға және оның жиіліктерін жіктеп, айыруда халық теңеулері әрі қызық, әрі бай дей отырып, мынадай түрлерін атап өтеді: *елең-алаң, құланиек, таң сәрі, құлқын сәрі, таң бозара, алакеуім, таң біліне, таң ата, ымырт*.

Қазақ тіліндегі тәулік кезеңдері атауларын зерттеген Л. О. Асқар тәуліктің *таң, түс, кеш, түн* мезгілдерін концепт түрінде қарастырған.

Қазақтардың көне заманнан бастау алатын халықтық өлшем жүйесіне ұзындық, қашықтық, аумақ, көлем, салмақ, уақыт, мезгіл өлшемі түрлері кіреді. Бұлардың өлшем бірліктері мен өлшеу ережесі адам әрекетіне, дене өлшемі мен дене қимылына және қолданған бұйымдар мен заттарға балану арқылы қалыптасқан. Қазақ халқының мәдени-шаруашылық ерекшеліктерінен, күнделікті тұрмыс-тіршілігінен қалыптасқан өлшем бірліктерді жергілікті жазушы С. Досанов шығармаларынан жиі аңғаруға болады. Біз оны Л. О. Асқар жіктелмесіне сүйене отырып бірнеше топқа жіктеп қарастырдық.

1. Табиғат құбылыстарына негізделген атаулар:

1. Жастар қызық серуеннің қыз құшағында қызыл іңірге дейін жүріп қапты [3, 262].

Бұл уақыт – ымырт үйіріліп, кеш қарая бастаған сәт, яғни даланың қызғылт түске ене бастайтын шағы. Бұл уақытты халық *екі кештің арасы* деп атаған.

2. Сол жортыстан бір танбай **үркер тарар кезде** туған жерге апарар соқыр соқпаққа кеп түсті [3, 294].

Қазақ халқының танымында уақыт мезгілін анықтауда шоқжұлдыздардың да алар орны ерекше. Бір ғана Үркер жұлдызына қатысты бірнеше уақыт бірліктерін атап өтуге болады. Мысалы, *Үркер туарда, Үркер төбеге көтерілгенде, Үркер туар сәт* т.с.с.

Үркердің тас төбеге барып тоқтаған кезі күннің ең қысқарып, түннің ең ұзарған кезі. Халықтың даналығын, есепшінің (халық астрономының) ұшқыр я тапқыр қиялын тереңнен танытатын теңдесі жоқ астрономиялық ертегінің түп қазығы – Үркер. Халық Үркер шоқжұлдызы арқылы:

– халық астрономдары ешбір баламасы жоқ тоғыс есебі деп аталатын шаруашылық календарының жүйесін жасаған;

– Үркердің тууына, батуына, көрінуіне, көтерілуіне қарап, шаруа адамы маусымдық шаруашылық ұйымдастырған [3, 475].

3. Бірден желіп кетпей денесінің құрыс-тырысын жазғанша аяңнан аспаған аруана күн тас төбеге тырмысып **шаңқай түс** болған шақта төрт аяғы талса да, туған жер төсіне табаны тимей тоқтамасқа бекініп, жүйткі жөнелді [3, 295].

Шаңқай түс. Тал түс, нақ түс мезгілі, аппақ түс [4, 902].

Шаңқай түс уақыты – қазақы өлшем бірліктердің бірі. Күннің дәл төбеге шығып, шақырайып тұрған уақытын айтады. Шамамен, сағат екі мен үштің арасы.

4. Қазына қаза табысымен **ымырт үйіріліп**, бүкіл табиғат қараңғылық құшағына енді [3, 313].

Ымырт үйірілді – күннің енді бата бастағанын, қараңғылықтың түсу мерзімін білдіреді.

5. Олар сол тауға түнеп шықты. **Таң құланиекте** қарулы қалың қол Қазына мен Қылышбайдың сүйегін алып жолға шықты [3, 313].

Бұл тіркестің сөйлемдегі мағынасына зер салар болсақ, таңның енді ғана ата бастаған шағы. Бұл мезгіл жергілікті тіл ерекшеліктеріне сәйкес кей аймақтарда таң құланиектенді деп қолданылады екен.

2. Діни әдет-ғұрыптарға негізделген атаулар:

Ислам діні кіргеннен кейін діни тұрғыға байланысты айтылатын, уақытты білдіретін өлшемдер қалыптасты. Ол өлшемдер күні бүгінге дейін діни ұстанымдарда, яғни намаз оқу, ораза ұстау т.б. қатысты қолданылады. Осыған байланысты тілімізде діни әдет-ғұрыптарға сай бірнеше уақыт өлшемдері қалыптасқан. Бұның көбісі бес уақыт намазға сәйкес туындаған. Соның бірі – сөйлемде қолданылған *екінді кезі*.

1. Далаға шықты. **Екінді** кезі болса керек, күн еңкейіп қапты [3, 286].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде **екінді кезіне**: «Бесін мен ақшам арасындағы мезгіл» [4, 220] – деген уақыт арасын жатқызады. Ал, «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдармен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда: Екінді кез – екі кештің арасы, халықтық уақыт мезгілі. Күн еңкейіп, батыс көкжиекке ілініп, қараңғы түсер алдындағы қызыл іңір, апақ-сапақ мезгіл. Ел аузында бұл уақыт екі кештің арасы деп те аталады. Қазақы ортада осы уақыт аралығына байланысты көптеген тыйымдар бар. Дәстүрлі ұғым бойынша, ымырт үйірілген мезгілде періштелер көктен жерге түсіп, өлілер санын есептей бастайды екен. Егер адам осы уақытта ұйықтап қалса, өлілер қатарына саналады немесе жаман түс көріп, дуалануы қиын шалық ауруына шалдығуы мүмкін деп те айтылады. Осындай бейуақытта ұйықтауға қатаң тыйым салынатыны сондықтан [5, 31].

Бұл уақытты беймезгіл, бейуақыт деп те қолданылады. Берілген сөздіктердегі уақыт мезгілі мен сөйлемдегі мағынасы тұспа-тұс қолданылған.

2. **Намаздыгер** кезінде бүкіл ел тайлы-тұяғы қалмай ауылдан бота шаптырым беткейдегі биік белге жиналды [3, 312].

Намаздыгер уақыты – бесін уақытының шыққан сәтінен бастап, күннің батуына дейінгі мезгіл. Діни қолданыстағы мезгіл уақыты. Діни еңбектерде асыр уақыты немесе асыр намазы деп айтылады.

3. *Адамның қимыл-әрекетіне негізделген атаулар:*

Халық өлшемі ғасырлар бойы қалыптасқан қажеттіліктен пайда болған тілдің көмегімен, бейнелі тәсілмен дүниеге келген, шыншыл өмір құбылысы іс-әрекетпен тікелей жалғасты, олардың күнделікті істерінде, қатынастарында болды, оларды атау сөздермен бекітті.

1. Сол сәт қараңғы түнгі қара аспанды **қас қағым сәтке** ғана жарық еткізген найзағай отындай бір түйсік жалт ете қалды [3, 258].

«**Қас қағым**» сәт. Шығу тегіне мән берер болсақ, қазақ халқы әр нәрсені өзіндік бір мәнімен атаған. Қас деп адамның бет келбетінің көз үстінде орналасқан түкті айтамыз. Ал осы қасты қағу деген сөз әрине өте тез жылдамдықты білдіреді. Ғылыми тілмен айтқанда 1 секундтық көлемдегі уақыт. Бұл тіркесті көзді ашып-жұмғанша фразеологизмімен де алмастырып қолдануға болады. Данагөй халқымыз әр уақытты да ретімен, жөнімен атап, уақыт өлшемдерімен байланыстырып отырған. Мысалы, қарапайым тамақ пісірім сәттің де тілімізде бірнеше түрлері кездеседі. Нысанға алынған шығармадан да бірнеше мысалдар кездесті.

2. Табиғатында төзімді адамның шыдамы да мұндайда **сүт пісірім сәтке** өрең жетеді [3, 274].

Күнделікті тұрмыста жүріп сүтті ошақ басында 30 не 50 минуттай уақытқа таяу барып қайнайтыны анық. Ал, қазақ халқы далада жүріп сүт пісіріп соған кеткен уақытты уақыт өлшеміне айналдырған. Атап айтқандай 30-50 минуттық көлемдегі уақыт мөлшерін білдіреді.

3. Тұрлыбек дәрі ішкелі де **ет пісірім уақыт** өтті [3,274]. **Ет пісірім.** Шамамен бір тамақ пісетін уақыт [6,96]. Жәрдем Кейкін өзінің «Қазақы атаулар мен байламдар» атты еңбегінде ет пісірім уақытты 3-3,5 сағат арасы деп көрсетеді [2, 123].

«**Ет асым**» уақыт. Қазақ көштен қалса да, еттен қалмаған. Ұлттық тағамды дайындаудың өзі кем дегенде 2-3 сағат уақытты алады. Яғни, бұл уақыт әйел адамдардың ет пісіруге кететін уақыт мөлшері болып табылады. Сондықтан қазақта ет пісірім уақыт кезі, көбінесе, қонақтармен сыр шертісу кезі болып саналады.

4. Сусын жұтып, **шай қайнатым уақыт** төңірегіндегілермен тіл қатысты [3, 276].

Шай қайнатым. Бір шай қайнар мезгіл. Бұл уақыт шамамен 15 минут пен 30 минуттың арасын қамтиды.

«**Шай қайнатым**» уақыт. Қазақ «басымның сақинасы» деп отыратын халық. Оның емі де сол – шай. Ал, қазақтың шайы самаурынан түспеген.

Сол самаурынға түскен шайдың қайнау уақыты 40-60 минут аралығын көрсеткен. Бұны да қазекен өзінше есептеп, өлшем бірлікке айналдырған.

4. *Шаруашылыққа, төрт түлік малдың тіршілік әрекетіне негізделген атаулар:*

1. Тауман қос жандайшаптың есік ашып, жол бастауымен сыртқа шықты. Мезгіл **ұлы сәске** [3, 267].

Ұлы сәске. Күн арқан бойы көтерілген кез [4, 720].

2. **Бие сауымдай сәтке** көз іліндерді [3, 276].

Бұл уақытты фразеологиялық сөздікте: «Биенің екі сауымының арасы, бір сағат шамасындағы мезгіл» – деп көрсеткен [6, 68].

«**Бие сауым** – уақытты білдіретін халықтық өлшем. Желілеп сауатын биелерді саууға жұмсалатын уақыт. Әлбетте бір биебауда орта есеппен 8-15 құлын байланады. Бие сауым – осыншама биені саууға кететін уақыт мөлшері. Құлындаған биені құлыны қарақұлық болған кезден, яғни мамырмаусым айларынан бастап, екі-үш ай бойы байлап, күніне шамамен 4-6 ретке дейін сауады. Бие көп болса желілеп сауады. Биенің әр сауымының арасындағы бір жарым, екі сағаттай уақыт халықтық уақыттық өлшемге негіз етіп алынып, бие сауым деп аталған» [5, 511].

Р. Т. Сабырханова «М-Ж. Көпеев шығармаларындағы метрологиялық лексика (халық өлшемі мен нумеративтер)» атты еңбегінде А. Қ. Тұрышев пікірін келтіріп өткен. «Сауын айту – уақыт өлшемі, сауатын кез болды сөзінен барып шыққан сияқты. Ол уақытта мал көп болған, қосақта тұрған қой, ешкі де сауылған, көрші-қолаң сауынға көмекке шақырылған. Бұны тура мағынасында «сауын айту» деген [7, 95], берілген түсіндірмелердің екеуінде де биенің сауымына байланысты қолданылатын уақыт мезгілі ретінде көрсетілген.

3. Мезгіл мамырдың аяқ шені. **Сиыр сәске.** Кешікпей жылқыға жетсем көк бие құлындай алмай, кісінеп жатыр [3, 294].

Сиыр сәске. Үлкен сәске, күн қызған шақ [6, 255]. Әр сөзге терең мән берген қазақ халқы сиыр сәске деп те тегіннен тегін атамаса керек-ті. Сәске уақыты жалпы түс мезгілін білдірсе, сиыр сәске деп күннің қатты қызған шағын айтады. Бұлай дейтініміз, күн қатты қыза бастағанда өрістегі сиырлар ыстық ауа-райының әсерінен құйрықтарын жоғары көтеріп, шанышқақтап, сая болар жер іздейді. Сиыр шанышқағымен мезгілдес келетін бұл уақыттың сиыр сәске деп аталуы теген емес.

4. Үшеуі сол үрдіс жүріспен **бесіндіні** де болдырды [3, 306].

Бесінді. Түс ауа бастаған шақ. Бұл қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген уақыт аралығы.

Бесінді – түс ауып, күн ұясына отырғанға дейінгі уақыт, мезгіл. Ел ішінде бірнеше түрге ажыратылып айтылады: а) ұлы бесін – күннің қақ маңдайға

келген кезі; ә) кіші бесін – күннің маңайдан ауған кезі; б) құлама бесін – бесіннің аяқ кезі, уақытты осылай межелеудің шаруашылық және ғұрыптық мәні болды. Ұлы бесін төрт түлік малдың тегіс жусайтын кезі. Осы уақытта қой, ешкі, сиыр, түйе және бие сауылады. Кейде осы мерзімде ауырған малды анықтап, емдеу шараларын да қолданады. Құлама бесін кезінде өрістегі малды қораға қарай айдап келуге дайындық жасалады [5, 493].

Сонымен, жазушы тіліндегі қазақы өлшем атаулары танымдық тұрғыдан зерттеліп, бірнеше қазақы өлшем-бірліктер талданды, халықтың рухани мәдениеті, наным-сенімі, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің бейнесі айқындалды. Жалпы алғанда, ұзындық, қашықтық, уақыт, сандық өлшем бірліктеріне талдау жасай отырып, математикалық ойлау жүйесі мықты дамыған қазақ халқының сахарда жүріп-ақ күн мен ай, ай мен жер секілді табиғи құбылыстарға сүйене отырып, шексіз де шетсіз алыс елдердің ара қашықтығын көзбен көріп, түйсікпен-ақ өлшегендігі көрінеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Өтебаева, Э. Ә.** Қазақ тіліндегі -дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы тенеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 28 б.

2 **Кейкін, Ж.** Қазақы атаулар мен байламдар. – Алматы : «Өлке» баспасы, 2000. – 256 б.

3 **Досанов, С.** Ақбас бүркіт. Әңгімелер мен хикаялар. – Алматы : Атамұра, 2008. – 432 б.

4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

5 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдармен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5 томдық. – Алматы : 2011-2014.

6 **Кенесбаев, І.** Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.

7 **Сабырханова, Р. Т.** М-Ж. Көпеев шығармаларындағы метрологиялық лексика (халық өлшемі мен нумеративтер). Оқу әдістемелік құрал. – Павлодар, 2005. – 160 б.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

А. Х. Бекбосынова, К. М. Карабасова

Значение казахских временных единиц в произведении С. Досанова «Аруана»

Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

A. H. Bekbosynova, K. M. Karabasova

The meaning of Kazakh temporal units in the work of S. Dosanov «Aruana»

Kostanay State Pedagogical Institute, Kostanay.
Material received on 29.11.16.

В данной статье рассматриваются значения казахских временных единиц в произведении С. Досанова «Аруана».

This article discusses the meaning of Kazakh temporal units in the work of S. Dosanov «Aruana».

Е. А. Бобкова¹, Х. С. Шагбанова²

¹ст. преподаватель, ²д.ф.н., профессор, кафедра философии, иностранных языков и гуманитарной подготовки сотрудников органов внутренних дел, Тюменский институт повышения квалификации сотрудников Министерства внутренних дел Российской Федерации, г. Тюмень, Россия
e-mail: ¹bobkova-elena@yandex.ru; ²khabiba@yandex.ru

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ КАК ОТРАЖЕНИЕ
ИСТОРИЧЕСКОЙ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ
(НА ПРИМЕРЕ ОБРАЗА ЖЕНЩИНЫ
В СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЛИТЕРАТУРЕ ГЕРМАНИИ
И ДРЕВНЕЙ РУСИ В XII-XIII ВВ.)**

Статья посвящена описанию отражения исторической действительности в литературе при помощи художественных образов, созданных автором. Рассматривается образ женщины в средневековой литературе Германии и Древней Руси в XII-XIII вв. Производится сравнительный анализ женских образов в германской и древнерусской литературе, выявляются различия, отражающие особенности исторического развития государств.

Ключевые слова: средневековая литература, историческая действительность, художественный образ (портрет), рыцарская литература, миннезанг.

ВВЕДЕНИЕ

Литература любого народа тесно связана с его историей, историческими судьбами, о чем неоднократно писали и пишут исследователи филологического знания [1; 2; 6; 7; 12; 15; 10; 11; 16]. Многие признанные шедевры выступают не только классикой всемирной литературы, но и имеют большую историческую значимость [17; 1; 2; 12; 22; 24], формируя рэперные точки в семантике пространства [21; 23]. Очень часто из литературных произведений мы можем получить более конкретное представление о событиях прошлого времени, чем из учебников по истории. Так, например, К. К. Койше и И. С. Карабулатова показывают на примере анализа романа Ф. В. Булгарина «Иван Иванович Выжигин», как автор изображает языковую и социальную трансформацию личности под влиянием реальной действительности [7, 68]. Здесь нельзя не согласиться с исследователями, которые, например,

анализируя творчество Ч. Айтматова, утверждают, что «литератор – человек вне времени, поскольку он излагает лишь своё восприятие исторических и общественных событий» [6, 263], тогда как исторические труды часто перерабатываются под политическую обстановку в стране [18]. Таким образом, литература – это художественное отображение действительности, культурных, социальных и даже экономических процессов [12; 15; 22; 24].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ**Материалы и методы**

Отражение исторических событий в литературе достигается не только за счет их хронологического описания, передачи фактов, но также имплицитно, через своеобразные художественные образы, созданные автором (в литературных произведениях) или народом (в сказаниях, песнях, мифах). Этот хронотоп является «свернутой историей народа» [20: 792], его «свернутым мифом» [5, 53], который реализуется в художественно-эстетической форме.

Художественный образ – это «форма отражения действительности искусством, конкретная и вместе с тем обобщенная картина человеческой жизни, преобразованная в свете эстетических идеалов писателя, созданная при помощи его творческой фантазии» [14]. Художественный образ является доступным для восприятия, и воздействует непосредственно на чувства человека. Литературно-художественный образ (портрет) рождается на основе совокупности всех лингвистических средств (лексических, грамматических и стилистических), характеризующих непосредственно персонаж (описание внешности и внутреннего состояния героя, его действий и взаимоотношений с другими персонажами, манеры говорить и думать), а также имплицитно, через описание других художественных портретов и явлений (например, через описание явлений природы). Эволюция развития литературно-художественного образа находится в прямой зависимости от склада писательского ума литератора [1; 2; 24; 25; 17; 7], что в целом отражает «эволюцию языковой личности как таковой в контексте взаимодействия контактирующих культур» [20, 792].

Отношение к женщине всегда было ярким маркером развития социума, его элитарных и обыденных составляющих [24; 25]. Рассмотрим образ женщины в литературе средневековой Германии и в литературе Древней Руси в XII-XIII вв. Временной промежуток выбран не случайно. Именно этот период является переломным в истории обоих государств. XII-XIII вв. характеризуются ростом городов и расцветом рыцарской культуры в средневековой Европе, Германия перенимает традиции провансальской куртуазной литературы, в основе которой лежит культ

поклонения прекрасной дамы. Для немецкой литературы той поры характерно «культивирование элитарной речевой культуры» [4, 43].

Древнерусское государство к середине XII века вступило в состояние феодальной раздробленности, фактически распавшись на полтора десятка отдельных русских республик и княжеств, управляемых разными ветвями династии Рюриковичей. В литературе XII-XIII вв. важнейшими достижениями стали героический эпос и рыцарская литература. Одной из главных черт литературы средневековой Европы является возникновение в ней светской культуры, отразившей культурное самосознание и духовные идеалы военно-аристократического сословия средневекового общества – рыцарства и сформировавшегося в зрелом средневековье нового социального слоя – горожан. Образ жизни рыцарства и горожан выработал особые этические нормы, традиции, культурные ценности и предопределил развитие литературы.

Расцвет рыцарской культуры приходится на XII-XIII вв., что было обусловлено, во-первых, окончательным оформлением рыцарей в самостоятельное, могущественное сословие, во-вторых, приобщением рыцарства к образованию (в предшествующий период большая его часть была неграмотной).

Традиции требовали от рыцаря следовать определенным правилам чести, так называемому «кодексу рыцарской чести». Основа кодекса – идея верности долгу. В число рыцарских умений, наряду с верховой ездой, фехтованием, плаванием, игрой в шашки, умелым обращением с копьем, входило также поклонение и служение даме сердца, сочинение стихов в ее честь. Любовь становится главной темой лирической поэзии. Особая задача любви состоит в том, чтобы довести мужчину до вершины благородства. Носительницей этой задачи является женщина. Она же является главным литературным персонажем куртуазной лирики. Такие понятия как «куртуазность», «культ прекрасной дамы» как новый эстетический идеал, впервые появились в лирической рыцарской поэзии трубадуров (приблизительный перевод – «слагающие стихи»), возникшей в конце XI в. в Провансе. Традиции провансальской лирики продолжили немецкие поэты – миннезингеры («певцы любви») – авторы немецкой светской поэзии. Миннезингеры сами сочиняли музыку к своим произведениям, но распространяли их, как правило, странствующие певцы – шпильманы. Хотя главной темой творчества миннезингеров было воспевание утонченных чувств к прекрасной даме, как и у их провансальских предшественников, их поэзия была более сдержанна, склонна к дидактизму. Первые памятники миннезанга относятся к началу XII века. В это время почти одновременно возникают два направления рыцарской любовной песни. Одно – более архаичное по стилю и построению

строфы – народное (volkstümlich) – еще почти не затронуто новыми идеями рыцарского служения даме. Одной из главных форм народной лирики является «утренняя песня» (Tagelied), которая представляет собой диалог влюбленных на рассвете перед расставанием. Основное внимание в ней уделяется изображению переживаний героини, обреченной на разлуку с любимым. Любовное томление считается уделом женщины, мужчина же, как правило, изображается гордым и властным рыцарем.

Результаты

Как правило, женщина в народной лирике – набожная, любящая и верная, но одинокая и несчастная женщина. Так, миннезингеры охотно обращаются к «женским песням», восходящим к древней культурной традиции. Например, в песне Кюренберга «Этот сокол ясный был мною приручен...» женщина сравнивает возлюбленного с соколом, взлетевшим под облака, покинувшим ее.

«Ich zôch mir einen valkenmêredanne ein jâr.
dô ich in gezamete als ich in woltehân
und ich im sîngevidere mit goldewolbewant,
er huop sich ûf vilhôte und floug in anderiulant» [19].

Другое направление – придворное (hofisch) по своим идеям и темам всецело определяется доктриной куртуазной «возвышенной» любви (hohe Minne) как рыцарского служения возлюбленной. Рыцарь посвящает себя имеющей более высокое положение, обычно замужней, даме как своей повелительнице, которой он клянется в верной службе, но любовь остается вознагражденной. Женщина в лирике «возвышенной» любви – это светская дама, которая всегда любима. Она совершенна в своих мыслях и поступках (einkroneoballenreinenwiben), облагораживающая и подчиняющая своей воле влюбленного мужчину (allerwerdekeiteinfuegerinne; minsherzentrostundouchminkuniginne), недостижимая госпожа, немилостивая, часто равнодушная и даже жестокая женщина.

Безответность, недостижимость «возвышенной» любви отражены в словах рыцаря, для которого даже мысли о возлюбленной – счастье, а поцелуй – несбыточная мечта:

«Wunschen und wolgedanken
vestdiu meiste froide min»;
«Irkuswaere ein pfand» [19].

С развитием куртуазной лирики понятию «возвышенной» любви противопоставляется «низменная любовь» (niedere Minne) – чувственная, взаимная любовь к простой девушке. В лирике данного направления подлинная любовь всегда взаимна и, следовательно, приносит только радость. При этом простое слово «женщина» (wîp) поэты предпочитают заносчивому,

холодному слову «госпожа» (frouwe) и даже позволяют себе подшучивать над светскими дамами, лишёнными женской привлекательности.

В лирике «низменной» любви возлюбленная поэта – благодарная девушка, милостивая в любви, свободная от правил и предрассудков, но, в то же время, она не лишена стыдливости. Для описания своей радости от разделенного чувства поэты часто используют красочные описания ландшафта и погоды. Кажется, сама природа радуется счастьем влюбленных – поют птицы, цветут прекрасные цветы:

«In dem waldesuezedoene
singentkleiniuvogelin
an der heidebluomenschone
bluetent gen des meinschin» [19].

Изображение встреч в лесу могут свидетельствовать также о незнатном происхождении девушки и о возможности более близких отношений между возлюбленными.

Рассмотрев три женских портрета и некоторые создающие их средства в немецкой рыцарской литературе, можно сделать следующие выводы: 1) женщина всегда находится в центре внимания, играет важную роль в жизни мужчины; поэт восхищается своей героиней, даже ее недостатки воспеваются как достоинства; 2) женщина всегда красива, но в отличие от светской дамы, внешняя красота которой противопоставляется ее внутренней пустоте, у представительниц двух других групп красота дополняет духовность, является ее следствием; 3) любовь является главной составляющей, которая отличает три представленных образа: в первом женщина – любящая сторона, во втором – любимая, в третьем случае любовь, как правило, взаимна.

В отличие от европейской средневековой литературы, в которой был и куртуазный роман, и песни трубадуров, а любовь стала главной темой повествования, в древнерусской литературе не существовало культа поклонения женщине, никогда не воспевались радости и наслаждения любви.

Древняя русская литература принадлежит к особому типу. Ее произведения всегда прикреплены к конкретному историческому событию, к конкретному историческому лицу. Это повести о битвах, о княжеских преступлениях, о хождениях в святую землю, в Константинополь и о людях (о святых и князьях-полководцах). Несмотря на преобладание среди переписываемых и переводимых книг «божественных» – т.е. книг священного писания или богослужебных, народ, от простого крестьянина до боярина и князя, пели и слушали песни, рассказывали и слушали занимательные истории о сильных, смелых и великодушных героях. Таким образом, история Древней Руси известна не только по описаниям летописцев и хронистов, но и по народным песням и сказаниям.

Для периода XI–XIII вв. характерно единство литературы всего восточного славянства. Независимо от того, где создавались отдельные произведения – в Новгороде, Киеве, Ростове, Владимире-Волынском, Галиче или Турове, они распространялись по всей восточнославянской территории и включались в единую литературу, которую можно назвать собственно древнерусской.

В начале XII – первой четверти XIII в. появляются новые литературные центры: Владимир-Залесский и Суздаль, Ростов и Смоленск, Галич и Владимир-Волынский. Появляются местные черты и местные темы в литературе. В литературе XI–XIII вв. достаточно основательно проявляет себя явление, которое Д. С. Лихачев назвал литературным этикетом. «Литературный этикет – это и есть преломление в литературном творчестве «стиля эпохи», особенностей мировоззрения и идеологии» [8].

В основе понятия литературного этикета лежит представление о незыблемом и упорядоченном мире, где все поступки людей заранее предопределены, где для каждого человека существует особый эталон его поведения. Это значит, что задачей литературы по преимуществу становится изображение «нормативных» ситуаций. Страницы письменных источников XI–XV вв. содержат много имен участников истории Древней Руси. Имя великой княгини Ольги упоминается каждый раз, когда речь заходит о выдающихся женщинах Древней Руси. Ее образ встает перед нами с первых страниц «Повести временных лет». В народных преданиях о княгине Ольге она изображалась деятельной, мудрой правительницей и защитницей Руси. Народные сказания, переплетаясь с историческими фактами, легли в основу появившегося в XIII–XIV вв. жизнеописания первой княгини-христианки. Обман, жестокость, коварство и другие действия княгини, мстящей за убийство мужа, прославляются летописцем как высший, справедливый суд и не осуждаются, поскольку вписывались в социальные нормы того времени.

(ПО РОМАНУ-ЭПОПЕЕ М. АУЭЗОВА «ПУТЬ АБАЯ»)**

В статье исследуется теоретический аспект философской содержательности эпического произведения, связанный с областью эстетического соразвития художественной литературы и процесса философского осмысления жизненных явлений. На примере романа-эпопеи М. А. Ауэзова «Путь Абая» показаны нравственно-этические характеристики героев произведения в свете категорий художественного времени и художественного пространства. Анализируется роль пространственно-временных образов в выражении философских идей произведения и особенности пространственно-временной организации сюжета. Дается характеристика индивидуального нравственного пространства образов романа.

Ключевые слова: художественное время, художественное пространство, хронотоп, линейное пространство, темпоральный признак, поэтика цифр

ВВЕДЕНИЕ

Философские аспекты художественного произведения, в частности романа, – проблема в теоретическом плане еще не достаточно разработанная. Существо этой проблемы связано с теорией познания, со спецификой художественного познания. Основой художественного познания и образного изображения действительности является эстетическое отношение к действительности. В отличие от научного, абстрактного мышления эстетическое сознание охватывает реальный мир целостно. Этим во многом определяется обобщающая сила литературного произведения и художественного образа, их философская содержательность.

Мир литературного произведения, определенным образом отражая мир внетекстовой реальности, представляет собой сложное структурное целое, в

котором пространственно-временные отношения («хронотоп», по выражению М. Бахтина) являются важным средством художественного моделирования.

В литературоведении категории времени и пространства были перенесены из философии, где они выступают и как абстрактные характеристики бытия, и как конкретные его структуры, выражающие полифоническое движение различных процессов. Время и пространство задают исходные ориентации, на основе которых строится любая известная картина мира, в том числе и литературно-художественная. Данный тезис позволяет определить серьезные проблемы анализа художественного произведения, связанные, во-первых, с аспектом восприятия и отражения в творчестве отдельного художника пространственно-временных отношений, во-вторых, с умением и способами использования языка пространственного и временного моделирования для раскрытия художественного характера, так как являясь формально-содержательными категориями, время и пространство «определяют (в значительной мере) и образ человека в литературе; этот образ всегда существенно хронотопичен» [1, 122].

Трактовка пространственно-временных представлений в теории литературы традиционно связана с именами Г. Лессинга, отметившего в «Лаокооне» временную природу литературного образа [2], и М. Бахтина, чьи научно-теоретические положения о пространственно-временных образах являются в современном литературоведении основополагающими [1]. О языке художественного пространства, способном «моделировать темпоральные категории» писал Ю. Лотман [3]. Отношения пространства и времени друг к другу Бахтин характеризует как «взаимосвязь», отмечая их относительную самостоятельность, и в то же время существенное влияние друг на друга. Думается, что мнение другого русского ученого Ю. Лотмана о зависимом соотношении данных категорий является весьма спорным [3, 293]. Будучи фундаментальными определителями бытия, время и пространство задают ритм практической, познавательной и мыслительной деятельности человека и оказываются важнейшими детерминантами развития личности. Эту сложную философскую аксиому как раз отражает художественный хронотоп, в котором происходит «слияние пространственных и временных примет в осмысленном и конкретном целом» [1]. То есть, речь идет именно о «слиянии» и «пересечении», а не о первичности или вторичности той или иной категории.

Мнение М. Бахтина о том, что хронотоп в литературе имеет существенное жанровое значение, разделяет Ш. Елеуенов. Анализируя процесс становления и развития романного жанра в казахской прозе, ученый приходит к выводу, что жанр романа и его жанровые разновидности определяются именно хронотопом [4, 101].

В своей «Трансцендентальной эстетике» (один из основных разделов «Критики чистого разума») Кант обозначает пространство и время как необходимые формы всякого познания, начиная от элементарных восприятий и представлений. Принимая кантовскую оценку значения этих форм в процессе познания, мы понимаем их, в отличие от Канта, не как «трансцендентальные», а как формы самой действительности и попытаемся раскрыть их роль в процессе конкретного художественного познания и художественного видения в условиях жанра романа-эпопеи.

В истории развития казахской художественной мысли в разные периоды были высказаны некоторые мнения о природе пространственно-временных отношений, но большая их часть относится к исследованию фольклорных произведений, например, труды М. Ауэзова, Е. Исмаилова, М. Габдуллина, О. Нурмагамбетовой, Ш. Ибраева, Б. Рахимова и др.

Относительно романа-эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая» категории художественного пространства и художественного времени получили освещение в трудах З. Ахметова, в работах Ж. Дадебаева, Т. Журтбая, Х. Адиева и др.

Художественное время структурно может подразделяться на «временные ряды» (М. Бахтин) – исторический, бытовой, биографический, биолого-возрастной, и каждый из них имеет в произведении свои особенности, которые определены характером развития (поступательный или циклический) и способами их воплощения в идейно-художественной системе романа-эпопеи.

Отображение пространственно-временного континуума романа-эпопеи «Путь Абая» отличается своеобразной спецификой, которая определена глубинной психологической и подсознательной связью писателя с анимистической культурой народа, полностью обусловленной особенностями хозяйственной деятельности кочевого образа жизни. Хозяйственная деятельность людей, неразрывно слитая с природой, а также с их социальной жизнью, постепенно сформировала особое этническое мировосприятие и мироотношение изначально к восприятию пространства и времени.

Описывая ас Божея, Ауэзов раскрывает еще одну особенность пространственно-временных категорий казахов: они могут становиться показателями генеалогического времени, являющегося разновидностью времени исторического. Так, указывает автор, ас Божея будет служить вехой отсчета лет: «Божей асыныңа тағы сондай. ... үлкен астын осындай боп, уақыт өлшеуіне айналып кететіні анық» [5, 224]. Генеалогическое время, связанное с образом жизни, традициями и обычаями, обнаруживает обязательную связь с пространственным обозначением: «Тобықты ортасы», «Тобықты ішінің».

Мир художественного произведения, в независимости от его соотносительности с прошлым, настоящим и будущим, всегда содержит ту или иную временную конкретику. В эпопее «Путь Абая» наряду с образами времени исторического глубоко значимыми являются биографический и биолого-возрастной временные ряды хронотопа произведения, а также представления о движении и неподвижности, анализ которых позволяет говорить о специфике художественно-философского мышления его создателя.

В романе Ауэзова траектория судьбы главного героя романа не разматывается день за днем, год за годом, а связывается в узловое события и конфликты. Сюжет представляет линейную цепочку сцен (почти драматургически живых) и описаний (пейзажа, быта, хозяйственной деятельности), концентрированно-конкретных, с осязаемой установкой некоторых из них на обобщенно-философское прочтение, придающее символическое значение тем или иным деталям.

Имея в виду поступательно развивающийся характер времени в линейном пространстве «Пути Абая» нужно отметить некоторые особенности в обозначении биографических дат в жизни главного героя. Таких точных дат в эпопее встречается немного: тринадцать лет, двадцать пять лет и тысяча восемьсот восемьдесят седьмой год. Речь идет о датах, которые писатель выделил цифровым обозначением, остальную хронологию можно установить по определенным событиям, опираясь на историографический материал.

Говоря о проблеме соотношения художественного времени и художественной правды в эпопее Ауэзова, Т. Журтбай [6, 42], подчеркивает, что отобранные писателем жизненные факты, подчинены идейному замыслу произведения. Исследователь указывает на некоторые события, в которых Абай в действительности не мог принимать участия, например, казнь Кодара и Камки произошла еще до рождения Абая, во время Мусакульской битвы он был годовалым ребенком; когда умер Божей, Абаю исполнилось только семь лет, и он не мог участвовать в асе памяти Божея и др. Все это выявляет творческий характер освоения Ауэзовым жизненного материала, полученного в ходе исследования биографии поэта. Следовательно, те немногие цифровые обозначения биографического времени, особо выделенные писателем, обладают в эпопее определенной смысловой нагрузкой. Художественно осмысленные, они становятся этапными моментами в становлении и развитии самосознания героя.

Тринадцать и двадцать пять (и далее) казахи определяют как «мүшел жас». «Мүшел жас» – это кризисные, переломные периоды в развитии человека, повторяющиеся через каждые двенадцать лет на тринадцатый

год. Именно с такого переломного рубежа начинается эпопею М. Ауэзов: тринадцатилетний мальчик возвращается после учебы в городе в родные просторы, в родной аул. Выделение тринадцатилетнего и двадцатипятилетнего рубежей связано со своеобразной возрастной периодизацией казахов, в которой прослеживается связь биологического и социального, взаимосвязь между возрастом, развитием психических особенностей и формированием его мировоззренческих взглядов, моральных и эстетических чувств. Любая периодизация жизненного цикла всегда соотносится с нормами культуры, она не столько описательна, сколько ценностно-нормативна, а нормативные критерии возраста, объективированные в возрастной терминологии, тесно связаны с развитием временных представлений и категорий. Ученые-этнологи выделяют интересную закономерность – при всех этнокультурных вариациях периодизация жизненного цикла зависит от свойственной каждой данной культуре символики чисел [7, 99].

Тринадцатилетний мальчик, жаждавший встречи с родными просторами, сталкивается в ужасе и с другим ликом Степи: он оказался свидетелем жесткой расправы над Кодаром и Камкой. Пусть подросток еще не знает, виновны ли погибшие, пусть и имя Кодара вызывает у него негативные ассоциации, напоминая о коварном персонаже эпоса «Козы Корпеш – Баян Сулу», но сознание его противится насилию и жестокости. Гармония мира в душе юного Абая нарушена, и это является отражением отсутствия гармонии в окружающем мире: нарушена простая и ясная предпосылка человеческого бытия, на которой извечно держится народная жизнь – общечеловеческая истина об абсолютной ценности человеческой личности. Ауэзов сюжетно связывает тринадцатилетний рубеж в жизни героя с этапом его взросления: теперь Абай начинает смотреть на мир другими глазами, он задумывается о природе добра и зла, о милосердии и жестокости. Отдавая должное уму, знаниям и авторитету Кунанбая, автор проводит между отцом и сыном: водоразделом явилось их отношение к ценности человеческой жизни.

Всестороннему раскрытию процесса становления личности Абая способствует и пространственно-временная организация сюжета первого тома, имеющего в этом плане кольцевое построение. Указанный том начинается и заканчивается пространственно – временными номинациями. Рубежами временных номинаций является указание на возраст – «мүшел жас»: тринадцать лет – в начале тома, двадцать пять – в конце. Пространственное обозначение рубежей выражается в образе дороги, по которой главный герой в первой главе возвращается домой. В последней главе первого тома – едет обратно в город. Между этими рубежами лежит путь осмысления взрослеющим человеком жизни окружающего социума с его междоусобицей и борьбой за власть, с тягостным положением жатаков,

путь познания сложности человеческих взаимоотношений и обстоятельств личной судьбы.

В финале первого тома Абай стоит на пороге двадцатипятилетия. Поэтика этой цифры связана с физическим, чувственным и волевым созреванием личности. Это возраст осознания своей силы, энергии, поэтическим символом которого становится стройный, сильный чинар, всей своей зеленой кроной устремленный ввышину, как и герой, переживающий дух своего времени и пытающийся выйти, освободиться от пут бытия «здесь и теперь».

Значительную роль в организации сюжета и композиции эпопеи «Путь Абая», а также в возможности выражения его философских идей играют пространственно-временные образы пути и дороги, которые в современном литературоведении остаются центральными и могут соотноситься и с духовным становлением человека, и с историей человечества.

В романе «путь» становится универсальной формой организации времени и пространства, так как вбирает в себя и понятие «дороги». Образ дороги появляется в самом начале произведения – «үш күндік жолдың» и проходит через весь сюжет, включая в себя различные виды пространства: *безграничность*: «дала емес – теңіздей қандай!», «аспан әлемі ерекше кеңейіп, шексіз жиһан барынша ғажайып жайнап тұр» [5, 19]; *ограниченность*: «ауыр шақтарда дүние деген бір-ақуыс, ... бір-ақауылдың қотанындай ғана», «сондай жұлдыздар миллиард болғанда, жер бір-аққатнүктедей» [8, 185]; *раздробленность*: «өзге жұрттан бөлініп көшкен» [9, 206]; *кочевая жизнь*: «жайлаудан қайтып, Шығыс асып, қыстау-қыстай үстінде енді күзекке беттеп келе жатқан», «Тобықтының күз күзделуі, қыс отары, көктемгі кең жайылысы, өрісі» [5, 168]; *родной дом*: «бұл жолы осынау жалған дүние ішінде елсіз дала арасында жалғыз ауыл қалған – өзінің кішкене ауылы» [9, 165].

С появлением образа дороги как формы пространства формируется и философская идея пути как нормы жизни человека. Основным дифференцирующим признаком здесь становится оппозиция «направленное-ненаправленное». Сама семантика слов «жол» в казахском языке и «путь» в русском языке включает в себя не только обозначение дороги, движения, но и направления. Ненаправленность в данном случае эквивалента бесцельности существования находящегося в нем человека. Индивидуальное пространство образа может стать точечным, когда движение останавливается, пусть даже если это было движением к своекорыстной, эгоистической цели. То есть, направление в пространстве пути не обязательно бывает только эволюционным, устремленным к возвышенной цели, как, например, в пространственно-временной структуре художественного образа Абая.

Представляя собой обобщенную возможность движения, линейное пространство и категория пути получают темпоральный признак, выявляя

свойство принципиальной безграничности в оба конца. Направление «вниз» приводит к сжатию, уменьшению индивидуального пространства, оно может стать точечным, как, например, в образе Кунанбая. Траектория движения этого образа в сюжетном времени эпопеи проходит путь от деятельного, решительного ага-султана до отрешенного хаджи, отгородившегося от людей постоянно опущенной занавеской. Движущийся герой превращается в неподвижного, его пространство теряет направленность, что, как было сказано выше, свидетельствует о бесцельности существования находящегося в нем человека. В начале повествования Кунанбай все свои способности, весь свой ум и знания направлял на увеличение могущества и богатства иргизбаев, на их возвышение во всем тобыкты. Теперь бесцельность жизни старого хаджи проявляется даже в том, как он рассказывает о своем паломничестве в Мекку: четыре года дальних скитаний кончились перечнем могил [9, 102].

Локализация пространства пути Кунанбая приводит к его статичности, проявляющейся в стиле повествования. Тишину в ауле старого хаджи автор определяет как мертвую: «кәрі қажы өзінің өлімдей жым-жырт тыныштығын да болатын» [9, 179]. Или же возьмем, к примеру, описание облика Кунанбая, в котором лексические выражения выражают идею статичности пространственной характеристики этого образа [9, 182]. Сопоставив приведенные словосочетания с такими описательными конструкциями с обозначением экспрессии, действия, использованными в первой книге, можно выявить существенные изменения в траектории движения его образа.

Указанные изменения подтверждают мысль Р. Нурғали: «алғашқы кітаптардағы айбарлы Құнанбай мен роман сонында теріс қарап жатып қалған Құнанбай бір емес» [10, 7]. Если развивать мысль ученого в аспекте нашего исследования, то исходя из приведенных рассуждений, можно говорить о том, что в романе-эпопее существует два образа Кунанбая, различающихся структурой внутреннего хронотопа. Один обладает линейной организацией пространства образа, другой – точечной локализацией. Объединяет их качество жестокости, проявившееся в праведном хадже, когда он пытался собственными руками задушить своего внука Амира.

Существенным свойством нравственного линейного пространства у Ауэзова становится наличие признака «высоты», который характерен для моральной траектории развития образа Абая, представляющей собой восхождение.

Путь Абая – это восхождение к вершинам познания законов человеческого и общественного бытия. Признак «высоты» восходящей траектории пространства его образа проявляется в особенностях построения важных в идейно-композиционном плане эпизодов, в которых главный герой видится Ауэзову на какой-либо возвышенности, что позволяет

провести параллель между очередным этапным моментом в жизни Абая и пространственным обозначением «высоты», «вершины».

Таким образом, категории времени и пространства в эпопее Ауэзова могут приобретать метафорический характер, выступая в качестве языка для выражения существенных, в том числе и философских, идей данного произведения.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Бахтин, М.** Формы времени и хронотопа / Литературно-критические статьи. – М. : Худож. лит., 1986. – 541 с.
- 2 **Лессинг, Г.** Лаокоон // Избранное: Пер с нем. – М. : Худож. лит., 1980. – 574 с.
- 3 **Лотман, Ю.** Художественное пространство в прозе Гоголя // В школе поэтического слова: Пушкин. Лермонтов. Гоголь. – М. : Просвещение, 1988. – 352 с.
- 4 **Елеукенов, Ш.** От фольклора до романа эпопеи. (Идейно-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа). – Алматы : Жазушы, 1987. – 345 с.
- 5 **Әуезов, М.** Абай жолы: Роман-эпопея. 1-кітап: Абай. – Алматы : Жетіжарғы, 1997. – 320 б.
- 6 **Жұртбай, Т. М. О.** Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі: Филолог. ғыл. докторы ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2000. – 56 б.
- 7 **Кон, И.** Этнография детства. – М. : Наука, 1983. – 192 с.
- 8 **Әуезов, М.** Абай жолы: Роман-эпопея. 3-кітап: Абай жолы. – Алматы : Жетіжарғы, 1997. – 320 б.
- 9 **Әуезов, М.** Абай жолы: Роман-эпопея. 2-кітап: Абай. – Алматы : Жетіжарғы, 1997. – 352 б.
- 10 **Нұрғали, Р.** Әуезов және алаш. – Алматы : Санат, 1997. – 432 б.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

М. А. Жемнісбаева

Эпикалық шығармадағы уақыт және кеңістік (М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша)

Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.
Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Time and space of epic novel (on the epic novel of M. Auezov «Abai's way»)

E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.
Material received on 29.11.16.

Мақалада көркем әдебиет пен өмірлік құбылыстарды философиялық тұрғыдан пайымдау үдерісінің эстетикалық қос даму шеңберлеріне байланысты эпикалық шығарманың философиялық мазмұнының теоретикалық аспектісі зерттеледі. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде көркем уақыт пен көркем кеңістік категориялары арқылы шығарма кейіпкерлерінің адамгершілік-этикалық мінездемелері анықталады. Шығарманың философиялық идеяларын ашудағы уақыт-кеңістік бейнелердің ролі және сюжеттің уақыт-кеңістік ұйымдастыру ерекшеліктері талқыланады. Роман образдарының әсеке адамгершілік кеңістігінің сипаттамасы беріледі.

The theoretical aspect of philosophical content-richness of an epic novel connected with the sphere of aesthetical co-development of fiction and the process of philosophical conception of life events are studied in this article. The epic novel of M. A. Auezov «Abai's way» was taken as an example that demonstrated the moral-ethical characteristics of the characters in the light of the narrative time and space categories. The role of space-time images in expression of philosophical ideas of the novel and the peculiarities of space-time construction of the plot are analyzed in the article. The characteristics of individual moral space of the novel images are represented.

А. Б. Жұмағұлов

ф.ғ.к., доцент, ғылыми қызметкер, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ. e-mail: aitbai_mumin@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛ ӘДЕБИЕТ

Бұл мақалада XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген қазақ хандарының ақыл-кеңесшісі болған жыраулар поэзиясының мемлекетшілдік идеялары қарастырылады.

Кілтті сөздер: қазақ хандығы, әдебиет, жырау, аңыз, мемлекетшіл.

Қазақ хандығының тарихы дегеніміз – Қазақ мемлекетінің тарихы. XV ғасырда Қазақ дейтін ұлыстың іргетасын қалап, ұлт болып ұйысып, дербес мемлекет болып қалыптасуында жыраулардың үлесі зор болды. Хандық жүйеде құрылған мемлекеттің темір қазығы, алтын бақаны болған жыраулар ел мүддесін ең бірінші кезекке қойды. Ханның қасында би ақылды болса, қара жерден кеме жүргізеді дегендей Жәнібек пен Керейдің тұсындағы Асан қайғы, Би Темірдің қасындағы Шалкиіз, Еңсегей бойлы ер Есімнің кеңесшісі болған Жиёмбет, Абылайдың ақылшысы Бұқар жыраулар көргені көп, білгені мол, ақылы дария дана абыздар еді. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болған жыраулардың кеңесі жерде қалмаған, мемлекеттің маңызды мәселелердің барлығы жыраулардың алдынан өтеді. Жырау – ел басына ауыр күн туғанда, жау жағадан, бөрі етекпен алған тұста жан-жақтан анталаған жауға қарсы ұрысты ұйымдастырып, жалынды жырларымен жауынгерлердің жігерін қайрап, ұранымен рухтандырып, тарыдай шашылып кеткен халықтың басын біріктіріп, ел билеуші хандарға ақыл кеңес бере отырып, халықты бір тудың астына жыйыстырып, Қазақ дейтін мемлекеттің тұтастығын сақтап қалуда ерекше роль атқарған тарихи тұлға. Халқымыздың «елге хан емес, би құт» дейтіні де сондықтан болса керек. Мекемтас Мырзахметовтің сөзімен айтсақ жыраулар – мемлекетшіл әдебиеттің өкілдері.

Әдебиеттану терминдер сөздігінде жырауға берілген анықтамада: «Ол – алдымен елдің ақылшы, кеменгері, заманының сыншысы, қырағысы. Өз елінің не биі, не батагөйі. Елді меңгерген хан мен бектің ақылшы уәзірі. Хан шеше алмаған түйінге шешу сөз айтқан. Тыныштық заманда қиюы қашып, арасы ашылған қарындасты табыстырушы бітімші би. Қысылшаң заманда жол табатын, бетнұсқайтын кеменгер көреген. Оның сөзі өтімді, өткір,

асыл өлең өлкеуімен шыққан толғау. Көпке айтқан сөзі ел мұңы, ел қамы. Сөздердің барлығы әлеуметшілдік сарынмен айтылады. Жырау – заман сыншысы. Ақылшы. Үгіт, өсиет айтады. Керек кезінде ханның да, қараның да қатал тезі» [1], – оның типтік образы мен тарихи тұлғасын да ашып тұр.

Фольклорист ғалым Едіге Тұрсынов Жырау типі біздің заманымыздан бұрынғы қола дәуірінде қалыптаса бастаған деген пікір айтады [2]. Жырау барлық түркі-моңғол халықтарында бар тарихи тұлға. Біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген Сақ, Ғұн дәуіріндегі Алып Ер Тоңға, Еділ патшалардың бойында жырауларға тән қасиеттер мейлінше мол ұшырасады. Түркі қағанатының бектері Білге қаған мен Күлтегіннің кеңесшісі, «Сөз иесі, ақыл иесі» болған Тоныкөк те, Оғыз қағандарының басын біріктіруші ақылшы қария, жыршы-ұзан Қорқыт та жырау, қолынан қобызын тастамайтын Ноғайлардың абыз ақсақалы Сарғалтайұлы Сыпыра жырауға қазақтар мәңгілік жыршы деген баға берген.

XV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығы дәуірінде жыраулар мемлекеттің басты ұраншысына айналды. Жыраулық поэзия ерекше қарқында дамыды, шарықтау шыңына жетті. Мұхтар Мағауин XVI ғасырда Би Темірдің тұсында өмір сүрген Шалкиіз Тленшіұлына жыраулар поэзиясының атасы дейді [3]. Жыраулар поэзиясы – халқымыздың баға жетпес байлығы, рухани қазынасы. Ұлттың асқақ рухы. Жыраулар мұрасын жинап, зерттеген және де алғашқылардың бірі болып баспаға жариялаған В. Радлов: «Пәк, таза қазақ поэзиясы – үлкен творчестволық күштің жемісі», – деп осы жыраулар поэзиясын айтса керек. Қазақ халқын өзге ұлттардан ерекшелетін тұратын өнері, дәстүрі, мәдениеті болса, осы қасиеттердің қалпын бұзбай сақталған саф алтындай бағалы, көркемдігімен жоғары тұрған, тұнығы лайланбаған жыр – осы Қазақ хандығы дәуірінде туған жыраулар поэзиясы. Жыраулар поэзиясы қарадан ханға дейін жұрттың бәрін иландыра алтын құдіретімен құнды. Жыраулардың толғауында күнделікті тұрмыстағы күйбең тірлік, ұсақ-түйек нәрселер сөз бола қоймайды, елді толғандырған күрделі мәселелерді көтеретін жыраулар – мемлекетшіл әдебиеттің өкілі. Туыстас түркі халықтар ішінде қазақтар ғана жыраулық дәстүрді XIX ғасырға дейін яғни Махамбет пен Дулаттардың дәуіріне жеткізіп, сақтай білді. Хан мен халықтың ортасындағы алтын көпір жыраулардың ендігі міндетін дуалы ауыз Дулат пен, қатепті қара нардай Махамбеттерге атқаруға тура келді. Бұлардың дәуір талабынан туындаған жыр-толғауларының барлығы халықтың тілегі мен ұлттың арманының көрінісі.

XIII-XIV ғасырларда Дешті Қыпшақтың әйгілі жыршыларының бірі, көп жасаған көреген қария Сыпыра жырау Сарғалтайұлы ақыл сұрап келген Алтын Орданың билеушілеріне кеңес айтып, бөлінген бектердің бастарын қосып, бітімге шақырады. Оның бөлінген бектерді мәмлелерлікке шақыратын

толғаулары «Ер Тарғын» мен «Қырымның қырық батыры» жырларында айқын көрінеді. Бұл толғаулар Сыпыра жыраудың негізінен мәңгілік жыршы және бітістіруші би болғандығын дәлелдейді.

Ел аңыздарына сүйенсек Әбілхайыр ханның сүйікті қазысы – әділ төрелігі үшін Ақ жол би атанған Дайырқожаның әкесі Қодан-тайшы деседі. Дайырқожаны қас көрген Қара Қыпшақ Қобыланды батыр өлтіреді. Дайырқожаның әкесі Қодан-тайшы қаза болған баласының сүйегін айналып жүріп жылағанда айтқан аза жыры:

Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!

Сексен асып таянғанда тоқсанға

Тұра алмастай үзілді ме жұлыным!

Адасқанын жолға салдық бұл ноғайлы ұлының!

Аққан бұлақ, жанған шырақ жалғыз күнде құрыдың,

Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным! [3,7 б.]

Қодан-тайшының бізге жеткен осы жалғыз толғауындағы «Адасқанын жолға салдық бұл ноғайлы ұлының» деген жолдарынан Ақ жол бидің Алтын Орда әміршісі Әбілхайырдың тұсында көреген би ғана емес, адасқанда жол бастайтын, қысылғанда қасынан табыла білетін елдің ақылшы көсемі, сөз бастаған шешені болғанын аңғартады.

1465 жыл бұрын Керей мен Жәнібек хандардың бастауымен Шу, Талас өңіріндегі Қозыбасы деген жерде тәуелсіз қазақ хандығының іргетасы қаланды. Осы мерзімнен бастап дербес елдің өзіндік әдебиеті қатар жасалды. Әрине, әдебиетіміздің бастау-арналары одан да әріде жатқандығын ешкім жоққа шығармайды. Дегенмен, жаңа саяси-әкімшілік құрылым Қазақ хандығының құрылуы – әдебиетіміздің тарихын да шартты түрде «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» деп атауға негіз болды. Осы Қазақ дейтін мемлекеттің ірге тасын қалап, дербес ел болуына құтты қоныс іздеп тауып, сол жерге яғни Жерұйыққа елді ұйыстыра білеген абыз ақсақал, кемеңгер ойшыл, көреген қария, қадірлі ата Асан қайғы Сәбитұлы. Қазақ мемлекетінің өз алдына тәуелсіз ел болып қалыптасуына, ел басқарушы хандар мен билерге ақыл кеңес бере отырып, халық пен биліктің арасына алтын көпір болған жыраулардың негізгі ұстанымы мемлекеттің іргесін нығайтып, қарсы келген жауларға тойтарыс беріп, Қазақ елінің бір тұтастығын сақтап қалу.

Қазақ мемлекетінің негізін қалаушылардың бірі Жәнібек ханға қаратып айтқан Асан қайғы Сәбитұлының «Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің!» толғауынан асқақтаған ханның өзі жыраудың ақыл-кеңесіне мұқтаж екенін көреміз. Желмаясын мініп халқына құтты қоныс, жайлы жер іздеген Асан қайғы атанған әйгілі жырау ақыры өзі аңсаған «Жерұйық» жерді тауып, сол құтты қонысқа қазақ деген елді қондыра білді. Ғалым Ғарифолла Есім “Қазақ ренесансы” еңбегінде Асан атаның «Жерұйық» деген мақсат-мұратын

мемлекетті ұйыстырудағы ұлттық идея екенін айтады [4]. Асан атаның Жәнібекке қарата:

«Ей, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің», – дей келе кемшілігін бетіне басып:
...Қатын алдың қарадан,
айрылдың ата жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
айрылар ата мұрадан, – деп ханды өзіне қаратып, жағымсыз қылықтарын бетіне басып, тезге салады. Қымыз ішіп қызарып, масаттанған ханға қаперсіз жатуға болмайтынын айтып, қауіптің қайдан келетінін меңзейді.

... Құладың құстың құлы еді
Тышқан жеп жүні түледі
Аққу құстың төресі
ен жайлап көлде жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұшпан
Елге жау боп келеді.
Құладың қуды өлтірсе
Өз басыңа келеді.
Құлың көп сені өлтірер
Бұны Асан біледі,
Мұн неге білмейсің?! – деп Жәнібекке енді бейқам жатуға болмайтынын ескертеді.

...Тіл алсаң іздеп қоныс көр
Желмая мініп жер шалсам
Тапқан жерге ел көшір, – деп бұл жерден кетіп, құтты қоныс, жерұйыққа көшу керектігін басып айта келе:

... Ей Жәнібек ойласаң
Қилы, қилы заман болмай ма
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма
Мұны неге білмейсің?!
Қош аман бол, Жәнібек

Енді мені көрмейсің [5, 10 б.], – деген жырау ел басына келе жатқан қауіпті болжай біліп, оның алдын-алу мақсатында ханға ескерту айтып және одан шығатын жолды көрсетіп, қалың елді Шудың бойына Қазақ мемлекетінің алғашқы ірге тасы қаланған Қозыбасы деген құтты жерге бастап кетеді. Біз бұдан қазақ мемлекетін құруда ел басқарушы хандардың атқарған қызметі қандай болса, олардың оң тізесін басқан ақыл-кеңесші жыраулардың еңбегі бір кем еместігін көреміз.

XV-XVII ғасырларда өмір сүрген «Қайранда менің Еділім» деп тебіреніп, «Алаң да, алаң, алаң жұрт» деп елінің ертеңіне алаңдаған, сөйлесе қызыл тілдің шешені, бастаса топтың көсемі болған Қарға бойлы Қазтуған, Толғамалы ала балта қолға алып, топ бастаған Ер Мамайдың алдында шаһит кешкен Доспанбет жырау, қалың елдің қамын жеп Би Темірді қажылығынан қалдырған Жыраулар поэзиясының атасы атанған Шалкиіз Тіленшіұлы, «Есім сені есірткен есілде менің кеңесім» деп жырлаған Еңсегей бойлы ер Есімнің сенімді биі Жиенбет Бортағашұлы, Қатағанның хан Тұрсынның бүлігін басушы Марғасқа жырау, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада жауға қарсы шапқан батыр, ұлтқа ұран болған ақын Ақтамберді жырау, қазақтың қалмақтарға қарсы болған ұрыстың қаһарман батыры Бөгенбайдың өлімін Абылайға естіргісіп, жоқтау айтқан Тілеуұлы Үмбетей, ешкімнен қаймықпай, қара қылды қақ жарып «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің» деп ханның қателігін бетіне басып, құн даулаған Көтеш ақын, жау жағадан, бөрі етекпен алған алмағайып заманда аз әскердің алдың бөгет су, артын қалың жау қысқанда қиыннан қиыстырып жол тауып, жауынгерлерге рух беруші Тәтіқарадай ақын-жыраулардың барлығы да қазақ хандығы дәуіріндегі ұлттың ұраншысына айналған, мемлекеттің тұтастығын сақтаушы тарихи тұлғалар.

Абылай ханның ақылшысы, ұлы мемлекет қайраткері, Алты Алаштың ақылман қариясы, абыз ақсақалы, көмекей әулие атанған Бұқар жырау Қалқаманұлының мұрасын жинастырған Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Бұл кісінің сөзін жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюптың сабыры, Аплатонның ақылы керек» деген екен.

Бұқар жырау поэзиясы қазақ халқы үшін несімен құнды дегенде Сәбит Мұқановтың: «Бұқар жыраудың сөздері ХҮІІІ ғасырдағы қазақ тіршілігінің энциклопедиясы» [6, 78 б.] деген сөзі толық жауап бола алады. Жоңғарларға қарсы күрестің тарихи шежіресі іспетті жырау мұрасынан әсіресе «Қалданменен ұрысып» деген тарихи жырда ел мен жер үшін күресте ерен ерлік көрсеткен батырлар мен ел бірлігін байрақ еткен бағаналы билердің өнегелі істерін асқақтата жырлайды. Сөздің ақиқатына келгенде ханнан да қаймықпай шындықтан тайсалмайтын, жыраулар жалған сөйлеу білмейді. Жыраулар поэзиясының басты құндылығы таза табиғилығында. Қанша уақыт өтсе де өз құнын жоймай келе жатқан жауһардай жырлар жыраудың бағасын арттырып қоймай, қазақ поэзиясының қаншалықты терең де көркем екендігін аңғартады.

Жыраудың дидактикалық, имандылық сарындағы жыр-толғауларының тәрбиелік мәні бір бөлек. Мәселен: «Алла деген ар болмас» толғауында жырау:

... Қартайған қарт бабанды сыйлай бер,
Күндердің күні болғанда

Кімдерде кімнің дейсің белі бүгілмес,- дей отырып үлкенге құрмет көрсетудің маңызын ашып тұр.

«Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» – деп басталатын жыр-толғауындағы

... Айнала алмай ат өлсін,
айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,

Бәрің бір енеден туғандай болыңдар[5,76 б.],

– деген жолдардан ұлтты ұйыстырушы ақсақалдың, халықты біріктіруші қайраткердің қасиетін көреміз.

Бұқар жырау – мемлекеттің басты идеологы. Оның айтқан жырлары үлкен ой, терең тағылымға және де елді жұжырықтай жұмылдыра алатын құдіретке ие. Мәселен, «Бірінші тілек тілеңіз» толғауындағы:

Бірінші тілек тілеңіз

Бір Аллаға жазбасқа,

Екінші тілек тілеңіз

Ер шұғыл пасық залымның сөзіне еріп азбасқа [5,63 б.], – деген жолдарынан қай кезде де ел ішіне бүлік салушы пасықтардың жүретінін ескерте отырып, олардың сөзіне еріп бүлініп, бөлінуден сақтандырады. Кемеңгер жыраудың «Тілегі» қаймағы бұзылмаған, айрандай ұйып тұрған тәуелсіз Қазақстанды «Бір анадан туғандай» тату болуға шақырып тұрғандай.

Жоғарыда айтқандай «Хан қасында би ақылды болса, қара жерден кеме жүргізеді» деген халықтың нақылы бар. Қазақ тарихында Абылай хан Бұқар жыраудың есімі бірге аталады, екеуін бөліп-жарып қарастыра алмаймыз. Жыраудың Абылайға қаратып айтқан толғауларының барлығының да тарихи мәні бар. Абылай сапарының сәтті болуының өзі жыраудың батасына байланысты болса керек. Ел ішіндегі аңыздарда Абылай Бұқардың батасын алмай ешқандай жорыққа шықпаған деседі. Тіпті Абылай ханның түсін жорып беруіндегі келтірілген болжамдардың өзі шындыққа жанасып келе жатқандай. Асан қайғының астарлы толғауының жауабын сұраған ханға қаратып: «... Ханға жауап айтпасам ханның көңілі қайтады, Қандыра жауап қатпасам халқым не деп айтады, – дей келе елге қауіп төндіретін дінсіз кәпір дұшпанның күнбатыстан келетінін, оның ұлыңнан әскер қылып, ел қамын жейтін жақсыларын жойып, халықты қынадай қыратынын бір жарым ғасыр бұрын болжап айтып кеткен. Бұқар ел ішіндегі рулық қақтығыстарды басуда, бұзылмас қамалдай бірлікті сақтау жолында тартынып қалаған емес. «Керей қайда барасың» жырында орта жүздің бел баласы керейлерді бөлінуіне жол бермей Абылайдың алдында бітімге шақырады. Мемлекеттің тұтастығын ойлаған абыз атаның айтқан ақылына, кемеңгер жыраудың өсиет сөзіне Абылай ханмен бірге бүкіл Алаш жұрты басын иеді. Ұлттың ұраншысына айналған жыраудың сөзі Абылайға қаратып айтылғанмен

халқына бағытталып тұрғаны белгілі жайт. Мінерге аты, сауарға малы болмаса да жырау жеке бастың қамы үшін жағын сауып, жағынып көрмеген. Бұқардың сөзі - бұқараның арман-тілегі, елдің мүддесі. Халықтың мұң мен зарын, арман-тілегін жырлаған жыраулар сол үшін де қарашасына қадірлі.

Балапан басына, тұрымтай тұсында болған жаугершілік заманда көршілермен соғысудан гөрі олармен мәмлеге келіп, тіл табысқанды жөн санаған ақылшы жырау Абылайға жақын елдермен жақсы қатынаста болу керек деген кеңес береді. XVIII ғасырдың ортасында Цян-Зун билеген Қытай империясының көрші елдерге де күш көрсете бастаған тұста қара құрттай қаптаған шүршіттердің алдын алу жолдарын қарастырған Бұқар Абылайға: Егер шүршіт қаптаса Арқада қалудың жөні жоқ екенін, Сырға қарай жылысу керектігін айтады. Ал «Көкшетаудан салдырған» деген жырында Абылайға бір кезде өзіне қоныс болған Көкшетауға кәпір қала салғанын маңайдың бәрін орыс жайлағанын, шұрайлы жерлердің бәрін басып, қазақтың берекесін қашырып жатқанын, үріккен қойдай үйіріліп қалған қазақтың келешегін ойламайсың ба деп үн қатып, одан шығар жалғыз жолы малы жылына екі төлдейтін, адамы жүзге келмей өлмейтін жерұйық Жиделбайсынға жетуге асықтырады. Жырау өзінің «Жиделбайсын жетіңіз» толғауында

... Бұқарекен деген кәріңіз,

Соғысқан кетер сәніңіз.

Бізден бұрын өтіпті Хәзіреті Өліңіз.

Жаулық жолын сүйеңіз, – деген жолдардан жаумен жағаласып өткен елдің, соғыстан азайып қалған халықтың есін жиып, енді ұрыспай-соғыспай бақытты өмір сүріп, көбею жолын көрсетеді. Аузынан от шашқан айдаһар мен адуынды аюға әлі жетпейтінін түсінген жырау, қауіптің алдын болжап арбаны сындырмайтын, өгізді өлтірмейтін амал тауып көрегендік танытып, сарабал саясат ұстанып, тығырықтан елді алып шығады. Көмекей әулие атанған көп жасаған көненің керемет көрегендігі мен қауіптің алдын болжайтын ғажайып қасиетінің арқасында айбынды да, айбарлы Абылайдай ханның ықпалымен Қазақ мемлекеті екі оттың ортасынан аман қалды.

Үш ғасыр үстемдік құрған қазақ хандығы тұсында халықты біріктіріп, ұлтты ұйыстыруда жыраулар поэзиясы қандай қызмет атқарса, қазіргі тәуелсіз Қазақстанның іргесінің берік, рухының асқақ болуына, мемлекетіміздің нығайып, ұрпақтың тарихы мен тегін танып, ұлттық рухта тәрбиеленіп өсуіне де маңызы арта бермек.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Семей-Новосибирск : Талер-Пресс, 2006. – 397 б.

- 2 **Тұрсынов, Е.** Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы : Ғылым, 1976. – 200 б.
- 3 **Мағауин, М.** Ғасырлар бедері. – Алматы : Жазушы, 1991. – 432 б.
- 4 **Есім, Ғ.** Қазақ ренессансы. – Алматы : ҚазАқпарат, 2011. – 112 б.
- 5 **Нар заман мен зар заман.** – Алматы : Раритет, 2007. – 376 б.
- 6 **Бұқар жырау тағылымы.** Ғылыми жинақ. Құрас. С. Б. Жұмағұлов, А. Б. Жұмағұлов. – Қарағанды : Тенгри, 2015. – 464 б.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

А. Б. Жумагулов

Казакское ханство и государственная литература

Карагандинский государственный университет
имени Е. А. Букетова, г. Караганда.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

A. B. Zhumagulov

Kazakh Khanate and the state literature

E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.
Material received on 29.11.16.

В этой статье рассматриваются государственные идеи поэзии жырауов которые были советниками казахских ханов живших в XV-XVII веках.

This article discusses the state ideas of the poetry of zhyraus who were advisors to the Kazakh khans who lived in the XV-XVII centuries.

ЭОЖ 821.512.122.(091) “19”=943.42

С. Б. Жұмағұлов¹, А. Б. Жұмағұлов²

¹ф.ғ.д., профессор, «Алаш» мәдениет және рухани даму институты, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; ²ф.ғ.к., доцент, ғылыми қызметкер, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ. e-mail: ²aitbai_mumin@mail.ru

XV-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Бұл мақалада ұлттық әдебиетіміздің бастауы болып табылатын XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мұрасының зерттелуі қарастырылады.

Кілтті сөздер: жырау, мұра, қазақ хандығы, қоғам, әдебиет, тарих, мәдениет.

КІРІСПЕ

Ұлттық әдебиетіміздің бастауы болып табылатын қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар мұрасы XX ғасырдың екінші жартысынан бастап терең зерттеле бастады. Әсіресе 60-жылдары ежелгі дәуір әдебиеті, Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетті зерттеуде ұлттық әдебиеттануда үлкен қадамдар жасалды. Х. Сүйіншәлиевтің «Шалкиіз жырау», М. Мағауиннің «Асан Қайғы», «Қазтуған жырау», «Әдебиетіміздің тарихы арыда жатыр», «Шал ақын» мақалалары хандық дәуір әдебиетінің тарихын айқындаудағы батыл қадамдар болды. Сонымен қатар Ә. Дербісалиннің «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» (1966), Ү. Субханбердинаның «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хабарлар», «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар» (1963), М. Қаратаевтың «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» (1965), Қ. Жұмалиевтің «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (1967), «Стиль – өнер ерекшелігі» (1966), Б. Кенжебаевтың «1920 жылдардағы қазақ совет әдебиеті» (1961), А. Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» (1966), Б. Шалабаевтың «Қазақ романының тарихы» (1966), З. Ахметовтің «Казакское стихосложение» (1964), Т. Әбдірахмановтың «Жаңа ғасыр көгінде» еңбектері жарық көрді. Мысалы, Ә. Дербісалиннің «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» еңбегінде XX ғасыр басындағы әдебиеттегі демократияшыл бағыттың дамуы С. Көбеев, С. Торайғыров, М. Сералин, С. Дөнентаев шығармашылықтары негізінде талданған болатын. Осы бағыттың қазақ

қоғамының рухани серпілісі мен халық санасын оятудағы қуатты күші: «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының даму процесінде жаңа бір кезең туып, тұтас халықтық сана ояна бастады» [1, 46-47], – деп байыпты бағаланды. Ғалым маркстік-лениндік әдіснама талабын ұстанғанымен кейінгі зерттеушілік ой-пікірде ояну дәуірі деп аталған кезең әдебиетінің басты ерекшелігін ашуға ұмтылған. Өз кезегінде А. Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» зерттеуінің «Абай творчествосының дәстүрлік және жаңашылдық сипаттары», «Абай тұсындағы ақындар», «Абай дәстүрлерінің арнасында», «Орыс реализмінің дәстүрлері және қазақ әдебиеті», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» тарауларында қамтылған ғылыми мәселелер бір ғана ұлы ақын шығармашылығының дәстүрі арнасында әдебиеттанудағы дәуірлік маңызға ие болған өзекті арналарын әдеби-теориялық тұрғыдан саралауымен ерекшеленеді. Бұл ретте XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі, яғни Абайдың реалистік дәстүрінің XX ғасыр басындағы әдебиеттегі жалғастығын: «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократияшыл әдебиеті – сол кездегі халық өмірінің, әлеуметтік сілкінулер мен сергудің шежіресі іспеттес» [2, 153], – деп негіздеуі, әрі әдеби-тарихи мән-мағынасы ерекше сипаттағы бұл азаматтық және суреткерлік мұрат-мақсаттарының түп төркіні ұлы ақын тағылымынан туған құбылыс болып табылатынын объективті тұжырымдауы әдебиетші ғалым ұстанған әдістемелік негіздеріндегі көркемдік-эстетикалық, ғылыми принциптерінің өзіндік биігін де айқындайды.

Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесін ғылыми негізді зерттеуде әрі оның көне дәуірлерін айқындауда «Ежелгі мәдениет куәлары» (1968) атты ұжымдық кітап жарияланып, Х. Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (1967), Б. Кенжебаевтың «Көне әдебиет туралы» (1969), М. Мағауиннің «XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» (1965), М. Жолдасбековтің «Көне түркі ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» (1969), Ы. Дүйсенбаевтың «Октябрьге дейінгі қазақ әдебиетін зерттеу проблемалары (XVIII, XIX және XX ғасырдың бас кезі)» (1967) деген тақырыпта диссертациялық зерттеу еңбектері жазылды.

Х. Сүйіншәлиев еңбегінде қазақ әдебиетінің тарихи қалыптасуының VIII-XVIII ғасырлардағы дәуірлері жүйелі, әрі нақты шығармалар негізінде әдебиеттануда алғаш рет зерттеу нысаны тұрғысынан талданды. Кітапта ғалым қазақ әдебиетінің тарихын қарастыруда мынадай хронологияны басшылыққа алған: 1. Ерте дәуір әдебиеті (қазақ әдебиетінің түп төркіндері, XV-XVII ғасырлар әдебиеті, XVIII ғасырдағы әдебиет) 2. XIX ғасырдағы әдебиет (дәстүрлі әдебиет, реалистік жаңа әдебиет) [3, 15-285]. Ал М. Жолдасбековтің диссертациялық зерттеуі қазақ әдебиетінің тарихи бастауында тұрған көне түркі ескерткіштерін алғаш рет зерттеп, әдебиет

тарихын дәуірлеудегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің орнығуын әдеби-тарихи, әдеби-теориялық тұрғысынан негіздеп, қазақ әдебиетінің тарихын көне түркі дәуірімен тарихи сабақтастықта қарастырудың өзекті арналарын айқындаса, М. Мағауин зерттеуі Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетті, жыраулар мұрасын, оның айтулы тұлғаларының өмірі мен шығармашылығын тұңғыш рет жан-жақты талдауымен ұлттық әдебиеттануға түбірлі өзгерістер әкелді. Өйткені әдебиет тарихын дәуірлеуді XVIII ғасырдан бастау мәселесі Ы. Дүйсенбаевтың құрастыруы және алғы сөзімен жарық көрген «Үш ғасыр жырлайды» (Революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары) (1965) жинағында да көрініс тапқан болатын. Мысалы, жыраулар мұрасына күмәнмен қараған ғалым: «Тек XVIII ғасырдың екінші жартысынан былай қарай ғана жекелеген ақындар шығып, олардың тарихта аттары анық болғаны, жыр-толғаулар шығарғаны күмән туғызбайды» [4, 7], – деп жазды.

1965 жылы Б.Кенжебаев ҚазМУ-дың филология, журналистика факультеттерінің қазақ бөлімдеріне «Ежелгі әдебиет» атты дербес лекциялық курс енгізді. Ал 1967 жылы Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, Қ. Сыдиқов құрастыруларымен «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты тұңғыш хрестоматия жарық көрді. Ұлттық әдеби және рухани өмірге соны тыныс дарытқан бұл еңбек «Қазақ әдебиетінің ең көне, ежелгі әдебиеттерінің бірі екендігін дәлелдеді» (М. Жолдасбеков). Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуде ғалымдар мынадай жүйелеуді ұстанды: I. Көне әдебиет (V-XIV ғасырлар арасы). Қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру-ұлыс дәуірлеріндегі әдебиеті. Көбінесе, сол замандардағы түркі ру-тайпаларына ортақ әдебиет. II. Хандық дәуіріндегі әдебиет (XV-XVIII ғасыр арасы). Қазақтың төл әдебиетінің басталауы. III. XIX ғасырдағы әдебиет. IV-XX ғасыр басындағы (1900-1920) бұқарашыл әдебиет. V. Социалистік дәуір әдебиеті [5, 12].

Қазақ халқының өткен тарихын, мәдениетін, әдебиетін кеңінен қарастырған ғалымдар әдебиет тарихын көне түркі дәуірінен бастаудың ғылыми және әдістемелік негіздерін айқындауда әдебиеттанудағы озық ғылыми тәжірибелерді терең білгірлікпен ұштастырып, көркемдік ойлаудың тарихи бастауларын дәлелдеп берді. Соның барысында әдеби дамудың тарихи сабақтастық, дәстүр мен жалғастық мәселелеріне жаңаша қарау, жаңаша зерделеудің бағыт-бағдарына түбірлі өзгерістер әкеліп, дәуірлеуге қатысты қалыпты көзқарастан арылтты. Оған кітаптың екі бөлімінде қамтылған көне түркі әдебиеті үлгілері мен жыраулар поэзиясы, сонымен қатар оларға қатысты ғылыми талдауларға түбегейлі жол салып берді. Біріншіден, Орхон ескерткіштері, «Оғуз наме», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Махмұд Қашғаридің «Дивни лұғат ит-түркі», Ахмет Игүнекидің «Хибату хақайық», сондай-ақ «Мухаббат наме», «Оғуз наме» тәрізді көне әдебиет нұсқалары

талданып, олардың қазақ тіліндегі аудармалары берілді. Екіншіден, Қазақ хандығы дәуірінің Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Бұқар жырау, Ақтамберді, Тәтіқара, Көтеш, Шал сынды ақын-жыраулардың өміріне қатысты тың деректер қамтылып, толғау-жырлары, өлеңдері ұсынылды. Сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр болған жырау тұлғасының өзіндік қасиеттері сипатталды. Үшіншіден, XIX ғасыр әдебиетінің Абыл, Ақтан, Қашаған, Аралбай ақын-жыраулардың мұралары енгізілді.

Жыраулар поэзиясының қазақ сөз өнерін еселеуге қосқан поэтикалық қуаты, эстетикалық танымы ұлттық сипатта қарастырылып, толғау-жырларының тақырыптық-идеялық өзегі елдік пен ерлік болғаны тұжырымдалды. Мысалы, «Шалкиіз жырау әдебиетіміздің тарихында өшпес із қалдырды. Ол сахара эпосын жасаушылардың бірі болды» [5, 17], «Жырау өз толғауларында халықты басқыншылармен аянбай күресуге шақырды, дұшпанға соққы берер, жеңіс күні туар сәтті армандайды. Сондықтан Ақтамберді жырларының негізгі сарыны да ерлік, азаттық үшін күрес» [5, 19], «Үмбетей шығармаларындағы негізгі бағыт – философиялық, дидактикалық сарын, өмір, болмыс туралы ойлар» [5, 19] өзге де ғылыми талдаулар мен эстетикалық бағалаулар қазақ әдебиетіндегі жыраулар тұлғасының алар орынын тануда маңызды болды.

М. Мағауиннің «Қобыз сарыны» зерттеуі жыраулар поэзиясын нақты зерттеу нысаны етіп алуымен әрі қазақтың ұлттық әдебиетінің XV-XVIII ғасырлардағы өкілдері жыраулар мұрасын кешенді талдауымен қазақ әдебиеттануындағы тың еңбек болды. Қазақ халқының азаматтық тарихын тануда және де жыраулар поэзиясында көрініс тапқан тарихи маңызды дәуірлердің болмыс-бітімін айқындауда монографиялық еңбек қоғамдық санаға айрықша ықпал жасады [6]. Әдебиет тарихын халықтың азаматтық тарихымен байланыста алуы (Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет) зерттеушінің гетерогенді принципті негізге алғанын, ал жыраулар тұлғасы (қолбасы батыр, сөз бастаған шешен, көріпкел әулие т.б.), олардың поэзиясының көркемдігін ашудағы (толғау, ой толғау, сыр толғау) әдеби-теориялық талдаулар автогенді принципті ұштастыруын көрсетеді. Бұл қазақ әдебиеттануында әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінің ғылыми негіздерінің жаңа сапалық деңгейге ойысқанын да айқындайды. Орыс ғалымы П. Н. Сакулин әдебиет тарихын кезеңдеуде ұстанатын гетерогенді принципке негізінен әдебиет тарихын халықтың азаматтық тарихымен байланыстыру, яғни саяси, қоғамдық, экономикалық факторларға сүйену тән екенін айта келіп: «Идеялық-қоғамдық өмір жағдайына негізделетін дәуірлеудің жүйесі гетерогендік сипатымен ерекшеленеді» [7, 62], – деп түйеді. Және де әдебиет тарихын дәуірлеудің ғылыми принциптерін қарастырған ғалым П. Сакулин әдебиеттің тарихын дәуірлеу гетерогенді

емес, автономды, автогенді принципке негізделуі керектігін ескертеді [7, 65]. Автогенді принцип негізінде жанрлық талдаулар талаптары басты орынға қойылады. Ғалым пікірі орынды айтылғанымен, сол тұстағы қазақ әдебиеттануы үшін әдебиет тарихын дәуірлеудің гетерогенді принципі тиімді болып табылатын еді. Өйткені идеологиялық қысымдағы ұлт тарихын тану – әдеби мұраны зерттеу және де тарихи тақырыптағы туындылардың жазылуы барысында жүзеге асқанын назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл ретте әдебиет тарихын дәуірлеудің принциптеріне байланысты пікір білдірген Е. Тілешовтің: «Әдебиеттің халық тарихымен тақырыптық-идеялық жағынан белгілі дәрежеде байланысын жоққа шығармастан, сөз өнерінің ішкі даму заңдылығы да бар екендігін, болатындығын бірінші кезекте ұстауымыз керек һәм әдебиет тарихын дәуірлеуде басшылыққа алып отыруға міндеттіміз» [8, 241], – деген тұжырым орынды айтылған. Осы тұрғыдан келгенде, М.Мағауиннің гетерогенді принциппен қатар автогенді принцип негізінде жыраулар поэзиясының көркемдігін ашудағы әдеби-теориялық талдаулар жасауы ұлт әдебиетінің өзіндік сипатын танудан туған деуге болады. Соның барысында әдебиеттануда жыраулар поэзиясы деген ғылыми атау орнықты. Зерттеуші XV-XVIII ғасырлар арасындағы хандық дәуір әдебиеті тарихын жүйелі зерттеп: «Туған әдебиетіміздің түп негізі көне дәуірге – түркі тайпалары әлі жеке-жеке халық болып жіктелмеген, ортақ мәдениет, ортақ мұра жасап жүрген кезеңге барып тіреледі. Ал туыстас түркі руларының бір тобы қазақ деген атпен бөлініп, өз мемлекетін құрумен байланысты, XV ғасырдың орта шенінен бастап дербес, қазақ атымен аталатын әдебиет аренаға шығады» [6, 151-152], – деп дәстүр сабақтастығының тамыры тереңде жатқанын түйеді. Әдеби дамудағы жыраулар поэзиясындағы жанрлық түрленулер Шал ақын шығармашылығы негізінде дәлелденіп, реалистік әдебиетке ойысудың табиғаты зерделенді.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуді ғылыми негіздеу осы бағыттағы зерттеу еңбектерінің желісін үзбей жалғастырылуымен де сабақтаса өрбіді. Атап айтқанда, «Алдаспан» (1971), «Ақберен» (1972) жинақтарының жарық көруі Б.Кенжебаев концепциясының нақты жүзеге асуы болатын. Ол көне мұра нұсқаларын жариялауда «Ертедегі әдебиет нұсқалары» хрестоматиясында алғаш жүзеге асса, М. Мағауиннің құрастыруы, алғы сөзімен жарық көрген «Алдаспан» атты жинақта XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалары жүйеге келтіріліп, тұңғыш рет басылды. Жинақтың «Қадым заман куәгері» алғы сөзінде М. Мағауин: «Орхон-Енисей жазулары әдебиетіміздің басы болса, одан соңғы дәуірлерде «Оғызнама» (IX ғ.), «Қиссас-үл-әнбия» (XI ғ.), «Мұхаббатнама» (XIII ғ.), «Кодекс Куманикс» (XIII ғ.) тәрізді жазба әдеби мұралар жасалды, Хожа Ахмет Ясауи (XII ғ.), Сүлеймен Бақырғани (XII ғ.), Сейф Сарай (XIV ғ.)

сияқты қаламгерлер еңбек етті» [9, 5], – деп көне әдебиет нұсқаларының жазба әдебиет бастауындағы маңызын тұжырымдады. Жыраулар поэзиясының қайталанбас ұлттық сипаттағы қасиеттері эстетикалық тұрғыдан бағаланып, ұлт поэзиясының көркемдік дамуындағы жанрлық бітімі байыпталды. Ал Қ. Сыдықовтың құрастыруымен, алғы сөзімен жарық көрген «Ақберен» жинағында XVIII-XX ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының ғылыми зерттеу мен рухани арнадан тыс қалып келген мұралары қамтылды. Жинақтың алғы сөзінде Қ. Сыдықов: «Ғасырлар қалтарысындағы асыл мұраны аялай қарап, оның таңдаулы үлгілерін жариялап отыру, халықтың биік мұратын толғаған ақын, жыраулар дәстүрі біздің дәуірімізге қалай ұласып, дамығанын көрсету – ұрпақ алдындағы парыз» [10, 6], – деп жазады. Көркемдік дамудың дәстүр ұласуын тануда әдеби мұраларының орыны ерекше болып табылатын Абыл, Есет, Қашаубай, Қалнияз, Сүгір, Қашқынбай, Нұрым, Құлманбет, Қашаған, Шәйтін, Досжан, Білек, Ақтан, Қубала, Аралбай, Өскінбай, Өмір сынды барлығы он жеті ақын, жыраулардың туындылары берілді. «Алдаспан» және «Ақберен» жинақтарының жарық көруі қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеудегі маңызды ғылыми мәселелердің бірі – ақын, жыраулар шығармаларына деген ғылыми негізсіз күмәндардан арылтып, олардың авторлығы сақталмаған деген мәселедегі даулы түйіндерді шешіп берді. Ол фольклорлық мұраға танылып келген әдебиет нұсқаларын жаңаша байыптау деген мәселелерге де қозғау салды. Мәселен, М. Дүйсенов «Фольклор ма, әдебиет пе?» атты полемикалық мақаласында «Фольклорды ауыз әдебиеті мағынасында қолдану ғылыми жағынан теріс» деген пікір білдірді [11]. Ғалым мақаласы жыраулар поэзиясының өзіндік табиғатын тануда оны фольклорлық заңдылық тұрғысынан екшеуге болмайтынын көтеруімен маңызды. Ал Б. Алдамжаров «Тарих қойнауына көз салсақ» мақаласында көне түркі әдебиетін 1. Көне түркі әдебиеті (VI-X). 2. Орта ғасырдағы классикалық түркі әдебиеті (X-XVI) деп үлкен екі дәуірге бөліп, оларды іштей бірнеше салаға жіктейді. Бірінші дәуір аясында көне ұйғыр жазбалары (манихей, будда ескерткіштері, заң документтері), көне түрік жазбалары (Орхон-Енисей, Талас жазулары және басқалар) қаралса, екінші дәуір аясында чигиль-қарлұқ-ұйғыр тіліндегі әдебиет («Құтты білік»), Оғыз-қыпшақ тіліндегі әдебиет («Кітаби Дадам Қорқыт», «Негдж ұль-фарадис», «Хосров уа Шырын», «Қысса ұль-әнбия», «Махаббатнама», «Диуани хикмет» т.б.), шағатай тіліндегі әдебиет («Юсуф Зулейха», «Ревнак ұль-ислам», «Саккаки Лұтфи, Юсуф Өмір, Науаи, Бабыр Мұхамед Салих шығармалары»), Ноғай-Қырғыз-Қыпшақ тіліндегі әдебиет (Сыпыра жырау, Кетбұға жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шәлкиз жыраулар, Ноғайлы дәуірінде туған эпостар), араб тіліндегі түркістан әдебиеті, парсы тіліндегі түркістан әдебиеті [12]. Б. Алдамжаров мақаласының маңызы хронологиялық тұрғыда көне дәуірден бастап қазақ хандығы дәуіріне

дейінгі әдебиет нұсқалары мен жыраулар мұрасын ауқымды қамтуында, әдебиет тарихында зерттелуі тиіс әдеби-тарихи арналарды зерделеуінде.

80-жылдардың басында «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (1983), «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» (1983) зерттеулер жинағы жарық көрді. «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» атты зерттеулер жинағында Б. Ақмұқанованың «Тауарих хамса» және қазақ әдебиеті», «Поэзиядағы өмір көріністері», Ө. Дербісалиннің «Толғау жанры туралы», С. Дәуітовтің «Марғасқа жырау», «Тәтіқара жырау», М. Жармұхамедовтің «Жыраулық поэзияның даму ерекшеліктері», «Бұқар Қалқаманұлы», Ө. Күмісбаевтың «Шал Құлекеұлы», «Ақтамберді Сарыұлы», «Үмбетей Тілеуұлы», Қ. Сыдықовтың «Ақын, жыраулар мұрасының көркемдік ерекшеліктері», «Шәлкиз Тіленшіұлы», Ж. Тілеповтің «Поэзиядағы өмір көріністері», Г. Тұрсынованың «Бір халық өлеңі хақында» атты мақалалары берілді [13]. Олардың әдебиеттанудағы маңызын айта отырып, көне әдебиет тарихының зерттелуі мәселесіндегі зерттеушілік ой-пікірге қатысты даулы тұстары да болды. Бұған қатысты Б. Кенжебаев «Әдебиет тарихын зерттеудің кейбір мәселелері» атты мақаласында: «Жоғарыда аталған еңбектерді жазған авторлар ғылыми этикаға жат мінез көрсетті. Олар біздің көне дәуір әдебиеті жайлы концепциямызға қосылатын да секілді, қосылмайтын да секілді. Олар өте қиын жағдайда жасалған ерте дәуір әдебиетін зерттеушілер еңбегін мүлде көргісі, мойындағысы келмейді. Бұл салада ештеңе істелмеген еді, соған енді біз кірісіп жатырмыз деп әдейі шапқа түртеді. Екіұшты пікір айтып оқушыны әдейі адастыруға тырысатын секілді» [14, 49], – деп жазды. Шындығында «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» зерттеулер жинағының аннотациясында ғана емес, алғы сөзінде де түркология, көне дәуір, XV-XVIII ғасырлардағы әдебиет тарихының түбірлі қарастырылуында шешуші қадамдар жасаған

Ө. Қоңыратбаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, А. Қыраубаев, Қ. Сыдықов, Ш. Ыбыраев сынды ғалымдар еңбегі принципті бағаланғаны жоқ. Кітаптың алғы сөзіндегі Ө. Дербісалиннің: «Демек, XV-XVIII ғғ. поэзиясы түбегейлеп, тұтас зерттелмегені болмаса, өткен ғасырдың орта тұсынан бастап ол жайында әр алуан пікірлер, ойлар айтылып келеді» [13, 5], – деген пікірі Б. Кенжебаев атап өткеніндей екіұшты ойға қалдырғаны анық. Бұл ретте Б. Кенжебаев ұлттық әдебиеттануда күрделі де маңызды ғылыми тақырыптарымен жаңа деңгейге көтерген Ө. Қоңыратбаевтың «Қазақ эпостарының көне көріністері», М. Жолдасбековтің «Тастар сөйлейді», А. Қыраубаеваның «Махаббат нама», «Хисса-сұл әнбия», Ш. Ыбыраевтың «Қорқыт ата кітабының поэтикасы» атты зерттеулерінің түрлі себептермен жарыққа шықпай отырғаны, Б. Сағындықов, Ш. Керімов сынды көне әдебиет мамандарының еңбектерін бағаламаудан туындап отырған келенсіздіктер ғылымды кері кетіретінін қынжыла айтады.

Қорыта келгенде М. Мағауиннің «Қобыз сарыны» зерттеуі халқымыздың тарихын және де елдік пен ерлікті жырлаған жыраулар мұрасын тануда тұтас әлеуметтік санаға төңкеріс әкелді. Ғалым әдебиет тарихын халық тарихымен байланыста алуда гетерогендік принципті ұстанса, жыраулар поэзиясының көркемдігін талдауда автогенді принципті ұштастырды. Ол қазақ әдебиетінің өзіндік сипатының табиғатын танудан туған ғылыми ұстаным болатын. Соның барысында әдебиеттануда жыраулар поэзиясы деген ғылыми атау түпкілікті орнықты. Өз кезегінде «Алдаспан», «Ақберен» жинақтарының жарық көруі Б. Кенжебаев концепциясының іс жүзінде жүзеге асуын тағы да бекіте түсті. Ал Б. Кенжебаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» еңбегі ғалымның әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесіне қатысты ғылыми ұстанымына деген принциптілігін көрсетумен қатар ұлт әдебиеттануы мен отандық тарихының мерейін еселейтін мұратына берілген тұлғасын мойындатты.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Дербісалин, Ә.** Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. – Алматы : Ғылым, 1966. – 311 б.
- 2 **Нұрқатов, А.** Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы : Жазушы, 1966. – 345 б.
- 3 **Сүйіншәлиев, Х.** Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы : Қазақстан, 1967. – 358 б.
- 4 Үш ғасыр жырлайды (Революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары). Құрастырған және алғы сөзін жазған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы : Ғылым, 1965. – 322 б.
- 5 Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Құрастырған Кенжебаев Б., Сүйіншәлиев Х., Жолдасбеков. М., Мағауин М., Сыдықов Қ. – Алматы : Мектеп, 1967. – 207 б.
- 6 **Мағауин, М.** Ғасырлар бедері. – Алматы : Жазушы, 1991. – 432 б.
- 7 **Сақулин, П. Н.** Филология и культурология. – М. : Высшая школа, 1990. – 240 с.
- 8 **Тілешов, Е.** Суреткер және көркемдік әдіс. – Алматы : Арқа, 2005. – 278 б.
- 9 **Мағауин, М.** Қадым заман куәгері // Алдаспан. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. Құрастырған, алғы сөзін, түсініктемелерін жазған М. Мағауин. – Алматы : 1971.
- 10 Ақберен. XV-XX ғасырдағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. Құрастырып, баспаға әзірлеген, алғы сөзін жазған Қабиболла Сыдықов. – Алматы : Жазушы, 1972. – 220 б.

- 11 **Дүйсенов, М.** Фольклор ма, әдебиет пе ? // Қазақ әдебиеті, 1972. 2 шілде.
- 12 **Алдамжаров, Б.** Тарих қойнауына көз салсақ // Қазақ әдебиеті, 1972, 3 мамыр.
- 13 Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті (Зерттеулер). – Алматы : Ғылым, 1983. – 360 б.
- 14 **Кенжебаев, Б.** Әдебиет белестері. – Алматы : Жазушы, 1986. – 400 б.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

С. Б. Жумагулов¹, А. Б. Жумагулов²

Изучение литературы эпохи Казахского ханства

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н Гумилева, г. Астана;

²Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

S. B. Zhumagulov¹, A. B. Zhumagulov²

The study of the Kazakh Khanate literature

¹L. N Gumilyov Eurasian National University, Astana;

²E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.

Material received on 29.11.16.

В этой статье рассматриваются изучения наследия жырауов в XV-XVIII веках которая является началом национальной литературы.

This article discusses the study of heritage of zhyraus in the XV-XVIII centuries, which is considered as the beginning of the national literature.

О. А. Жумадилаева¹, Г. О. Рахимбекова²

¹п.ғ.к., доцент, шетел тілдері кафедрасы, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Астана қ.; ²п.ғ.к., меңгеруші, шетел тілдері кафедрасы, С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Астана қ.
e-mail: damelia07@mail.ru

ТІЛДІК ЕМЕС ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ КӨП ТІЛДІ ОҚЫТУ ТОПТАРЫНДА ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ

Ұсынылып отырған мақалада тілдік емес жоғары оқу орындарының көптілді оқыту топтарында шет тілін оқыту барысында студенттер мен магистранттардың сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастыру және дамыту жолдары қарастырылған. Сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастырудың үш фазасы беріледі, «Биотехнология» мамандығы бойынша оқитын магистранттармен оны ары қарай дамыту мақсатында, берілген тақырыпқа орындалған түрлі тапсырмалар ұсынылады.

Кілтті сөздер: сын тұрғысынан ойлау, ой тұжырымы, талдау, бағалау, мәселені (проблеманы) шешу, пікір сайыс.

КІРІСПЕ

Қазіргі заманда жоғары оқу орындарында білім беру, оның ішінде, шет тілін оқыту ақпараттық технологияларды кеңінен қолдана отырып жүргізіледі. Бұл тек жаңа техникалық құралдарды пайдалану ғана емес, сонымен қатар, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін, оқыту процесінің жаңа тәсілдерін қолдану. Тілдік емес жоғары оқу орындарының көптілді оқыту топтарында шет тілін оқытудың негізгі мақсаты – шет тілінде мәдениаралық қарым-қатынасқа қатысуға қабілетті, мәселені талдап, әр түрлі пікірлерді салыстыра отырып, өз ойын толық жеткізе алатын студенттің тұлғасын қалыптастырып, дамыту.

Жас ұрпақтың қазіргі заманның талабына сай ойлау қабілетін қалыптастыру (таңдау жағдайында өз міндетіне алып жауапты шешім қабылдау, болжам жасау) Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасында» алға қойған міндеттердің бірі. Бұл міндетті шешудің бір жолы – болашақ маманның сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту. Білім беруді ізгілендіру, сын тұрғысынан ұғынуды талап ететін ақпарат кеңістігінің ұлғаюы, оқу материалын зерттеп, ізденіп, талдау жасап, шығармашылық тұрғыдан қайта өңдеуге көмегі тиетін жаңа технологияларды қолдануды, оқыту процесін қарқындыруды талап етеді.

Шет тілін оқыту барысында, студенттің интеллектуалды ептілігін мақсатты түрде дамытудың тиімді тәсілдерінің бірі – «Сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту» технологиясы болып табылады. Ол студенттің өз ойын жеткізе алу, пікірін жинақтау және мәселені талдап, оны шешу, оқытушының көмегінсіз, өздігінше оқу (академиялық құзырлық), өз бетінше шешім қабылдау сияқты қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді [1].

Сын тұрғысынан, немесе, сыни ойлау дегеніміз – ақпаратты алумен басталып, өз позициясын қалыптастыра отырып шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі ойлау процесі, ақпаратты логикалық тұрғыдан талдай алу, стандартты және стандартты емес жағдайларда өз бетінше дәйекті шешім қабылдай алу.

Сыни ойлау тәсілдерін қолдана отырып шет тілін үйрену дегеніміз студенттің ақпаратты іздестірудегі белсенді танымдық әрекеттері ғана емес, сонымен қатар, оны талдау, ұғыну, бағалау, түрлі пікірлерді салыстыру, өз пікірін дәлелдеп, қорғау, қорытынды шығару, мәселені шешу мүмкіндіктерін жорамалдау [2].

Шет тілін оқыту сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастырудың таптырмас құралдарының бірі деуге болады, себебі тілді үйрену дегеніміз, негізінде, қойылған мақсаттан алынатын нәтижеге дейінгі әрекеттер процесі, яғни ол білімді жинақтау кезеңінен оны өмірдің кез-келген жағдайында еркін қолдану кезеңіне өтуге мүмкіндік береді. Қазіргі кездегі шет тілін оқыту үрдістері грамматикалық ережелер мен лексикалық бірліктерді белгілі бір көлемде ғана үйрету емес, сонымен қатар, сол алған білімді қолдана алу дағдысын дамытуды білдіреді. Тілді жоғары деңгейде меңгерудің негізгі белгісі – қатынас жасау ситуациясына баға беріп, талдау жасау, өз пікірін білдіре алу.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастыру процесі үш фазадан тұрады:

1. Мағыналық кезең. Бұл – алған білімді белсендіру, жаңа мағлұматқа деген қызығушылық туындайтын, білім алуда өз мақсатын айқындау кезеңі. Мысалы, студенттерге тірек сөздер мен сөз тіркестерін және суреттерді ұсына отырып, әңгіме құрастырту, немесе білім деңгейі жоғары студенттер болса, сөздер мен суреттердің орнына кесте (таблица), кластер, не графикалық

жүйе ұсынуға болады. Бұл кезеңде ақылмандар сарабы (мозговой штурм), проблемалық сұрақтар, шиеленіскен логикалық тізбектер, дұрыс және бұрыс пайымдаулар сияқты тапсырмаларды орындаған тиімді.

2. Жүзеге асыру кезеңі – алған жаңа мағлұматты ұғыну. Студент алған жаңа білімін ұғынып, осының негізінде өзіне қойған талаптарына, мақсаттарына түзету енгізетін кезең.


3. Рефлексия – ойлану, жаңа білімнің туындауы, алған білімнің негізінде өзіне жаңа мақсаттар қою, оны жүзеге асыру, яғни үш фазаны қорытындылау кезеңі. Бұл кезеңде алған барлық мағлұматтардың өзара себеп-салдарлық байланыстарын анықтау, өзекті сөздер мен сөз тіркестеріне, дұрыс және бұрыс пайымдауларға қайта оралу, «дөңгелек үстел», түрлі пікірсайыстар ұйымдастыру, шығарма жазу, өз бетінше зерттеу жүргізу, презентация жасау сияқты тапсырмалар орындалады [3].

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің көптілді оқыту топтарында шет тілін оқыту барысында сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастырып, дамытуға бағытталған тапсырмалар, студенттер мен магистранттардың тілді үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативті шеберлікті қалыптастыру, яғни тіл меңгеру құралдары мен дағдыларын игеру, оларды сөйлеу, тыңдалым, оқу және жазылым процестерінде қолдануға бағытталған тапсырмалар негізінде құрастырылады.

Төменде «Биотехнология» мамандығы бойынша көптілді оқыту тобында оқитын магистранттарға «Генетикалық өзгертілген өнім» тақырыбын өту барысында қолданылған біршама тапсырмалар ұсынылып отыр. Олардың бірсыпырасы дәстүрлі, күнделікті қолданылатын тапсырмалар болып көрінуі мүмкін, бірақ мұнда ең бастысы, тапсырманың қай формада берілгені емес, идеяның, пікірдің туындауына алып келетін ойлау процесі маңызды болып саналады, яғни қойылған сұраққа дереу жауап алудан көрі алдын-ала пікірсайыстар, талқылау, ақылмандар сарабы сияқты т.б. тапсырмаларды орындау нәтижесінде дұрыс жауапқа келген маңыздырақ.

1. Тұжырымдылық шеңбері

Мағыналық кезеңде қолданған тиімді. Магистранттар «шеңбердің» ортасында берілген сөзге синонимдер, немесе мағынасы жағынан ұқсас сөздер тауып жазулары қажет. Мысалы:



Сурет 1

2. Сөзтізбе

Мағыналық кезеңде қолданылатын, алған білімді белсендіріп, сөйлеу белсендігін арттыруға мүмкіндік беретін тағы бір жан-жақты тапсырма. Берілген әр тірек сөзге алынған тақырыпқа байланысты сол әріптен басталатын зат есімдерді (етістіктер, сын есімдер, тұрақты сөз тіркестерін) таңдап алып жазу керек. Шындығына келгенде, бұл кішігірім зерттеу жұмысы деуге болады, сондықтан сабақ барысында басталып, үй тапсырмасы ретінде орындалады. Мысалы:

Transgenic

T – transgenosis, term, treatment, triumph, trust, tasteful, total, temporal, to taste, to transfer, to treat, transgenic products, take care of, test of general homogeneity, theory of genasthenia

Gene

G – geneticist, genome, germ, gelled, genetous, to get a patent, to give preference, gene conversion, gene product to gene equilibria hypothesis, genetical relatives, genetically modified food

Chromosomes

C – capacity, cell, careful, to cause, to check, to choose, to carry out, to cause difficulties, cautious approach, cell cycle, change in form, characteristic features, chromosome number, chromosome thread

Foodstuff

F – fast-food, food, fat, fatty, fermented, to feed, familiar with, feeding stuff, first milk, food industry, food processing, food-born disease, fresh food, fried potatoes, frozen products

3. Күрделі және қарапайым сұрақтар

Күрделі және қарапайым сұрақтар кестесін берілген үш фазаның кез келгенінде қолдануға болады. Егер бұл тәсілді бірінші мағыналық кезеңде қолданатын болсақ, онда сұрақтар тақырып бойынша мәтінге байланысты, яғни мәтінде нақты жауаптары бар сұрақтар болады. Қарапайым сұрақтар дегеніміз нақты фактілерді білуді талап ететін сұрақтар, ал күрделі сұрақтар толық жауапты, материалдың мән-мағынасына зейін қойып, ойлануды талап етеді. Кестемен жұмыс барысында, сол бағанасына қарапайым қысқа жауапты талап ететін сұрақтар, ал оң бағанасына жан-жақты, толық жауапты талап ететін сұрақтар жазылады. Барлық сұрақтарға жауап берілгеннен кейін, мәтінді оқып, немесе тыңдап, өз жауаптарының дұрыс-бұрыстығына көз жеткізуге болады. Материал мазмұнын ұғыну кезеңіне байланысты бұл тәсіл берілген жауаптарды тиянақтау үшін оқылым, не тыңдалым кезінде қолданылады, ал рефлексия кезеңі өткен материалды түсінгендігін көрсету үшін қолданылады. Рефлексия кезеңінде тағы 3-4 күрделі және қарапайым сұрақтарды құрастырып, оларды кестеге енгізу

қажет, оларды жұптаса отырып талқылап, ең қызық дегендері бүкіл топқа қойылады.

Мысалы:

Кесте 1

What is Genetically Modified Organism? Do you think there is enough information openly available about genetically modified foods? Do you believe genetically modified food can have a negative impact on consumer's health?	What are the advantages and disadvantages of the genetically modified food? Do you consider genetically modified foods environmentally safe? Why? Is it ethical that large corporations control (have patents) on genetically modified foods? Why?
--	--

4. Инсерт (INSERT) әдісі

2 Кесте – Interactive Note-taking System for Effective Reading and Thinking (INSERT)

✓	-	+	?
Record information and ideas that confirmed what you knew as you read the text	Record information that contradicts what you thought you knew as you read the text	Record information that was new to you	Record questions you have or ideas that were confusing to you
1. 2.	1. 2.	1. 2.	1. 2.

Бұл әдіс материалды тиімді түрде оқып ұғынуға арналған белгілер жүйесінен тұрады. Мәтінді оқу барысында студенттер оның шетіне келесі белгілерді қойып отырады: егер оқып отырған сөйлемдегі, не абзацтағы мағлұмат таныс болса, оның жанына «✓» белгісі қойылады; егер мағлұматпен келіспесе «-» белгісі қойылады; егер оқып отырған мағлұмат жаңалық болса «+» белгісі қойылады, ал егер түсініксіз болса, немесе ол туралы тереңірек білгісі келсе «?» белгісі қойылады. Мәтінді оқып болғаннан кейін, студенттер жоғарыда берілген Инсерт кестесін толтырады. Алдымен, 1-ші бағанды мәтіннің басынан аяғына дейінгі мағлұмат бойынша толтырады, сосын 2-шісін, т.с.с. Содан кейін топқа бөлініп, пікірлерімен бөліседі, түсініксіз жерлерін талқылайды.

5. Келесі тапсырма - тақырыпқа байланысты жаңалықтың аудиожазбасы тыңдалып, кестені (3 Кесте) толтыру (берілген сұрақтарға жауап беру) және өз пікірімен бөлісу.

Кесте 3

What are the causes of the event?	What are the consequences of the event?	What are the possible ways of solving the problem?

6. Тапсырма – генетикалық өзгертілген өнімдер және оларға байланысты проблемалар туралы газет мақаласын оқып, кестені толтыру (4 Кесте) және өз еліңіздің өкіметі тұрғысынан және АҚШ елінің өкіметі тұрғысынан мақалаға түсініктеме беру.

Кесте 4

The Kazakhstan government's view on: 1) transgenic products 2) their advantages and disadvantages 3) their quick expansion in the world 4) people's fear of using GMO 5) companies producing GM products	The US government's view on: 1) transgenic products 2) their advantages and disadvantages 3) their quick expansion in the world 4) people's fear of using GMO 5) companies producing GM products
---	---

7. Искерлік ойын.

Тапсырма – берілген жағдайды ойнап көрсету: Өз әріптесіңізді генетикалық өзгертілген өнім туралы келісім-шартқа қол қоюға көндіріңіз. Өз ұстанымыңызды дәлелдейтін аргументтер беріңіз. Контраргументтерді жоққа шығарыңыз (5 Кесте).

Кесте 5

Arguments for	Arguments against
1. ... 2. ...	1. ... 2. ...

Жоғарыда берілген тапсырмалардың бесеуінде кесте толтыру қажет. Бұл проблеманы дәлірек анықтауға, оны жан-жақты талдауға, тақырып бойынша логикалық және дәлелді тұжырымдама жасауға мүмкіндік береді.

8. Пікірсайыс – ең сәтті, әрі кеңінен қолданылатын тәсілдердің бірі – белсенді ойлау әрекетімен тығыз байланысты ұжымдық іс-әрекеттің ерекше формасы. Пікірсайыс арқылы оқытушы студенттерге (магистранттарға)

сөйлеуге, өз ойларын жеткізуге итермелейтін түрлі жағдайларды (ситуацияларды) ұсынады және талқыланып отырған сұрақтар бойынша өз түсініктерімен, пікірлерімен бөлісуге мүмкіндік береді.

9. Тапсырма – берілген проблема бойынша өз жобаңызды дайындап тапсырыңыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Негізінде, жоба мұқият дайындықты талап етеді, сондықтан оны тақырып бойынша жұмыстың қортынды кезеңінде ұсынған жөн. Жобаны жеке емес топпен жүзеге асырғанда жақсы нәтижеге жетуге болады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы қажетті мағлұматты іріктеп алу, жеке пікірін қалыптастыру, дәлдемелерді логикалық жүйеде беру, маңызды және қарапайым пікірлерді ажырату, алынған мағлұматқа түсініктеме беру сияқты дағдыларды қалыптастырып дамытуға бағыттылған. Бұл технология интерактивтік сипатымен ерекшеленеді, сондықтан да ол шет тіліне деген қызығушылықты арттырады, студенттің ойлау қабілеті мен коммуникативтік дағдыларын дамытады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының ролін түсініп, оны дұрыс қолдана білу – оның өзектілігі мен болашағы зор екендігін және оны оқытудың барлық кезеңдерінде мақсатты түрде қалыптастырып дамытудың қажеттігін білдіреді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Гулая, Т. М., Герасименко, Т. Л.** Использование технологии «Развитие критического мышления» в процессе обучения профессионально-ориентированному деловому английскому языку // Вестник МГГУ им. М. А. Шолохова. «Педагогика и психология», 2014. № 1. – С. 54-60.

2 **Варенина, Л. П.** Эффективность смешанного метода обучения иностранному языку в неязыковом вузе // Вестник МГГУ им. М.А. Шолохова. Сер. «Педагогика и психология», 2012. № 2. – С. 48–52.

3 Critical Thinking Definitions // Isites.harvard.edu. [Electronic resource]. – URL: http://isites.harvard.edu/fs/docs/icb.topic204027.files/01_Critical_Thinking_Definitions_and_Context.pdf (дата обращения: 15.04.2016).

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

О. А. Жумадиллаева, Г. О. Рахимбекова

Применение и развитие технологии «Критического мышления» в процессе обучения иностранному языку в полиязычных группах неязыкового вуза

С. Сейфуллин атындағы
Қазақ агро-техникалық университеті, Астана қ.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

O. A. Zhumadillayeva, G. O. Rakhimbekova

Implementation of «Critical thinking» technology in polylingual groups of non-linguistic universities

S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana.
Material received on 29.11.16.

Статья посвящена вопросам практического применения технологии «Развитие критического мышления» в процессе обучения профессионально-ориентированному английскому языку в неязыковом вузе для подготовки специалиста, способного постоянно повышать свой интеллектуальный уровень. Представлены методические разработки для магистрантов специальности «Биотехнология».

The article is devoted to the importance and implementation of «Critical Thinking» technology in teaching English in polylingual groups of non-linguistic universities. Its goal is to train a professional to benefit from skillful application of IT learning tools. Some methodical instructions are presented for postgraduates of «Biotechnology» specialty. The use of the above technology enhances the learning motivation of students, provides them with possibilities to realize their intellectual and creative potential and contributes to the effective professional training.

N. K. Zhussupov¹, M. N. Baratova²

¹doctor of philological sciences, professor; ²candidate of philological sciences, professor, S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar
e-mail: ¹nartai1970@mail.ru; ²baratova.muhabbat1970@mail.ru

MASHKHUR ZHUSSIP'S IDEAS AND VIEWPOINTS

This article explores the ideas and viewpoints of Mashkhur Zhussip.

Keywords: Kazakh literature, folklore, ideas, viewpoints, collecting activity.

INTRODUCTION

When we talk about the formation of Kazakh literature, we want to point out the fact that if compared to his colleagues such as Sh. Ualikhanov, V. Radlov, A. Divayev, Mashkhur Zhussip's work has many peculiar features. Well conversant with both Occidental and Oriental literature, fluent in Arabic, Persian, Russian, ancient Turkic languages, Mashkhur Zhussip travelled all over Kazakh lands during the end of XIX and the beginning of XX centuries. That is why he managed to find more samples of Kazakh literature and make their thorough analysis. After the investigation of 15-20 volumes left by Mashkhur Zhussip we found the following distinguished characteristics: firstly, Mashkhur did not confine himself to just giving the plot or short summary of the story, he tried to preserve their initial state, tried to give their full version; secondly, he wrote down the words taking into consideration the rules of pronunciation. He paid great attention to melodiousness and quality of the sound, because he knew that different sound combinations and their accordance influence the whole text. Thus, we can say that he also made his contribution into phonetics of Kazakh language; thirdly, he always indicated the source of the folklore sample, who, when and in what circumstances had given it. Thus, the historical and ethnographic, et cetera significance of the works by Mashkhur Zhussip is doubtless. Fourthly, Mashkhur Zhussip, who was versed in history, culture, traditions and customs, wrote down his own evaluations and observations concerning the collected materials. All these show that the author performed great work researching, selecting and analyzing.

MAIN PART

There are three sources that influenced the life of Mashkhur Zhussip and made him a prominent scholar in the study of folklore. First - the literature and folklore of his country, second – the progress made by the medieval Occidental scientists. Third – the Occidental culture and literature, the influence of Russian scholars.

From the medieval occidental scientists he adopted the methods, which were the most appropriate for Kazakh nomadic life, for example, numbering the pages to prevent them from being lost or writing the last word from the previous page on the top of the next one for the same reasons, etc.

All stated above is considered the characteristic feature of Mashkhur Zhussip collection activity.

It is clear that such Russian scholars and collectors as V. V. Radlov and G. N. Potanin greatly influences the creation work of Mashkhur Zhussip.

During the collection of folklore samples Mashkhur Zhussip relied on certain collection principles. They arose from the author's enlightening-democratic views. The most important fact: Mashkhur Zhussip considered folklore to be the valuable heritage that should not be changed or corrected. He always adhered to that rule. That is why he showed who and when had given him the samples. Even if it is a short story like the one that begins with the words «Bir bai bolypty». Mashkhur Zhussip said that the story had been told him by Saqqulaq sheshen, the title of the story is «Semiz ishan» [1].

The explanations given by Mashkhur Zhussip are notable for their precision and verisimilitude. For example, in the story about Shon bi the following information is given: «Qusain, the son Aidabol Poshtai, Qaqabai, the son of Qarakesek Alshynbai, Zhantemir, the son of Qarzas Erkebulan are the children who were born in the year of Shon's death» [2].

In the story «Az Aiteke» Mashkhur Zhussip elucidated the meaning of several Kazakh sayings. Such mistakes as the lack of attention to the identity of the folklore bearer or the correction of the folklore texts are close to naught in the manuscripts by Mashkhur Zhussip. He always adhered to the principle of telling who, when, where and in what circumstances had given him the folklore sample, in other words presented the readers with the «passports» of the stories.

He always selected those stories that had some unstrucive meaning, that would influence the environment, would awake people to the sense of duty. They also contained the message he wanted to convey to his contemporaries and descendants. That is why he used to find out the origin of every text. For example, let us take the story «Malshy Altai» [3]. In this story Altai, the son of Quandyq grazed the horses of Pisppekbai, a local rich man. Grateful to his faithful service and having noticed his humanness and decency Pisppekbai decided to give his daughter Baibike to Altai without any bridewealth. The descendants of Altai and Baibike formed the «Upper Altai».

After Baibike passed away Altai married Pisppekbai's another daughter Aqqoian. The children that were born in this alliance originated a new tribe the «Lower Altai». The moral of the story is as follows: if the person works hard nothing is impossible. Mashkhur Zhussip considered that story a good example for

young people. Let us now draw our attention to another story «Turmys zhaiynda bolgan khabarlar» [4]. This story depicts Alshyn Qarazhigit bi from the Lesser Horde, whose whole tribe lost all its cattle during the jute. In order to find the way out of that situation, he sends his only son to Uisin Tole bi. His son gathers his comrades and sends them to the corners of Kazakh land to find the provisions. Everyday these young people bring the food for their tribe and do not let their people die. In three years the tribe acquires its former state. If asked why Mashkhur Zhussip had decided to publish the story (1890, 9), he gave the explanation at the beginning of the composition: «To a distinguished editor, happy new year, may our newspaper flourish and thrive...» Further he expressed his gratitude to the newspaper that enlightens the minds of thousands. He emphasized the necessity of working for the benefit of the others [5].

In the story «Abylai tusyndagy zan-zhoralgylar» («Code of laws that was in the time of Abylai» gave a vivid description of different crimes and the system of their punishment [6].

CONCLUSION

Such stories show that in Kazakh society a great role was played by biys, who were famous for their noble deeds.

Taking into consideration all said above, we can make the conclusion that Mashkhur Zhussip did not collect the folklore samples only for instructive purposes, but also wanted to express his own point of view. He thought that folklore reflected the consciousness of people. That proves that Mashkhur Zhussip was a collector and researcher at the same time.

REFERENCES

- 1 The information can be found at the «family archive».
- 2 **Кореев, М. Zh.** Selected comp. 2 vol. – Almaty : Gylym, 1992. – p. 91.
- 3 Dala ualaiaty gazetі, 1894, # 6.
- 4 The same, 1890, # 9.
- 5 DUG (new edition was compiled by Subkhanberdina U.), A., Gylym, 1989, – p. 161.
- 6 The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts: folder # 1170, – p. 751-759.

Material received on 29.11.16.

Н. Қ. Жүсіпов, М. Н. Баратова

Мәшһүр Жүсіптің идеялары мен көзқарастары

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Н. К. Жусупов, М. Н. Баратова

Идеи и точки зрения Машихур Жусипа

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

*Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіптің идеялары мен көзқарастары
жан-жақты қарастырылады.*

*В данной статье рассматриваются идеи и точки зрения Машихур
Жусипа.*

ӘОЖ 8 82.151.212.2

А. Ф. Зейнулина

ф.ғ.к, профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университеті, Павлодар қ.
e-mail: akbura66@mail.ru

ИЛІЯС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТТЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

*Аталмыш мақалада Илияс Есенберлиннің тарихи романдарындағы
ұлттықтаным мен тарих шежіресінің көркемдік сипаты қарастырылады.
Жазушының тарихи кейіпкерлер бейнесін сомдаудағы шеберлігі мен
көркем шығармаларда берілу көрінісіне талдау жасалынады.*

*Кілтті сөздер: ұлттық рух, тарихи роман, жазушылық шеберлік,
ұлттық сана, көркемделген тарих, тарихи бейне.*

КІРІСПЕ

Тарих пен көркем шығарманың арақатынасын ашу – ежелден назар
аударылып келе жатқан ғылыми көкейкесті мәселе. Ол жөнінде алғаш

тереңірек сөз қозғаған Аристотель болатын. Ол өзінің поэтикасында былай деп жазады: «Ақынның мақсаты – шынымен болғанды емес, не болуы мүмкін, мүмкіндіктен әлде кездейсоқтан ба, міне, осыны жеткізу. Тарихшы мен ақынды бір-бірінен өлең өлшемін қолданады, ал екіншісі қолданбайды деп ажыратпаймыз: осыған Геродоттың шығармаларын жатқызуға болар еді, сонда ғана олар өлшеулі, болмаса өлшеусіз тарих болған еді; бірақ олардың айырмашылығы мынада: біріншісі өмірде болған оқиғаны айтса, екіншісі болуы мүмкін болған оқиғаны айтады. Сондықтан да поэзияның ерекшелігі – ол тарихқа қарағанда маңызды әрі философиялық мәні бар нәрселер жайлы, ал тарих жалпы халық жайлы айтады» [1, 67-68-66].

Еліміздің болашағы жастардың жан-жақты дамуы үшін тарихи шығармаларды, романдарды оқыта отырып, оларды талдап, жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімдерін қалыптастырудың рөлі ерекше. Сондықтан тарихи романдар арқылы жеке тұлғаны Отанын, туған жерін сүйетін азамат етіп тәрбиелеуіміз бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шыңғыс хан дәуірінен басталып Кенесарымен аяқталатын қазақ мемлекетінің ел мұңы мен арман-тілегінің хабаршысы ақын-жыраулар, ел бірлігінің ұйтқысы, халықтың ақыл-парасатты билер, ел мен жер үшін, ұрпақ болашағы үшін қасық қаны қалғанша жаумен шайқасып отанын қорғай білген арыстан жүрек, сауыры мықты батырлар жайында жазылған, ел есінде сақталып, тарихта қалған өмірде болған тұлғалар туралы І. Есенберлиннің тарихи шығармалары арқылы кеңес дәуірінде – ақ оқып таныдық. Бірақ шығарманың танылу мүддесі өз өресінде болған жоқ. Бүкіл бір халықтың өмір-тарихы ұмытылып бара жатқандығын еске сала отырып, оған кінәлі — коммунистік кеңестік саясат екендігін ашып айтпаса да, өмір ағысы басқа арнамен ағып бара жатқандығын, тарих беттері бұрмаланғандығын көркем тілмен бейнелеп бергендігі үшін заңғар жазушы қудалауға да ұшырады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман соның ішінде тарихи романдар (17) жазған жазушы І. Есенберлиннің қаламынан туған «Айқас», «Ғашықтар», «Қатерлі өткел», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Алтын аттар оянады», «Көлеңкемен қорғай жүр», «Алыстағы арпалыс», «Аққу құстар қуанышы», «Махаббат мейрамы», т.б. романдары тың тақырыпта жазылып, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, жаңашыл серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылар өзінің ұлттық құндылығы жағынан да тарихи танымдылығы жағынан да ереше деп білуіміз қажет. Ол – қазақ әдебиетінде алғашқы болып тарихи зерде тамырына қан жүгіртіп,

тұншыққан сананы қапастан шығаруға жол салған, ұлт рухын тірілткен жазушы ретінде қазақ әдебиетінің тарихында оқшау орны бар тұлға. Ілияс Есенберлиннің алты кітаптан тұратын тарихи эпопеясы сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі болып қалған, қала бермек.

Қазақ әдебиетінің қазіргі кезеңінде байқалатын ұнамды үрдістерінің бірі — көне дәуір оқиғалары мен тарихи адамдар өмірінің көркемдік ақиқатын айтуға ұмтылу. Сан жағынан алғанда тарихи тақырыпты туындылар жүздің бірі дерліктей санаулы ғана. Бірақ біз бұл арада санды емес, көркемдік тәжірибедегі белгілі бір бетбұрысты айтып отырмыз, Мұның өзі кездейсоқ құбылыс емес, қоғамдық өмірдің даму қажеттерімен, өскелең мәдени құндылықтармен үндесе дамиды жағдай.

Әдебиет әлемінде тарихи дәуірлер мен оқиғаларды көркем бейнелеп елестеткен шығармалар шоғыры аз емес. Бұл ретте А. Толстойдың, М. Әуезовтің, М. Айбектің, В. Шишковтың, В. Янның, С. Д. Демирчанның, Қ. Гамсахурдианың т. б. шығармаларын еске түсірсек те жеткілікті. Осы топтағы туындылардың молдығы және бір-бірінен өзгешелігі соншалық — олардың өзі тарихи жанрдың түрлі тарамдарын құрайды. Мәселен, тарихи проза жанрының ішінен тарихи роман, тарихи биографиялық роман, тарихи революциялық роман, роман-хроника, тарихи ұлттық роман деген сияқты салалар жіктеледі. Бұлардың бәріне ортақ ұқсас сипаттар да, материал мен авторлық идеяның үндестігі мен танымына байланысты елеулі ерекшеліктері де болады. Шығарма талдағанда тарихи жанрдың өз ішіндегі айырмашылықтарды елемей, бір ғана өлшеммен жалпылама қарау шындықты ашуға көмектеспейді.

Тарихи тақырыпты жан жақты меңгеруге реализм әдісі кең мүмкіншілік береді. Оған қоса тарих ғылымын да игеру қажет. Озық дүниетаныммен қаруланған қаламгерлер өткендегінің қандай шытырман құбылыстарына да дұрыс талдау жасай алады, бүгінгі қауымның рухани қажетіне сәйкес идеяларды екшейді.

Ол бабалар тұлғасын пайымдап, ұмытылмас бейнесін, лайықты ерлік істерін салыстыруға мүмкіндік береді, қазіргі және болашақ ұрпақтарды тәрбиелеу үшін қызмет етіп, өмір сүреді. Тарихи тақырыпты игерудегі көркемдік сипаттың бірі де осы. Қазіргі заман мен өткен тарих арасындағы терең тамырлы байланысты көркем әдебиет арқылы бейнелегенде суреткердің эстетикалық мұрат-мақсаты қалай көрінуге тиіс, тарихты танудағы әдебиеттің әлеуметтік миссиясы не, тарихи тақырыптың ерекше құлшыныс құштарлықпен жазылуы сол ел әдебиетінің кәметтік өсу дәрежесінің айғағы бола ала ма, дәстүр мен жаңашылдықтың белгілі бір кезеңдегі бір-біріне өзара ықпалы болуы мүмкін бе, ұлттық сана-сезімнің

ояну эволюциясы қалыптасу процесінің әдебиет дамуына тигізетін игі әсерлері қандай көркемдік факторлардан көрінеді деген сауалдарға жауап іздегенде ғылым мен әдебиеттің тоғысу сипатын пайымдауға тура келеді.

«Алмас қылыш» романы – тарихтың аса қызық та ғибратты бір дәуірін көркемдікпен танытуға көмектесе алатын пайдалы шығарма. Романның оқиғалық негізіне сонау XV ғасырдағы біртұтас қазақ хандығын құру жолындағы әрекет, күрестер, кейіпкерлер ретінде аты тарихқа белгіл хандар, ақын, жыраулар, қарапайым халық өкілдері алынуы бұл шығармаға деген занды қызығу тудырады. Өйткені әдебиетіміз қанша өсті, өркендеді дегенмен, бізде соңғы кезге дейін XIX ғасырдан ілгерідегі оқиғалар мүлде дерлік суреттелген емес. Мұндай жағдайда халық тарихындағы аса жауапты, ұрымтал тұстарды тұңғыш рет таныстырған шығармаларға әділдік пен ықыласымыз да айрықша болуға тиіс.

Романда негіз болған басты ұстаным – қазақ руларының бірлесу, бір хандық шеңберінде ынтымақ құру идеясы. Жазушы тарихи фактілерге берік сүйене отырып, мұндай бірліктің аса қатал өмір сынында, өлім мен өмір кезек алмасқан алмағайып, аласапыран ауыр жағдайда жүзеге асқанын, қазақтың жеке хандығын орнатқан күштер кім, сатылғыш, дүниеқоңыз дұшпандар кім екенін тайға таңба басқандай тізіп береді. Өз халқы тарихының көп мәселелерінен бейхабар оқырман үшін мұндай мағлұмат өте қажет.

Ілияс Есенберлиннің тарихи шығармасы «Қаһарда» патша отаршылдарының қысымына наразы елдің қозғалысы, халықтың осындай серпінін пайдаланып, қазақ даласында тәуелсіз хандық орнатуды мақсат еткен Кенесарының кектескен сұлтандар мен патшалық бекіністеріне шабуылы, ата-бабасынан мирас боп келе жатқан елі мен жерінің бостандығы үшін жанталасып күресуі, Кенесары дұшпандарының ұйымдасқан іс-әрекеті, сан алуан адам мінездері көрсетілген. Автор тарихи адамдардың талай тайталас күрестерін нақтылы көрсете білген. Кенесары Қасымов көтерген ту астына халық неге ерді деген сұрақтың жауабы романның алғашқы екі тарауында нанымды берілген. Шұрайлы жерден айырылып, патшаның әкімдерінен қысым көрген ел бастаушы болса, соңынан еріп кетерлік жағдай туғанын тарих мысалдары да дәлелдейді. Жазушы қай құбылыстың да ішіндегі қайшылықты, қарама-қарсы күштердің қақтығысын қатар алып, шындықты толық ашуға ұмтылған. Арқадан Оңтүстікке беттеген күшті суреттейтін алғашқы тараудан да осыны көреміз. Патшалық тепкісінен қаша көшкен елдің бастаушысы Сейтен батырдың қасында келе жатқан серігі Ожар тыңшы, екі жүзді адам екендігі бірден сездіріледі. Бұдан қазақ еліне деген тұзақтың әр жерден құрылғанын да көруге болады. Елдің намысын жыртатын аңғал батырлар жанында көлеңкедей қалмай сансыз сатқындар да жүру отарлаушылықтың көнеден

келе жатқан әдісінің бірі екені мәлім. Қапыда қолға түсіп мерт болған Сейтен батыр тағдыры бұл күрестің қиындығынан да хабар береді.

Аңыз бен шежірені, тарих тізбегін үлкен тарихтық идеялар мен ірі қаһармандар мінезін мүсіндеу талабына жұмсай білуі, тарих пен көркемдікті айырғысыз тұтастыққа жеткізуі, өткен кездер хикаясынан бүгінгі қауымға керектіні екшей алуы, тарих тәжірибесінен үлгілі сабақ, өнегені алға тартуы жағынан І. Есенберлин романы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Тарихтың тереңінде жатқан, тіпті тарихи зерттеулердің өзінде жүйелі баяндалып, толық танылып болмаған заман, адам шежіресін екшеп, жаңа сапаға келтіріп айта білуі жазушының жаңалығы, қазақ әдебиетін байытатын, танығыштық, тәрбиелік мәні зор туынды.

Мол оқиға мен көп кейіпкерді шетінен толық суреттеу бір шығарма көлемінде мүмкін еместігін ескерген автор негізгі күшті баяндау мен айтуға салады. Бірақ бұл құрғақ баяндау емес, бояулы, нақышты, адам мінезі мен әрекетінің түпкі сырын паш ете алатын күрделі, қызықты, ғибратты әңгіме. Қаһармандардың түр келбетіде, сөйлеген сөзі де, ойы да тартыс, қайшылық күресі де осынау «баяндаудың» ауқымына сыйып кеткен. «Жанталас» романының бүкіл оқиғалық, сипаттамалық, талдау, көркемдеу жүгін екі ғана айтушы — автор мен шежіреші қарт Бұхар жырау әңгімесі арқылы жүзеге асқан. Осыдан барып шығарма айтушы қызметі маңызды орынға шығады. Қандай көркем туындыда да айтушы, баяндаушының дәнекерлігі елеулі орынға ие.

І. Есенберлиннің тарихи шығармаларында тарихи аңыздардың орын алуы басты назарда болған. «Алтын Орданың» жанрлық ерекшелігі өз алдына жеке бір мәселе. Трилогияның көп жерлері тарихи аңыздардан құралғанын көреміз. Ел арасында айтылып келген аңыз, әңгіме, тәсілді суреткер еркін пайдаланған. Ал орыс, қазақ, иран, монғол шежірелерінің материалы шығарманың негізгі сүйегін қалаған. Сонымен, «Алтын Орданың» оқиғалық кестесі тарихи хроникадан, шежіреден және аңыз әңгімелерден тұрғанын алдымен айтқан болар едік. Бірақ қанша қызғылықты, шыншыл, маңызды болғанымен, шежіре мен тарихи аңыз роман міндетін атқара алмайтыны белгілі. Міне осы тұста шежіреші, әңгімешіге жазушы өнері қосылған. Егер тарихи аңыз әңгімелерде құбылыстардың тізбегі, кезегі, нәтижесі ғана айтылып келген болса, әлеуметтік, психологиялық талдау олардың ішкі себептерін аша түскен. Сөйтіп «Алтын Ордада» фольклор мен жазба әдебиет дәстүрі бірлестік тауып, бірін-бірі толықтырған, бірі екіншісіне сәулесін түсіріп, жаңа сапаға жеткен, ауызекі және жазбаша әдебиеттің жақсы мүмкіндіктері қайталанбас синтез құраған. Ғасырлар бойында халық санасында екшелген тарихи аңыздың өзі бағалы, тартымды шығарма ғой. Өткен тарихты майын тамызып ауызша айтып беретін адам болса, қазірде де тыңдаймыз. Ал оның үстіне жазба

әдебиеттің талдағыштық, аналитикалық сипаты қосылғанда құбылыстардың нағыз диалектикасы көрінеді. Трилогияда тарихи аңыз қаһармандарының портретінен бастап ішкі монологтарына дейін кездестіреміз. Роман – тарихи аңыздың жаңа түрі, аңыз роман, шежіре роман болып шыққан.

Қазақ әдебиетінде аңыз-роман, роман-хроника немесе көркемделген тарих деп атарлық жанрдың пайда болуын кездейсоқ, таң қаларлық құбылыс деп қарауға болмайды. Ауыз әдебиеті дәстүрі бүгінге дейін қатарласа өмір сүріп келе жатқан қазақ әдебиетінде мұндай «аралас» жанрлардың орын алуының өзі заңдылық. Қазақ ауыз әдебиеті өзінің бойына қаншама көркемдік құдірет дарытқан өзгеше құбылыс екені белгілі. Мұнда көркемдеу мен типтендірудің неше алуан кесек үлгілері, кейде бедерлі биіктері кездеседі. Қазақ жырлары мен аңыздарының бірқатары халықтық романдар тәрізді. Оларда әлеуметтік, таптық сипат, адамдар ісіне дәл, нақты мінездеме жиі ұшырайды. Бұларды ретіне қарай жазба кәсіби әдебиеттің қажетіне жарату.

I. Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алтын Орда» романдарын өткенді айта отырып оны қазіргі өмір құбылыстарына байланыстыра білу – көркем шығарманың эстетикалық өзектілігін арттыратын көркемдік фактор екенін дәлелдейтін, уақыт рухы көрінетін, жаңа концепция әкелген шығармалар деуге болады.

Илияс Есенберлиннің ұлт тағдырына қатысты шетін сырлары мен идеялары кемел деңгейде көрінетін бұл эпопеяның алғашқы бөлігі «Көшпенділер» трилогиясы еді.

I. Есенберлин романдары ұлттық рухани өміріміздің де құбылысы болды дей аламыз. Өткеніміз туралы бұл кезге дейін там-тұмдап қана дерек біліп келген болсақ, «Көшпенділер» елдік дәстүріміз, ғасырларға созылған, шытырманға толы тарихымыз бар екенін көркем әдебиет көлемінде тұңғыш таныстыра алды. Бұл үлкен тарихи – әдеби құбылыс! Бұл шығармалардан тіпті тарихи еңбектерде шешімін тауып болмаған немесе басы бірікпей, шашыранды түрде жатқан мағлұматтардың жүйеге түскен желісін көрдік. Соншама мол деректерді жазушы жалаң тізбей, роман шарттарына лайықтап қорытып, көркемдік қиялға бөлеп бере алуы шығарманың тартымдылық қасиетін арттыра түсті.

Жазушы Илияс Есенберлиннің «Жанталас» романы құрылыстық, оқиғалық кезегі жағынан алғанда «Алмас қылыш» пен «Қаһардың» аралығынан орын алады. Кейбір қаһармандары да алғашқы романмен жалғастық байқатады. Сюжеттік, композициялық бітіміне қарағанда «Жанталас», «Қаһардан» гөрі «Алмас қылышқа» жақын. Мұнда да аңыз, шежіре, жазба тарих әңгімесі әлеуметтік, психологиялық талдаумен ұштасып жатады. Аталған екі кітапта да ауыз әдебиетінің, эпостың бейнелеу тәсілдері

күрделі орын алады, айтушының, баяндаушының қызметі ерекше күшті. Бірақ бұндай сырт ұқсастықтармен қатар бұларда әдебиетке жақындығы жоқ оқырмандар айыра білмейтін айырмашылықтар да кездеседі.

Жанталаста суреттелетін қаһармандардың бәрі дерлік аңыз, жыр арқылы халық санасынан орын алған жандар болатын. I. Есенберлин сол фольклор туындыларында қалыптасқан эпикалық бейнелерді төмендетіп алмай, оларға реалистік нақтылық, даралық келбет дарыта білген, ол оңай емес. Сөз болып отырған шығармада Баянның жауға қарсы екі-үш жорығы, оның көзсіз ерлігі, үлкен отаншылдығы, намысшылдығы баяндалған. Жауға деген қалтқысыз өшпенділік, таза халықтық ұғым, айнымаған намыс, ер Баян басынан табылады. Ол қалмақ қызының азғыруына ерген сүйікті інісі Ноянды атып өлтіргенде дәл осындай биік елдік дәстүр тұрғысынан көрінеді.

Жазушының тарихи оқиғаларды биік дүниетаным тұрғысынан талдағандығы трилогияның өн бойынан танылады. Романда Алтын Орда тарихы бірыңғай хандар мен билердің шежіресі болып кетпеген.

I. Есенберлин дәуірдің жалпы жағдайларын кең баяндап, құбылыстардың себебі мен салдарына әлеуметтік талдау беріп отырады. Дәл осы арада оның оқиғалар мен адамдарға деген бағасы айқын көрінеді, соларды кейде тарихшының, енді бірде суреткердің көзімен сипаттайды. Бұл арада реализм әдебиетінің қалыптасқан, екшелген өміршең тәсілдері алынғаны байқалады. «Алтын Ордада» хандар озбырлығына наразылық білдіріп, ауық-ауық бас көтеріп, қарулы күреске шығып отыратын бұқара өкілдері де кездеседі. Сәлімгерей, Ақберен секілді қарапайым халық өкілдері бастаған көтерілістер шығарма көлемінде салдарлы идеялық жүк арқалап тұр. Ақтайлақ бидің дем беруімен Алтын Орда әскеріне қарсы ашынып соғысқа шыққан кенегес руы жігіттерінің әрекеті де нағыз халықтық сипат алған. Әрине ол заманда бұқара көпшіліктің ұйымдасып, өз мүддесі үшін күреске шығып, жеңіске жете алмайтыны белгілі еді. Сонда да халықтың көңіл түкпіріндегі әділетке деген өшпес сенімді елестете алуы шығармаға идеялық бағыттылық дарытады.

I. Есенберлиннің «Қаһар» романында тарихи шындық, қаһармандар келбеті нанымды мүсінделген. Мұнда халықтың азаттық жолындағы күресін, ересен ерлігін бейнелейтін жарқын беттер мол. Автор, бір жағынан, бостандықты аңсаған, бірақ оған жетуге жағдайы жоқ халықтың басындағы трагедияны таныстыра алған. Шындығында бұл – жерден, еркіндіктен айырылған қазақ елінің стихиялық бұлқынысы, аласұрып айбат шегуі, тұяқ серпуі туралы хикая. Шығарманың бас қаһарманы – халық. Қозғалысқа күш берген, оны ондаған жыл бойында қазақ жерінде қаһарлы күшке, азаттық алаңына айналдырған құдірет те сол – Қазақ Елі.

Жазушы Илияс Есенберлиннің «Жанталас» романы құрылыстық, оқиғалық кезегі жағынан алғанда «Алмас қылыш» пен «Қаһардың» аралығынан орын

алады. Кейбір қаһармандары да алғашқы романмен жалғастық байқатады. Сюжеттік, композициялық бітіміне қарағанда «Жанталас», «Қаһардан» гөрі «Алмас қылышқа» жақын. Мұнда да аңыз, шежіре, жазба тарих әңгімесі әлеуметтік, психологиялық талдаумен ұштасып жатады.

Жазушы қалыптасқан тарихи шындыққа ханның қара басының тұрғысынан қарай отырып ой жібереді. Әбілқайыр Шыңғыс ұрпағынан шыққан бұрынғы билік жүргізу әлістерінің күні өтіп бара жатқанын айқын сезді. Оны ойға шомылдырып, жан толқынысына түсіріп отырған халық бұрынғы замандардағы қамшының табымен-ақ үйіріп алып, айдап басқара беретін тобыр емес. Ханды қапаға түсіріп, тұңғыш ойға батыруының өзінен халық бейнесінің батырлық сипаты тұлғаланып көрінеді. Ханның қасіреті де, ордадағы ойранның қозғаушы күші де, міне, осында, халыққа сүйенбей, хан билігінің қараң екендігінде жатыр. Дешті Қыпшақ хандығын күшейтудегі алғашқы күрестердің өзіне сенімді құрал еткен көшпелі рулардың қазір теріс қарай бастағанын Әбілқайыр тек сұлтандардың қастығынан көреді. Ал Жәнібек болса, осы ру таластарына өзгеше қарайды. Тарихи шындықтан негізін ала отырып, жазушы Жәнібек тұлғасын ел басқарудағы өнегелік бағытқа меңзейді. Ол өнегелік үлгі ханның өз мақсатын халықтың арман-мүддесімен орайластыра біліп, халық тілегінің жолында бел шешіп кірісу екенін меңзейді.

« – Шырағым Жәнібек, – дейді оған халық адамы, халық өкілі ақсақал, – Көк Ордадан руларыңды бөліп ал. Өзгенің жер-суына қызықпайтын, өз еліне жат жұрттай ауыр алым-салық салмайтын жеке шаңырақ көтер».

Міне, бұл халықтың арманы, халық пен хан, жеке сұлтандардың арасындағы тартыс, қақтығыс, шиеленіс осы бағытта бастау алады. Халықтың халықтығы, ханның хандығы, сұлтаннның сұлтандығы заманына сәйкес тарихи шындық шеңберінде аян етіледі. Ал осы орайда Саян батырға хан үкімінің бірден шықпай қалуы да халықтың ызғары, ханның халықпен санаспауға қалмағандығы куәландырады. Хан ұрпақтарына керек қызмет атқаратын, ежелден қалыптасқан, шапқыншылық заманда әскер арасы бұзылмауын қамтамасыз ететін, олжаға таласқанға өлім жазасын беретін мықты ереже бар еді. Ол Шыңғыс ханның жарғысында айқын жазылған шарт болатын. Осы шарттың орындалмауы, халықпен санасып, оның дүмпінен бой тарту ханның қаһарлы күшін қаймықтыра бастаған халық бейнесін айқындаса керек. Тарихтың қозғаушы күші боп есептелетін халықтың бірінші қатарға, алдыңғы орынға шыға бастауының белгісі. Романдағы ірілі-уақты оқиғалардың қай-қайсысы да халықпен байланысты, қазақ халқының төңірегінде өрбіп отырады. Билік мұратының, өзге жұртты билеп-төстеудің, империялық саясаттың қай заманда да ұқсас сипаттарын ойына салады. Әбілқайыр ойлау деңгейі жағынан таяз емес. Ел билеуде

оның ұстанған өз саясаты бар. Қол астындағы ел – алмас қылыш. Оларды қайрап қойып, әр руды бір-біріне айдап салып отырмаса, бірігіп кетсе, бой бермесін ол жақсы түсінеді. Өз мақсатына жету үшін ол нендей сұмдықтан да, зұлымдықтан да тартынбайды. Бірақ ол біреудің қолымен от көсеп, сол зұлымдығы мен сұмдығын біреу арқылы жүзеге асырады. Жәнібекті, Саянды, Рабиу-Сұлтанбегімді, Гүлбаһрамды, Орақты, Ақжолды өлтіруге жасаған әрекеттерінен соны айқын көреміз. Хан тұқымына, ел билеушіге кісі тағдыры ойыншық сияқты. Әбілқайыр заманындағы бұл құбылыс шығарма жазылған дәуірде де солай болды, бүгін де сол сипат өз қалпында сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көркем шығарма – тарихтың көшірмесі немесе баяндау емес, ол жазушы санасында қорытылып, екшеліп, өзінше басқа түрге енген шығармашылық жемісі. Яғни ол кейде тарихпен сәйкес келе бермейтін, тарихты сол қалпында қайталамайтын, алайда сол өткен тарихты оқушы көз алдына елестетіп, қайта тірілтетін, өзінше сөйлететін өзгеше жеке бір құдіретті әлем. Тарих шежіресін көркем сөз кеңістігінде әдемі суреттеген Ілияс Есенберлин тарихи романдары, әсіресе, «Көшпенділері» Қазақ Елінің ұлттық тарихының бастау көзін танытқан көркем тарихи шығармалар ретінде өз мәртебесін алды.

Жазушы Ілияс Есенберлин өзінің тарихи трилогиясында қазақ елінің XV-XIX ғғ. тәуелсіздік үшін табанды күрестерін көркем суреттейді. Осы жолдағы қыруар қиындықты, ішкі қайшылықтарды, адам қатынастарын, олардың әрекеті мен мінез құлықтарын, сырт жаулармен шайқаста шыныққан бірлікті, дәстүрді, салт – сананы көрсетеді. Тарихи жазба деректерге, шежіре мағлұматтарына, аңыз әңгімелерге сүйене отырып, қаламгер қазақ халқының тарихының аса маңызды тұстарын ашып, көптеген тарихи қайраткерлердің көркем тұлғасын жасайды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Алпысбаев, Қ.** Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: танымдық және көркемдік. – Алматы, 2008.
- 2 **Бердібаев, Р.** Қазақ тарихи романы. – Алматы : Ғылым, 1979.
- 3 **Бисенғалиев, З.** XX ғасыр басындағы қазақ прозасы. – Алматы : Мектеп, 1989.
- 4 **Сыдықов, Т.** Қазақ тарихи романы (Жанрлық спецификасы. Типология. Силь. Ұлттық кейіпкер. Тарихилық сипаты. Поэтика). Филология ғылымдарының докторы. диссертация. – Алматы, 1997. – 290 б.
- 5 **Майтанов, Б.** Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы : Санат, 1996. – 336 б.

6 **Есенберлин, И.** Соңғы жылдар жазбаларынан // Қазақ әдебиеті, 1980. 10.09.

7 **Есенберлин, И.** Он томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы : Жазушы, 1984. – 400 б.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

A. Ф. Зейнулина

Художественное воплощение национальной духовной ментальности в произведениях Ильяса Есенберлина

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

A. F. Zeynulina

Artistic realization of national spiritual mentality in Ilyas Esenberlin's works

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 29.11.16.

В настоящей статье рассматриваются особенности художественного представления национального сознания и истории родословных казахского народа в исторических произведениях Ильяса Есенберлина. Проводится анализ авторских приемов и способов подачи образов исторических личностей в художественном контексте.

The article deals with the special aspects of art representation of national consciousness and history of Kazakh people's family trees in Ilyas Esenberlin's historical works. The author also carries out the analysis of author's methods and the ways of presentation of historic figures' images in the art context.

ЭОЖ 8 82.151.212.2

А. Ф. Зейнулина

ф.ғ.к, профессор, С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
e-mail: akbura66@mail.ru

ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІ МЕН КӨРКЕМ ҚАҒАРМАН ӘЛЕМІ

Мақалада жазушының идеялық нысанаға жету жолындағы көркемдік ізденістері қарастырылып, суреткер шығармаларының жазылуына әсер еткен қоғамдағы әр алуан ішкі-сыртқы факторлар, суреткер шығармаларының жазылуына әсер еткен қоғамдағы әр алуан ішкі – сыртқы факторлар сараланып, кейінкер сомдаудағы суреткердің ерекшелігіне, жазушы шығармаларының көркемдік-эстетикалық ерекшеліктеріне талдау жасалынады.

Кілтті сөздер: суреткер шеберлігі, көркем бейне, көркемдік әдіс, реалистік көркем образ, прозадағы психологизм

Адамның жан дүниесінің жарығы мен көлеңкесін айыра білетін жазушы ғана адам табиғатынан мол хабар бере алады. Жазушы шығармаларындағы кейіпкерлердің мінез-құлқы бірде оның ойы, эмоциясы арқылы беріліп жатса, бірде іс – қимылымен-ақ танылады. Ғалым И. В. Страхов психологиялық бейнелеудің екі формасын: бірінші, кейіпкердің мінез-құлқын, оның ішкі ойы, түсі, елесі арқылы суреттеу, екінші – сырттай психологиялық талдау жасау немесе кейіпкерді ерекшелігі мен мимикасы тағы басқа психологиялық сыртқы белгілері арқылы суреттеуді атайды [1, 24].

Әдеби қаһармандар шығармада өзіне тән рухани және қоғамдық жүк көтереді. Ол – автордың идеясын жүзеге асыратын бейне. Бұл ретте қаһармандар өз ерекшелігімен көзге түседі. Ол заманның, уақыттың бағыт-бағдарын, арман-мұратын танытушы образ ретінде көрінеді. Яғни, автор суреттеуінде тарихи орта сипатын айғақтап, халықтық үлгіде тәрбиелі қасиеттерді жеткізуші.

Қоғамның тарихи дамуының кезеңдеріне байланысты қаһармандар да шығармаларда жаңа сапада көрініп отырады. Айталық, ертедегі ұнамды қаһармандар әуел баста мифтік, сакральдық қалыпта бейнеленіп, кейін бірте-бірте реалистік сипат ала бастайды. Фигаро, Фауст, Карл, Моор осының айғағы. Тарас Бульба, Рахметов және олардан кейін жасалған әдеби қаһармандар баршылық. Кейіпкердің жан дүниесін көркем суреттеудің бай

дәстүрлерін сол сияқты филология ғылымдарының докторы М. Атымов «Прозадағы психологизм» атты мақаласында дәлелдесе ғалым Ш. Елеуенов «Замандас парасаты» атты ғылыми еңбегінде шығармадағы адамның ішкі сезім әлеміндегі құбылыстарға талдау жасайды.

Адамның сыртқы қимыл – әрекеті мен ішкі ойының өзара сабақтастығы болатыны белгілі. Көңіл күйінің, ой-ағымының құбылуына орай сырт келбеті, қарекеті, эмоциясы, тағы басқа өзіндік сипаттар белгі беретіні анық. Бұл жөнінде М. М. Бахтинның мына бір әдеби қағидасын келтірсек түсінікті сияқты.

«...Адам қандай дәрежеге жетуге мүмкіндігі болса, ол сол дәрежеге жетті, ол адамның басқа жағдайда болуы мүмкін емес. Ол адамның ішкі ойы түргелдей ашық, түгелдей айтылған, оның ішкі ойы мен ол ойының сыртқы көріністері бір – бірімен дәл келеді. Ешқандай алшақтық жоқ, ол тым қарапайым» [2, 54].

Уақыт өткен сайын қаһармандар жаңаша мәнге ие болды. Сөйтіп, қаһарман өмір алға тартқан соны революциялық өзгерістер мен құнды адамзаттық мұраттар биігінде суреттеледі. Шолоховтың, Айтматовтың қаһармандары үлкен маңызға ие. С. Мұқановтың «Ботагөз», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романында бірқатар әдеби қаһармандар жағымды қасиеттерімен танылды. Асқар, Ботагөз, Еламан т.б. Әдебиет бірыңғай жағымды қаһармандардан ғана тұрмайды. Онда жағымсыз кейіпкерлер де аз болмайды. Сол арқылы жамандық әшкереленіп, жақсылық атаулыға ұмтылу баяндалады. Алайда көркем әдебиетте қаһарманды жағымды, жағымсыз деп бөлу шартты нәрсе.

Шығармада кейіпкер мінезін (характерін) қалай сипаттауы жазушының шеберлігіне, оның өмір шындығына терең бойлай білуіне байланысты. Кейіпкердің рухани әлемі, жан сыры, идеалы, күрес мақсаты оны мінездеу арқылы, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы көрінеді.

Кейіпкердің көңіл-күйін білдіретін толғау сөз немесе монолог – адамның жан дүниесіндегі небір құпия сырларынан хабар беретін психологизм құралы. Монологтың мақсаты-кейіпкердің түйінді ой-тұжырымдарын білдіру оның тағдырындағы маңызды кезеңінен хабар беруі, сол арқылы жай-күйін анық сездіруге жол ашуы. Жазушы қаһарманның өзімен өзін сөйлестіру арқылы оның өзінен басқа жанға сөздіргісі келмейтін құпия сырларына дейін оқырманын, тыңдаушысын жетектеп, ертіп апарды.

Кейіпкердің мінез бітімі, адамның бойына, психологиясына, қимыл-әрекеттеріне тән сан түрлі қасиеттердің бірігіп, біте қайнаған тұтастығын танытатын мінез-құлық өзгешелігі. Сондай-ақ ол көркем образдың өзегі, негізгі арқауы. Характер жағдайға байланысты, істе көрінеді. Өмірдегі адам характерінен әдеби характерді айыра білу керек. Кейде жазушы характер ашу

жолында өмірде бар адамның мінез қырларын пайдалануы мүмкін. Бірақ жазушы қиялымен жасалған мінездеу өмірді тану, оны бағалау мақсатымен ұштастырылады. Шығарманың көркемдік идеясына, мазмұны мен түріне характер сомдаудың ерекше қатысы болады.

Әдебиетте адамның көркем бейнесін суреттегенде, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттармен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді де (әсіресе, жүріс-тұрысындағы, сырт келбетіндегі, сөйлеу әдетіндегі) анық байқалатындай етіп көрсетеді. Көркем бейненің типтік өзгешелігі қоғамдық өмірдің ішкі сырын, мәнін ашып беру үшін қандай қажет болса, оның даралық, жекелік сипат-белгілері адам тұлғасын, іс-әрекетін, мінез-құлқын көзге айқын елестету үшін, нақтылы қалпында көріп-білу үшін сондайлық қажет. Атап айтатын нәрсе – көркем бейнеге тән типтік және даралық сипат-ерекшеліктер екі бөлек жатқан, екідай болып, ажырап көрінетін ерекшеліктер емес. Кейіпкердің іс-әрекетіндегі, мінезіндегі көптеген жекелік сипат-белгілер өзінің даралық, нақтылық қалпын сақтай отырып, типтік мағына да алады, сол ортадағы басқа адамдарға да тән қасиетті танытады. Кейіпкердің типтік бейнесін суреттеу қоғамдық өмірді жан-жақты, терең зерттеп, білгенде ғана ұтымды болады. Өйткені көркем бейненің типтік қасиет-сипаты неғұрлым арта түскен сайын, оның өмір танытарлық күші де солғұрлым арта түседі.

Кейіпкердің атқаратын міндеті драмалық шығармада айрықша сипат алады. Өйткені мұнда оқиға бастан-аяқ соған қатысушы кейіпкерлердің айтқан сөздері арқылы баяндалады. Әр кейіпкердің мінез-ерекшелігі, ой өрісі, сана-сезімі көбіне-көп оның айтқан сөздерінен байқалуы тиіс болады. Сондықтан драмалық шығармада ширақ сюжет құру, өмірлік тартысты айқын, дәл көрсету шеберлігімен қатар, кейіпкерлерді ұтымды, қисынды сөйлете білу шеберлігі де айрықша маңызды болып шығады. Роман мен повестерде баяндалатын оқиғаға қатысатын кейіпкерлер тұлғасын бейнелеу үлкен орын алады. Романда, әсіресе, повесте кейде өзгелерден көбірек, жан-жақты, толық суреттелетін басты кейіпкерлер болатыны байқалады. Бірақ көлемді көркем шығармада, әдетте, бір емес, бірнеше, тіпті ондаған адамның бейнесі мүсінделеді. Мысалы, Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» атты романы мен М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын алсақ, мұнда аса көп және сан алуан кейіпкерлер бар. Және біреуді басты кейіпкер деп көрсету мүмкін емес. Мұндағы басты кейіпкер деп халық бейнесін ғана алуға болады десек, оның өзінде де көптеген адамдардың шоғырланған үлкен тобын айтқан боламыз.

Кейіпкердің тұлғасын, мінезін суреттеу өзгешелігі әдебиетте көркемөнерде қолданылатын әдіске сәйкес болады. Айталық, романтизм

әдісі қолданылған шығармадағы кейіпкерлерді суреттеу тәсілі бір түрлі де, реалистік әдебиеттегі кейіпкерлерді бейнелеу тәсілі бір бөлек. Реализм әдісі әдебиет пен көркемөнер шығармасында кейіпкерлердің тұлғасын, мінез-әрекетін мейлінше шынайы суреттеуге мүмкіндік береді. Адам мінезін, тұлға, бейнесін өзгеріс, даму үстінде алып, өмірлік күрес-тартыспен ұштастырып көрсету – бұл реализм әдісінің ең бір ұтымды жағы.

Әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі. Көркем образда екі түрлі ерекшелік – жинақтау, жалпылық сипаттарды топшылап-түйіндеу және даралау, жекелік қасиет-белгілерді нақтылы түрде көрсету – осы екеуі іштей астасып, қабысып жатады. Көркем образ – әдебиетте, өнер салаларында өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды, табиғатты, адам тағдырын бейнелеп көрсету тәсілі. Әдеби шығармадағы адамның көркем образын алсақ, оның бой-тұлғасындағы, кескін-кейпіндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-әрекетіндегі, ойлау-сөйлеу әдетіндегі өзгеше сипат-белгілерді нақтылы суреттеу арқылы жазушы типтік қасиеттерді, яғни қоғамдық жағдай туғызған, басқаларға ортақ, жалпылық мәні бар ерекшеліктерді айқын танытады.

Реалистік көркем образ типтендіру тәсілімен жасалады. Жазушы көптеген адамдарға тән қасиет-сипаттарды жинастырып, екшеп, іріктеп алып, бір адамның бойына сыйғызып бейнелейді. Сонда кейіпкердің кескін-тұлғасы, характеріндегі жекелік, көпке ортақ жалпылық қасиеттері де жалқылық ерекшеліктерімен қатар, айқын бедерленеді.

Көркем кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу – жазушы шеберлігін талап етеді. Кейіпкердің мінез-бітімін, характерін неғұрлым толық ашып көрсету үшін оның портретін мүсіндеудің де үлкен мәні бар. Сондықтан кейіпкердің характерін әр түрлі жағдайда, күрес-тартыс үстінде оның басқа адамдармен қарым-қатынасы, өзінің әрекет-қимылдары, істеген істері арқылы айқындай отырып, жазушы портреттік сипаттауға да көңіл бөледі. Жазушы негізгі қаһармандардың келбетін, бой-тұлғасын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін есте қаларлықтай етіп, әсерлі бейнелеуге мән береді. Сонымен бірге жазушылар, ақындар әйелдің, сұлу қыздың бой-тұлғасын, бет-әлпетін сөзбен мүсіндеуге әсіресе бейім тұрады. Қазақ поэзиясындағы осындай портреттің тамаша үлгісі – Қыз Жібектің сұлулығын бейнелеу, Ақ Жүністің көркін суреттеу. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында Тоғжанның портреті де бірнеше тұста өте әсерлі суреттелген.

Кейіпкерлердің қактығысы қалайда қоғамдық өмірдегі күрес-тартыспен қабысып жатады, жеке адамдардың іс-әрекетінен, тағдырынан оқырмандар заманның, дәуірдің шындығын көріп, әлеуметтік қайшылықтардың сырын

ұғады. Автор мақсаты әркез адам образдары арқылы жүзеге асады. Осыған орай көп жайт ұнамды образбен берілуі мүмкін. Ал бұған керісінше, өмірдің ескірген, адамгершілікке қарама-қайшы кейпі ұнамсыз образдар арқылы суреттелуі мүмкін. Мұның өзі сайып келгенде жазушының идеялық-эстетикалық дүниетанымына, талант шеберлігіне байланысты.

Әдеби характер адамның өмірдегі мінез, қимыл-әрекет өзгешеліктерін жинақтап, екшеп, типтік дәрежеге көтеріп, сомдап бейнелеу арқылы жасалады. Сондықтан оны жекелеген қасиет-сипаттардың қосындысы деп санамай, солардың бірлік-біртұтастығы, синтезі деп қараған жөн. Реалистік қаһарманға тән характерді алдымен қалыптасу, өзгеріп-өрістеуі тұрғысынан алып түсіну, бағалау орынды және осыған қоса оның өз ішкі диалектикасы болатыны да ескерілу қажет.

Характер белгілі қоғамдық жағдайда қалыптасады, сол ортаға, өз уақытына сәйкес болады. Адамның мінез-құлқы, оның әрқилы кездерде, әсіресе адамшылық қасиеттер сынға түсетін екідайда өзін қалай ұстап, қандай әрекет ететіні ой-өрісіне, сана-сезіміне байланысты.

Осыған орай әдеби шығармада характер күрес-тартыс үстінде, кейіпкердің іс-әрекеті, ой-ниеті, мақсат-тілегі арқылы көрініс тауып, анық танылады. Суреткер адами мәселелерді қазақ өмірінің бір кезеңін, өмір шындығын санадағы құбылыстардың қайшылықты күресі, ой арпалысы, көзқарас қактығысы арқылы бейнелейді. Ішкі монолог көбіне үшінші жақтан, яғни әңгімелеуші тарапынан баяндалады. Кейіпкер ойы мен жазушы сөзі бір-бірін толықтырып, сезімдері бір арнаға түскендей болады.

Л. Я. Гинзбургтың: «...Авторское повествование плавно входит прямую речь и вновь из нее выходит как бы этого не замечен» [3, 27] деген пікір осындай шеберлікке байланысты айтылған.

Жүсіпбек Аймауытұлының шығармаларындағы психологизмінің ерекшелігі оқиғаның әр сәттерінде кейіпкер әлемінің әр алуан реңкте көрініп, жан-жақты ашылады. Ал М. Әуезовтің шығармаларындағы тұлға мінезі керісінше жалпы көрініп, кейін оқиға желісінде мінез ашу, таныту элементтері бөлшектеніп көрінеді.

Мәселен, «Қорғансыздың күні» атты әңгімесін алайық. Арқалық асуының аса қатал қысы. Көз көрсетпес боран астында кедей ауылы бар. Кедей ауылдың шетінде отырған жалғыз үй.

Үй ішінде жақында ғана жалғыз баласы мен немересі өліп жылап-еніреп отырған жасы жеткен кемпір, күйеу мен баласының қайғасынан көп жылап, көзінен айырылған әйел, оның қасында отырған он үш жасар бала қыз тағдыры – оқырмандар қауымын бей-жай қалдырмайды. Бұған қоса жем таба алмай, қора ішінде сенделіп тұрған азғантай ұсақ мал мен бір – екі қараны, «Жақыпта алмағым бар еді», деп, күнде келіп қысып бара жатқан Мәрден

«борышынды төле, әйтпесе ана қызыңды Мәрденге әйелдікке бер» деп күнде қылқылдап отырған әумесер ағайынды көргенде Жақып семьясының басына түскен ауыр қайғыны көріп кісі жанынан түңіліп кеткендей болады.

Жазушы әуелі Арқалықтың көз аштырмас долы боранын суреттеп, Күшікбай батырдың тағдырынан мәлімет береді. Одан кейін қатыгез жолаушылармен таныстырып, ол жолаушыларға Жақып семьясының халсіз күйін кемпір әңгімесі арқылы естірте отырып, үрейлі де қатігез трагедиясына жетектеп ертіп апарды. Кемпір мен қыздың қасіретті де қайғылы мен оны еш әсерсіз, міз бақпай тындап отырған Ақан болыстың зымиян мінезін, жасырын сырын ашып береді.

Баяу басталған оқиға желісі бірте-бірте қоюлана түсіп, өзі бейнелеп отырған кейіпкерлер психологиясына тереңдей енеді.

М. Әуезов Ғазизаның өлімі Жақып семьясының соңғы үмітінің үзілгенін көрсету арқылы, Ақан мен Қалтай үшін мақсатының орындалғаны, істің тынғаны, шаруаның біткені, аса бір үлкен жұмыстың тапқырлықпен аяқталғаны болып есептелінеді. Осылайша жазушы өмірдегі шындықты контрасты күйінде көрсете отырып, өткен ғасырда болған әлеуметтік теңсіздікті аңғартады.

Ал «Қартқожа» романында баяндау арқылы Қартқожаның көңіл-күйінің жайын суреттейді, оның психологиясын жанама түрде ашады. Жазушы кейіпкердің жан дүниесіне ене отырып, Қартқожаның монологы арқылы оның ой-толғаныстарын береді.

«...Дүниеде болыстан жауыз жан болады деп ойлаған жоқ. Дәрмен біліп жүр екен. Бұл итті аяу ерек емес екен «Өлтірер ме еді» деген ой сонда келді. Одан бұрын кісі өлтіру деген нәрсенің атынан шошушы еді. Болыстан кек әперетін кім болу керек? Болыстың келгенін олар білмей жатыр ғой. Оларға естіртпеу керек. Бәлемді шапсын, өлтірісін деген ойға тоқтады да, аттың басын Алғабас тауына бұрды», деген ойы оның байға деген кегін білдірсе, енді бірде «...Дүниенің қызығын көруге екі-ақ нәрсе екен деп жорыды: бірі – ғылым...

...Жылқы лек-легімен өтіп жатыр. Уай, дүние шіркін-ай! Анау қара ат, торы ат, құла бие жирен бие, әне бір құла биелерге Шекер де, Күнікей де мінер ме еді. Қаздия қақия отырып, тақымды жапсырып, өкшені қадап тастап, көк көйлектің етегін, ақ шаршының ұшын делендетіп, елпілдетіп, елеңдетіп желер ме еді! Анау боқ мұрын Шоқандардың астындағы ақ селеуді Күнікейдің астына берер ме еді. Шекер кедейлікті, қорлықты қойшыны бір күн, бір сағат ішінде талақ қылмас па еді. Бірақ оған қолы қалай жетеді? Кім жеткізеді? Құдай ма, бай ма?» жоқ, жоқ, жоқ? Өзі, өзі жетуі керек!».

Қартқожаның ішкі монологы ойы, арқылы оның дүниетанымындағы өзгерістерінен, дамуынан хабар берсе, Шекердің ойы арқылы кедейліктен белі босамаған жоқшылық зардабын тартқан тағдыр иесінің ауыр өміріне куә

боламыз. Жүсіпбек Аймауытұлының прозалық шығармаларындағы адамның жан иіріміндегі толқыныстарды көрсету үшін диалогтың да мәні ерекше. Жазушы диалогтар арқылы кейіпкерді жай ғана бірінен кейін бірін сөйлете, әңгімелестіре бермей, сөйлесетін адамдарының қарым-қатынасының қандай өзгеріске, қарама – қайшылыққа, қандай мүмкіндік, бірлікке баратынына қарай береді.

Академик З. Қабдолов: Мінез-адамның ішкі болмысы, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған – десе, сол мінезді танытар оның сөзі әр адаммен қарым-қатынасы, бірсәттегі диалогта айқын көрінетінін, ендеше бұл тәсілдің орны ерекше екеніне көзіміз анық жетеді [4. 15].

Қазақтың әрбір жазушысы өзінше шебер. Оған мысал келтіру қиынға соқпайды. Абай өз өлеңдерінің өрнегін орыстан алса да, оның қазаққа қолдануына болатынын дәлелдеген. Абай аз жазса да мағынасы көп, терең болады: Сәбит Мұқанов сөзге сараң, Ілияс поэзиясының құлагері, Мағжан – дүлдүл ақын. Яғни, жазушы қанша шебер болса, шығармасы сонша құнды болады.

Ғабит Мүсірепов қазақтың орасан зор, зілді қайғысын, төрт бетке сыйдырып, оқырман қауымға, яғни бізге жеткізген. Ғабит Мүсірепов – шебер жазушы.

Адам – тіршілік дүниесінің бір бөлшегі. Сондықтан, адам қоғам иесі, оның сана – сезімі, ойы, іс-әрекеті өзін қоршаған ортамен, табиғатпен үнемі байланыста. Сондықтан да көркем әдебиет адамды бейнеленгенде оның айналасындағы табиғи құбылыстардың материалдық белгілерін, сезім күшіне әсер ететін қасиет болмыстарын эстетикалық тұрғыдан игереді, саралайды, әрі жүйелеп жинақтайды. Адамды табиғат көркінен ләззат алғызбай, махаббат мұңына шалдырмайынша, күрес-тартыс, т.б. әр алуан шиеленістерге салып ширатпайынша, қуантып, ренжітіп немесе жылатпайынша шығарма эстетикалық биіктен көріне алмайды.

Табиғат пен адам тағдырын ұштастыра суреттеу тәсілінің шығармалардағы эволюциясы жазушы лабораториясының өзіндік сырын ашады. Бұл тәсілді автор өз туындыларының философиялық астарын тереңдету, эстетикалық қуатын арттыру үшін қолданады, сөйтіп, оқырман жүрегіне жол табады. Жазушы романдарында табиғаттың әрбір көрінісі, әрбір деталі тұлға жасауға тікелей қатысады. Кейіпкер тағдырының қиын-қыстау сәттері мен шешуші кезеңдердегі әрекеттер мен психологиялық күйлері пейзажбен ғажап үндестік, үйлесім табады. Қазақ прозасындағы талантты суреткерлердің әрқайсысының пейзаж бен кейіпкер қатынасын беруден өз қолтаңбасы бар.

Жазушы шығармаларында характерлердің ішкі әлемінің ұңғыл – шұңғылын көрсету, әрекеттерді психологиялық тұрғыдан жан-жақты дәлелдену, оқиғаның қым-қуыт дамуынан гөрі тереңнен толғану, ойлау,

кейіпкер тебіренісі іштей арпалысы, басым болып келуі. Автор ойы мен кейіпкер ойы тұтасып, шығарманың көркемдік табиғатына әсер етуі, көркемдік тұтастыққа айналуы – сөз өнері әлемінде өмір шындығы мен әдеби көркемдік кеңістігінің үндескен шеберлік үлгісі, шығарма көркемдігінің тылсым әлемі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Страхов, И. В.** Психологизм в романе. – М., 1993.
- 2 **Бахтин, М. М.** Эстетика словесного творчества. – М. : Искусство, 1986. – 445 с.
- 3 **Гинзбург, Л.** О психологической прозе. – Ленинград, Худлит, 1977. – 443 с.
- 4 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы, 1992.
- 5 **Еремина, Л. И.** Рождение образа. М. : Наука, 1983. –191 с.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

A. Ф. Зейнулина

Мастерство писателя в создании художественного образа

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

A. F. Zeynulina

Writer's skill in creation of the artistic image

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 29.11.16.

В статье рассматриваются пути поэтического поиска достижения идеи, подвергаются анализу внутренние и внешние социальные факторы, повлиявшие на создание художественных произведений, на специфику авторских приемов и способов создания художественных образов, а также в целом на формирование художественно-эстетических особенностей авторского произведения.

The article deals with the ways of poetic search of the idea achievement. The author analyses the internal and external social factors, which have influenced on the creation of the art works, on the specifics of author's

methods and the ways of artistic images', creation as well as on the formation of art and a esthetic features of author's work.

ӘОЖ 8 82.151.212.2

А. Т. Ибраева

магистрант, С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ.
e-mail: aiko_tarbinovna@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМ АНТРОПОЛОГИЯ СИПАТЫ

Аталмыш мақалада қазіргі қазақ романдарындағы көркем антропология сипаты қарастырылады. Көркем әдебиеттегі антропология түрлеріне талдау жасалынып, түрлі ұғымдарға терең символика нышанын берудегі жазушы шеберлігіне баға беріледі. Теориялық поэтика мен сюжетологиялық, характерологиялық, стилистикалық ауқымын саралауда көркем антропологияның ерекшелігі анықталады.

Кілтті сөздер: жазушылық шеберлік, тарихи таным, көркем антропология, роман-миф, антропологиялық аспектілер, фантастикалық антропология.

Суреткерлік нысана биігімен, өмір шындығынан өнер туындысын жасау міндеттерін неғұрлым шебер, неғұрлым көркем, неғұрлым мағыналы, жетік меңгерген қаламгер өз шығармашылық еңбегінде соғұрлым еркін болады. Оның шығармашылық еркіндігі өмір құбылыстарын көркем суреттеудегі келіскен дағдысы, әбден пісіп жетілген, кемеліне келген машық-мәнері, асқан шеберлігі арқылы көрініс табады.

Кейіпкердің қоршаған ортамен, жағдаймен байланыс, қарым-қатынас формаларының молдығына, байлығына және ерекшеліктеріне орай, оның сыртқы практикалық нақты қимыл-харакетін, тұр-қалпын суреттеуден ішкі әрекетін, сырын талдап, қадағалауға көшуде, сондай-ақ ішкі сырын сыртқы қалыбы, ісі арқылы суреттеу тәсілдеріне ауысуда қаламгер жазушылық шеберліктің неше түрлі озық үлгілерін көрсетеді.

Кейіпкер әрекетінің психологиялық және логикалық дәйектілігін, адамдар тағдырлары мен олардың характерлерінің шынайылық, эстетикалық

танымдық тереңдігін қамтамасыз ету мақсатында жазушы толып жатқан көркемдік амал-тәсілдерін қолданады. Солардың ішінде бұл мақсат үшін романдағы геройлардың мінез болмысы мен қарым – қатынас табиғатын ашудың эпикалық және лирикалық тәсілдерінің атқаратын қызметі айрықша мәнді деуге болады. Бұл ретте шығарманың реалистік сипаты ерекше роль атқарады.

Адамның жанының шындығын, сезім сырын бұлайша терең мөлдіретіп, соншалықты күрделі қарым-қатынаста, дәл осынша нақты, көзбен көріп ішпен білгендей айқын, шынайы суреттеу сөз өнерінің барша сыңарларын қанық, сөз өнерінде өзін ерекше еркін сезінетін нағыз шын зергердің ғана қолынан келсе керек.

Әдебиет тарихында суреткердің орны мен рөлі неғұрлым маңыздырақ, ірірек болса, оның өзіне дейінгі көркемдік дәстүрден үйрену белгілі әдеби құбылыс өзінің туып, қалыптасуы барысында ескінің кей қажетті белгілерін сақтап қалуға мүдделі болып шығады. Бүгінгі әдеби даму сипатынан да осындай ерекшеліктерді байқауға болады.

Әдебиет тарихында суреткердің орны мен рөлі неғұрлым маңыздырақ, ірірек болса, оның шығармашылығы да тек келісімді ғана емес, тек жоғары жаңашылдық сипат танытып қана қоймайды, сонымен бірге ол өзінің сонылығымен, өзіндік бөлек жаратылысымен де пісіп жетілген қоғамдық тарихи және соған орай, әдеби сұранысқа да соғұрлым толық жауап беретін болады. Жазушының жеке шығармашылық жолы белгілі кезеңдегі әдебиеттің барлық қозғалысының басты заңдылықтарын соғұрлым кең көлемде бейнелейді, дәлірек айтсақ жүзеге асырады.

Өмір шындығы мен авторлық позиция арақатынасы туралы бір пікірінде М. Әуезов былай деп жазады: «Өзің таңдап алған материалды сүю ғана емес, барлық шетін, нәзік жайларына шейін түгелімен қиялдап та іштен кешіру шарт... тірлікке терең шомып, ой ұрығын терең көміп іздену қажет. Сонда ғана шығарма шынарын, еңбек еменін өсірсе болады» [1, 398]. Жазушының шығармашылық тұлғасына тән басты ерекшелік оның шығармалары тақырыбының сонылығымен, идеясының өзектілігімен, болашақпен сабақтасқан өміршеңдігімен сипатталады.

Әдебиеттану ғылымының анықтауы бойынша, ғылым белгілі өмір құбылыстарының сырларын дәлелдеу, баяндау, хабарлау арқылы танытатын болса, көркем әдебиет оның бірін де істемейді, ол өмір құбылыстарын бейнелейді, суреттейді, образ арқылы көзге көрсетеді. Көркем әдебиетте образ жасаудың жолдары көп.

Жазушы шығармашылығында образ жасаудың белгілі жолдары дара тұрып та, өзара ұштасқан, сабақтасқан күйде де ұшырасады. Оның кейбір жақсы үлгілеріне жоғарыда едәуір көңіл бөлінді. Солармен қатар адамның

кескін-келбетін жасаудың статикалық динамикалық тәсілдерін, олардың кейде диалогпен немесе мінездеумен тығыз байланысты болғанда атқаратын көркемдік эстетикалық қызметін аңғару да қаламгердің шығармашылық шеберлігін тануға көп септігін тигізеді.

Қазақ романы қазір қай тұрғыда да үздіксіз толысу, кемелдену, іштей тармақталып даму үстінде деуге болады. Жанрлық, тақырыптық, проблемалық сапаларымен де әр қырынан, жаңа ізденулерімен көзге түседі.

Қазақ әдебиеті бүгінде тереңдей дамумен қатар жан-жақты және кең қанат жайып, тармақтала өркендеу сатысына енді. Мұның өзі қазіргі әдеби процестің басты заңдылығын бейнелейтін күрделі система ретінде көрініс беріп отыр.

Дүниені, қоршаған ортаны танып-білуде, оның түрлі құпия сырларын меңгеруде адам баласының ақыл-ойына, танымына шек қоюға болмайды. Әлем сыңарларын тану, игерудегі осындай үздіксіздікке сәйкес адамның ақыл-ойы да үнемі кемелдене береді. Сөз жоқ, бұл даму, кемелдену беталды, бағыт-бағдарсыз жүріп жататын жүйесіз процесс емес. Ол белгілі қоғамдық-әлеуметтік тенденциялар тінімен сабақтас, өзектес жүзеге асып отырады. Дамуға, өркендеуге объективтік те, субъективтік те факторлары жеткілікті, толысқан әрбір құбылыс секілді, көркем әдебиет те үздіксіз ілгерілеу, тыныстау, даму күйінде болады. Көркемдік дамудың ішкі заңдылықтарының өзі осындай қасиеттерімен ерекшеленеді. Белгілі кезеңдегі көркемдік ойлау деңгейі осы өзекті тенденциялардың жалғасу, даму табиғатымен анықталады. Әдебиеттің гуманистік, халықтық, партиялық принциптері осындай тенденциялар мәнімен барынша сәйкес келеді. Көркем әдебиет мазмұндық-идеялық қасиеттердің ілгерілеуімен қатар, формалық жағынан да жетілу процесін бастан өткірді. Сонда, әдебиеттегі ішкі-сыртқы, мазмұндық және формалық құбылыстардың даму, өркендеу жолына тарихи тұрғыдан көңіл бөлген жағдайда, олардың әр кезеңде түрлі жаңашыл сипатқа иеленіп отыратындығын аңғаруға болар еді. Басқаша айтар болсақ, әр кезең әдебиеті бұрынғы бір кезеңнің көркемдік ойлау дәстүрін жалғастырып отыратын болып шығады. Сол дәстүрді жалғастыру, одан үйрену, соған сүйену арқылы ғана жаңа көркемдік құбылыс, жетістіктерге қол артуға болатындығы айқындалады.

Көркемдік ойлау үлгілеріне көз салып ойтрғанда, әдебиеттегі алға жылжу, даму дегеннің өзі ондағы белгілі сапалық және сандық құбылыстың жетіле беру процесі секілді болып көрінеді. Осыдан келіп, әдебиеттегі белгілі дәстүрдің жалғасуы, дамуы туралы, әдебиеттегі жаңашылдық жайлы қорытындылар жинақталады.

Қандай жазушының болса да, өзіне дейінгі және өзі тұсындағы көркемдік жетістіктерді игеру, одан үйренуі тәжірибелік сатыдан аспаған

жағдайда, ол үйренудің нәтижесі бәлендей бағалы бола алмайды. Үйренуші қаламгер белгілі үлгінің сыртқы көрінісін ғана алмай, оның ішкі структурасы мен мәнінің арақатынасын, үйлесімін де терең танып білуі керек. Ал үйрену, еліктеу сатысынан өтіп болған жазушы өзінің дәстүрге қатынасында да барынша еркін, дербес, сөйте тұра онымен барынша жақын, өзектес болып отырады.

Қазіргі қазақ романдарының жазылуында басты көркемдік және әлеуметтік тенденциялардың түп табиғаты туралы сөз бастағанда, синхрониялық тәсілден гөрі диахрониялық тәсілге деген қажеттілік басым түсіп жатады. Сөйткенмен де әр кезең әдебиетінде белгілі құбылыстың ауқымы қандай дәрежеде – ол туралы кең сипаттама, толымды ұғым берілмейінше, көтерілген мәселені терең, әрі жан-жақты шешу тағы мүмкін болмайды.

Бүгінгі роман жазу үрдісінде жалғастық, дәстүр мен оның жаңғыруы секілді мәселелерді зерттеуге арналған еңбектерде осы жай еркін, кең көлемде көрініс береді. Бұл формалық, структуралық қана ерекшелік емес, мазмұндық, сапалық жетістіктердің де басты шарты болды.

Ұлттық әдебиеттің, әр жазушының ұлттық тар аядан шығып, дүние жүзілік прогресшіл көркемдік оймен танысуы, оны игеруі қоғам жағдайында ғана толық мүмкін болды. Ұлттық әдебиетті, оның әр өкілін барлық халықтар әдебиетімен, бүкіл дүние жүзі мәдениетімен етене жақындасуына жағдай жасады. Соның нәтижесінде ұлттық әдебиет жетістігі жалпы адамзаттың, сол арқылы әлемдік әдеби дамудың табысына айнала алды. Және, керісінше, әлемдік прогресшіл әдебиеттің табыстар ұлттық әдебиетіміздің өркендеуі үшін де игі роль атқаратын болды.

Көркем шығармасының екі объект тұтастығынан туатын бір ғана пәні бар: белгілі қоғамдық орта және сол ортада өмір кешуші адам. Көркем шығарма қоғамдық адам арқылы қоғам тынысын, оның ішкі сыр-сипатын, әлеуметтік бетін танытады. Қоғамдық түрлі құбылыстар арқылы адам жаратылысының сан салалы жұмбақ тылсымдарын ашады. Материалдық өмірдің санадағы сәулелену процесін көрсетеді. Суреткер барлық күш-қайратын, шеберлігін бір ғана мақсатқа - адам жүрегінің сырын, адам жанының шындығын танытуға жұмылдырады. Көркем шығарманың әрбір жалқы, сыңар деталіне дейін адам өмірімен тығыз байланысты.

Қазіргі күннің, қазіргі заманның шындықтары аясында басталып, одан соң өзінің белгілі бір шегіне жетіп не жетпей аяқталып жатқан оқиғалар аз емес. Олардың салдары да белгілі. Осындай шындық құбылыстарды сырттан бақылап, барлап жүре бермей, оларды іргелі мәдени-әлеуметтік мәселе деңгейінде көркем бейнелеу нағыз талант пен маңдай тері сорғалаған адал еңбектің бірлігінен ғана тумақ. Таланттың орнын құр тамсану, еңбектің

орнын болымсыз барлау басқан жағдайда, әдеби өмірден қызу қашып, қуат кетеді. Шын талант үшін барлау емес, самғау қажет.

Ұлттық рух, ұлттық таным қарапайым халықтың көкірегінде. Халық көкірегі де бір аяулы сырсандық. Оны ешқандай тыз етпе аша алмайды. Оны ашатын кілт ұлттық тәлім-тәрбие мектептерінің ұстаздары мен ұлттық мәдениет пен ұлттық әдебиет қайраткерлерінің жүрегінен ғана табылады. Егер ұлттық рух өшпей, әр көкіректе әлі де маздап тұрса, онда мұны, алдымен, ұлттық ұлы болмысынан, содан кейін әдебиет пен өнер, мәдениет туындыларының көркемдік-эстетикалық маңызы мен мәнінің жоғарылығынан деп білген дұрыс. Ақыл-ой, ар-ождан талабына бағынған, хақ жолындағы ұлт қана өзінің байырғы танымы байытып, ұлттық рухын көтеріп, абыройын асыра алады.

Көркем әдебиеттің қандай бағытта дамитындығы туралы кесіп-пішін айту қиын. Бұл орайда тарихтың өзінен асқан кеңесші де, ақылшы да болмақ емес. Ежелгі дәуірдің тасқа қашалып жасалған әдеби ескерткіштері, орта ғасыр әдебиеті үлгілері, одан бері ақындар мен жыраулар шығармашылығы қандай бағытта, қандай көркемдік таным аясында жазылған екен – соны бір байымдап алған орынды. Солардың бәрі өмір шындығын суреттеді. Сондықтан да оларда телегей-теңіз тарих бар. Тарих бар жерде рух бар. Ұлттық рух іздеген адам, әдебиет үшін баянды бағыт іздеген адам жоғын содан табады. Олай болса, көркем әдебиеттің мақсаты да, мән-мағынасы да, бағыт-бағдары да олардың шындыққа қатысының баяндылығына, тиянақтылығына байланысты анықталуға тиісті. Жазушы ойына келгенді емес, көзімен көріп, көкірегімен сезінген, жүрегің сыздатып, қанын қайнатқан, жанын толқытқан шындық құбылыстарды шыншылдық тұрғымен қорытып жазуы шарт.

Көркем әдебиет ұлттың ақыл-ойы, жаны мен жүрегі, ары мен абыройы, тағдыр-талайы, тарихы. Сондықтан ақыл-ойға бай жаны мен жүрегі, ішкі сарайы таза, арлы, абыройлы жан үшін елдің тағдыр-талайы, тарихы туралы көркемдік сапасы жоғары шығармалар, жанрының сипатына қарамастан түгелдей бағалы.

Өнердің басты пәні – Адам. Көркем шығармада басы мәңгі қар, бауыры көк балауса тау суреттеле ме, сайын даланың бір мамыражай тоқ тартқан, толықсыған уыз сәті көрсетіле ме – бәрі бір, бұл жерде суреткер барлық күш-қайратын, шеберлігін бір ғана мақсатқа – адам жүрегінің сырын, адам жанының шындығын танытуға жұмылдырады.

Прозаның бүгінгі жеткен биігі, асқан асуы «талдауға бейімділік, суретке, образды сомдап беруге ұмтылушылық», «кейіпкердің ой-өрісін, жан сырын, пиғыл-пейілін бедерлі бейнелеуге ұмтылу» ғана болса, мұны, әрине, үлкен табыс деуге болмайды. Оның үстіне қазіргі қазақ прозасында

одақтық көлемде ірі шығармашылық нәтиже қатарында бағаланып отырған шығармалар да аз емес. Мәселен, Кәдірбек Сегізбаевтың «Беласқан» (Атамұра), Ғабиден Құлахметовтің «Үйірі жоқ көкжал» (Өнер), Асқар Алтайдың «Алтай новелласы: роман-миф» (Өлке), Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Ұлы көш» (Өлке), Төкен Әлжантегінің «Қым-кигаш тіршілік» (Елорда), Өмір Кәріпұлының «Тайталас» (Елорда), Тілеуқар Адамбайқызы Қосуақтың «Әйел айтқан хикая» (Арыс), Дәлелбек батырдың «Ақ барыс» (Елорда), Сейітхан Әбілқасымұлының «Оспан батыр» (Ана тілі), С. Елубаев, М. Мағауин романдары тұстас суреткерлердің прозалық туындыларының өзі-ақ көркем шығармашылығындағы парасат биіктігінің (философиялық тереңдік), психологиялық талдау шеберлігінің, қысқасы, мазмұн тереңдігі мен пішін жарастығының жақсы үлгісі екендігі бүгінде көпшілікке белгілі болып отырғаны анық.

Әрине, бүгінгі проза үлгілері түгелдей осындай тереңдігімен, келелі жетістігімен ерекшеленеді десек, ол жаңсақтық болып шығар еді. Қазіргі қазақ романында философиялық тереңдік те, психологиялық талдаудың шебер үлгілері де бар, форма мен мазмұны тамаша үйлестірген азушылық шеберліктің айтулы үлгісі де жетеді.

Антропология адамның табиғи құрылысын, оның бейімдері мен дағдысын, тілін, әдеби-мәдени өнерін, діні мен өркениетін зерттейді. Адам – философияның өзекті, байырғы және өте маңызды мәселесі. Философияның адам мәселесін арнайы зерттейтін бөлігі антропология деп аталады. Оның негізгі сұрағы – «Адам дегеніміз не» мәселесі. Адам туралы толық мәліметті пәнаралық зерттеу аясында көптеген ғылымдардың көмегімен жинақтауға болады. Сондықтан да соңғы жылдары адамтану ғылыми танымның ерекше саласы және оқу пәні ретінде жеке қарастырылады. Философия адамды тиянақты, бүтін, біртұтас жүйе деп анықтап, барлық мәндік қасиеттері мен құбылыстарының өзіндік рухани – практикалық іс-әрекетінің жүйесі ретінде, көпжақты, әмбебап жан етіп көрсетеді.

Адамның табиғаты мен мәні туралы сұрақ философия тарихындағы барлық ілімдерде бар. Адам проблемасын философиялық зерттеудің негізгі өзегі етіп қарастыратын экзистенциализм, персонализм және философиялық антропологияны қоспағанның өзінде психоанализ, герменевтика, структурализм, аналитикалық философия, социобиологияда адам тақырыбы көрнекті орын алып отыр. Мұның өзі тек жай ғана кездейсоқтық немесе ұқсастық емес. Қазіргі уақытта Адам төңірегіндегі мәселелердің алдыңғы қатарға шығып, әлемнің барлық түпкірінде өзекті мәселеге айналуы, ең алдымен, нақты индивидтің күнделікті өмір сүруінен кездесіп отырған жағдайдан туындап отыр. Ядролық қару – жарактың күннен – күнге көбейе түсуі, табиғи органдың бұзылуы адамдарды өте бір қиын сын сағатына әкеліп,

апырау, осы адамзаттың ертеңгі күні не болмақ деген үрейлі сұрақтарды – жиі туғызатүсуде.

Генетикалық инженерияның даму бағыты, әртүрлі органдарды трансплантация жасау мүмкіндіктері адамның биологиялық табиғаты туралы үйреншікті көзқарастарды өзгерте түсуде. Сонымен қатар, адам биологиясының біз білмейтін қаншама терең сырлары бар екендігінде де күмән жоқ. Ал адамның жан дүниесі мен «толық мазмұнды адам» табиғатын, сөз жоқ көркем әдебиет қана суреттеп, адами және ғаламдық мәселелерді шешуде басты роль атқарады.

Қазақ әдебиеттану тарихында көркем антропология – зерттелу кеңістігі жағынан аз айналымға түскен саланың бірі болып табылады. Бірақ сөз өнері болсын, музыка мен ән өнері болсын, сәулет пен сурет өнері болсын адамтану мәселесі ұлттық құндылық пен ұлықтық таным тарихында бағзы заманнан қарастырылып келе жатқан басты мәселелердің бірі. Өйткені ол жеке өнердің теориясы мен дағдысын зерттеуде антропологиялық ғылымның жетістіктерін жинақтайды. Көркем антропология өнертанудың басқа бағыттарымен тығыз байланысты болғанымен, әдебиет теориясының жеке бір бағыты ретінде де қарастыруға болады. Атап айтар болсақ, тарихи және теориялық поэтиканың – теориялық поэтика мен сюжетологиялық, характерологиялық, стилистикалық ауқымын саралауда көркем антропологияның орны ерекше екенін басты назарда ұстауымыз қажет.

Көркем антропологияны зерттеу, әр кезеңдегі әдеби кеңістік пен әдеби үрдістегі жазушылар шығармашылығындағы антропологиялық образдарды айырып қарау әдебиеттегі адам бейнесін тарихи, типологиялық, салыстырмалы-салғастырмалы аспекте танып-білуге мүмкіндік береді. Қаламгерлердің шығармаларындағы адам мінезі мен адам мүшесінің жан - жақты суреттелуі сюжет мазмұнының басты құралы болып табылады. Жазушы шеберлік мүмкіндігіне қарай антропологиялық көркемдікті қазақ халқының танымы мен талғамына, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына қарай пайдаланып, көркем шығарманың арқауы ете білген. Бұл ретте қазіргі қазақ роман көші де қалыс қалмаған. Жарық көрген романдардағы адам тағдыры осы антропологиялық көркемдікті шебер қолданыста пайдаланып, роман формасына жаңа үрдіс әкелгенін байқаймыз. Мәселен, адамның дене мүшесіне қатысты салт-дәстүр танымы осы күнге дейін атадан балаға беріліп, ұлыстық мәнін жоймай, ғасырлар тоғысында сақталып келе жатыр. Мәселен, **Ауыз мүшесіне** байланысты мынадай ұғым – түсініктер болып, сөз жоқ, бұл құралдар көркем шығарма кеңістігінде қолданысқа түсіп отырған. Шығарма шырайын келтіріп, сюжет байлауына жақсы қызмет жасаған. Асату дәстүрінде дастарқан басында ет жеп отырғандар тоя бастағанында, төрде отырған ақсақал қалған етті қолымен қонақтарға, жас балаларға

асатады. Бұрындары ауыл балалары **ет асаймыз** деп қонақ келген үйдің қасында жүретін-ді. Бұл суреттеулерді Кәдірбек Сегізбайұлының «Беласқан» романында мына бір эпизоттардан байқауға болады: – Төрем, берілер ас түбін қуса жарамас, тым болмаса, ел кішілері ет асаймыз деп жүгіріп жүр, немесе ауыз тию көңілімен билерді шығарып салсаң болар еді (2,87), деген диалогтары арқылы танылады.

Ауыз тию. Алыс сапарға аттанарда сол адам ауылындағы немесе әулетіндегі үлкен үйге кіріп дәм татып, жолға шыққан. Сонда ол «Осы қара шаңырақтың киесі қолдайды» деп сенген. Отбасы тамақтанып отырғанда дастарқан үстіне келген адам ондағы дәмнен ауыз тиюге тиіс. Әсіресе, таңғы астан ауыз тимеуге болмайды. Астан ауыз тию – үй иелерінің қонаққа, қонақтың дастарқандағы асқа деген ыстық ықыласының бір белгісі болып саналады.

Аузына түкірту. Бұл – қазақтардың ертеден келе жатқан ырымы. Олар батырлар мен билерге, ақындарға, тағы да басқа атақты адамдарға баласының **аузына** түкіртіп алатын болған. Түкіргенде оның ырымы ғана жасалады. Бұл ырым баламыз сондай адамға ұқсап, өнегелі болсын дегеннен туған. Баласының аузына бір адамға түкіртсе, жеткілікті.

Аяғына жығылу. Кешірім сұраудың ең үлкен, кішіреюдің ең ауыр түрі – осы ғұрып. Оны орындағанда айыпты адам жанына абыройлы, қадірлі кісілерді ертіп алып, тиісті адамның үйіне рұқсат сұрап кіріп, кешірім сұрайды. Айыбы үлкен болса, айыпкер өзі кінәлі болған адамның **аяғына жығылып**, оны құшақтаған қалпы жылап, кешірім сұрап, жалынған. «Аяғына жығылу» – әрі ғұрып, әрі жазаның бір түрі.

Мойнына бұршақ салу. Ертеде баласы жоқ **адамдар мойнына** көгеннің бұршағын салып Аллаһ Тағаладан перзент сұрап жалба ынған, жылаған. Мойынға бұршақты бала тілегенде ғана салады.

Сүйек жаңғырту. Бұрындары құда-құдағи болған жақтар қайтадан қыз алысып, қыз берісіп құдалықты одан әрі жалғастырса, оны сүйек жаңғырту дейді. Бұл салт қыз бен жігіттің келісімімен қазір де жасалып жүр. Бұл жерде адамдар сүйектің өзін көрмесе де, абстракциялық қалыпта көз алдына елестетіп, адамның дене мүшесі ретінде қабылдап, тіпті бір адам, ру, ел өкілі, яғни сүйек ұғымы Адам ретінде ретінде қабылданған.

Тізе бұгу Халық әдебімен **тізе бұгудің** бірнеше түрі, жолы, шарттары бар. Мұның бәрі де негізінен әдептілік, тәртіп заңдарына негізделген. 1. Жұмысы болып бір үйге келген адам шаруасын отырып айтады. Егер тым асығыс болса, ол жайын айтып бір тізесін бұгуі керек. Бұл – шаңыраққа көрсетілген құрметтің белгісі. 2. Бұрынғы дәстүрде біреуден бата тілегенде ол адам **бір тізесін бүгіп, екі қолын** жаяды. Бұл әдет бүгінге дейін сақталған. 3. Ұрыста, жекпе-жекте немесе айтыс-тартыста жеңілген жақ немесе кешірім сұраған айыпкер **тізесін бүгіп, басын иіп**, айыбын төлейді.

This article is devoted to the consideration of the concept of «love» in two languages. The object set for work is the comparative description of the language means participating in verbalization of the concept of «love» in the English and German language pictures of the world. For identification of the semantic field of the concept of «love» in the English and German languages there have been used explanatory, word-formation dictionaries and dictionaries of synonyms. On their basis the definitions analysis of the lexemes of «love» and «Liebe» is carried out, the metaphoric and emotive components of this concept are derived.

А. З. Қазанбаева¹, З. Н. Жуынтаева², М. А. Тұрсынова³

¹ф.ғ.к., доцент, Филология факультеті, Қазақ тіл білімі кафедрасы, ²ф.ғ.к., доцент, Филология факультеті, Қазақ тіл білімі кафедрасы, ³ф.ғ.к., доцент, Филология факультеті, Қазақ тіл білімі кафедрасы, академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.
e-mail: ¹Kazanbaeva67@mail.ru

ЭТНОФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

Мақалада этнофразеологизмдердің қолданысы, берілу жолдары, этностың табиғатымен байланыстылығы, көркем мәтіндегі қызметі жан-жақты сөз етілген. Этнофразеологизмдерде ұлттық дүниетаным, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің көрініс беретіні жайында мәселелер қарастырылады. Этнофразеологизмдер ұлт пен мәдениетті байланыстыратын ұлт тіліндегі лексикалық қорымыздың байлығы болып табылатындығы айтылған. Көркем шығармадан алынған мысалдар негізінде этнофразеологизмдердің тілдік табиғаты анықталған.

Тірек сөздер: этнофразеологизм, этнолингвистика, этномәдени лексика, материалдық мәдениет, ұлттық дүниетаным, тіл әлемі, салт-дәстүр, ұлттық колорит, кумулятивтік қызметі.

КІРІСПЕ

Қазақ тілінде этнофразеологизмдердің тілдік табиғаты қолданыс аясында айқын көрініп, олардың этнографиялық көрінісі әртүрлі тілдік фактілермен ерекшеленіп, ұлт тілінде тарихи сипатқа ие болады. Этнофразеологизмдер этнос өмірінде туындап, өзіне ғана тән рухани, мәдени танымды суреттеп, тіл әлемінде ерекше қолданылып, айрықша мағынаға ие сөзқолданыстардың бірі болып табылады.

Тіл, мәдениет, өркениет өзара бір-бірімен сабақтастықта әрі үйлесімділікте өмір сүретіні мәлім. Кез-келген тілдің бірліктері сол ұлттың дүниетанымы, қоршаған әлемді қабылдау ерекшелігіне байланысты рухани және материалдық мәдениеті жөнінде мол мағлұмат береді. Тіл этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының негізгі көрсеткіші болып табылады және ұлт тіліндегі этномәдени лексика ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, оның мәдени мұрасы ретінде мәңгі сақталады. Кез келген тілдің көрінісі халықтың тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымына, жалпы тұрмыс-тіршілігіне байланысты болып, сол тілден

мол деректер беретіні мәлім. Тілді мәдениетпен байланыстыра зерттейтін, сонымен бірге тілдің қызметіндегі және қалыптасуындағы, дамуындағы лингвистикалық, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әсерін, бір-бірімен байланысын қарастыратын тіл білімінің жаңадан дамып келе жатқан саласы- этнолингвистика болып табылады. Этнолингвистиканың бір арнасы этнофразеологизмдер болып табылады.

Тіліміздегі этнофразеологизмдер – лексиканың ең бір негізгі саласы, тіл байлығының көрсеткіші болып табылады. Тұрақты тіркестер өзінің экспрессивті-эмоциялық әсерлігімен көзге түседі. Фразеологиялық тіркестер мәнерлілік қасиетіне байланысты көркем шығармада молынан қолданылып, олар адамның тіл байлығын арттыруға, ойын өрістетуге, көркемдік талғамын ұштауға жәрдемін тигізеді. Қазіргі тіл білімі тілді адам мен ойлаумен, сана-сезіммен байланыстыра үйретуге тырысумен қатар тілдік фактілерді де тілдік тұлғамен және ұжыммен тығыз ара-қатынаста зерттеумен де ерекшеленеді, бұндай жағдайда тілдің ұлттық – мәдени ерекшеліктеріне, сонымен қатар тілдік бірлікті зерттеуге үлкен көңіл бөлініп келеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тілдегі этнофразеологизмдер халықтың дүниетанымы, болмысы, салт – санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті сол халықтың тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясымен әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық қолданыс болып табылады. Тіл – мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда өз дәрежесінде әлі де зерттелмей келеді. Тіл –рухани күш. Демек тіл және семиотикалық таңбалар арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасымен ойын білдіре алады.

Этнофразеологизмдер ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тұрмыстағы ерекшеліктер, тарихи-мәдени болмыс, ұлттық дүниетаным және ұлт тіліндегі басқа да көріністер арқылы суреттеледі. Мысалы: «қол қусырып қой сою» – құрмет көрсету, қонақжайлылықты білдіреді, «күрсак шашу», «бетке ұн жағу», «құда түсіп құйрық жеу» сияқты этнофразеологизмдер келін немесе күйеу баланың келу құрметіне байланысты қолданылады. Бұл этнофразеологизмдер қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлерінен көрініс береді.

Ұлттық танымның фразеологияда көріну себебі ол тілден тыс шындықты бейнелейді. Тілдің басқа да көптеген құрылымдық бірліктері сияқты, фразеологизмдер де кумулятивтік қызмет атқарады. Этнофразеологизмдердің кумулятивтік қызметі культтік – мифологиялық және ұлттық таныммен байланысты туған үлгілерден анық көрінеді.

Этнофразеологиялық қор негізінде мәдениет пен тілдің арасындағы байланысты көрсету – қазіргі тіл білімінің басты мәселелерінің бірі болып табылады. Кез – келген тілде ерте дамыған жазба мәдениет дәстүрі, халық тілінің даму динамикасы көрініс береді. Тілдің этнофразеологиялық қоры – сол тілде сөйлейтін жекелеген ұлттардың мәдениет танымының айнасы. Ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын этнофразеологизмдердің орны – әлемнің тілдік бейнесін жасауда ерекше. Оны танымдық тұрғыдан талдау – адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Ғалым Ә. Қайдар этнолингвистика туралы: «Ол-этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым»-деген анықтама бере отырып, тілдің лексика-семантикалық қорын дамытудың, байытудың көздері ретінде этнолингвистикалық арналарды ұсынады: 1. Баламалар. 2. Тұрақты теңеулер. 3. Фразеологизмдер. 4. Мақал-мәтелдер. 5. Жұмбақтар. 6. Ауыз әдебиеті үлгілері [1, 8].

Ғалым Ә.Қайдар этнолингвистиканың негізгі зерттеу объектісі этнолексика, олардың көпшілігі тілімізде көп қолданылатын фразеологизмдер және мақал-мәтелдер екендігін баса айтады. «Олар бара-бара тұрақталып, мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан этнофразеологизм және мақал-мәтел дәрежесіне көтеріледі. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді», – дейді [1, 18]. Демек этнолингвистикалық арналардың бірі болып табылатын фразеологизмдер–халқымыздың ұлттық ерекшелігін көрсететін басты байлығымыздың бірі. Солардың бірі-тілімізде айрықша қолданылатын этнофразеологизмдер.

Тілдің этнофразеологиялық қорында тұтас бір мәдениеттің сарқылмайтын байлығы жататыны мәлім. Өйткені, тіл мен мәдениет өзара қарым-қатынаста өмір сүреді, сондықтан да тіліміздегі этнофразеологизмдер ұлт тілінде айрықша орын алады. Кез-келген тілдегі этнофразеологиялық қорды сан жағынан әрі мазмұн жағынан байытып тұратын фактор – сол тілде сөлейтін халықтың рухани және материалдық мәдениеті. Этнофразеологизмдер – халықтың мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихи кезендерін, эстетикалық ойлау болмысын бейнелейтін тілдік маңызды материал болып табылады. Тілдегі этнофразеологизмдер халықтың дүниетанымы, болмысы, салт – санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті және сол халықтың тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясы мен әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылады.

Этнофразеологизм – белгілі бір ұлтқа тән, сол ұлт қолданысының әдет-ғұрып, салт-сана, мәдениетіне байланысты кездесетін фразеологизмдер.

Мәселен, азан шақырды, бас құда, қалың мал, дөнен қымыз, шаңырақ көтерді, ерулік берді, еншісін берді, тұсау кесті, қырқынан шықты, үйірімен үш тоғыз тағы басқалары секілді этнофразеологизмдер өзге ұлттарда кездесе қоймайды. Негізінде этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этностың шынайы белгісі, бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тіл арқылы ұрпақ жадында ғана сақталады екен.

Сонымен, этнофразеологизм дегеніміз – этнос болмысына қатысты фразеологиялық бірліктердің жиынтығы, синтезі.

I. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінен» қазақ ұлтына мейлінше жақын фразалық тіркестер жинастырылды және көркем әдебиеттен мысалдар алынды [2]. Сөз таптарына қатыстылығына байланысты сөз етсек, олардың ішінде мол кездескендері зат есім, етістік тіркестер. Қазақ тілінде де, басқа түркі тілінде сияқты фразеологизмдердің сөз табына қатыстығы жағынан ең көбі етістік фразеологизмдер. Тұрақты етістікті сөз тіркестері өзінің семантика-грамматикалық табиғатында жалаң және күрделі деп бөледі.

Жалаң етістікті фразеологизмдер үлгісіне: аза күтті, айтұяқ шалды, бақан аттар, бата қылды, бәйге тікті, бата оқыр және тағы басқалары жатады.

Күрделі етістікті фразеологизмдердің вариант қатарларына мысалдар: аза күтті /аза қылды, жаназа оқыды / жаназасын шығарды; жолын қылды/ жол алды және тағы басқа күрделі етістіктер – тұрақты тіркестер, яғни идиомаланған тіркестер.

Етістік мағыналы фразеологизмдердің құрылымы есім мағыналы фразеологизмдерге қарағанда күрделі, сонымен қатар, оның парадигмалық жіктелуі де бай. Бұл ретте компоненттер құрамындағы ауыстырылып отыратын мәндес, мағыналас, синоним етістіктерінің алатын орны ерекше. Фразеологизмдердің варианттылығы жайында ғалым Г. Смағұлованың еңбегінде жан- жақты қарастырылып, нақты мысалдар негізінде түсіндірілген [3, 128]. Фразеологизмдердің вариант қатарларының саны көп. Мысалы: *екі қатарлы*: қол ұстату / қол ұстатар, аужар айту / *үш қатарлы*: азан айтты / азан шақырды / азан салды; *төрт қатарлы*: ит әуреге салу / ит әуреге түсіру / ит әуресін шығару / итін шығару; *алты қатарлы*: есік көре келу / жыртыс сала келу / қол ұстау / күйеуге есік аштыру / есік аша келді / қоржынын апарды. Яғни, ескі салтта күйеу жағы қалыңдықтың жасау жабдығын үлкен тойдан көп бұрын, тіпті бір жыл бұрын апарып, күйеуді қалыңдық еліне көрсетіп, көп ырым-салттардан өтіп қайтатын болған. Сол барысты осылай атаған. Онан соң күйеуге есік аштырады. Мұның мағынасы күйеу бірнеше адам жолдас ертіп, қайынына келеді. Абайдың бұл келісі ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу деп, қол ұстау деп те аталады. (М. Ә.) Қазақ тілінде де басқа түркі тіліндегі сияқты етістіктің аналитикалық түрлері өте көп [2, 55-60.]

Осыға орай, фразеологизмдердің вариант қатарларының біразы есім сөз бен көмекші етістіктердің тіркесі арқылы көбейе беретіні жоғарыда көрсетілген мысалдардан айқын аңғарылады. Көмекші етістіктермен түрленуі арқылы компоненттер саны да өзгермелі болады. Мысалы: аза күтті, аза қылды. Өлген кісіні жоқтады; қаза тапқан кісінің басы қасында болды. Қырық күн азасын күткен қыршын жас ел қабырғасын қайыстырып кетті. (ауызекі тіл).

Ақ арулап жөнелтті, ақ арулап қойды. Өлікті мейлінше қадірлеп, бар кәдесіне жасап қойды, жерледі. Ең соңғы рет түнетеді үйіне, ақ арулап жөнелтеді және де тағы басқалары (М. Әуезов).

Етістік мағыналы фразеологизмдерді құрамындағы компоненттердің сөз табына қатысын анықтауда қолымыздағы жинаған материалдарға жүгінсек, бірнеше конструкциясының бар екенін байқадық. Мысалы, зат есім + етістік.

Аза салды. Қаралы үйге жиын асына, асқа деп, үлес-сыбаға беру. «Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие, бір той сойыс апарды. Және азаға салғаным деп, Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды» (М. Ә.).

Азасын өткерді. Қайтыс болған кісіні арулап жөнелтті. Әбіш сол (1919) жылғы көктемге қарай қайтыс болды. Ғабит екеуіміз оның азасын қолдан өткердік (С. Мұқанов)

Айтұяқ шалды. Құрбандыққа мал сойды. (діни сенім бойынша «құдайға құлшылық» істеп, аяулы малын садақаға сою.) Айтұяқты бозқасқа салып, азан шақырып, Айбарша деп ат қойыпты (Т. Ахтанов).

Сонымен қатар, этнофразеологизмде салт-дәстүрге байланысты айтылатын тұрақты тіркестер сонау ерте заманнан келе жатқан салт болып табылады. Осыған орай салт-дәстүрде қыз ұзату тойына байланысты да этнофразалық тіркестер кездеседі.

Неке қияр; Неке оқу; Неке суы. Ескі салтта бұл бір-біріне жар болуға ризалық беру, жұптыққа адалдық, айнамастық серт ету, бұған көптің куәлігі.

Қол ұстату; Шаш сипату. Күйеу мен қалыңдықтың бір-біріне жар болуға ризалығы болған соң, күйеу тарапынан қалыңдыққа жасалатын ризалық көңіл білдіруі, құрмет көрсету ізеті. «Қол ұстату, шаш сипату деген атақты ырымдар осы» (М. Ә.).

Қалыңдық ойнады. Ұрын келіп бетін ашқан күйеу қалыңдығына келіп, ойнап-күліп жүруге ерікті болған, қыз бен жігіт бір төсекте жата беретін болған. Осы салтты «қалыңдық ойнады»деп атаған (М. Ә.).

Бәйге тікті. Озғанға берер жүлдесін атайды. «Ал Қарсақ, Борсақ жарысы болады. Женеше, балуанның қайсысы, бәйгенді тік!» (М. Ә.).

Бата қылды. Өлген кісінің үйіне барып, дұға етіп, артына қалғандарына көңіл айтты, ас қайырды. Қолымда туған адам еді, Мұқаң марқұмға бата ғып қайтайын деп талпындым» (С. Мұқанов).

Қалжа жеді. Әйел босанғаннан кейін жас сорпа-ішіп әлденеді деген мағынада. «Тақсыр, Жиренше жаңа ғана жас босанып, қалжа жеп жатыр еді» («Хан мен Жиренше»).

Кәдесін алды. Жолын алды. Салтқа байланысты жолмен сыйлық, бұйым сияқты алымын алды. Кәкенді жеңгелері күйеуіне оңаша жолықтыру керек те күнәсіздігін көрсетіп, күйеуден кемпір өлді, ит ырылдар, бақан аттар, есік ашар, қол ұстатар кәделерін алуға тиісті (С. Мұқанов).

Ерулік берді. Көрші кеп қонған үй иелерін шақырып, қонақ ету мағынасында айтылады. Алғашқы күндер-ақ қатар қонған екі ауыл бір-біріне ерулік беріп, шақырысып, араға аяқ-табақ қатынап қалды (Ө. Нұрпейісов).

Абылайдың ақ туы. Бұл сөз бұрын күллі қазақ атынан айтылар ұранның баламасы ретінде жұмсалған болған. Олар ана жақта партия құрып, Абылайдың ақ туының астына алаш азаматын топтап, үш жүздің баласының басын біріктіріп жатқан көрінеді» (Ө. Нұрпейісов).

Ақ жол емі. Қазақтың ескі салтында ер жігітке оқ тисе, денеде тұрып қалған оқты түсіру үшін жаралы кісі үстінен әйелдерді үш мәрте аттататын әдет еді. Егер ол әйел күнәсіз болса, денедегі оқ кері кері шығады деген ұғым болған. Ешбір дәрісіз, құралсыз тек адалдығымен шипагер болғандықтан, әйелдердің бұл емін «ақ жол емі» деп атаған. «Ақ жол емі төре тұқымының әйел жынысын бозбалалықтан, ерлерінің көзіне шөп салушылықтан сақтау үшін Абылайдың өзі шығарған емі болатын» (І. Есенберлин).

Бақан аттар. Құда түскелі барғанда құдалардан алатын кәде. «Кәкенді жеңгелері күйеуіне көрсетіп, күйеуден: кемпір өлді, ит ырылдар, бақан аттар, есік ашар, қол ұстатар сияқты кәделерін алуға тиісті» (С. Мұқанов).

Ілу сый. Күйеу есік аша келгенде әкелетін қалың малдың басы, қыз әкесі берген китін сыйдың қарымтасы, қаруы. «Қалың мал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс бесік жамбы» Бұл «ілу» деп аталып еді. Қаратын қарамалды айтқанда: жетпіс жылқы, отыз түйе аталды (М. Ә.).

Жасау сый, жасау мата. Келіннің көрпе төсек, киім-кешегіне деп әкелетін мата. Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына әкелді. Келген жылқы, түйеден басқа, жырттыстың бұл матасының өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді. Оның ішінде келінге жасау тігінетін батсайы, шақбал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған (М. Ә.).

Күйеу жолы. Қайындап барған күйеудің киім кию үлгісі, қалыңдық аулында ұстанар ізет. Бұған тәжім ету де жатқан. «Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу, бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын» (М. Ә.).

Бас тоғыз. Ескілік кәде бойынша берілетін сыйлық. «Алғашқы айтқан билігің екен, дәлдігің үшін жолыңа нар бастаған тоғыз байлаттым, бұдан былай сенің сыбағаң бас тоғыз болсын! (Шешендік сөздер)

Дөнен қымыз. Төрт күн тұрып ашыған қымыз. «Той қымыз, құнан қымыз, дөнен қымыз. Тең-теңдегі қара нарға сабаны артқан» (Н. Ахметбеков).

Қарғы бау. Қыз айттыра барғанда жаушы апаратын шапан.

Қыз қашар. Қыз «қашырған» кісілерге, оны табу тартысы өткен үйге берілетін сый. «Күндізгі той өтіп, кешкілік үлкендер жатып қалып, қыз-келіншектер қалыңдықты көрші ауылға апарып, жасырып қояды. Ол ауылда бір үй арнайы дайындалады. Бұл топ жүргендер екі жақ (күйеу жақ, қалыңдық жақ) болып бөлінеді. Әлгі үйге қалыңдық жағы қызды жасырып отырады, күйеу жағы іздеп барып табады. Екі жақ тартыс ойын жасайды. Күйеу жақ жеңіп, қалыңдықты жеңгеннің қолына береді. Әлгі үй иесіне күйеу бір ат, я жақсы қымбат шапан береді. Оны қыз қашар деп атайды» (Ы. А.)

Жоғарыда келтірілген құрамы екі компонентті фразеологизмдер сырт тұлғасы, яғни жасалуы жағынан күрделі сөздерге ұқсап тұр. Сондықтан да кейде сөздіктерде күрделі сөздер мен есімдер фразеологиялық тіркестердің ара қатынасы, айырмашылығы ескерілмей қалады. Мұнда басты назар аударатын нәрсе: фразеологиялық тұлғалар күрделі сөздердей номинативті атауға ие емес, ауыспалы мағынада, үнемі бейнелі эмоционалды-экспрессивті мағынада жұмсалады [4, 207].

Аталған этнофразеологизмдер – ұлт тіліндегі фразеологиялық қордан орын алған, ерекше мазмұндық сипаты бар тұрақты тіркестер. Тіліміздегі этнофразеологизмдер тіл мен мәдениет байланысын айқындайтын этнолингвистикалық арналар болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіліміздегі этнофразеологизмдер этнографиялық, тарихи, лексика-семантикалық, этимологиялық, танымдық тұрғыдан қарастырылып келеді. Қолданыстағы сөздің этноқызметі, мағынасы оның тілдік қатынастағы жұмсалу ерекшеліктерін айқындаумен маңыздырақ. Мәтін құрамындағы сөздің, сөз тіркесінің этнолингвистикалық қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан-жақты хабар беруге бағытталады. Тіліміздегі сөздердің мәтін ішіндегі қолданысы этнолексика арқылы көрініс беріп, тұтастай бір ұлттың этномәдени, тарихи, ұлттық бітім-болмысын таныта түседі.

Сонымен, тіліміздегі тұрақты тіркестердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл болмысы сақталып суреттеледі. Халықтың күн-көріс, тұрмыс-тіршілік негізінде жан-жақты өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың өзгешеліктері тілдік қолданыстағы тұрақты тіркестерден көрініс табады. Олай болса, этнофразеологизмдердің қалыптасу негіздерін халықтың ұлттық-мәдени көздерімен байланыстыра қарастырудың мәні зор.

Қорыта келгенде, тілімізде ойымызды бейнелі, мәнерлі етіп, айқын жеткізуде өзінің бейнелілігімен, әсерлілігімен, экспрессивті-эмоционалды бояуымен және ұлттық сипатымен айрықша көзге түсетін этнофразеологизмдердің маңызы ерекше құнды. Тіліміздегі этнофразеологизмдер ұлт тілінің көрсеткіші. Этнофразеологизмдер ұлттық болмысымызды көрсететін этнолингвистикалық арналар болып табылады. Осы орайда қазақ тілінің фразеологиялық қорындағы даяр қалпында қолданылатын тұрақты тіркестердің қалыптасу уәждерін, шығу тарихын зерттеу, зерделеу, ұлт тілінің байлығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – тілтану ғылымындағы ең бір өзекті мәселелердің бірі десек артық етпес.

Этнолингвистикалық зерттеулер ұлт тіліндегі этноқолданыстарды ашып, олардың қолданыстағы мүмкіншілігін айқындауға мүмкіндік береді. Көркем шығармаларда қолданылатын этнофраза, этнолексика, этномәдени атаулар тарихи-мәдени және лингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын күрделі категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды көрсететін, кумулятивтік қызметі айрықша көрініс беретін ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыратын рухани, мәдени байлығымыздың негізгі көрсеткіші болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қайдар, Ә.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы : Ғылым, 1988. – 197 б.
- 2 **Кенесбаев, І.** Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы : Ғылым, 1977. – 797 б.
- 3 **Смағұлова, Г.** Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы, 1996. – 128 б.
- 4 **Смағұлова, Г.** Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 196 б.
- 5 **Әуезов, М.** Абай жолы. – Алматы, 2002ө2004. – 608 б.
- 6 **Есенберлин, І.** Қаһар. – Алматы, 2003. – 268 б.
- 7 **Нұрпейісов, Ә.** Соңғы парыз. – Алматы, 2005. – 340 б.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

А. З. Казанбаева, З. Н. Жуынтаева, М. А. Турсынова

Языковая природа этнофразеологизмов

Карагандинский государственный университет
имени академика Е. А. Букетова, Караганда.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

Language nature of the ethnophraseological units

Academician E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.

Material received on 29.11.16.

В статье рассматриваются особенности употребления, способы передачи, функции этнофразеологизмов казахского языка в художественном тексте. Этнофразеологизмы определены как особый пласт фразеологических единиц, непосредственно связанных с этносом. В них отражаются национальное мировоззрение, обычаи и традиции народа. Этнофразеологизмы являются богатым пластом лексического фонда национального языка, в котором ярко прослеживается связь языка с культурой. Авторы статьи на конкретных примерах из художественного текста определяют языковую природу этнофразеологизмов.

In the article there are considered the features of the use, the ways of transfer and the function of the ethnophraseological units of the Kazakh language in the art text. The ethnophraseological units are defined as a special layer of the phraseological units which are directly connected with the ethnos. The national outlook, customs and traditions of the people are reflected in them. The ethnophraseological units are a rich layer of lexical fund of national language in which the communication of the language with the culture is brightly traced. The authors of the article define the language nature of the ethnophraseological units on concrete examples from the art text.

ӨЖ 81-11

Д. Е. Капанова¹, Г. К. Исмагулова²

¹ф.ғ.к., доцент, шет тілі кафедрасы, С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.; ²ф.ғ.к., доцент, шет тілі кафедрасы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ АҚТАУ СӨЙЛЕУ АКТІЛЕРІ

Алдарыңызда ұсынылып отырған мақалада ағылшын тіліндегі ақтау сөйлеу актілері мәселері қарастырылады. Ақтаудың дәлелді актілері кінәлауға жауап ретінде реактивті сөйлеу актілері болып табылады және жалпы ішінара келіспеушілік сөйлеу әрекетімен байланыстырылады.

Кілтті сөздер: ақтау, сөйлеу актілері, айқындау, лексикалық қатынас, кінәсіз адресант, адресат.

КІРІСПЕ

Ақтау Дж. Остин бөліп көрсеткен иллокутивті етістіктердің мына төмендегі бес класының: вердиктивтер; экзерситивтер; комиссивтер; бехабитивтер; экспозитивтердің және Дж. Серлдің де топтасуының (репрезентативтер, директивтер, комиссивтер, экспрессивтер, декларативтер) ешқайсысына жатпайды.

Ақтау сөйлеу актісі ретінде кешірім сұрау сөйлеу актісінен айырмашылығы жасалған қателіктің себебіне түсініктеме талап етілуінде.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Егер де біз сөйлеуші мен тыңдаушының рөліне тоқталсақ, онда біз коммуниканттардың әрқелкі мәртебедегі қарым-қатынасын бақылай аламыз. Адресант көбіне адресатқа қарағанда биігірек тұрады: бастық – қол астындағы кісі, ана – бала.

«Oh, my God! What a devil I have. Just look. What's all that? I ask you».

«It's not me. Phil pushed me. I fell down right into the water».

Бұл әңгімеден баласы кінәнің барлығын досына жауып, анасының өзін ақтауын күтеді. Ал мына үзіндіде: «Mr. Wallis. I am not ready for the lesson. I'm sorry. My brother came from Australia. I haven't seen him for 2 years. I had so many questions that I have forgotten about my English lessons. He saw many strange animals with...»

«Mr. Reeves, there is no need to make excuses. First two sentences were enough. *You are a gentleman*. And you should not speak like that». Бұл берілген мысалдан біз ағылшын мәдениетінің ең маңызды компонентін көреміз. (сіз –джентльмен). Ақталу, өзін кінәсіз деп көрсету нашар тәрбиенің көрсеткіші болып табылады. Мұнда адресанттың мәртебесі көрсетілген – джентльмен. Ақталуға джентльмен мәртебісінен төмен адам лайық. Ақталу, өзін кінәсіз деп санау – бұл жауап емес, оқушы не деп айтса да мұғалім оның тек алғашқы екі сөйлемін ғана естіді. Одан біздің ақтау сөйлеу актілері туралы шығаратын қорытындымыз, адресантқа жағымсыз қатынас жасауында. Сонымен қатар, ақтау сөйлеу актілерінің ішіндегі этикалық жағынан жағымсыз болып табылады.

«I ask you! Where have been?»

«I ran away because Mr. Douugls was rude to me, e always is when you are away at work. And he hates me. And doesn't let me play in the garden.»

«OK. Have dinner and we shall continue our talk.»

«...why didn't you tell me anything? I am your mother. I'll speak to him right away ... how dares he?».

Диалогтан көрініп тұрғандай ақтау кейде перлокутивті әсер етуі мүмкін. Яғни, ақтау сөйлеу актілерінің перлокутивті әсері кешіру сөйлеу акті болуы мүмкін. Анасы баласына сеніп тұр. Оның дәлелдері оған сенімді секілді, себебі өгей әкенің баласына деген қарым-қатынасын байқаған. Ақтау сөйлеу акті тыңдаушының айтушыға қарым-қатынасының жағымсыз болуына қарамастан шындықты іздеу аз рөл атқармайды.

Ағылшын тілінде ақтау – to justify деген етістік бар, бірақ ол ақтау сөйлеу актілерінде перформативті етістік етінде жұмсалмайды, себебі ол коммуникативті сәтсіздік туғызуы мүмкін. Соған қарамастан, А.С. Хорибидің оған берген анықтамасын келтіре кетейік:

To justify: to explain one's actions etc. to somebody so that they seem reasonable: Tiredness cannot possibly justify such behavior.

Терминология тұрғысынан қарағанда – ақтаудың неіздемесі ақтау, түсіндіру, бірнәрсені кешіру немесе біреуді жазықсыз, дұрыс деп тану. Қазіргі кездегі ағылшын сөздігінде ақтау ұғымы justification, to justify – a good reason for doing sth, to give a good reson. «The American Heritage Dictionary» сөздігінде «ақтау» ұғымы: to demonstrate or prove to be just, right, or valid. To declare free of blame, absolve деп нақтыланады. Анықтамадан көрініп тұрғандай, *ақтау* сөйлеу актілері сөйлеушінің жағымды бейнесін жасауды және сақтауды, тыңдаушының (өзіне) сенімділігін тудыруды, жағымды реакциясын қолдауды мақсат етіп, коммуникаттардың белгілі интенциясына қатысты.

Ақтаудың дәлелді актілері кінәлауға жауап ретінде реактивті сөйлеу актілері болып табылады және жалпы ішнара келіспеушілік сөйлеу

әрекетімен байланыстырады. Жоғарыда атап өткендей, коммуниканттар ақтала отырып, сондай-ақ ашу-ыза, кінәлау, жазғыру, қатты ашулану, өкпе, айыптау, келеке-мазақ ету және басқа модалды сипаттамалары таңдалған сөйлеу стратегияларына байланысты білдіре алады. Алайда, *ақтау* сөйлеу актілері көптеген келіспеушілік актілеріне қарағанда стратегияның ішіндегі өзін-өзі таныстыруда жағымды да орны бар, ол айыптаудан алып тастау үшін теріс пікірді бейтараптандыруды және сөйлеушінің жағымды бейнесін қалыптастыруды алдына мақсат етіп қояды.

Біз ақтау сөйлеу актілерін семантикалық-функционалдық талдау әдісі арқылы тілдік құралдарды іске асырудың сан алуандығына тағы да көз жеткіздік.

Көбінесе тілдік құралдар бұл мағынаны контекстпен байланысты жүзеге асырады. Мәселен, «It's not my fault» сөйленісін алайық, сипаттама мәтіндерде III жаққа байланысты to justify (to justify oneself) етістігі және синонимы to make excuses to sb, to set/put oneself right with sb. кездеседі.

Алайда, ақтау сөйлеу актілерінің көбісі контексте олардың функциясы тұрғысынан ең көп таралған ретінде айқындалуы мүмкін.

Лексикалық қатынасы жағынан ақтау сөйленісінің доминанты to justify болғанына қарамастан, ол сөйлеу актілерінде перформативтік болғанына қарай кездеспейді. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, to justify етістігінің және оның синонимі тек ғана сипаттамалы мәтіндерде немесе II, III жақта ғана қолданылуы мүмкін.

Brenda – I have bad news. I can't come in this week.

Neil – But honey, it's the Jewish holidays. *Can't you say that for an excuse?*

Ағылшын тіліндегі диалогтық бірлестіктерінің деңгейіндегі дәлелді қолдау тауып, бірақ та өз бетеріме жеке қолданыла алмайтын ақтау сөйленісінің көбірек қолданылатын фразалары: «It's not my fault», «I didn't do it» «It's a lie», «It's a mistake».

➤ Armstrong – This speeding's all wrong! Young men like you are a danger to the community.

Anthony – Speed's come to stay. English roads are hopeless. *It wasn't my fault. Just an accident!*

➤ Poirot – Why did you tick off the name of Mrs. Ascher?

Cust – I didn't do it! I'm perfectly innocent! It's all mistake!

Ақтау – бұл айыптау сөйлеу актісінің жауап реакциясы. Осындай параметрлерге байланысты, айыптау формасы (құқықтық немесе модалдық), кінәлау деңгейі, коммуниканттардың модустық қатынастары және басқа әлеуметтік, моральдық-этикалық, экономикалық, құқықтық факторлар, ақтау сөйлеу актілерінің модалды сипаттамасына әсер ететін екі негізгі форманы бөлуге болады:

- Ақтау – келіспеушілік/ қарсылық
- Ақтау – кешірім сұрау/бітістіру, табыстыру

Ақтау формасына – келіспеушілік/ қарсылық мынандай сөйлеу актілері жатады:

- Ақтау – наразылық.

Blore – The people who stand out there are her husband and the doctor. Either of them could have done it as easy as winking.

Armstrong – I protest – this is absolutely uncalled for! *I swear that the dose I gave the women was perfect.*

- Ақталу – қарсылық, жаланы көрсету.

Wargrave – He knows a good deal. And out of his knowledge concerning us, he has made certain definite accusations.

Rogers – *A lie – a wicked lie... we never did – neither of us.*

- Ақтау – кінәлау, жазғыру көтеріңкі талапқа нұсқау.

Hastings – Poirot! What shall we do?

Poirot – What will you? You fix upon me a look of doglike devotion and demand of me a pronouncement a la Sherlock Holmes! I do not know what the murder looks like, nor where he lives.

- Ақтау – наразылық/көңілі толмаушылық, кейіс

Hastings – Nothing practical was being done in the way of investigations.

Poirot – But what is it that you would have me do, my friend? The routine inquiries

... Always – always you want me to run about like the dog.

- Ақтау – сендіру, растама.

Poirot – Hastings, you told we were on the Eve of Success...

Hastings – Pray believe me. I never said anything of the kind.

- Ақтау – кінәні біреуге арту, басқаны кінәлау.
- Lombard – What about you doctor – and your little professional mistake? Illegal operation, was it?

Armstrong – I'm at a loss to understand the matter. They come too late, so many of these people. Then when the patient dies, they always consider it's the surgeon's fault.

Vera – The girl threw herself into the river. Didn't you blame yourself?

Emily – I? I had nothing with which to reproach myself. Her own action – her own sin – that was what drove her to it. If she had behaved like a decent modest young woman none of this would have happened.

- Ақтау – қарсы шығу

Constable – We've brought him.

Asher – What do you want with me? I have done nothing. It's a shame, and a scandal to bring me here! You are swine, how dare you?

- Ақтау – айыптау, айыпталу

Wargrave – What about yourself, Mr. Blore?

Blore – What about me?

Wargrave – You were the police-officer in charge of the case. Landor died in prison a year later.

Blore – He was a crook. It was he who knocked out the night watchman.

- Ақтау – алиби

Poirot – You are aware, that bthe firm whom you say employed you deny the fact?

Cust – I've got written evidence. I've got their letters to me, giving me instructions as to what place to go and a list of people to call on.

Ақтау сөйлеу стратегиясының екінші формасы – кешірім сұрау / бітістіру мынандай сөйлеу актілеріне қатысты:

- Ақтау – түсіндіру.

Inspector – You threatened to often enough

Ascher – No, no. You do not understand. That was just a joke – a good joke between me and Alice. She understood.

Hilda – Why weren't you at the airport?

Rumpole – Well, I can't spend my evenings hanging about Hearthrow.

Hilda – I sent you a telegram.

Rumpole – I must have mistaken it for another bill from the taxgatheres.

- Ақтау – қызметтік міндеттерге сілтеме

Macarthur – He has made certain accusation?

Wargrave – He accuses me of the murder of one Edward Seton... My conscience is perfectly clear on the matter. I did my duty and nothing more, I passed sentence on a rightly convicted murderer.

- Ақтау – жалпы қабылданған іс-әрекеттерге сілтеме.

Poirot – Tell me, Marry, he threatened her, did he not?

Mary – Oh, yes, sir, it was awful the things he used to say. That he'd cut her throat, and such like.

Poirot – And yet she gave him money?

Mary – well, he was her husband, you see, sir.

- Ақтау – күәлерге сілтеме немесе болған жағдайдағы тиісті іс-әрекеттер.

Wargrave – Prisoners at the bar, have you anything to say in your defence?

Vera – I'd like tell you about that child – Cyril. ...He was forbidden to swim out far... I couldn't get there in time ...It wasn't my fault. At the inquest the Coroner exonerated me. And his mother was so kind. If even she didn't blame me, why should ...It's not fair – not fair.

➤ Ақтау – мәжбүрлейтін жағдайларға сілтеме (нашар денсаулық, бос болмау, ақпараттың болмауы, апат, біліктілігі болмау, әскери жағдайлар ж.т.б.).

Marston – What about those natives?

Lombard – I left them. Matter of self –preservation. We were lost in the bush. I and a couple of other fellows took what food there was and cleared out.

Marston – You left them to starve?

Lombard – Self-preservation’s a man first duty.

Wargrave – Who put on that record on the gramophone? Was it you, Rogers?

Rogers – I didn’t know what it was. Before God. I didn’t know, sir. If I h’d never have done it.

➤ Ақтау – дәстүрге сілтеме, менталитет.

Marston – You left them to die?

Lombard – I left them to die. And natives don’t mind dying, you know. They don’t feel about it as Europeans do.

Lombard – You were guilty of the murder of Jenifer Brady.

Rogers – There isn’t a word of truth in it. She was always in poor health. There was a storm. The telephone was out of order. We couldn’t the doctor for her.

I went for him on foot. But it was late. We’d done everything possible for her. Anyone will tell you the same. There was never a word said against us.

ҚОРЫТЫНДЫ

Түрлі иллокутивті ақтау сөйлеу актілерімен толтырылған мысалдарды келтіре отырып, ақтау сөйлеу актілерінде кейіпкерлердің көп жоспарлы модустық қатынастарымен байланысты белгілі жорамалдары бар, алайда тұтастай алғанда олар коммуниканттардың мақсаттарын білдіріп, түсіндіруді, ақтауды, белгілі әрекеттерлі кешіруді немесе сөйлеушінің кінәсіздігіне дәлел келтіруді және тыңдаушыға жағымды әсер қалдыруды негізгі мақсат етіп көздейтіндігін айтқымыз келеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Арнольд, И. В.** Основы научных исследований в лингвистике. – М., 1991. – 342 с.

2 **Арутюнова, Н. Д. Матвеева, Т. В.** Коммуникативный аспект языка. – М., 2003. – 204 с.

3 **Майол, Э., Милстед, Д.** Эти странные англичане. – Москва : Эгмонт, 2001. – 72 с.

4 **Метслер, А. А.** Прагматика коммуникативных единиц. – Кишинев, 1990. – 103 с.

5 **Шайкенова, Л. М.** Сөйлеу актілерінің теориясы: Оқу құралы. – Алматы : Қазақ университеті, 2007. – 66б.

6 **Christie, A.** Selected Detective Prose. – М. : Raduga, 1989. – 556 p.

7 **Mortimer, J.** Rumpel Omnibus. – Bungay : Penguin Books, 1983. – 556 p.

8 **Roth, Ph.** Goodbye Columbus. – Boston : Bantam Books, 1967. – 272 p.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Д. Е. Капанова¹, Г. К. Исмагулова²

Речевой акт оправдания в английском языке

¹Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, г. Астана;

²Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

D. Y. Kapanova¹, G. K. Ismagulova²

The speech act of justification in English

¹S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University, Astana;

²Kostanay State Pedagogical Institute, Kostanay.

Material received on 29.11.16.

В статье рассматривается понятие речевого акта. Трактуются оппозиции, составные части и элементы локуции, иллокуции и перлокуции, как трехуровневой схемы речевого акта, сопутствующие им понятия интенции высказывания, конвенции, пропозиционального значения. Выявляется понятие «перформатива» как особого вида речевого акта.

The concept of speech act is considered in the paper. There are analysed the oppositions, components and elements of locution, illocution and perlocution as a three-level speech act scheme and the notions of intention and propositional meaning correlated to them. The notion of «performative» as a specific kind of speech act is revealed.

С. Қ. Қожағұлов

ф.ғ.к., доцент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қ.

e-mail: Sailau.24@mail.ru

НӘЗИРА ДӘСТҮРІНДЕГІ ҚИССА ЖАНРЫ

Мақалада автор Нәзира дәстүріндегі қисса жанрының өзіндік ерекшелігін М. Ж. Көпеевтің «Гүлшат-Шеризат» және Ә. Найманбаевтың «Ер Шеризат» шығармаларын салыстыра талдап көрсеткен.

Кілтті сөздер: қисса, Нәзира, кітаби ақын, миф, пәлсапа, гибрат.

Классикалық шығыс әдебиетінің нәзира дәстүріндегі қисса – дастан жанрының қалыптасып қазақ топырағында өнімді дами бастауы XIII-XIV ғасырлардан бастау алады. Алтын Орда дәуіріндегі қиссалардан ежелгі мифтік бейненің көркем шығарма қаһарманына айналуын (Қисса Жүсіп, т.б.), ғашықтық тақырыбының өріс алуын (Хұсрау-Шырын, т.б.), діни ағарту-шылық ағымның кең таралуын (Жұм-жұма, т.б.) көреміз. Нәзиралық үлгідегі қиссаларды ұғымдағы аударма деп айту қиын. Шығыстың сөз зергерлерінің жыр жарысы-нәзира дәстүрінің басты ерекшелігі, ақынның ең басты мұраты, жаңа тақырып табу емес, жаңа жол табу, белгілі сарынды өзгеше түрге бөлеу, өзіндік бояумен бейнелеу.

Қисса-дастандар зерттеушілер тарапынан терминдік мәселеде әртүрлі аталып жүр: «Қисса», «Қисса-хикая», «Дастан», «Рыцарлық дастан». (Бертельс. Е. Э.), «Қисса- дастан». Қазақ әдебиетінде қисса терминін араб-парсы өмірінен сыр шертетін әдеби шығармаларға, діни сипаттағы әдебиетке қатысты А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов те қолданған. Қисса – араб, дастан – парсы сөзі болғанымен синоним емес. Қисса – аңыз әңгіме, ертегі мысал деген ұғымды білдірсе, дастан-тарихи әңгіме, батырлар жыры ұғымында қолданылады. Қазақ әдебиетінің жанрларын алғаш классификациялаған А. Байтұрсынов: «қисса-өлеңмен жазылған көбінесе діндар әңгімелер, қазақ тұрмысынан сөздер емес, басқа жұрттардың ертекері. Мазмұнына қарасақ екі түрлі: 1. Дінді құрметтеу үшін..., 2. Шариағат қағидаларын орындау үшін... Бастапқы түрлі қиссалар «Зарқұм», «Сал-сал», «Сейфулмәлік» сияқты ұзақ келеді. Соңғы түрлі қиссалар «Мұса мен Қарынбай», «Жұм-жұма», сияқты қысқа келеді [1,65], дейді. Х. Досмұхамедов қазақ халық әдебиетін жүйелегенде (классификация) діни әдебиетті бөлек, араб-парсы өмірін

көрсететін әдебиетті (қисса) жеке бөліп көрсетеді [2, 102]. А. Байтұрсынов «көбінесе діндар әңгімелерді» қисса десе, Х. Досмұхамедов «араб-парсы өмірін көрсететін әдебиетті» қисса атайды. Бұл пікірлерден қиссаның басқа жұрттар; үнді, араб, парсы ертегі аңыздары сюжетінің желісімен жырланғанын көреміз. Бүгінде қисса терминінен бас тартып, дастан терминін ұсыну кенестік идеологияның келенсіздігінің бір көрінісі. Әрі әдебиетімізде батырлар жырын да, лиро-эпикалық жырды да тіпті «Біржан-Сара айтысын» да қисса деп атау орын алғандығынан болар. Бірақ ол жинаушы бастырушылар тарапынан болғаны белгілі. «Қисса әдебиетінің бәрі бірдей діни мазмұнда емес» – деген тұжырым жасай келіп, Ә. Қоныратбаев қиссаларды бірнеше түрге бөліп қарастырады: «Мың бір түн», «Шахнамадан» алынған ертегілер және мифтік сюжеттер; Низами, Науаилардың құлдар мен күндер еркіндігін аңсайтын ғашықтық жырлары; ислам дінін дәріптейтін «Салсал», «Кербаланың шөлі» сияқты жырлар; ислам діні мен феодализм қайшылығы тереңдеген кезде аспанды-бостандық, жерді-тамұқ басады деп жырлайтын дін емес, мифологияға негізделген мистикалық махаббат, романтизм яки символизм түрінде жырланған қиссалар» [3, 25]. Қисса шығыс әдебиетіндегі прозалық шығарма, аңыз әңгіме, ертегі осы шығармалардың сюжет желісінде туған эпикалық туындыларды қисса деп атау орынды. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық үлгідегі қиссалардың көбінің тууына араб халқының «Мың бір түн», ертегілерінің қызықты сюжеттерінің әсері ерекше болды. Ертегінің өзі қазіргі бізге таныс күйге түскенше бірнеше қалыптасу кезеңінен өткен. Герхард «Мың бір түн» ертегісі қалыптасуының 4 арнасын көрсетеді:

1. Арабтың ежелгі аңыз әңгімелерінің жинақталуы
2. Индия сюжеттерінің элементін айқын көрсететін парсының «Мың ертегісінің» негізінде X ғасырда түзіле бастауы.
3. X-XII ғасырларда Бағдат төңірегіне тараған әңгімелердің жинақталуы.
4. XI ғасырдан бастап XIII-XIV ғасырға дейін Египетте шығарылған әңгімелермен байытылып, XV-XVIII ғасырларда толық нұсқаларының қалыптасуы [4, 124].

Бүгінгі әдебиет зерттеушілері тарапынан «қисса» терминіне берілген анықтамаларда «Қисса деп араб, иран елдерінде әлі күнге ірі прозалық шығармаларды атайтындығын айтса, белгілі ғалым Р. Сыздықова: «Ал шын мәніндегі қиссаларға келсек, бұл XIX ғ. II жартысында, дәлірек айтсақ, соңғы ширегінде туған қазақ әдебиетінің жанры, оның ішінде де поэзия дүниесіне қол артқан үлгілер. Олардың өзге жанрлардан ерекшеленетін негізгі белгілері, біріншіден-сюжетті, оқиғалы көлемді шығарма екендігі, екіншіден-тақырыбы мен сюжеті араб, парсы, түркі тілдерінде жарияланған ертегілерден алынғандықтары, үшіншіден-тілдерінде әсіресе грамматикалық тұлға тәсілдерінде түркілік жазба дәстүр элементтерінің қатысуы болып

табылады, төртінші белгісі-қисса жанрының жазба дүниелер екендігін атауға болады, – деп [5, 75.] қиссаның жанрлық, тілдік тұрғысынан негізгі белгілерін атап көрсетеді. Қисса жанрының қазақ әдебиетіне тигізген әсер-ықпалынан туған шығармаларды қисса деп атаудан қашқақтаудың негізі жоқ. «Кітаби ақын», «қиссашыл ақын» деген ұғымдар ешқандай кемсітуді білдірмесе керек. Кеністік кезеңде ұғым мәнін әлсіретіп, теріс түсіндіріп, бүгін сол түсінігіміз шеңберінен шыға алмай келеміз. М. Ж. Көпеев те өз кезіндегі ақындар сияқты шығыс классикалық әдебиетінің сюжеттік желілерімен нәзіралық үлгіде «Гүлшат-Шеризат» деген қисса жазған. «Гүлшат-Шеризат»- «Жазықсыз қуғын көрген» (Невинно гонимый) деген атпен белгілі парсы повесінің сюжет желісіне құрылған. Қазақ әдебиетінде аталған сюжет желісімен жырланған төрт нұсқа бар:

- 1 Гүлшат-Шеризат – М. Ж. Көпеев.
- 2 Ер Шеризат – Ә. Найманбаев.
- 3 Шеризат-Гүлшат – фольклорлық нұсқа.
- 4 Қарқабат-фольклорлық нұсқа.

Шытырман оқиғалы, шығыс ертегілерінің сюжеті желісіндегі көлемді қиссаны заманы бір танымал ақындар М. Ж. Көпеев «Гүлшат-Шеризат», Әсет Найманбайұлы – «Ер Шеризат» деген атпен жырлаған. Туынды нұсқаларының аты көрсетіп тұрғанындай М. Ж. Көпеевте махаббат, сүйіспеншілік жайын жырлау басым. Әсет қиссаның негізгі идеясы – Шеризатты ел қорғаны, батыр етіп дәріптеу. Сондықтан ақын оның ерлік істерін алдыңғы қатарға шығарады. Шеризат сюжетінің тағы бірі – Б. Бектұрғанов нұсқасы «Қарқабат» деп аталады. «Қарқабат» XIX ғасырдың аяқ шенінде хатқа түскен. 1990 жылы Б. Әзібаеваның алғы сөзімен «Дастандар» жинағында жарық көрді. Б. Әзібаева «Казахский дастанный эпос» атты монографиясында «Шеризат» сюжетінің парсы әдебиетінен келгендігіне дәлелді деректер келтіріп, қазақ әдебиетіндегі нұсқаларын шартты түрде жазба нұсқалары негізінде және ауызша таралған сюжет ізімен [6, 75.]деп екі топқа бөліп қарастырады. Жазба нұсқаға Омбы нұсқасын (1870 жылы жазып алынған), М. Ж. Көпеев нұсқасын жатқызады, ал Әсет ақын дастанын ауызша таралған сюжет ізімен келген екінші топқа қосады. А. Қыраубаева «Бахтиярдың қырық бұтағына» жататын қиссалардың бірі – Шеризат оқиғасы – деп [7, 75.] «Ғасырлар мұрасы» монографиясында М. Ж. Көпеев пен Әсет ақын дастандарының мәтінін қатар жариялап, композициялық құрылымына талдаулар жасайды.

Көне фольклорлық архетиптен, үнді, араб, парсы фольклорынан тараған прозалық хикаяттарды қисса-дастандарға айналдырып жырлау – қазақ ақындарының импровизаторлық қабілетін, эпикалық қарымын, поэтикалық шеберлігін танытады. Ақындар оқып, естіп-білгенін тез қабылдап,

оларды қолма-қол өлеңге айналдырып айту сияқты суырыпсалмалық қабілетті толық сақтай отырып өздерінің импровизаторлық тәжірибесін жазба әдебиетпен ұштастыра білді. М. Ж. Көпеевтің «Гүлшат-Шеризат» қиссасын жазба әдебиет пен халық поэзиясының байланысы тұрғысынан қарастыру жөн. Халық поэзиясында көне дәуірден келе жатқан ақындық дәстүрдің бір саласы-ақындық кіріспе сөзге байланысты. Халық бас қосқан жиындарда, ойын-тойда, айтыс-тартыс үстінде ақын өлеңмен өзін көпшілікке таныстыруға не туралы айтпағын мәлімдеуге тиіс. М. Ж. Көпеев те “Гүлшат-Шеризат” қиссасының алғашқы шумақтарында өзі жайлы:

Нәсілім Сүйіндік, елім Күлік,
Жасымнан шыға қалдым өнер біліп.
Ғарыптің жұрт ішінде көңілі өссін деп,
Сөйледім қыз Гүлшатты өлең қылып.

Халық поэзиясындағы, қиссалардағы ақындық бастау-үлкен шығармаға кіріспе, авторлықты бекіту, шығарма идеясын аңдату тәсілі XX ғасыр басындағы жазба әдебиетке де әсерін тигізгені анық. Қиссалардың негізгі фабулалық желілері ең көне шығыстық мифтерден бастау алып, миф мәдениетін жеткізуші ретінде маңызды роль атқарады. Бір перзентке зар болу, жаратушыдан перзент тілеу, әулиелер басына түнеу, түсінде аян беру, аңға шығу, құлан аулау, мерт болу, аманат айту, хан тағына мұрагерге қастандық жасалуы, мұрагердің таңқаларлық жағдайда аман қалуы, оны арыстан, жолбарыс көкжал, елік т.б. асырауы – шығыс әдебиетінде де, көне түркі әдебиетінде де кездесетін мотив, кезбе сюжеттер. Қиссада түпнұсқадағы сюжет желісі сақталғанмен көптеген эпизодтық элементтер қосылған, олар: Парықзаттың жайсыз түс көруі; баланы қалай асырауды ақылдасқан аңдар кеңесі; арыстанның өз еркімен баланы адамдарға қосуы. Сондай-ақ, түпнұсқадағы Гүлшаттың әкесін құтқару үшін Шеризатқа айтқан тоғыз хикаясынан Ақтарғаяр туралы бір хикая алынған. «Мың бір түн» дәстүрі бойынша жазаланғалы тұрған адамның тағдыры ғибратты қызықты әңгімеге айырбасталатыны белгілі. Қиссада ақынның бір ғана хикаятпен шектелуін оқырманынан гөрі тыңдарманы көп халыққа арнағандықтан, шұбаландықтан бойын аулақ салуы деп түсінген дұрыс. Ақын өзінің гуманистік идеясын өмір туралы философиясын дидактикалық жолдармен аңдатады:

Сөзімді естіген жан ғибрат алсын,
Қапалы ғаріптердің мейірі қансын,
Ғибрат бозбалаға айтқан сөзім,
Тіл тоқтайды, жұмылса екі көзің.
Қатесін білместіктің кешіргенім,
Ұқсын деп сіздерге айтқан нақыл сөзім.

Қиссалар ермек үшін емес, өнеге, үлгі шашу үшін жырланған. Әдебиеттің тәрбиелік, өнегелік пәрменін ғылым ешқашан жоққа шығарған емес. Мақсаты

айқын ақын қиссаны қазақ халқының түсінігіне, дәстүр салтына, ғұрпына орай жаңғырта жырлаған. Қиссадағы «әлқисса» түсініктер, «Гүлшат қызды сипаттап сөйлеу», қыздардың Шеризатты мақтап айтқан жырлары - халық әдебиеті дәстүрі. Қисса шығыс әдебиетінің әсерімен жазылса да романтикалық образ, фантастикалық оқиға, реалистік суреттеулер ұштаса дамиды. Ақын өзінің дидактикалық өлендері арқылы адамдар бойындағы ізгі қасиеттерді, өнер-білім, адамгершілікті уағыздаса, қисса-дастандары арқылы дәріптей түседі. Шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне жасаған игі әсері қазақ ақындарының шығыстың көркем шығармаларының оқиға желісін, мазмұн-мағынасын қабылдай отырып, оны өзгерте, өрбіте жазу тәсілінің тиімділігі болды, лирикалық-ғашықтық хикаяттардың қазақ топырағында өзінше туып, бай ауыз әдебиетіміз бен тарихи әдебиетіміздің арнасында тамырласып-тоғысуы көркем ой қазынамызда адам образын жасаудағы реалистік белгі-бедерлерді байытуға өз үлесін қосты.

Қазақ әдебиеті тарихында өзінің сан қырлы синкретті өнерімен ерекшеленер тұлғаның бірегейі – халық ауыз әдебиетін жинаушы-фольклорист, ұлттық салт – дәстүрді дәріптеп насихаттаушы – этнограф, шығыс әдебиеті үлгілерін жаңғырта жырлаушы – нәзирашыл, қиссашыл, импровизатор, жазба әдебиеттің қалыптасуына елеулі үлес қосқан-публицист – М. Ж. Көпеев мұрасының әр қыры-өз алдында ғылыми келелі мәселелерді қамтитын зерттеу еңбектерінің нысанасы.

Өсет ақын да XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі дәстүр үрдісіне сай көптеген эпикалық шығармалар тудырды. «Ер Шеризат» қиссасында адамгершілік, имандылық қағидаларын уағыздайды. «Дүние кезек», «Біреуге ор қазба-өзің түсесің», «бұл дүниедегі күнәң о дүниеге кетпейді, оның жазасын осы дүниеде-ақ тартасың» – деп қарапайым халықтық пәлсафаны оқырманына, тыңдаушысына үлгі етті. Халық ауыз әдебиетін, шығыс әдебиетін жақсы игерген ақын сол әдебиет үлгілерінен өзінің гуманистік, ағартушылық мұраттарына, адамдық позициясына етене сюжеттерді екшеп, талғап алып, халыққа ұғымды, тәлімді тың шығармалармен байытты. Жұртымыздың жүрегінде жатталып, көкірегінде сақталып қалған айтулы дастандар саралап бағаланбаған, жете зерттелмеген күйінде келеді. А. Қыраубаева жариялаған «Ер Шеризат» нұсқасында Өсет ақын:

Шығарып парсы сөзден өлең қылдым,

Қазақтың әңгімелі тіліменен, – деп қисса сюжетін әрі түпнұсқаның жанрлық ерекшелігін де аңдатып кетеді. Қазақ әдебиетіндегі қисса жанрындағы туындылардың көбі шығыс әдебиетіндегі прозалық жанр-аңыз, ертегі-хикаяттардан келгендігі көңіл аударарлық құбылыс. «Но, как показывают наблюдения, основой подавляющего большинства казахских дастанов являются не поэмы восточных классиков, а прозаические хикаяты и

қисса» [8,186]. Қисса сюжетіндегі мифтік, аңыздық, ертегілік сипаттар ақынға кезбе сюжеттер арқылы да таныс болғанға ұқсайды. Сондықтан ақын қиссаны еркін жырлап шыққан. Қиссадағы балаға зар болу, алладан (тәңірден) перзент сұрау, түсінде қызыр әулие т.б. аян беру шығыс әдебиетінде де, ежелгі түркі әдебиетінде де жиі кездесетін мотив. Түс көру оны жору өте көне замандардан келіп жеткен. Антика әдебиетінде Артемидардың «Түс жорығыш» атты кітабы болған. Түс көру оны жору б.д.д. 2 мыңыншы жылдықтардағы «Гильгамеште» де жазылған». Жүсіп-Зыликада» Зылика Жүсіпті түсінде көріп ғашық болады. Бұдан кейінгі ғашықтық қисса-дастандарда да орын алатын архетип Өсет дастанында да жиі кездеседі. Ақын:

Бір күні Қызыр келіп түсіне енді,

Өңіндей падишаға аян берді – деп жырлайды.

Қарама-қарсы ниеттегі Шаһмас, Таһмас әрекеттері тұрмыс салт ертегілеріндегі дуалистік миф сарыны. Өлі денеден туған баланы арыстанның емізіп, асырап өсіруі, баланың Шеризат аталуы (шері-арыстан) - көне заманнан келе жатқан, арыстан тотемін ардақтаудан туған мифтік элемент. Қисса-дастандардағы «аң асыраған бала» желісін ағылшын этнологы Э. Б. Тайлор «тастанды бала» атты мифтер тобының жеке-жеке бөлшектері деп қарастырады. Патшаның тастанды баласы туралы оқиға желісі «Ер Шеризатта» сюжеттік байланыс, дәлел-мотивировка. Қиссадағы ай, түн, нұр, жұлдыздарға қатысты теңеу, метафора т.б. тәрізді көркемдік қолданыстардың жиі кездесуі нұрдан, сәуледен жаралу, нұр болып көріну – көне түркі әдеби ескерткіштерінің, «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз- нәме» т.б. аңыз-эпсаналардың әсері, дәстүрі. Таһмас уәзірдің баланың жай-күйін тұмар ғып жазып кетуі-ертегілік, мифтік, сюжеттің қиссадағы трансформация-лануы. Өсет ақын қиссаның тәрбиелік мәніне де ерекше көңіл аударып: Ерікпей тыңдайтұғын ерлер болса,

Сөйлейік бұрынғының бір қиссасын, – деп қиссаның ұзақ, қою оқиғалы екенін ескертеді. Қисса сюжетінің ерекшелігі-түпнұсқадағы көптеген оқиға, эпизодтардың түсіп қалуы; уәдесінде тұрмаған қара ниет уәзірге жаза тартқызып, анасының кегін алуы, ақынның басқа ақындар жырлаған қисса сюжетімен таныстығын байқатады.

Жыр сайысына түскен Өсет ақын да өзіндік ой- өрнек, көркемдік шешім тұрғысынан жырлап, басқаны қайталамауды мақсат тұтқан. Екі ақынның қиссадағы идеялық нысанасы екі түрлі болғандықтан, шығарманың композициялық құрылымында, көркемдік шешімінде елеулі өзгешелік болуы заңдылық. Образдың шығарма идеясына қатысы Шеризат пен Гүлшат, Шаһмас бейнелері арқылы көрінеді. Өсет қиссасында Гүлшат бейнесі тек оқырманға таныстыру дәрежесінде ғана баяндалады да Шеризат ерлігі ерекше дәріптеліп, әсірелей суреттеледі.

Парасат, мейірданды жігіт болды ...
 Ерлігі ілімдегі жаннан асты, – деп ақыл, парасат,білімін сипаттаса,
 ерлігін: Қолымен тал көтерген қаһармандай,
 Кәпірді айналдырып ұрды жерге ...
 Алмадай қолыменен басын бұрап,
 Шөптей шауып сипайды ер Шеризат.
 Қолында екі жүзді алмас қылыш,
 Мың қойға жалғыз кірген аш бөрідей,
 Әскерді дәл екі мың қырды сонда. т.с.с гиперболалық тәсілде дәріптейді.
 Сертке берік, адал уәзір Таһмасқа қарсы образ Шаһмас бейнесін ақын:
 Шаһмас зәлім бұзыпты уағдасын,
 Бұл зәлім кәпір еді діннен қашқан,
 Көмірдей болған екен жүзі қара, – деп өз көңіл қатынасын білдіріп
 отырады. Әсет ақын шығармаларының тілі көркем, айшықтау, ажарлау,
 құбылту түрлерін, халықпен бірге жасасып келе жатқан інжу-маржаны
 саналатын мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, шығыстық пәлсапалық ғибрат
 сөздерді орнымен көркемдікке арқау еткен. Ақын өмір жайлы, оның мән-
 мағынасы, өтпелілігі туралы терең ой түйеді.
 Еш ара тұрмайды екен шыбын жанға,
 Ажалға тура келсе болжалды күн.
 ...
 Өмірдің гүл жайнаған артын ойла,
 Кетеді тұрлауы жоқ алдап заман.
 Қос ақын да қиссалары арқылы да адамгершілік, имандылық
 қағидаларын уағыздайды. «Дүние кезек», «Біреуге ор қазба-өзін түсесің»,
 «бұл дүниедегі күнәң о дүниеге кетпейді, оның жазасын осы дүниеде-
 ақ тартасың» – деп қарапайым халықтық пәлсафаны оқырманына,
 тыңдаушысына үлгі етеді. Халық ауыз әдебиетін, шығыс әдебиетін жақсы
 игерген ақындар сол әдебиет үлгілерінен өзінің гуманистік, ағартушылық
 мұраттарына, адамдық позициясына етене сюжеттерді екшеп, талғап алып,
 халыққа ұғымды, тәлімді тың шығармалар тудырған. Шығыс поэзиясының
 өзіндік негізгі ерекшелігінің бірі- мұнда өмір тәжірибесі арқылы түзілген
 ойлар, жинақталған пікірлер, қорытылған тұжырымдар, т.б. көбінесе тікелей
 ереже, үлгі-өнеге, тағылым күйінде баяндалады. Шығыс қашанда тарих
 философиясына қарағанда, тұрмыс философиясына көп көңіл бөлген. Осы
 шығыс поэзиясының тұрмыс философиясына негізделген ғақлиялық сипаты
 қазақ поэзиясында ерекше мол дамыды. Қазақ әдебиетіне шығыс поэзиясы
 арқылы келген дидактикалық сарын қос ақында да мол кездеседі.

Қисса-дастандар сырт қарағанда түрлі тақырыпқа жазылған болып
 көрінсе де, негізінен дерлік бір ортақ идеяға; ақиқат көзін іздеу, ізгілікке

ұмтылу, жаратушыға сыйыну идеясына бағындырылған. Адамгершілікті,
 имандылықты махаббатты ерлікті өзінің идеялық-тақырыптық нысанасы
 еткен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қисса-дастандардың
 молдығы замана сұранысы еді.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында адамгершілікті,
 имандылықты, ерлікті, махаббатты идеялық - тақырыптық нысанасы
 ұстанған қисса-дастандардың мол таралуы - жанрдың ауыз әдебиеті мен
 жазба әдебиетіне ортақтығына әрі импровизаторлық өнердің, нәзира
 дәстүрінің шарықтауына да қатысты.

Қисса-дастандар шығыс халықтарының әдеби-мәдени тіршілігінде
 ауызша да, жазбаша да кең таралды. Қазір, нақтылы жағдайға қарай ауызша
 таралған нұсқаларды фольклордың аясында, жазбаша авторы бар мәтіндерді
 жазба әдебиетінің шеңберінде қарастыру қалыптаса бастады.

Қос ақын да дастанның сюжеттік желісін негізге ала отырып, өзінше
 жырлаған, қазақ қауымының түсінігіне лайықтап, салт-дәстүр, әдет-
 ғұрыптарды суреттеуде қиссаның этнопоэтикалық сипатын арттыра түскен.

Ақындар поэзиясының құндылығы – замана күйін дөп басқан, саяси-
 әлеуметтік ахуалды шынайы суреттеген сыншыл реалистік сипатында,
 тарихи деректілігінде, ағартушылық, діни дидактикалық ағымдағы
 лирикасының ғибрат-тәлімінде.

М. Ж. Көпеев пен Әсет Найманбаев қисса-дастандарын көне түркі
 әдебиетімен, шығыс әдебиетімен, фольклормен байланыстыра, импрови-
 зациялық өнер ерекшелігі тұрғысынан әрі жазба әдебиетінің ауқым аясында
 зерттеу - ақындар таланты мен өнерінің әлі де сан қырын аша түсері анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынов, А. Ақжол. – Алматы, 1991. – 435 б.
- 2 Досмұхамедов, Қ. Аламан. – Алматы, 1991. – 35 б.
- 3 Қоңыратбаев, Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1999. – 225б.
- 4 Герхард. Искусство повествования. – М., 1984. – с.13.
- 5 Сыздықова, Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1995. – 143 б.
- 6 Азибаева, Б. Казахский дастанный эпос. – Алматы, 1998. – 106 б.
- 7 Азибаева, Б. Казахский дастанный эпос. – Алматы, 1998. – 109 б.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Жанр кисса в традиции назира

Жетысуский государственный университет
имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

Kissa genre in «Nazir» tradition

Zhetysu State University
named after I. Zhansugurov, Taldykorgan.
Material received on 29.11.16.

Статья посвящена анализу различных вариантов эпическому произведению «Кисса Шеризата». Особое внимание автор уделяет киссы выполненному Машихур Жусипом Копеевым и Асетом Найманбаевым в классическом жанре восточной литературы – «назира», сопоставляет особенности вариантов. На основе анализа исследований учёных-фольклористов автор статьи выдвигает и обосновывает собственный научный взгляд на изучаемую проблему.

This article analyses the various options of the epic work «Sherizat Kissa». Particular attention is paid to the kissas by Mashhur Zhusip Kopeev and Aset Naymanbaev in the classic genre of Oriental literature – the genre of «Nazir» and compares particular options. On the basis of studying the genre analysis of the scientists-folklorists the author puts forward and justifies his own scientific view of the problem under study.

Ж. М. Қоңыратбаева

ф.ғ.к., доцент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ.

e-mail: zhanarkon@mail.ru

**КӨРКЕМ ДИСКУРСТАҒЫ ПОЭТИКАЛЫҚ
СИМВОЛ МӘСЕЛЕСІ**

Поэтикалық символика индивидуалды, ол уақыт өткен сайын автордан авторға өзгеріп, құбылып отырады. Көркем туындыда символ сөздер авторлық даралықты, сол арқылы әлемнің тілдік бейнесін танытуға септеседі. Мақалада поэтикалық символдың образдылығын қарастыруда Шәкәрім ақынның көркем дискурсы алынды. Мақсат – тілдік тұлғаның ұлттық танымы мен тіліндегі ой тереңдігінің символдануын ашу.

Кілтті сөздер: символ, поэтикалық тіл, дискурс, таным, зерттеу, әлемнің ұлттық бейнесі.

КІРІСПЕ

Әлемдік ғылым саласында символ, символдар жүйесі мәселесін әр қырынан қарастырудың өз тарихы бар. Символика құбылысы тіл білімі, әдебиеттану, философия, психология, мәдениеттану, этнография, мифология және т.б. бағыттарда ертеден қарастырылып келеді. Ал бүгінгі халық рухын, мәдениетін жаңғыртып, көркем ойлау танымын игеруді мақсат ететін антропологиялық лингвистикада сөз-символдарды зерттеудің өзіндік маңызы ерекше.

Символ проблемасының отандық ғылымда қарастырылуы біршама ғылыми ізденістерді қамтиды. Әдебиет теориясында бастапқыда символ көріктеу құралдарының қатарында қарастырылып, табиғаты көркем бейне тудырушы амал-тәсілдердің бірі ретінде ашылды. Қазақ символтану тарихында «символ» терминіне ғылыми анықтама А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов сынды ғалымдардың еңбектерінде берілсе, ал жалпы символика құбылысын әр алуан аспектіде қарастыру әдебиеттануда С. Негимовтың (ақын-жыраулар поэзиясын талдауда), Б. Майтановтың (поэзияның көркемдік ерекшелігін саралауда), Л. Ж. Мұсалының (категориялық тұрғыдан зерттеуде), т.б. және лингвистика ғылымында Р. Сыздықтың, Н. Уәлидің (лингвистикалық поэтикада), Ә. Қайдар, З. Ақтамбердиева, Б. Өмірбековтердің (түр-түс концептісін

зерттеуде), Е. Жанпейісовтің, Ж. Манкееваның (этнолингвистикалық бағытта), К. Хұсайыновтың (фоносемантикалық тұрғыдан), Г. Смағұлованың, Р. Авакованың (фразеологиялық бағытта), Қ. Т. Қаирбаеваның (этнокогнитивтік тұрғыдан), Қ. Жаманбаеваның (лингвокогнитологиялық аспектіде), У. Г. Анесованың (лингвомәдениеттанымдық қырынан), т.б. еңбектерінде қарастырылды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Символдану заңдылығының өзіндік сипатын зерделеп, проблемалық жайттарын жете түйсінуде А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1992), Қ. Жұмалиевтың «Әдебиет теориясы» (1960), З. Қабдоловтың «Сөз өнері» (1976), З. Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы» (1973) атты академиялық еңбектерінің орны бөлек. Бұл энциклопедиялық мұраларда символдың терминдік мән-мағынасы сипатталып, оның өзімен шектес көркем сөздің бейнелеу құралдарымен арақатысы сараланады, ұлттық тілде балама атаулары ұсынылады. Атап айтқанда, А. Байтұрсынұлында символ «бернелеу», Қ. Жұмалиевте «бейнелеу», З. Қабдоловта «астарлау», З. Ахметовте «балама бейне» деп беріледі. Символ ұғымына ғылыми түсініктеме беріп, атау ұсынудағы бұндай әртүрлілік, бір жағынан, оның мән-мағынасының терең, табиғатының тым күрделі екендігін танытса, екінші жағынан, оған берілген атаулардан ортақ негізді – символдың белгілі бір ойдың астарлы образын сипаттайтындығын аңғаруға болады. Бұған дәл анықтаманы З. Қабдоловтың: «...троптың бір түрі – астарлау, яки символ (грекше шартты белгі) – бір нәрсені тура суреттемей, бұларға ұқсас бір нәрсеге құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру» [1, 219] – деген тұжырымынан табамыз.

Көрнекті әдебиет зерттеушісі Қ. Жұмалиев символға: «Айтайын дегенін ашып айтпай астарлап, басқа бір нәрсенің бейнесінде суреттеу» – деп анықтама бере келіп, оның табиғаты жөнінде: «Символдың екі жағы бар: бірінші жағы бейнелік, оқушыларының көз алдында тұратын сурет те, екінші жағы – сол арқылы оқушыларына айтпақ автордың ой-пікірі. Ол әрдайым бүркеулі болады, болжалдап, қиял жүгіртіп ойлауды қажет етеді» [2, 244-251] – дейді.

Символдың көркем тілдегі орнын, тұрпатын, қызметін зерттеуде З. Ахметов былай дейді: «Символ көбінше адамның тұрпат-тұлғасын, кескін-кейпін, сымбатын тұтас алып сипаттайды, егер бір белгі-сипатын ғана алса, оны бүтінге балап, тұтас бейне орнына алады. Символдағы екі нәрсені ұқсату, жақындастыруда шарттылық бар және бұл жағынан ол метафора, метонимия секілді бейнелеу тәсілдерімен салыстырғанда оқшаулау тұрады. Мұнда

ақынның бейнелеп көрсететін тұспал суреті басқа ештемемен байланысы жоқ, өзімен-өзі жатқан бөлек дүние болып та көрінуі ықтимал. Оның нені мезгеп отырғанын тек ишарат арқылы ғана сеземіз, бірақ осы шарттылықтың өзі, айтылатын жағдай, суреттеу, тура, дап-дайын, сипат-белгілері ап-айқын күйінде көрінбей, тұспал сурет арқылы елес беруі адамның ой-қиялын шарықтатып, сезімін қозғайды» [2, 257].

Лингвист зерттеушілердің арасында сөз-символ жайында арнайы сөз қозғаған, құнды пікір айтқан ғалым Р. Сыздық болды. Ғалым өзінің «Абайдың сөз өрнегі» (1995) атты монографиясында: «символ – идеяның заттық (болмыстық) нышаны, астарлы образы» – деген анықтама беріп, көркем тілден символдың: «Мағжан Жұмабаевтың поэзиясында жел – символ, ол бірқатар идеяның символы: *жел* – бірде рақат, тыныштықтың, енді бірде *жел* – тағдырдың, адам өмірінің символы... Кәкімбек Салықовтың *жезкигі* – сұлулықтың, сұлулыққа құштарлықтың символы, Қасым Аманжоловтың *Даригасы* – арманның символы, Абайдың *жүрегі* – адамның өзінің символы, т.т.» [3, 90-92] – секілді үлгілерін келтіреді.

Поэтикалық символика индивидуалды, ол уақыт өткен сайын автордан авторға өзгеріп, құбылып отырады. Көркем туындыда символ сөздер авторлық даралықты, сол арқылы әлемнің тілдік бейнесін танытуға септеседі. Біз поэтикалық символдың образдылығын қарастыруда Шәкәрім ақынның көркем дискурсын алдық. Мақсатымыз – тілдік тұлғаның ұлттық танымы мен тіліндегі ой тереңдігінің символдануын ашу.

Поэтикалық тіл өз бойына символ сөздерді кең түрде қабылдай алады. Алайда, көркем дүниеліктердегі сөздердің символикалық мәнге ие қолданыстарын бірден тауып-тану көбінде оңайға түспейді. Бұл жайт символдық айшықтардың күрделілігімен, астарлылығымен байланысты болып келеді. Себебі символ сөздердің мағынасы кейде бір сөйлем немесе абзац, тіпті бүкіл мәтін көлемінде ғана танылуы мүмкін.

Шәкәрім ақынның он жеті шумақтан тұратын «Көңіл» атты өлеңі тұтас символға құрылған. Поэтикалық тілдегі көңілдің символдық мағынасы тек мәтінді толық оқығанда ғана ашылады:

Басында жас бала едің сен,
Ойың бұзылмаған, *көңіл!*
Періштеден таза едің сен,
Қиянат қылмаған, *көңіл!*
Ата-анаң махаббатың –
Бояусыз нұр, кәрәмәтың.
Жоғары ғарыштан затың.
Анық шын бұл маған, *көңіл!*
Жігіттікке жетелеген,

Секунд, минут, сағат неген.

Жарылыс бұл солай деген,

Балалықты ұрлаған, *көңіл!*... [4, 197-198].

Адам-қоғам-дін тақырыптарын өз шығармашылығының ең басты өзегі еткен Шәкәрім *көңіл* сөзін адамның символы етіп алған. Оның мән-мағынасы өлеңді толық оқып, талдағанда ғана анықталады. Ақын адам баласының кезеңдік ғұмыр жолын бейнелеп баяндауда *көңілге* «адамша жан бітіреді». Жеке қолданыста *көңіл* адам сипатын нақты аша алмайды, ал көркем тілдің тұтастығында ойшыл ақынның ой тереңдігі арқылы оқырманды өмірдің сан қатпарлы жолымен жүргізіп өткізгендей күй кештіреді.

Шәкәрімнің өмірді тануда, қоғамдық ой қозғауда ұлы ұстазы – Абай тілінің үлгі-қалпын өнеге еткені, оны ерекше шығармашылық леппен ары қарай дамыта түскені жазылып, айтылып келеді. Сөзге астарлы мән-мағына беріп, оған көркем бейне сыйлауда ақын ұстазының жыр өрнегін саналы, сауатты түрде жалғастырады. Абай сықылды адам, оның ішкі жан дүниесін өз поэзиясының негізгі нысаны ретінде алған Шәкәрім адамның символы етіп *көңілден* басқа *ой*, *жүрек* сөздерін де алған. Мысалы,

Шошыма, *ойым*, шошыма,

Келмейді жындар қасыма...

Қажыма, *ойым*, қажыма,

Қарама тозған жасыма [4, 172] – дейді ол. Ақын дискурсындағы *ой* – адамның өзі. Бұл сөздердің поэтикалық тілде символикалық мағынаға ие болуы – «автордың жан сарайының көрсеткіштері» (Р. Сыздық). *Ойдың шошуы, қажуы* – адамның ішкі жан дүниесінің өзгерісі, арпалысы, сондықтан ол қаратпа сөз ретінде жұмсалған (субъектіге – адамға).

Шәкәрімнің поэтикалық тілінде от өмірдің символы ретінде жұмсалады:

Біреу маған *от* жақ деп қылды бұйрық,

Жағайын деп ұмтылдым, көңіл жүйрік.

От жаққалы жатқаным – бір үлкен үй,

Отын жиып қойыпты талай күндік.

Шақпақ жағып жібердім, қуға түсті,

Тұтандырып алуым болды күшті.

Қызыл өңеш болғанда азар жанып,

Соған шейін асығып, ішім пысты.

Отқа әкеліп отынды салып еді,

Жалын шығып лапылдап жанып еді.

Үй жылынса, қайтейін, залал да көп,

Жалын барып талайды шалып еді.

Жалын кетіп, аздан соң шоқ болды құр,

Отын бітті, үрсем де жана алмай тұр.

Жалынды оттай жайнаған, қайран өмір,

Шоқ сөнген соң қап-қара болды көмір («Өмір») [4, 93].

От – түркі жұртының дүниетанымында мәңгіліктің, жылулықтың, болашақтың белгісі іспеттес. Көшпенділер танымының түпсанасында жарқын өмірдің символын бейнелеуші отқа байланысты түрлі ырым-тыйымдар, бата-тілектер сақталып қалғаны да сондықтан болса керек. «Отты айналма», «отты шашпа», «отпен ойнама» деп, ата-бабамыз өмірін отпен байланыстырған. «От ана», «отпен аластау», «отың өшпесін», «ошақтан от кетпесін» деген тілек-бағалардың да ертеден келе жатқан символдық мәні бар. Отқа табыну дәстүрі ата-бабамыздың тарихында болғандығы белгілі, сондықтан оның философиялық ұғымының мәні тереңде. Жаңа туған нәрестені бесікке бөлер алдында отпен аластау рәсімі халқымыздың жаңа өмірдің бастауын танығандығымен астасып жатыр. Себебі, «символдар белгілі бір құбылысты дара күйінде қабылдатпай, түпсанада жатқан белгілерімен бірге санаға айналдырады» [5, 15]. Шәкәрім өлеңіндегі *оттың* символикалық мәні сөз-символдың мәдениет көрсеткіші екендігін дәлелдей түседі.

Тіл жүйесінде түр-түс концептісі символдық мәнде жиі ұшырасады. Бұл, әсіресе, поэтикалық тілге тән. Себебі, адамзат баласы дүниені бір түсті реңкте ғана қабылдамайды. Олар әлемді тануда түрлі-түсті түстерге жүгінеді. Сондықтан да әр адамның, әр ұлттың өзіне тән түстері болады. Ол түстер өмір философиясын түсінуде символдық мәнге ие болып жатады.

Көптеген ғалымдар түр-түс атауларын психологиямен байланыстырады. Психологтар табиғатта түр-түс толқындары болады, түр-түс дегеніміз – адамның миы мен көзінің жемісі дейді. Түс атауларының адамның ішкі жан дүниесімен байланысты екендігі талданады. Олардың айтуынша, түс адамның көңіл-күйінің жан-жақтылығын таныта алады [6]. Түр-түс атаулары, сонымен қатар, мәдениетаралық коммуникацияда да ерекше маңызға ие. Олар – мәдениеттің туындысы әрі мәдениетті жасайтын фактор. Соңғы кездегі зерттеулерде түр-түс атаулары ұлтты таныстырушы жарнамалық-ақпараттық құрал ретінде қарастырылуда [7].

Ә. Қайдар өз еңбегінде қазақ халқының табиғи түр-түс жөніндегі ұғым-түсінігін түйсініп қабылдауын ғылыми тұрғыдан қарастырады. Түр-түс атауларының қоғамдық символикасы мен әр этностың салт-санасына, әдет-ғұрпына қатысы тұрғысынан зерттеудің өте өзекті екендігін айтады [8, 192].

Қазақ халқының қоршаған дүниені танып, оны санада қорытуда колоративті лексиканың орны ерекше болғаны анық. Себебі, әр халықтың өзіндік тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, наным-сенімі мен ділдік сипатын түс атауларынсыз еш қарастыра да, қабылдай да алмаймыз. Адам баласының дүниеге шыр етіп келуінен бастап, о дүниелік боларына дейінгі барлық кезеңдерде түр-түс атаулары халыққа әрдайым қызмет етіп

отырған. Қазақ халқының тұсау кесу салтындағы баланың аяғына *ала* жіп байлау, кісі өліміне қатысты *ақ* өлім, *қара* өлім, қызыл өлім түсініктерінің қалыптасуы, т.с.с. көптеген колоративтер қолданысы тарихтан белгілі.

Шәкәрімнің поэтикасында түс атауларын қоғамдық символика мәнінде жұмсау, жиі болмаса да, кездесіп отырады. Ақын адалдық пен арамдықтың, ар мен нәпсінің таласын суреттеуде *ақ*, *қара*, *ала* секілді түстерге астар беріп, шебер қолданады:

Ар түзер адамның адамдық санасын,
Ақ жеңіп шығады арамның қарасын...
Адамның бәрі бір, болмайды аласы,
Оларды бұзатын нәпсінің таласы...
«Ақ иіліп сынбақ жок» – деген рас,

Нәпсі өлсе өзіміз, бұған кім сенбейтін? [4, 185-186]. Ойшыл ақын тілінде *ақ*, *қара*, *ала* түстері ұлттық дүниетаным тұрғысынан бейнеленген. Колоративтердің символдануы халықтық таным сипатымен үндес келген: *ақ* – адамдықтың символы, *қара*, *ала* – арамдықтың символы ретінде алынған. Жалпы, түр-түске байланысты «әр дәрежедегі, әр алуан, әр типтес символдардың пайда болуына о баста себеп болған не?» деген сұраққа: ең алдымен «жеке адамдардың өзін қоршаған табиғи түрлі түстер мен реңктерге көзқарасы, оларды сезінуі мен қабылдауы» деп, жауап берген болар едік. Өйткені табиғаттағы түрлі түсті бояу реңктері адамдардың бәріне бірдей, біркелкі әсер етпейді [8, 74]. Ал, ақын дискурсында түстер символикасы өз ортасының, өз қоғамының қабылдау үдесінен шыққан.

Символдың ең басты ерекшелігі – оның бейнелілік қасиетінде. Ол – адамзат санасының образды өңдеуден өткен өнімі, «мағыналылықпен байытылған көркем дүние» [9, 65]. Сөз-символдың шығармашылық тезге түсіп, түрленіп, нәр алатын жері сол себепті де поэтикалық тіл екені даусыз. «Шынайы, көркем, мағынасы терең символ әлде қандай бір дерексіз өмір шындығын аңғартқандай ғана болмай, сөз жеткісіз нәзік жайды басқа бір тұспал бейне, сипаттар арқылы сездіріп, адам жанына аса күшті әсер етеді. Олай болса, символдың көркемдік қасиеті ондағы суреттеу тәсіліне тән шарттылықтан, астарлы мағына туғызудан келіп шығады, демек символдың мазмұндылығы, көркемдігі дегеніміз – сол тұспал бейненің, суреттің ой-сезімге толы, астарлы мағынасы терең, әсерлі болып келуі» [2, 258]. Қоғамдық ой қозғауда әр сөздің астарын аршып, терең сөйлейтін Шәкәрімнің поэтикасындағы келесі бір символдық қолданыс – *сұлу қыз*. Ақын сөзіне үңілейік:

Бас көзімен қарасаң – нәпсі жалған,
Бір сұлу қыз сықылды жұрт танданған.
Анық ақыл көзімен қарағанда,

Өзін берер қалыңға ол қызды алған.
Қылықты қыз сияқты көрінсе де,
Өлшеусіз сансыз байдан жесір қалған.
Күнінде қызыл гүлдей жүз келсе де,
Сырт айналса, жүрекке жалын салған.
Бас алуға жаралған бір жәдігөй
Өткір қылыш сықылды уға малған.
Өлмей адам осыдан құтылар ма,
Неге қылып жүргеміз өлімді арман?
Нәпсі үйінде байлаулы Ынсап жатыр,
Мұның емін, тегінде, сол аса алған... [4, 192].

Нәпсіні, нәпсінің тойымсыздығын ақын *қызға* (*сұлу*, қылықты қызға) теңейді. *Сұлу*, қылықты қыздың жылтыр затқа ұқсас алдамшы болып шығуы мүмкін екендігі рас, өлең жолдарында *сұлу қыз* – нәпсінің жалғандығының символы ретінде астарланып, тұспалданып жеткізілген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөз-символдар белгілі бір авторлық жұмсалымда қалыптасып, көпшілік шығармашыл ортаға қызмет етеді. Көркем сөз иесі әлемнің тілдік бейнесін бейнелеуде символдар жүйесін имплицитті түрде қолданысқа шығарады. Десек те, өз тамырын тереңнен жайған олар тұтас мәдениеттің, ұлттың бір бөлшегі ретінде танылады.

Шәкәрімнің көркем дискурсында қолданыс тапқан сөз-символдар ұлттық мәдениетіміздің тарихына, танымына, тұрмысына негізделген. Дей тұрғанмен, авторлық айтары да бар. Тілдік қордағы жалпылама лексиканың элементтерін символдық жұмсалымда оларға өзіндік индивидуалдық өң береді, ол сөздерді символикалық дәрежеге поэтикалық жолмен көтереді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қабдолов, З.** Сөз өнері: әдебиет теориясының негіздері. – Алматы : Мектеп, 1976. – 376 б.
- 2 **Жұмалиев, Қ.** Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы : Көркем әдебиет баспасы, 1960.
- 3 **Сыздықова, Р.** Абайдың сөз өрнегі. – Алматы : Санат, 1995. – 208 б.
- 4 **Құдайбердиев, Ш.** Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы : Жазушы, 1988. – 559 б.
- 5 **Жаманбаева, Қ.** Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы : Ғылым, 1998. – 140 б.

6 **Sutton, V., Altarriba, J.** Color associations to emotion and emotion-laden words: A collection of norms for stimulus construction and selection. // Behavior Research Methods, 2015, 19 May.

7 **Labrecque, L.** Competent Blue and Sophisticated Purple: Examining the Relationship Between Color and Brand Personality. The Sustainable Global Marketplace. // Developments in Marketing Science: Proceedings of the Academy of Marketing Science, 2015. – P. 503.

8 **Қайдаров, Ә., Ахтамбердиева, З., Өмірбеков, Б.** Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 156 б.

9 **Маслова, В. А.** Русская поэзия XX века. Лингвокультурологический взгляд. – М. : Высшая школа, 2006. – 256 с.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Ж. М. Коныратбаева

Проблемы поэтического символа в художественном дискурсе

Евразийский национальный университет
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

Zh. M. Konyratbayeva

Problems of poetic symbol in artistic discours

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 29.11.16.

Поэтический символизм индивидуален, с течением времени и переходом от автора к автору символизм меняется. В художественной литературе символики играют значительную роль в авторском индивидуализме, через который они помогают распознать языковую картину мира. В данной статье рассматривается образ поэтического символа через художественного дискурса поэта Шакарима. Цель состоит в том, чтобы раскрыть символику глубоких мыслей лингвистической идентичности и национального познания.

Poetic symbolism is individual, it varies with authors and time. In fiction the symbol words play a big role in author individualism through which they assist in recognition of the linguistic image of the world. This article considers the image of poetic symbol through Shakarim's fiction discourse. The objective is to reveal the symbolism of a linguistic identity's deep thoughts and national cognition.

УДК 75. 04 (574)

Е. Ю. Личман

доктор философии (PhD), доцент, кафедра Теории и методики музыкального образования, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар

e-mail: lichmane@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ИСКУССТВОВЕДЕНИЯ

В статье рассматривается проблема методологических подходов в исследовании казахского изобразительного искусства. Подчеркивается необходимость изучения своеобразия национального искусства Казахстана, не только как феномена народно-художественного сознания, но и как научного источника, являющегося важным фактором при изучении проблем этногенеза.

Ключевые слова: искусствоведение Казахстана; жанры изобразительного искусства; культурная этническая самоидентификация; диалог и интеграция культур.

ВВЕДЕНИЕ

Постановка проблемы формирования и развития казахстанского искусствоведения продиктована преобразованиями, произошедшими за долгий период социально-экономического, политического, культурного переустройства государства и общества, что повлекло за собой изменения в отечественном искусствознании.

Появление новых источников по археологии, этнографии и культуре Казахстана позволили ввести в научный оборот современные концепции и теории, изменившие ранее сложившиеся представления о национальном культурном наследии.

Процессы глобализации повлияли на особенности и пути развития национального традиционного и современного искусства в контексте диалога и интеграции культур. В современном искусствоведении, культурологии, этнографии в условиях постмодерна реактуализирован интерес к вопросам, связанным с изучением культурной этнической самоидентификации, развития и сохранения национального своеобразия культуры.

Первый этап развития искусствоведческого знания в Казахстане начался в советское время, в период доктрины марксистско-ленинской эстетики с установкой на партийность и классовую принадлежность, что подспудно повлияло на труды первых исследователей истории казахского изобразительного искусства. Методологической основой исследований явился дихотомический подход в делении искусства на два различных типа: традиционно-народное (коренное – подлинное) и профессиональное (культурно-конъюктурное), которое подразумевало идеологические аспекты воспевания «новой коммунистической эры». По этой причине из сферы первых профессиональных искусствоведческих интересов выпали целые формации этнического искусства казахов, относящиеся к древним этапам развития национального искусства. Таким образом, декоративно-прикладное искусство казахов изучалось этнографами, древнетюркское искусство историками и археологами, изобразительное искусство искусствоведами, художниками, журналистами.

Первые исследования изобразительного искусства Казахстана относятся к 40-м годам. В монографии Затенацкого Я. П. «Очерки изобразительного искусства Казахстана» (1943) впервые был сделан обобщающий анализ казахского дореволюционного искусства и достижений советского изобразительного искусства Казахстана.

В 1953 году открытие отдела искусствознания в Институте литературы и искусства им. М. Ауэзова предзнаменовало появление исследований первых казахстанских искусствоведов Г. Сарыкуловой, М. Габитовой, Б. К. Барманкуловой, Е. Б. Вандровской, В. Бучинской, Л. Г. Плахотной, Н. А. Полонской, Р. Копбосиновой. С середины 50-х годов начинают издаваться первые монографические альбомы, посвященные творчеству художников Казахстана С. Калмыкову, К. Тельжанову, Л. Леонтьеву, А. Кастееву, М. Кенбаеву и многим другим, которые и сегодня представляют художественную ценность.

В шестидесятые и семидесятые годы исследования искусствоведов находят свое продолжение в трудах: «Изобразительное искусство Казахстана» (1963) составитель Б. Г. Ерзакович; «Мастера изобразительного искусства Казахстана» (1972) авторы Г. Сарыкулова, И. Рыбакова, М. Габитова; «Очерки истории изобразительного искусства Казахстана» (1977); «Мастера изобразительного искусства Казахстана» (1984) авторы Г. Сарыкулова, И. Рыбакова, М. Габитова, М. Досмагамбетова, Р. Ергалиева, С. Кумарова, Т. Рахимжанов; «Искусство Казахстана» (1985) составители А. К. Канапин и Л. И. Варшавский.

В перечисленных изданиях прослеживается история зарождения и развития жанров изобразительного искусства Казахстана с 1917 по

1960 год; исследуется творческий путь ведущих казахских художников А. Галимбаевой, С. Мамбеева, М. Кенбаева, К. Тельжанова, Г. Исмаиловой, Р. Сахи, С. Айтбаева; выявляются особенности творчества, определяется роль живописцев в истории развития изобразительного искусства Казахстана.

В конце 80-х начале 90-х годов начинается этап переосмысления изобразительного искусства как художественного явления. Снятие идеологического прессинга дало возможность искусствоведам открыто выражать свою позицию. Тематическая направленность работ принимает концептуальный характер. Новые веяния позволили не просто излагать, а обнажать и заострять внимание на возникающих в современном обществе проблемах изобразительного искусства. В статьях журнала «Искусство Казахстана 1980-х годов» авторы Копбосинова Р. Т., Ергалиева Р. А., Уразбекова Л. С., К. Ли поднимали проблемы формы, стилистики, художественного языка произведений, продиктованные мировоззрением казахских художников, подчеркивающие национальное своеобразие современной живописи.

Начало XXI века отмечено появлением новых авторов. Рустем Джангужин исследует проблему основных этапов и особенностей сложения профессиональной школы живописи Казахстана в работе «Социально-культурная и художественно-эстетическая экспозиция Казахстана». В методико-библиографическом пособии отдела краеведения областной универсальной научной библиотеки имени Н. В. Гоголя «Летопись народной трагедии. Годы репрессий» впервые выявляется историко-культурная значимость репрессированной интеллигенции в становлении и творческой активизации художественной жизни Казахстана.

Искусствовед К. Ли, используя документальные и архивные материалы, сопровождает глубоким исследованием альбом «XX век. Изобразительное искусство Казахстана» (2001), определяя роль и значение многих поколений живописцев, стоявших у истоков сложения и развития национальной школы живописи.

Галлиев В. З. в работе «Казахстан в творчестве художников XIX века», исследует особенности процесса присоединения Казахстана к России, в связи с которым началось историческое, археологическое, этнографическое и естественнонаучное изучение казахского края. Автор подчеркивает значимость просветительской и образовательной деятельности приезжих художников.

В учебнике «История искусств Казахстана» (2006), в хронологическом порядке с глубокой древности до настоящего времени, рассматриваются основные этапы развития архитектуры, скульптуры, декоративно-прикладного искусства, национального костюма, изобразительного искусства Казахстана, выявляются характерные особенности каждого вида искусства.

В начале XXI века появляются исследования, в которых проведен анализ современных тенденций развития изобразительного искусства Казахстана. В сборнике «Современное искусство Казахстана, проблемы и поиски» (2002 г.) авторы статей Р. Ергалиева, А. Юсупова, О. Батурина, А. Галимжанова, Г. Мухтарова рассматривают вопросы трансформации традиционного сознания в современном казахском изобразительном искусстве. Труды доктора искусствоведения Р. А. Ергалиевой «От поэзии сказаний к поэтике красок» (2000), «Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана» (2002), «Феномен степи в живописи» (2008) выявляют стереотипы национального мышления и мировосприятия, определяют их изменения в соответствии с динамикой времени, показывают сохранение внутренней сути и шкалы ценностей, утвердившихся в казахском изобразительном искусстве.

Темы диссертационных исследований начала XX века посвящены характеристике основных тенденций в развитии жанрового своеобразия и изобразительной стилистики произведений казахстанских живописцев разных периодов. В докторской диссертации Р. А. Ергалиевой «Казахское изобразительное искусство XX века и традиционное мировоззрение. Живопись. Скульптура» (2001) впервые системно выявлены первоэлементы ментальности в произведениях казахских художников разных поколений, продемонстрированы особенности национальной художественной модели мира. Основные тенденции в развитии живописи Казахстана 1980-1990-х годов (2004) рассматриваются в кандидатской диссертации А. Юсуповой. В исследовании Уразбековой Л. «Кочевой Восток в творчестве ведущих мастеров русской живописи» (2005) изучается круг вопросов посвященных отображению мотивов и образов казахского кочевья на материале произведений русских живописцев: Т. Г. Шевченко, В. В. Верещагина, П. Кузнецова, Н. Рериха. Теме «Творчество Кастеева в контексте становления живописной школы Казахстана» (2006) посвящена кандидатская диссертация Д. С. Шариповой. В исследовании О. Батуриной «Основные тенденции и этапы развития пейзажной живописи Казахстана» (2008) определена эволюционная логика формирования пейзажного жанра, раскрыты типологические особенности и тенденции его развития в Казахстане.

В связи с процессами глобализации, современный этап развития казахстанского искусствоведения характеризуется расширением сферы научных изысканий по проблемам взаимодействия, интеграции и диалога культур. Появляются исследования, выполненные в рамках проблемы развития региональных художественных процессов, отражающих специфику становления традиций художественного образования, развития детского изобразительного творчества, формирования архитектурной среды, истории создания памятников культового зодчества, развития графического и

ландшафтного дизайна, истории развития музейного дела, особенностей преломления традиций художественного национального наследия в современном искусстве.

Результаты научных исследований отражены в работах: «Фольклор как источник художественного национального стиля в искусстве Казахстана на рубеже XX-XXI в» (Д. М. Мергалиев 2009); «Развитие станковой живописи Казахстана в середине XX века в контексте влияния русской художественной школы» (Е. Ю. Личман 2010); «Художественная жизнь Павлодарского Прииртышья второй половины XIX – первой трети XX вв.» (Е. Жанайхан 2011); «Художественная жизнь Павлодарского региона 40-80-х годов XX века» (Денисова Н. И. 2012), «Памятники духовной культуры Павлодарского Прииртышья: история и современность» (Бойко М. Ю. 2014) и многие другие.

Таким образом, для современного искусствоведения актуальность приобретают исследования, направленные на определение этнической самоидентификации национальных культур, что способствует как росту национального самосознания, так взаимопониманию и стабильности в мировом сообществе. В условиях глобализации этническая традиция как свойство художественно-образной системы современного искусства приобретает все большее значение в процессе сохранения национального своеобразия культуры.

ВЫВОДЫ

Искусствоведение Казахстана в своем развитии прошло три основных этапа: советский период – 1940-1980 гг., постсоветский период - 1990-2000 гг., современный период – 2000-2016 гг.

Вследствие доминировавших в советский период идей марксистско-ленинской эстетики повлиявших на труды первых исследователей истории казахского изобразительного искусства, из сферы первых профессиональных искусствоведческих исследований выпали огромные пласты этнического искусства казахов.

В конце 80-х начале 90-х годов снятие идеологического прессинга позволило искусствоведам открыто выражать свою позицию, обнажая и заостряя внимание на возникающих в обществе проблемах изобразительного искусства.

В начале XXI века продолжают исследования по проблеме развития современного искусства Казахстана в аспекте взаимодействия национальных и мировых художественных традиций.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Искусство Казахстана: Изобразительное искусство, архитектура, театр и кино, музыка и музыковедение / Сост. В. Ибраева. – А-Ата : Өнер, 1987. – 56 с.
- 2 Изобразительное искусство Казахстана. / Сост. Б. Г. Ерзакович. – Алма-Ата : Издательство Академии наук Казахской ССР, 1963. – 374 с.
- 3 Мастера изобразительного искусства Казахстана / сост. Г. Сарыкулова, И. Рыбакова, М. Габитова. – Алма-Ата : Наука, 1972. – 253 с.
- 4 Мастера изобразительного искусства Казахстана М. Кенбаев : Альбом / сост. Н. А. Полонская. – Алма-Ата : Өнер, 1983. – 132 с.
- 5 Очерки истории изобразительного искусства Казахстана. – Алма-Ата : Наука, 1977. – 224 с.
- 6 Журнал Искусство Казахстана. – Алма-Ата : Өнер, 1983. – 120 с.
- 7 Мастера изобразительного искусства Казахстана/ сост. Г. Сарыкулова, И. Рыбакова, М. Габитова, М. Досмагамбетова, Р. Ергалиева, С. Кумарова, Т. Рахимжанов. – Алма-Ата : Наука, 1984. – 280 с.
- 8 Искусство Казахстана / сост. А. К. Канапин; Л. И. Варшавский. – Алма-Ата : Казахское государственное издательство художественной литературы, 1985. – 311 с.
- 9 **Плетникова, Л., Сафарова, Д.** Когда искусство уходило из памяти. – Караганда : «Сорос-Казахстан», 2001. – 274 с.
- 10 Искусство Казахстана. – Алма-Ата : Өнер, 1990. – № 9. – С. 26-31.
- 11 **Галлиев, В. З.** Казахстан в творчестве художников XIX века. – Алматы : Өнер, 2005. – 160 с.
- 12 Современное искусство Казахстана: проблемы и поиски. / Сост. С. Кабдиева, Н. Ярмухамедова. – Алматы : Фонд Сорос – Казахстан, 2002. – 248 с.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

Е. Ю. Личман

Қазақстандық өнертануды дамыту ерекшелігі

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.
Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Ye. Yu. Lichman

Specifics of development of Kazakh art critics

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.
Material received on 29.11.16.

Мақалада методологиялық тіл табудың мәселесі ұлттық өнердің зертте – қарастырылады. Қазақстанның ұлттық өнерінің ерекшелігінің байқауының зары атап өтіледі, тек сияқты халық-көркем естің феноменінің, бірақ және сияқты ғылыми бастаудың, маңызды фактормен при этногенездің мәселесінің байқауында болып табыламын.

In the article the problem of methodological approaches in research of Kazakh fine art is considered. The necessity to research the peculiarity of national art of Kazakhstan, not only as a phenomenon of folk-artistic consciousness, but also as a scientific source, being an important factor within research of the problem of ethnogenesis is highlighted.

УДК 75. 04 (574)

Е. Ю. Личман

доктор философии (PhD), доцент, кафедра Теории и методики музыкального образования, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар
e-mail: lichmane@mail.ru

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ
В ТВОРЧЕСТВЕ КАЗАХСТАНСКИХ ЖИВОПИСЦЕВ**

В статье рассматривается специфика творчества казахстанских живописцев А. Кастеева, К. Тельжанова, М. Кенбаева. В своих произведениях художники средствами станковой живописи, такими как композиция, колорит, пространство, свет, ритм создают яркий художественный образ казахской степи. Эпичность и лиризм произведений казахстанских мастеров станковой живописи сохраняют преемственность многовековым традициям устного казахского фольклора и музыкальной культуры.

Ключевые слова: изобразительное искусство, станковая живопись, художественный образ, казахская степь.

ВВЕДЕНИЕ

Художественный образ – это иносказательная, метафорическая мысль, раскрывающая одно явление через другое. Художник как бы сталкивает

явления друг с другом, высекает искры, освещающие жизнь новым светом. Общее и индивидуальное – две стороны художественного образа. Их органичное сочетание, дающее в итоге типический художественный образ, позволяет искусству обращаться к целостному человеку – не только к его чувствам, но и к его разуму.

Художники, рассматриваемые в настоящей статье, это – индивиды, которым удалось выразить самих себя, создать целый мир, открытый другим людям и богатый возможностями для взаимопонимания, это художники, реализовавшие собственную индивидуальность в картинах, эстетика которых отразила уникальное единство человеческих и художественных устремлений каждого из них. Подлинная индивидуальность этих художников сформирована временем, которое для нас уже является историческим прошлым. Важно увидеть и понять, как мастера станковой живописи в своем творчестве смогли ярко, живо, правдиво раскрыть образ родной казахской степи.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Развитие станковой живописи в современном ее понимании в нашей республике связано с именем Абылхана Кастеева (1904-1973). Во многих полотнах мастера, природа – это высший идеал. А. Кастеев естественен и природен, в картинах живописца пафос необозримости соединяется с единым и обозримым реальным миром. В пейзажах художника диалектически сплавляются мощная стихия панорамности, объединяющей взгляд с высоты – и распадение на подробности. Вместе с художником мы чувствуем его восторг и восхищение миром.

Единство и полнота универсума в произведениях живописца говорят о целостности мировосприятия. Эта особенность характеризует все последующие работы А. Кастеева, где раскрывается глубина и, вместе с тем, широкомасштабность: «Стадо на джайляу», «Доение кобылиц», «Моя Родина» и многие другие. В своих произведениях Абылхан Кастеев обращается к теме степного ландшафта, когда имеет место диалог, но уже не человека с человеком, а человека и природы. Здесь художник стремится обнаружить сакраментальное свойство природы находиться вблизи от человека, одновременно выказывая дистанцированность от человеческого мира.

Касаясь основополагающих характеристик художественного творения, каким его представлял А. Кастеев, мы явственно ощущаем фундаментальную открытость художника миру в качестве существа, пытающегося понять этот мир. И в качестве проявления этой открытости полотна Кастеева знаменуют не торжество жанра, (мы знаем, что он пробовал себя во многих

его проявлениях, от портрета до пейзажа), но принципиальную открытость бытованию человека на этой земле. Полотна Кастеева выражают собой тот слой жизни казахского народа, который укоренен в области переживания некой «мистической тайны» бытия.

Своеобразную красоту огромных, необозримых просторов казахстанских степей, без купола неба над ними мы увидим в работах Молдахмета Кенбаева.

Картина «Песня чабана» одновременно эпическая и по-своему интимная. Скромная обыденная сцена, много раз виденная художником и прочувствованная им, оказалась воплощенной по своему пластическому решению в монументальный образ. Действие сведено к минимуму: пастух верхом на верблюде окидывает взглядом разбредшуюся по степи отару. Степь, на первый взгляд однообразно серая, на самом деле полна оттенков желтого, оранжевого, зеленого, розового цветов, объединенных общим серебристым тоном, пленяет своей живописной красотой. Силуэт чабана выделяется на фоне низкого горизонта, подчеркивает необозримый простор степи. Полотно интересно по своему ритмическому и композиционному строю. Идеально ровная линия нарушается слева едва заметным холмом, куда направлен и взгляд чабана, занимающего центральное место в правой части картины. Его фигура возвышается над линией горизонта, становясь доминирующей вертикалью в холсте горизонтального формата. Самое насыщенное по цвету пятно – фигура главного героя – поддерживается силуэтами черных овец на переднем плане. Эта цветовая доминанта круто пересекает холст и тонко перекликается с более сдержанной и мягкой по цвету линией, образованной разбредшейся отарой, полого спускающейся к левому углу холста. Таким образом, фигура человека оказывается на вершине колористического треугольника, а горизонт является своего рода «постаментом» для нее, так как величавый силуэт чабана оказался на фоне выбеленного зноем безоблачного неба. Звучные цветовые аккорды центральных масс, замирая, повторяются в дальних планах и тают вдали, еще больше подчеркивая этим главенство человека [1, 37].

В «Песне чабана» впервые со всей полнотой раскрылась характерная для М. Кенбаева тема неразрывного единства человека и природы, в которой царит человек. Образ степи – это образ Родины в самом высоком смысле слова. По глубине чувств и мыслей, по своему пластическому строю картина «Песня чабана» отнесена к лучшим произведениям изобразительного искусства.

Художник, проникновенно любивший свою землю, просто и ясно рассказал о вечном и понятном. В жизни каждого человека случается прозрение, когда до боли в сердце ощущаешь свою неразрывность с родными местами. В эти минуты наступает момент истины, и в простоте понимается

величие, приходит осознание того, что самым значимым для человека является земля, родное место, с которым сросся душой, проникся всем сердцем, впитал все жизненные соки. Для казаха это степь. Вся жизнь степь, все события большие и маленькие – степь. «Степь та территория, в которой нет пустот. Ее заполняет голос, который одновременно выполняет в нем и функцию мерки. Бір ишқырым жер, говорят казахи, что буквально означает расстояние на земле (жер) в один (бір) голос (шакырым). Великую степь объединяли голоса. В том числе – голоса акынов. Дух общности степняков-кочевников очеловечивает немой универсум степи, вбирая в себя его целиком и полностью. В любой точке степи вы почувствуете себя в центре мира. Тут везде – «пуп Земли», тут нет периферии. Само пространство, таким образом, выдает человеку «аванс» Демиурга или, по крайней мере, вселяет в человека чувство сомасштабности, конгениальности, даже родственности всеобщей животворящей силе. Так и далеко летящая песня, дает чабану возможность самовыражения, возвращаясь эхом и заполняя степное пространство. Дарит ощущение утверждения человека как центра Вселенной, частички универсума, которым является родная казахская степь.

Художественная жизнь Павлодара в 1960-е годы становится более насыщенной и динамичной. Это время характеризуется переустройством структуры художественной практики, осуществляемое Союзом художников СССР и Казахстана: создание системы Домов творчества, организация зональных выставок, пополнение отделений Союза художников за счет выпускников высших и средних специальных художественных учебных заведений. Благодаря интенсивной работе художников Павлодарской области, появлению большого количества живописных полотен стало возможным регулярное проведение художественных выставок. Так в сентябре 1961 г. в г. Павлодаре прошла выставка полотен, скульптуры и графики художников Казахстана. За 15 дней ее посетили свыше полутора тысяч человек [3, с. 283].

Знаменательной датой в художественной жизни области стало 18 декабря 1965 года. В этот день состоялось торжественное открытие Павлодарского художественного музея, первого художественного областного музея в

Казахстане [3, с. 311]. 24 мая 1965 г. в Павлодаре открылись художественные мастерские. В них работали художники: Лагутин И. В., Колмагоров М. П., Мартынец В. М., Дьячков А. М., Бибин А. И. Каждый из этих мастеров внес свой вклад в развитие художественных традиций Павлодарского Прииртышья.

Лагутин Иван Васильевич (родился 22 июля 1913 года в селе Александров-Гай Саратовской области). Художник, краевед, фотограф. Ученик В. П. Батурина. С 1922 года жил в Павлодарской области. С 1945 по 1948 год работал оформителем Павлодарского областного историко-краеведческого музея. С 1958 по 1966 являлся директором Павлодарского областного краеведческого музея. Автор картин: «Баянаульский пейзаж», «Иртыш-река трудовая», «Микоян в Павлодаре» и многие другие. Один из авторов путеводителя по Павлодарскому Прииртышью (1964) [5, с. 374].

Колмогоров Михаил Петрович (родился 25 ноября 1922 года, в поселке Качиры, ныне Качирский район Павлодарской области). Окончил Одесское художественное училище в 1951 году. Его учителя: Тодоров, В. В. Токарев. В 1952 году работает в Павлодаре, занимается педагогической деятельностью. С 1956 года переходит в открывшиеся мастерские КазИЗО, позднее переформированные в ХПМ, где работал более сорока лет [5, с. 347].

Дьячков Алексей Миронович (родился 26.03.1926 с. Ермак, ныне г. Аксу Павлодарской области). Работал художником областного драматического театра им. А. П. Чехова. С 1956 г. художник мастерских Каз.ИЗО, с 1959 г. переформированные в ХМП. В основном работал в жанре пейзажа: «Березовая роща» (1968), «Березовые ситцы» (1972), «Ручей у реки Акпет» (1975), «Домик лесника» (1976), «Разлив на Иртыше» (1977) и др. [5, с. 239].

Мартынец Василий Михайлович (родился 28 декабря 1928 года в селе Дмитриевка Тамбовской области). В 1955 году поступил в Алма-Атинское художественное училище. Учителя: А. М. Черкасский, А. М. Крутильников, Л. П. Леонтьев, А. Г. Галимбаева. В 1960 году, после окончания училища приехал в Павлодар. В 1963-66 годах занимался педагогической деятельностью в изостудиях города. В начале 1960-х годов в изобразительном искусстве Казахстана, как и всей России, обозначилась тенденция, связанная с понятием «сурового стиля». Обогащение структуры художественного образа, новаторские черты этого стиля ярко проявились в творчестве художника.

Александр Иванович Бибин (родился в 25.04.1939 г. в селе Береговое, ныне Железинский район Павлодарской области). В 1965 году, окончив Алма-Атинское художественное училище, художник приехал в Павлодар. Занимался монументальным и декоративно-прикладным искусством, живописью и графикой. Его учителя А. Г. Галимбаева, М. С. Кенбаев

[5, с. 185]. Живописные произведения отличаются широтой мысли и образно-пластической экспрессией: «Мелодии лета (1965), «Эхо прошедшего времени» (1967), «Кони и люди» (1967). Наиболее известные произведения живописи и графики: «Вечерняя молитва» (1965), «Вселенная Бетховена» (1966), «Судьба» (1967), «Деревенский романтик» (1966), «Кормящий селезня» (1968) и др. [6].

Творчество павлодарских художников, чьи произведения представляют уникальную ценность человеческой искренности пластического образного суждения, побудили привлечь внимание к личностям этих живописцев.

ВЫВОДЫ

Основным периодом формирования художественных традиций в Павлодаре стали 1920-1960-е годы.

Решение задач культурной революции в 20-30-е годы выявило необходимость объединения творческих сил страны и создание филиала Союза художников КазССР.

В послевоенные годы развитию художественных традиций способствовала организация городских и краевых выставок.

В связи с освоением целины в 50-е годы изменение социальной структуры области привело к объединению живописцев, скульпторов, художников театра и созданию производственных художественных мастерских.

Художественная жизнь Павлодара в 1960-е годы характеризуется переустройством структуры художественной практики и пополнением отделений Союза художников за счет выпускников высших и средних специальных художественных учебных заведений.

Педагогическая и творческая деятельность мастеров изобразительного искусства региона стала одним из важных факторов формирования художественных традиций Павлодарского Прииртышья в 20-60-е гг. XX века.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Куприн, В.** Виктор Батурин в художественной культуре своего времени // Нива № 1, 1998. – С. 84-87.

2 ЦГА РК Ф.1736 ОП.2 ЛД

3 Хронограф Павлодарской области 1938-2008. – Павлодар, 2008. – 467 с.

4 **Захаренко, А. Л., Косаяков, Б. К., Мерц, В. К.** История Павлодарского Прииртышья. Учебное пособие / Под. ред. А. Л. Захаренко. – Павлодар : Государственный университет им. С. Торайгырова, 2003. – 133 с.

5 Библиография Павлодарского Прииртышья. – Павлодар, 2002. – 235 с.

6 **Дубовая, Е. А. И. Бибин** // Нива, № 1. – Астана, 2000.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

Е. Ю. Личман, Е. Жанайхан

1920-1960 жылдары Павлодарда көркем дәстүрлерін қалыптастыру

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Ye. Yu. Lichman, E. Zhanaykhan

Formation of artistic traditions in Pavlodar in 1920-1960-ies

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 29.11.16.

Мақалада қалыптасуы мен даму кезеңдері көркем дәстүрлі факторлар қарастырылады, Павлодарда 1920-1960 жж. мыналар негізгі болып табылады: педагогикалық шығармашылық қызметі, И. И. Менченко, Л. В. Брюмера, Т. А. Буркова, Л. В. Критинина, И. В. Ланина., Штейгера И. В., В. А., Т. А., В. П., суретшілер және сырттан келген Батурина В. Э., И. В. Лагутина, М. П. Колмагорова, М. О. Бибина, А. М. Дьячкова, В. М. Мартынцева, А. И. Бабикова шығармашылық үйірме жүйесін құру; аймақтық көрмелер ұйымдастыру, суретшілер одағының бөлімшелерінің жоғары және арнаулы орта оқу орындарының түлектері есебінен толықтыру, Павлодар көркем мұражайы және өндірістік шеберханалардың ашылуы болып табылады.

In the article the stages of foundation and the factors of development of artistic traditions in Pavlodar in 1920-1960-ies are considered. The main of them are: pedagogical and creative activity of visiting artists V. P. Baturin, I. I. Menchenko, L. V. Brumer, T. A. Burkov, V. A. Kritinin, I. V. Lanin, V. E. Steiger; I. V. Lagutin, M. P. Kolmogorov, V. M. Martyntsev, A. M. Diachkov, A. I. Bibin; the creation of the system of art houses; the organization of the zonal exhibitions; the refill of the departments of the Union of artists with graduates of the higher and secondary special artistic institutions; the opening of the Pavlodar art museum and the artistic productive workshops.

С. Маәжан¹, П. Адиева²

¹ф.ғ.к., доцент м.а.; ²ф.ғ.к., доцент м.а., Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

**СӘЛЕМДЕСУ КЕЗІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ЫМ-ИШАРАТТАР**

Бұл мақалада паралингвистикалық амалдардың бір түрі – проксемиканы қарастырдық. Сәлемдесу кезінде қолданылатын проксемикалық параамалға анықтама берілді, сондай-ақ әр халықтың сөйлеу этикетінде сөзбен сәлемдесумен қатар бейвербалды түрде қолданылатын сәлемдесудің әртүрлі мәдениеттегі білдіретін мағыналарын саралап көрсеттік. Мағыналық тұрғыдан берілу жолдары мысалдармен дәйектелді.

Кілтті сөздер: проксемика, ишара, коммуникация, бейвербалды, қолдану, мәнмәтін, паралингвистика, параметр, этикет.

Бейвербалды амалдар туралы айтқанда, жиі қолданылатын паралингвистикалық терминнің бірі – **проксемика**. Проксемика коммуникация кезіндегі адамдардың белгілі бір арақашықтықты сақтауын тексеріп, сол арақашықтықтың білдіретін мағынасын зерттейді. Өйткені әр арақашықтықтың білдіретін өзіндік мағынасымен қатар, әлеуметтік мәні болады. Проксемикалық амалдарды зерттеудің қажеттілігін коммуниканттардың әлеуметтік параметрлерін түзу мен коммуникативтік актінің әлеуметтік лингвистикалық моделін құрумен ұласып жататын, солармен шектес тілдік құбылыс тудырады. Коммуниканттың әлеуметтік параметрлері коммуниканттардың сөзінен (сөйленістен) және этикетке сай шектеулі бейвербалды амалдардан, адресанттың әлеуметтік рөлінен, әлеуметтік жағдайынан, шыққан тегінен, т.б. құралады. Көбінесе әлеуметтік параметрлер коммуниканттың еркінен тыс орындалатын, оның ортасы, әлеуметтік жағдайлар қалыптастыратын параметрлер болып табылады. Өйткені олар қанмен сінеді, ана сүтімен дариды, адамның өмір сүрген ортасы арқылы қалыптасады, сөйтіп дағдыға айналады.

Коммуниканттардың құрамына қарай қалыптасқан стандартты коммуникативтік актілердің жүйесі бар. Оларға: **күйеуі мен әйелі, баласы мен әкесі, ағасы мен қарындасы, қонақ пен үй иесі, бастық пен бағынышты** арасындағы қарым-қатынас актілері жатады. Олардың қолданылуында өзіндік жүйе, қалыптасқан дәстүрлі тәртіп бар. Олар жүйе, негізінен алғанда,

адресат пен адресанттың арасындағы қарым-қатынастың типіне және нақты жағдайға (ситуацияға), атап айтқанда, ресми-бейресми, бейтарап, уақыт мерзімі, т.б. қалыпты жағдайларға тәуелді [1, 76 б.]. Коммуникативтік актілердің стандартты түрлерінің біріне сәлемдесу енеді.

Сәлемдесу – кез келген коммуникативтік актінің бастау-көзі және коммуникативтік актінің универсалды элементі. Қазақ сөз этикетінің мәселелерін зерттеген ғалым А. Қобыланова: «Сәлемдесудің күнделікті өмірде мәні аса зор. Танысу да, әңгімелесу де сәлемдесуден басталады. Сәлемдесу арқылы көзтаныс, жүзтаныстармен одан әрі білістігімізді нығайта түсеміз. Сәлемдесу – этикеттік таңба, ал белгілі бір нақты жағдайда (ситуацияда) сәлемдеспей кету (сәлем алмау, сәлем бермеу) этикеттік таңба жоқ дегенді білдірмейді, қайта керісінше, қандай да бір себепке (мотивке) байланысты (реніш, өкпе, т.б.) «қарым-қатынасты үзу» тактісін аңғартады», – дейді [1, 68 б.].

Этикет – философиялық, этикалық ұғым, адамдардың белгілі бір ортадағы орныққан тәртіпке сәйкес бір-бірімен қарым-қатынас жасауының ережелері. Адам – қоғамның жемісі. Ол белгілі бір қоғамда, әлеуметтік ортада өмір сүреді. Адамдардың қоғамның өзге мүшелерімен, әлеуметтік ортамен, ұжыммен қарым-қатынасы орныққан этикет нормалары арқылы реттеліп отырады. Бұлайша орныққан этикеттің тілдік жағы бар да, тілдік емес жағы бар. Мысалы, жасы кішінің жасы үлкен адамға жол беруі, әскери адамдардың өзара «сәлемдесуі» тағзым етуі, т.б. әдептіліктің тілдік емес жағына жатады [1, 6 б.].

Әр халықтың сөйлеу этикетінде сөзбен сәлемдесумен қатар бейвербалды түрде сәлемдесу бар. Әр халықтың өзінің ым тілі, өзінің сүйікті коммуникативтік ишараттары бар. Ол әр халықта әртүрлі болады, ондайда коммуниканттардың әлеуметтік мәртебесіне сай ерекшеліктер, артықшылықтар қатаң сақталады. Мысалы, жапондықтардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын зерттеген Ж. П. Шабраль оларда қалыптасқан бейвербалды сәлемдесу түрін, атап айтқанда, иілу туралы былай дейді: «...сгибаются пополам, застывают на месте и опускают головы... Потом... украдкой бросают взгляд, чтобы обоим выпрямиться одновременно... Тот, кто опережает другого, – мужлан... Но прежде всего надо уметь оценить своего визави. Есть три возможности: он может быть выше вас, ниже или равен по рангу – в зависимости от возраста, родословной, состояния, родственных связей, служебного положения и многих других обстоятельств, и все их надо быстро принять во внимание» [2, с. 73-74].

Жапондықтардың иілу дәстүрі өте ертеден, біздің жыл санауымызға дейінгі 600 жылдан жапон әдебиеттерінде кездеседі. Жапондарда иілудің тек прагматикалық меңгеру дәрежесі ғана емес, оның әлеуметтік және мәдени

маңыздылығы да зор. Жапондарда иілудің мынандай түрлері кездеседі: эсяку – жеңіл иілу. Басымен алға қарай 15 градус бұрышта иіледі, ишарат білдірушінің көзқарасы адресатқа бағытталады; юу – иілудің тағы бір жеңіл түрі. Тік тұрып не тізерлеп отырып орындалады. Ишаратты отырып орындағанда колдарын тізесіне қойып, кеудесі 15 градус бұрышқа алға иіледі; *фуцурэй* – 20-30 градус бұрышқа 2-2,5 секунд орташа иілу; *сайкэйрэй* – 45 градус бұрышқа 3-4 секунд терең иілу. Ал американдық мәдениетінде *иілудің* кейбір түрі *кемсіту немесе жағымпаздану* белгісі саналады.

Америка мен Еуропада сәлемдесудің ең көп тараған түрі *қол алысу*. Ал тикопия халқы мүлдем қол алыспайды, *мұрын мен мұрынды тигізіп* сәлемдеседі. Жаңа Зеландияның байырғы тұрғындары (аборигендер) келген қонақтармен *мұрнына мұрынды тигізіп және ауыздан ауызға дем жіберіп* сәлемдеседі. Индустарда сәлемдесу кезінде аса құрмет көрсету белгісі ретінде ата-аналарының, жасы үлкен аға-апаларының, сондай-ақ мұғалімдерінің *аяғына қолдарын тигізу* салты бар. Қытайлар сәлемдесуде өте ертеден келе жатқан мануальді кинеманы қолданады. Ол *Да'идеп* аталады. Онда ишараттаушы қолдарын *көз деңгейінен сәл төмен қойып, оң қолының алақанымен сол қолының жұдырығын жасауып* тұрады. *Да'и* ишараты кішіпейілділік пен құрметті білдіреді аса танымал ишараттардың бірінен саналады. Боливияда, керісінше, үйге кіргеннен кейін үйдің барлық мүшесінің *қолын алысып немесе құшақтап амандасу* міндетті. Тіпті үй иелері басқа бөлмеде, аулада болса да, қол алысып немесе құшақтап сәлемдесу шарт.

Коппер өзенінің бойында тұратын эскимостардың бөтен адамдармен сәлемдескенде қолданылатын проксемикалық амалы *басынан жұдырықпен қойып жіберу* екен, Амазонканың солтүстігінің тұрғындары бір-бірін арқаларынан қағып сәлемдесу ишаратын жасайды. Полинезиялықтар *құшақтасады және бір-бірінің арқасынан сипасады*. Испандықтардың ер адамдары бір-бірімен сәлемдескенде *құшақтасып* көріседі. Бірақ міндетті түрде *бірінің басы екінші адамның оң иығында жатуы тиіс, содан кейін барып үш рет арқадан қағысады*. Андамандықтар сәлемдесу *ишаратын бірінің тізесіне бірі отыру* арқылы жасайды. Ең қызығы, күйеуі әйелінің *тізесіне отырады, мойнынан құшақтайды, осы ишараттар жасалған сәтте олар жылап* отыратын көрінеді. Бұл андамандықтарда ері мен әйелі, әкесі мен баласы, шешесі мен қызы, т.б. үшін ортақ сәлемдесу ишараты екен.

Коммуникация кезінде бейвербалды амал – *бас изеп амандасумен* бірге (кейде қатар), *қол алысып амандасу* салты бар. Қазақ халқының салт-дәстүрінде өте көне заманнан сақталған десек те болады.

«Сөз этикетінің ережесі бойынша сөйлеушіге қойылатын талап бар да, тыңдаушыға қойылатын талап бар. Мысалы, сөзді жүре тыңдауға болмайды;

тыңдаушы тіл қатқан адамға назар аударып, өзінің шұғылданып отырған ісін доғара тұруы керек. Сөзді аяғына дейін тындап, шыдамдылық көрсету, тиісті жерінде *әрине, дұрыс айтасыз, ия солай зой* тәрізді демесін қыстырмаларды айтып отыруы қажет. Мұндай демесін сөздер арқылы коммуникант өзінің тыңдаушы ретіндегі рөлін әріптесіне айқын аңғартып отырады. Тыңдаушы тарапынан болатын мұндай белгілер (сигналдар) сөйлеушінің ой-сезімін толық айтып шығуға мүмкіндік береді. Сондықтан сөз этикеті ережесінде мұндай вербалды таңбалардың, *бас изеп* сияқты вербалды емес таңбалардың саны ерекше болады», – деп атап көрсетеді А. Қобыланова [1, 12 б.].

Қол алысып амандасу ишараты ертеректе қолымда қаруым жоқ дегенді аңғартса керек. Өйткені амандасушылар оң қолын ұсынады. Оның себебі: оң қол қару ұстайтын қол; жұмысқа бейім қол; қолғап шешіп амандасу да «қолымда қаруым жоқ» дегенді білдіреді. Ер адамдар қалпағын көтеріп амандасады, үйге кіргенде бас киімін қолына алып кіреді. Мұндай белгінің түп төркіні – әуелде басындағы дулығасын шешіп қолына алу – бір-біріне сенім артқандықты білдіреді. Қазіргі кезде мұндай этикеттік таңбалардың бастапқы мотивациясы көмескіленген, олар тек сыпайылықты білдіретін белгі ретінде ұғынылады [1, 10 б.].

Қол алысып амандасу, қалпағын (орамалын) алып амандасу әйелдерге тән емес. Бұлай болуы тарихи тұрғыдан түсінікті де. Өйткені әйелдер қару ұстап соғыспаған, дулыға кимеген [1, 10-11 б.].

Қазақ халқында сәлемдесудің өзіндік қалыптасқан ұлттық нышаны бар. Сәлемдесудің қалыптасқан тұрақты сөз орамдары бар. Сәлемдесіп-амандасудың түрлерін талғап, таңдай білу нақты жағдай мен қалыпты қарым-қатынасқа тәуелді болады: ресми-бейресми, бастық-бағынышты, жасы үлкен-жасы кіші, сондай-ақ әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай ер адам-әйел адам [1, 68 б.]. Мысалы, қазақ тілінде жасы үлкен адамның алдынан кесе-көлденең өтпейді деген тұрақты тіркес ұлттық этикеттік ұғымды білдіреді. Әсіресе жасы кіші әйел жынысы, жасы үлкен ер адамдардың жолын кеспейді. Қазақ этикетінің вербалды емес мұндай таңбасы «жасыңызды, жынысыңызды, үлкендігіңізді сыйладым» деген мағынаны білдіреді [1, 105 б.].

Тілді тұтынушының тілдік және тілдік емес коммуникативтік актілерінің сипаты узуалды болып табылады. Бірақ кинемалар секілді проксемалар лексика-семантикалық топқа бөлінбейді. Проксемика, жоғарыдан атап өткеніміздей, мәртебе (статус), жағдаяттық қарым-қатынасқа негізделеді. Жоғары-төмен, оң мен сол қарым-қатынасы әлеуметтік топтар арасындағы коммуникация кезінде анық сезіледі. Қазақтар төр мен босаға, жоғары-төмен, оң мен сол позицияларына қатты көңіл бөледі, адамның әлеуметтік ортадағы алатын орны осы позициялардан, проксемикалық қашықтықтан сезіледі. Қ. Ш. Қажығалиева қазақ халқының ұлттық проксемикалық амалдарына

малдас құруды, жамбастап жатуды, жантаяуды, т.б. жатқызады [3, 85 б.]. Осы жерде айта кететін тағы бір мәселе коммуниканттың сөз этикеті сыпайылық деген моральдық этикалық ұғыммен астасып жатады. Жасы үлкен адамға төрден орын беру, жасы үлкен адамның алдына шығып сөйлемеу, жасы үлкен адамға алдымен барып сәлем беру, оның алдынан кесе-көлденең өтпей жол беру, т.б. вербалды және вербалды емес әрекеттерге қазақ қауымында қатаң көңіл бөлінеді [1, 14 б.]. Осы секілді қазақ этикетінен семьядағы «басыңқы-бағыныңқылық» қарым-қатынастың ізі де үлкен кісілердің сөйлеу тілінен қазір де анық байқалып отыр [1, 25 б.].

Проксемика терминін Э. Холл енгізген [4, 11 б.]. «Жақындық» деген мағынаны білдіретін бұл терминнің ұғымдық сипатын толық ашу үшін Э. Холл проксемикалық мінез-құлықты үш деңгейге бөліп көрсетеді:

– бірінші деңгей тараптардың өткен өміріне байланысты қалыптасады. Бұл жерде коммуниканттардың шыққан ортасы, шаққан жері, феноменді сипатты белгілері негізгі көрсеткіштері болып табылады;

– екінші деңгей – түйсікке байланысты қалыптасқан психофизикалық деңгей болып саналады;

– үшінші деңгей мәдениеттің әсерінен, яғни жүре-бара игерілетін, пайда болатын деңгей. Өйткені, мәдени орта тараптардың коммуникация кезіне белгілі бір кеңістік аясында тілдесімге түсуін қажетсінеді. Әр деңгейдің белгіленген арақашықтығы бар.

А. Пиз төрт түрлі арақашықтықты атап көрсетеді:

1 Интимдік арақашықтық (15-46 см). Бұл арақашықтықты коммуникациялық кеңістік құрайды, ал кеңістікке қатысушы коммуниканттарға: бала мен ата-ана, жұбайлар, достар, туысқандар енеді.

2 Индивидуалды (жеке) арақашықтықтың мөлшерін А. Пиз 46 см-ден 1,2 м деп көрсетеді. Көбінесе ресми ортада, арнайы басқосуларда, түрлі жиындарда, сауық кештерінде сақталатын проксемика түрі.

3 Әлеуметтік арақашықтық 1, 2 м-ден 3,6 метрге дейін аралықты қамтиды. А. Пиздің көрсетуінше, бұл қашықтық бейтаныс адамдар арасында сақталады [5, 55 б.].

4 Қоғамдық арақашықтыққа 3,6 м-ден көп арақашықтық есептеледі. Бұл – адамдар топтанған кезде, топ мүшелерімен сұхбаттасу кезіндегі арақашықтықты көрсететін проксемикалық амал.

Біздің бақылауымызға сай басшы-қызметкер арасындағы проксемикалық қашықтық әлеуметтік қашықтық ретінде қазақ бейвербалды амалының қатарынан орын алады деп білеміз, осы көлем-қашықтық қазақтар үшін норма болып қалыптасқандығын жұмысымыздың басында айтып өткенбіз.

Әлеуметтік қашықтықты білдіретін проксемикалық амалдың білдіретін бірнеше мағынасы бар:

– жақындауға батпау;

– қипалақтау;

– қорқу;

– сыйлау – бәріне ортақ мағына **жақындауға батпау** болып табылады.

Сонымен бірге интимдік қашықтықтың А. Пиз көрсеткен мөлшері, қашықтығы қазақ халқы үшін қолайлы қашықтық. Мысалы: *Баласына мейірімін төге қараған шешесі жақындап келіп, оның басынан, қайратты шашынан мейірлене сипап, бауырына тартты*. Қашықтықтың мөлшері арнайы атап көрсетілмегенмен, 46 см-ден аз екені көрініп тұр. Бұл арақашықтықтың жеке-дара орындалуынан гөрі өзге бір амал, атап айтқанда, такесикамен араласа орындалатындығы байқалады. Сондықтан екі түрлі параамал араласа орындалатындықтан, күрделі параамалға жатқызу жөн секілді. Проксемикалық **жақындау** мен **шашынан сипап, бауырына тарту** такесикалық амалға жатады. Осы амалдардың жиынтығынан барып, **жақсы көру, мейірлену** мағынасы туындап тұр. Егер бұл сөйлемнің қоршауына (окружение) көңіл бөліп қарасақ, проксемикалық амалдың семантикалық жақтан нақты қандай мағынаны білдіріп тұрғанын анықтауға болады:

Баласына мейірімін төге қараған шешесі жақындап келіп, оның басынан, қайратты шашынан мейірлене сипап, бауырына тартты;

Баласына мейірімін төге қараған шешесі аянышпен қарап, жақындап келіп, оның басынан, қайратты шашынан мейірлене сипап, бауырына тартты.

Жақындап келіптің алдына **аянышпен қарап**-ты тіркесек, онда алдындағы мейірлену, жақсы көрудің **аяу, аяушылық көрсету**-ге ауысқанын байқаймыз. Енді осы проксемиканың қоршауын тағы өзгертіп байқайық:

Баласына мейірімін төге қараған шешесі қоштасу сәтінің алыс еместігін байқатып, жақындап келіп, оның басынан, қайратты шашынан мейірлене сипап, бауырына тартты. Бұл сөйлемдегі жақындап проксемикасының білдіріп тұрған мағынасы – **қоштасу, қимау** болып шығады. Екі алғашқы сөйлемдегі жақындау проксемикасының көп мағыналылығын тудырып тұрған оның **қоршауы**. Ал мәнмәтін көп мағыналылықтың тууына да, жойылуына да, нақтылыққа жол ашатын, соған себепкер тілдік фактор қызметін атқарып тұр. «В понятие окружение экспрессивного факта входят не только контекст, но также ситуация, мимика и интонация», – деп жазды Ш. Балли [6, с. 23].

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Қобыланова, А.** Қазақ сөз этикеті. – Алматы: Жоғары Аттестациялық Комиссияның баспа орталығы, 2001. – 119 б.

2 **Шабраль, Ж. П.** Миллионы, японцев... миллионы. – М. : Наука, 1971. – 120 с.

3 **Кажгалиева, К.** Национально-культурная специфика фатической речевой коммуникации в казахском языке. – Алматы : Санат, 1991. – 154 с.

4 **Hall, E. T.** Proxemics // Current Anthropology. – 1968. – № 9. – P. 21-26.

5 **Пиз, А.** Язык теледвижения: Как читать мысли других людей по их жестам /пер. с англ. яз./ – Нижний Новгород : Ай Кью, 1992. – 262 с.

6 **Тагиев, М. Т.** Глагольная фразеология современного русского языка. – Баку : Маариф, 1996. – 250 с.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

S. Magzhan, P. Adieva

Жесты, используемые при приветствии

Международный казахско-турецкий университет
имени Х. А. Ясави, г. Туркестан.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

S. Magzhan, P. Adieva

The gestures used in greetings

A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.

Material received on 29.11.16.

В статье рассматривается один из видов паралингвистической деятельности – проксемика. Дано определение проксемических парадействий, проведен анализ словесного приветствия в этикете различных народов, а также представлено значение приветствия в невербальном виде, используемое в тех или иных культурах. Пути выражения приветствия и его смысловые значения подтверждены соответствующими примерами.

The article deals with one of the types of paralinguistic activities – proxemics. There is presented the definition of proxemics activities, the analysis of verbal greeting etiquette of different nations, as well as the value of the non-verbal greetings, used in different cultures. The ways of expressing the greetings and their meanings are supported by appropriate examples.

ЭОЖ 419.992.71.

С. Мағжан¹, П. Адиева²

¹ф.ғ.к., доцент м.а.; ²ф.ғ.к., доцент м.а., Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркестан қ.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДА КЕЗДЕСЕТІН ПРОСОДИКАЛЫҚ АМАЛДАР

Бұл мақалада паралингвистикалық амалдардың бір түрі – просодиканы қарастырдық. Көркем шығармаларда кездесетін просодикалық параэлементтерді мағыналық жақтан топтастырып, саралап көрсеттік. Мағыналық тұрғыдан берілу жолдары мысалдармен дәйектелді.

Кілтті сөздер: просодика, ишара, семантика, коммуникация, бейвербалды, қолдану, мәнмәтін, паралингвистика.

Бейвербалды элементтерді зерттеу әлемдік лингвистикада тоқырап қалған жоқ, керісінше, даму үстінде, ілгерілеуде, соның нәтижесінде соңғы жылдары ғылымның бір саласы ретінде **бейвербалды семиотика** ғылымы дүниеге келді.

Бұл ғылым саласының негізгі нысаны – бейвербалды коммуникативтік мінез-құлық және адамдардың диалогиялық тұрғыдан өзара әсер етулерінің семиотикасы («*невербальное знаковое коммуникативное поведение и семиотика диалогического взаимодействия людей*») деп аталып [1, 15 б.], екінші жағынан түсіндіріліп жүр.

Бейвербалды семиотика ғылымы бірнеше ғылым түрлерінің тоғысуының, ұштасуының, шектестігінің нәтижесінде қалыптасқан. Бірақ оның өзегін екі пән (дисциплина), атап айтқанда, **паралингвистика** немесе паратіл туралы тіл білімі мен **кинесика** құрайды. Яғни бірінші пән сөйленіс кезіндегі, оның ішінде ауызша қатынас кезінде қатарласа жүретін дыбыстық кодтармен шұғылданады. Бұл дыбыстық кодтар информацияның белгілі бір мән-мағынамен бауын, бағалауыштық және мағыналық түрлі реңктерінің болуын, сонымен бірге олардың тілдік қатынас кезінде өмір сүруін қамтамасыз ететін мағыналық дыбыстық кодтар. Аталмыш паралингвистикалық құбылыстарға сөйлеу қарқыны (темп), дауыс түрлері (қатты, ақырын, жай, екпінмен сөйлеу), интонация, еліктеуіш сөздер (олардың түрлі дауыс түрлерімен айтылуы), күлкі (сыңғырлап күлу, сықылдап күлу, т.б.), жылау (еңкілдеп жылау, сұңқылдап жылау, сықсындап жылау, еңіреп жылау, т.б.), сыбырлау, т.б. түрлері жатады.

Бейвербалды амалдардың енді бір түрі просодикалық амалдардан құралады. **Просодика** – экстралингвистикалық амал, акустикалық және оптикалық аппарат-каналдардың қатысуымен жасалатын тілдік қатынастың мағыналы бөлшектері.



Сызба 1 – Просодикалық амал түрлері

Адам эмоциясын жеткізетін просодикалық амалдардың ішінде **жылау, күлу, күрсіну, демін ішіне тарту, аһылау-уһілеу** – универсалды амалдар. Қ. Жұбанов: «Жылау мен күлуді сол тілмен сөйлейтіндер болмай-ақ, кім болса сол түсінуге болады. Жылап отырған не күліп отырған қазақ болса, мұны көріп, естіп тұрған, өзі қазақша білмейтін орыс, неміс, қытай әлгі қазақтың жылап отырғанын не күліп отырғанын біле алады. Олай болса, жылау мен күлу – адам болған жердің бәріне де түсінікті», – дейді [2, 38 б.].

Айтсақ, күлудің өзі мәнмәтініне қарай түрлі-түрлі, бір-біріне ұқсас мағынада қолданыла алады. *Еріксіз күлу, сылқ-сылқ күлу, шыдай алмай күлу, сүйсіне күлу, қызығып күлу, жай күліп қою, мұрт астынан күлу, мазақтап күлу*, т.б. Егер жақсы, жағымды және жағымсыз мағынасына қарай топтастырсақ, күлуді қуана күлу мен ызалана күлу деген екі топқа бөлуге болар еді. Сонда қуана күлуге: **сылқ-сылқ күлу, шыдай алмай күлу, жай күлу, сүйсіне күлу, қызығып күлу, мұрт астынан күлуді** жинастыруға тура келеді.

– Абай, сен де жүр!.. Атаң ғой, атаңа сәлем бер, – деп мысқыл еткендей *сылқ-сылқ күлді* (М. Әуезов);

Абай тағы бір рет, ай шеті қылдырықтай боп көріне түсіп, сөне қалғанда, *еріксіз күліп жіберді* (М. Әуезов);

Торғайды айтқанда Майбасар *шыдай алмай күліп жіберді* де, Құнанбайдың ашулы түсіне имене қарап, тәуба қыла қалды (М. Әуезов);

Күлісіп, дабырласып, сөйлеп келе жатқан ылғи жұпыны киімді жатақтар (М. Әуезов);

Жаңағы даурықтардың бәрін естіп, тоқыраған Шөженің өзі. Ол қатты, ашық дауыспен *қарқылдап, сүйсіне күлді* (М. Әуезов);

Жұрт тегіс *ду етіп күліп жіберді* (М. Әуезов);

Абай Майбасардың үп-үлкен басымен балаша қылжақтап отырғанына *қызығып күле бастады* (М. Әуезов);

– Кешіріңіздер, бірталай әңгімеге арқау болыппын-ау. Әйткенмен байқасаңыз, машинаға мінгеннің бәрі келіншек емес шығар.

Ержанрахаттанакүлді (Т. Иманбеков);

Машинаны жұлқып қозғалтқанда Ержан шалқалақтап барып орындықтың арқалығына сүйенді. Сол қолы алдындағы тұтқаға жармасыпты. Жүріс түзелгенде барып жайланды. *Мырсетіп күліп жіберді* (Т. Иманбеков);

– Ой, өзің бір құдайдың еркесі екесің ғой! – деп, Шеген мені жауырын ортадан шапалақпен шарт еткізді де, өзі *күліп жіберді* (Ф. Мүсірепов);

Есептей білемісің? – деді.

Білем.

Нешеге дейін?

Екі мың сегіз жүз сексен жетіге дейін... Шеген *қарқылдап күліп жіберді* (Ф. Мүсірепов).

Күлу – мысқылдау, әзілдеу, әжуалау мағынасында. – Олай болса, жылқылы ауылға қалсайшы. Мен болсам қартайдым, құрығыма ие болатын да бір кісі керек – деді де, Ағыбаймұртының *астымен күліп қойды* (Қ. Жұмаділов); – Сіз мені аңдып жүрсіз ғой, нағашы Шыныңызды айтыңызшы – деді мұның бетіне *күле қарап* (Қ. Жұмаділов); Шалабай *мырс-мырс күліп*: – Бар күйікті осы ерке қызыңнан тарттырармын, – деп атын бауырына тартып-тартып жіберіп, борт-борт желе жөнелді (О. Бөкей); «Ерқанатымды сағындым» деп анасы да *қоңқылдап отырған*, қара домалағын иіскеп, ол да бір маз болып қалсын, – деп емен-жарқын *кеңкілдеп күліп алды* (Қ. Жұмаділов); Қасқа құлын қайда қашар дейсің. Ел етекке түскеннен кейін де жас сорпа қажет болар, – Отарқұл *мардымси күліп*, мұртын сылады (Қ. Жұмаділов); – Түк те күнә емес, нағашы, – Ержан *тырқылдай күліп алды* (Қ. Жұмаділов); Оқытушы шығып кеткеннен кейін екеу-екеуден қатар отырған қыздар бір-бірімен *күбірлесе күлісті* де, командамен бұрылған бір взвод солдаттай болып, тегіс кеуделерін қозғап, жүздерін аудиторияның ең артында отырған маған қарай бұрды (Ө. Нұршайықов).

Күрсіну – уайым, қайғы, реніш, өкпе, ішқұса болу мағынасында. Енді ашуға оқтала бергенімде, ар жағынан әжемнің «уһ» деп күрсінгені естілгендей болды (С. Мұратбеков); Бағдат сәл күрсініп: – Түсінем, Бану. Өмірге артар өкпе жоқ менің (М. Мақатаев); Бәтиха кимешегінің шалғайымен көзін сүртті де күрсініп, күнге қарады (Қ.Ысқақ); «Уһ, аллам-ай!» – деп аһ ұра күрсінгенде, кеудесін өртеген жалын қара мысықтай атып шығып, ақыры орнына түсті (О. Бөкей); Мынандай қақатұяқ келінге кез болсаң, «жұлдызың жанар», бейшара әпке... күрсініп, Оһ! Бү дүние не боп барады өзі! (М. Мақатаев); Бану ауыр күрсініп; Асан емес әже, Асан емес... (М. Мақатаев); Артель бастығы ауыр күрсінді де: – Қызым, шаруанды айт, қайдан жүрсін? – деп, төмен қарап үнсіз отырған қызға бұрылды (М. Мақатаев); Ыбыш терең бір күрсінді де: – Молдаға оқыту керек екен сені – деп теріс айналып кетті (Д. Исабеков); «Қайран, бақытты шақ-ай» деп күбірледі. Күрсінді (С. Мұратбеков); Апам аунап түсті. «У-уһ» – деп күрсінді (С. Мұратбеков).

Демін ішіне тарту – үрей, қорқыныш, қауіп мағынасында жұмсалып тұр. Бақтығұл демін ішіне тартып, көз алмай соған қарайды (М. Әуезов); – Ойбай, бір нәрсені былш еткізе салғалы тұрмысың? – деп қаракер әйел түсі қашып, демін ішіне тартты (Т. Әлімқұлов); Аяғының ұшынан басқан күйде екінші терезеге барған, демін ішіне тартып сілейіп тұрды да қалды (С. Мұратбеков); Зәре-құттары қалмаған Майдан да, Ұлтуған да демдерін ішіне тартып, тым-тырыс тына қалды (С. Мұратбеков).

Аһылау-уһілеу – реніш, қорқыныш, уайым, қиналу мағынасын беріп тұр. Бұл түні апам қырманға барған жоқ. Қызыл іңірден төсегін салды да басын тас орап байлап ап, ауырған адамдай аһылап-уһілеп дөңбекшіп жатты да қойды (С. Мұратбеков); – О, Боже, еше чего не хватало, – деп Ольга төсегінен дөңбекши аударылып, аһылап-уһілеп, Хадишаның үстінен артылып, терезеге үңілді (Ш. Мұртаза); Зейнеп ұйықтаған жоқ. Айдарбектің басында отырып қалың ойға кіргендігін, оқта-санда қиналып уһілегенін ол сезіп жатыр (Б. Майлин); Үлкендер әңгіме ғып өткен жайды, Қынжылып еске алысты Исатайды. Майданды от түтеген кенескенде, Еріксіз уһілеп жұрт, аһылайды (Ә. Тәжібаев); «Тәңірім ие, атпады ғой таңың!» – деп, Күңіреніп жатыр тұтқын уһілеп (М. Жұмабаев).

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Крейдлин, Г. Е.** Невербальная семиотика: Язык тела и естественный язык. – М. : Новое литературное обозрение, 2002. – 592 с.

2 **Жұбанов, Қ.** Қазақтіліжөніндегізерттеулер. – Алматы : Ғылым, 1999. – 581 б.

С. Мағжан, П. Адиева

Просодические элементы в художественных произведениях

Международный казахско-турецкий университет
имени Х. А. Ясави, г. Туркестан.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

S. Magzhan, P. Adieva

Prosodic elements in pieces of art

A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.

Material received on 29.11.16.

В этой статье мы рассматривали просодику являющуюся одним из видов паралингвистики. Сгруппировали параэлементы просодики, встречающиеся в художественных произведениях, по смыслу и проанализировали их. Разные значения просодических элементов показаны с примерами.

In this article, we looked at prosody that is a type of paralinguistics. Grouped the paraelements of prosody found in works of art, by the ir meaning and analyzed them. Different meaning of prosodic features is shown with examples.

Л. К. Мейрамбекова

докторант, Г. Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Астана қ.
e-mail: lmeyrambekova@mail.ru

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚЫПШАҚ ТОБЫ ТІЛДЕРІНДЕГІ
ЕТІСТІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮБІР НЕГІЗІ**

Мақалада қазақ және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі етістіктер және оның түбір негізі салыстырмалы – тарихи тұрғыдан жалпымүркілік контексте қарастырылады.

Кілтті сөздер: түбір, түбір негізі, жалпымүркілік қабат, мағына, семантика.

КІРІСПЕ

Әр кезеңдерде зерттеушілердің тарапынан қызығушылық тудырып келе жатқан түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілінің қалыптасуы, даму жолдарының өзіндік заңдылықтары, ұлттық дүние танымды қалыптастырудағы белсенді қызметі бүгінгі ғасырлар тоғысында зерттеудің ерекше тәсілдерімен қоса, ұлттық таным мен болмыстың тарихи күретамырын одан әрі зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры қаншалықты бай болса, оның жалпы түркілік негізі де соншалықты шұрайлы деуге болады. Қазақ халқының жеке ұлт болып қалыптасқанға дейін өзге бауырлары-басқа да түркі халықтарымен бірге өсіп, біте қайнасқаны тарихтан белгілі. Сондықтан да қазақ тілінің сөздік қоры жалпымүркілік қабаттан өрістейді. Оның негізі, сөздік құрамы, фонологиялық құрылысы ежелгі түркі тілінен бастау алады (1, 88). Түркі тілдерінде олардың даму үдерісіндегі тарихи кезеңдерін белгілі бір дәрежеде көрсететін көптеген көне элементтер сақталған. Бұл элементтер көнетүркі заманынан бастау алады, оларды сол кезеңдерден бізге жеткен жазба ескерткіштерден кезіктіруге болады. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпымүркілік қабат түбір және тарихи сөздерден тұрады. Олардың ата түркі дәуіріндегі жалпымүркілік ежелгі түрін салыстырмалы-тарихи негізде жаңғырту арқылы байырғы қалпына келтіруге болады [2, 24]. Көнетүркі жазба ескерткіштерінің материалдарымен қазіргі қазақ тілін салыстыра зерттеу арқылы тілімізде сақталған көне сөздердің фонетикалық көне келбетін, құрылысын анықтауға жол аша отырып, семантикалық дамуын анықтай аламыз.

Жалпымүркілік қабатты құрайтын түбірлерді зерттей отырып, қазақ тіліндегі түбір сөздердің қалай өсіп-өрбігенін айқындауға жол ашуға мол

мүмкіндік бар. Түркі түбірі туралы академик Ә. Қайдар былай дейді: «Тюркский корень есть наидревнейшая и историческая реальная единица языка, сохранившая свою суть несмотря на постоянные фоно-морфо-семантические изменения, происходящие в процессе агглюнативного развития строя тюркских языков. Он может структурно совпадать с первообразным словом, если оно не превышает одного слога» [3, 24].

Мақалада қазіргі қыпшақ тілдеріндегі етістіктер мен қазіргі қазақ тіліндегі етістіктер және олардың түбір негіздері салыстырмалы – тарихи тұрғыдан жалпымүркілік контексте қарастырылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Етістік сөз табының ішіндегі мағынаға да, грамматикалық формаға да бай сөз табының бірі болып саналатыны анық. Қазақ тілінің, сондай-ақ басқа да түркі тілдерінің сөз байлығының тең жарымына жуығы етістіктер болуы да мұны дәлелдей түскендей. Сондықтан да түркология ғылымында етістіктердің зерттелуі ерекше орын алады. Түркі тілдерінің ең көне төркіні, оның көне жадігері болып саналатын Орхон-Енисей жазба нұсқаларынан әлдеқайда бұрын пайда болғандығы күмәнсіз. Ал тілдің ерекшеліктерін сипаттайтын сөз таптары, соның ең күрделісі етістік десек, түркі тілдерінің әрбірі, соның ішінде қазіргі қазақ тілінде ұлт тілі дәрежесіне жеткенше дейінгі етістіктердің бойындағы азды – көпті сандық, сапалық өзгерістер болғаны сөзсіз.

Қазақ тілінде грамматикатанушы ғалымдар етістікке қатысты арнайы зерттеулер жүргізіп, монографиялар жариялаған. Етістіктің әрі сөз табы ретінде, әрі мағыналық сипатын қоса талдаған зерттеулерден А. Қалыбаева (Хасенова), Ы. Е. Маманов, А. Ысқақов, Н. Оралбаева еңбектерін ерекше атаған жөн [4, 156].

А. Хасенова «Қазақ тілі грамматикасында» түбір етістік дейтін межеге сыйдыруға келетін сөздерді іс-әрекет, амал, қалып процесінің динамикасын білдіруі жағынан қарастырып, оларды бірнеше лексика-семантикалық топтарға бөлуге болатынын атап көрсетеді.

М. Оразов 1983 жылы «Семантика казахского глагола» тақырыбында жазылған докторлық диссертациясында етістіктің 12 лексика-семантикалық тобын көрсетеді. Ғалым етістіктерді мағыналық топтарға бөлуде сөйлесу етістіктерін семантикалық жағынан бөлгенімен, морфологиялық белгілерін де негізге алып отырған.

Ы. Маманов қазақ тіліндегі етістік формаларын лексика-грамматикалық қызметтеріне қарай, ең алдымен, негізгі етістік және функциялық етістік деп екіге бөліп, одан кейін негізгі етістіктің өзін түбір етістіктер және модификациялы етістіктерге ажыратып, түбір етістіктерге етістіктің

лексикалық амғынасына ие болатын сөздерді, модификациялы етістіктерге белгілі қосымшалар немесе көмекші етістіктер арқылы үстеме грамматикалық мағына білдіретін етістік формаларын жатқызады [5].

Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, қазақ және қыпшақ тобы тілдеріндегі (тат., башқ., ққалп., ноғ., құм., қарайым) етістік түбірдің семантикасында айтарлықтай өзгешелік кездеспейді, ал түбірдің дыбыстық тұлғасы мен қосымшадағы өзгерістер қыпшақ тіліне тән базалық сәйкестіктеріне негізделгені байқалады. Мысалы:

Кесте 1

Көне қыпшақ	қаз.,	тат.,	башқ.,	ққалп.,	ноғ.,	құм.,	қарай
artur – арттыру	арттыр	арттыр	арттыр	арттыр	арттыр	арттыр	арттыр
Сөздің негізгі түбірі арт- , -ур өзгелік етіс жұрнағы. Қазіргі қыпшақ тілдерінің барлығында арт- етістігіне өзгелік етістің -тыр формасы жалғанады							
ағ – ашу	аш	ач	ас	аш	аш	ач	ач
bil – білу	біл	бил	бил	бил	бил	бил	бил
bit – біту	біт	бит	бөт	пит	бит	бит	бит
var – бару	бар	бар	бар	бар	бар	бар	бар
vir – беру	бер	бир	бир	бер	бер	бер	бер
Қазіргі қыпшақ тілдері мен орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштерінің барлығында сөз басында б дыбысы айтылады. Мәмлүктер дәуірінің соңғы жылдарында жазылғандықтан оғыз тілінің әсерінің басымдығы болса керек ескерткіш тілінде оғыз нұсқасы қолданылған. Өйткені қыпшақ және оғыз тілдері арасында б/в сәйкестігі белгілі құбылыс.							
vur – ұру	ұр	ұр	ұр	ур-//ұр	ур-//ұр	ур-//ұр	ур-//ұр
dur – тұру	тұр	тұр	тұр	тур	тур	тур	тур
durğuz – тұрғызу	тұрғыз	тұрғыз	тұрғыз	турғыз	турғыст	турғыз	турғыз
Сөздің негізгі түбірі дур- / К. дур- ;/ -ғуз өзгелік етіс жұрнағы. Көне түркі тілінде -ғур тұлғасында болған бұл аффикстің соңындағы p>z дыбыс алмасуы орта ғасырлық құбылыс.							
dut – тұту, ұстау	тұт	тұт	тұт	тут	тут	тут	тут
duş – тұсу	тұс	тұш	тұш	тус	тус	тұш	тұш
Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштері мен қазіргі қыпшақ тілдерінде « tuş ->» тұлғасында.							
уар – 1. жабу. 2. істеу, жасау, құру	жап	йап	йап	жап	йап	йап	йап
y`e – жеу	же	йе	йе	же	йе	йе	йе
y`u – жуу	жу	йу	йу	жу	йу	жу	йу
y`slä – істеу	істе	ишлә	ишлә	ишлә	ишлә	ишлә	ишлә
Негізгі түбірі иш (ic) + лә - есімдерден етістік тудырушы жұрнақ.							
y`ig – жию	жый	жый	йый	жый	йый	жый	жый

y`iq – жығу, құлату	жық	йық	йық	йық	йық	йық	йық
y`it-, y`at – жету	жет	жит	йит	жет	йет	йет	йет
y`uru – жүру	жур	йөри	йөрө	жур	йур	йүрү	йүрү
käsil – кесілу (сөз кесилди – сөз бітті), (сөз кесілді)	кес	кис	кис	кес	кес	гес	кес
Негізгі түбір кес- (кесу); -ил- ырықсыз етіс жұрнағы.							
ke y` – кию	кий	кий	кий	кий	кий	кий	кий
Қыпшақ тілдері мен басқада түркі тілдеріне танымал етістік. Көне түркі тілінде кед- тұлғасында болған бұл лексема кейінгі дәуірдегі ескерткіштер мен тілдерде кед-//кей-//кий-//зүй- тұлғаларында. Түркі тілдерінің даму тарихында к/г, д//й әдеттегі құбылыстар. Хорезм және Алтын Орда аймағында жазылған ескерткіштерде сөз соңында д//й дыбыстары сәйкес қолданылса, мәмлүк қыпшақтары тіліндегі ескерткіштерде й дыбысының орныққандығын көреміз.							
kip – кіру	кір	кир-//кір	кир-//кір	кир-//кір	кир-//кір	гир	кир-//кір
kit – кету	кет	кит	кит	кет	кет	гет	кет
kiç – өту, жарату	кеш	кич	кис	кеш	кеш	геч	кеч
Көне қыпшақ және қазіргі түркі тілдерінің көбінде кездеседі: кеч-//кич-//кеш-//киш- .							
kör – көру	көр	күр	күр	көр	көр	гөр	көр
kul – күлу	күл	көл	көл	күл	күл	күле	күл
qait – қайту	қайт	қайт	қайт	қайт	қайт	қайт	қайт
Көне және қазіргі қыпшақ тілдерінің барлығында кездеседі. бастапқы түбірі қад- ; -ы/м- өзгелік етіс жұрнағы.							
saç – шашу	шаш	чеч	сес	шаш	шаш	чач	чач
sürüt – сұрту	сұрт	сөрт	һөрт	сұрт	сұрт	сұрт	сұрт
Бастапқы түбір сұр- ; -үм- өзгелік етіс жұрнағы. Көне және қазіргі қыпшақ тілдерінде тегіс кездеседі.							
tam – таму	там	там	там	там	там	там	там
tap – табу	тап	тап	тап	тап	тап	тап	тап
çiq – шығу	шық	чык	сык	шық	шық	чык	чык

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, әрбір тілдің өткен тарихы, қазіргі қалпы және болашағы бар. Тіл материалдарын салыстырғанда оның қазіргі жайын өткен тарихымен байланыстыра қараған жөн. Бұл етістіктердің кейбірі аздаған фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен мағынасы мен негізгі тұлғасы сақталған. Ендігі бір топ сөздер түрлі фонетикалық өзгерістермен бүгінгі күнге дейін жетсе де оларды бірден тани қою мүмкін емес. Оларды тіліміздегі вариантымен немесе басқа да сөздермен, тіптен туысқан тілдер элементтерімен салыстыра отырып анықтауға болады. Ал ендігі бір топ сөздер қазіргі тілімізде яки түркі тілдерінде мүлдем кездеспейді. Олар тарихи даму барысында қолданыстан шығып қалған, әйтседе олардың саны көп емес.

- 1 **Мұрат Сабыр.** Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. – Алматы : Қазақ университеті, 2004. – ISBN 978-601-7254-70-4.
- 2 **Манкеева, Ж. А.** Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы : «Ғылым», 1997. – ISBN 978-601-7206-18-5.
- 3 **Кайдаров, А. Т.** Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата, 1986. – ISBN 9965-17-220-X.
- 4 **Маманов, Ы.** Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы : Мектеп, 1966. – 156 б. – ISBN 5-7090-0146-5.
- 5 **Шәріпжанова, Ғ. Ғ.** «Қазақ тілі морфологиясы жөніндегі ілімдердің қалыптасуы мен дамуы (Ы. Е. Маманов еңбектері негізінде)» 10.02.02 – қазақ тілі Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – ӨЖ 811.512.122'366.
- 6 **Türkçe Sözlük.** Türk Tarihi Kurumu Basım Evi. – Ankara, 1998. – 2523 б.
- 7 **Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.** –Т. 2. – Алматы, 1961. – ISBN 5898000380.
- 8 **Зайончковский, А.** Арабско-кипчакский словарь эпохи государства мамлюков. – Сб. : Сообщение польских ориенталистов. – М., 1961, и др., 1963, 1964, 1965. – I – ISBN 978-601-7476-13-7; II – ISBN 978-601-7476-15-1.
- 9 **Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.** – Алматы, 1966. – ISBN 5615001771.
- 10 **Древнетюркский словарь.** – Л., 1968. – ISBN 5-85759-061-2.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

Л. К. Мейрамбекова

Глагол и его корневая основа в казахском и современных кипчакских языках

Евразийский национальный университет
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

L. K. Meirambekova

Verb and its root base in the Kazakh and a group of modern Kipchak languages

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.
Material received on 29.11.16.

В статье рассматривается глагол и его корневая основа в казахских и современных кипчакских языках с точки зрения сравнительно-исторического анализа в общетюркском контексте.

The article deals with the verb and its root base in the Kazakh and group of modern Kipchak languages in terms of comparative historical analysis in the Common Turkic context.

ӨЖ 81'272

М. Қ. Мәмбетова¹, Ұ. Ұ. Анарбекова²

¹ф.ғ.к., доцент; ²магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.
e-mail: ¹mmanshuk@mail.ru; ²ponti93@mail.ru

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЖАҒДАЯТТЫҢ КӨРІНІСІ

Қазіргі таңдағы Қазақстандағы тілдік жағдаяттың бір көрінісін сауда орталықтарынан байқай аламыз. Себебі, сауда орталықтары халық тұрғындарының жиі кездесетін жері екені белгілі. Қазақстан Республикасының ірі мегаполисі болып табылатын Алматы қаласындағы сауда орталықтарындағы тілдік жағдаят қандай? Ондағы сөйлеу тілі, сөйленіс қалай өрбиде?

Кілтті сөздер: тілдік жағдаят, тілдік саясат, қостілділік, мемлекеттік тіл, ұлттық тіл.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда әрбір мемлекет әлемдік аренада дұрыс саясат ұстануы өте маңызды. Көп жағдайда саясаттың негізгі құралы тіл болып табылады және тіл саясаттың әрекет ету нысандарының бірі болуы себепті саясаттан тыс қалып қоя алмайды.

Қазіргі таңда Қазақстанның әлеуметтік-саяси реалиясы егеменді мемлекет ретінде елдің көпұлтты тұрғындарының қажеттіліктеріне жауап берерліктей және тілдік, демографиялық және саяси жағдаяттарды ескеретін тілдік саясатты талап етеді. Тілдік жағдаят – бұл тілдік білімдердің жиынтығы, яғни белгілі бір саяси-территориялық аймақта немесе мемлекет шекарасындағы әлеуметтік топқа қызмет ететін тілдер

және тілдер түрлерінің (диалекттер, жаргондар, функционалды стилдер мен тілдің өмір сүруінің басқа да түрлерінің) жиынтығы [1, 30]. Тілдік саясат – жаңа тілдік нормаларды қолдануға енгізу үшін тілдік білімнің қызметтік орнығуын өзгерту немесе сақтау үшін мемлекет, топ, партия, ұлт қабылдаған жағдаяттар жиынтығы. Тілдік саясат құрайтын тілдік және лингвистикалық мәселелерді шешу амалдары мен сипаттамасы мәдениет саласындағы саяси және идеологиялық мақсаттағы белгілі бір топтардың, этникалық қоғамның қызығушылықтарымен айқындалады. Тілдік саясаттың әсерлілігі әлеуметтік-саяси, идеологиялық, психологиялық, эстетикалық факторларға тәуелді. [2, 116].

Тілдік идеология және тілдік саясат–ұлттық саясаттың ең маңызды және ұйымдасқан бөлігі. Тілдік реттеу мен әсер ету тілдік дамудың тілдік өзіндік тенденциясын жалпылама есепке алуға тікелей байланысты болғанындай, сонымен қатар тілдің қызметін алдын ала анықтайын әлеуметтік, саяси, мәдени, идеологиялық факторларға да тікелей байланысты екендігі даусыз. Сол себепті, тілдік идеология мен тілдік саясаттың типін айқындау және оның сатыларын, құралдарын, субъект және нысандарын саналы түрде айқындай өте маңызды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан – қазақ халқының ертеден өмір сүріп келе жатқан жері, ұзақ жылдар бойы көптеген көшіп келушілерге рецепиент болып келді, және миграциялық үдерістер оның қазіргі таңдағы этнодемографиялық әлпетіне әсер етті. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы он алты миллион тұрғыны бар, Еуразия континентінің айтарлықтай бөлігін алып жатқан, түрлі генетикалық семьялар мен типологиялық сипаттағы 130-дан аса тілдердің референтті тұтынушылары мекен ететін мемлекет. Олардың ішіндегі ерекше орынға ұзақ жылдар бойы тығыз қатынаста болып келген түркі және славян тілдері ие, бұл тілдер қатынасының нәтижесінде интерференция, тілдік жылжулар, кірме сөздер, жаңа тенденциялар мен олардың дамулары белең алды. «Языки народов Казахстана» («Қазақстан халқының тілдері») сөздігінің авторлары Э. Д. Сулейменова және Н. Ж. Шаймерденова, Д. Х. Аханованың мәліметтері бойынша, қазіргі таңда Қазақстанда тілдердің көптүрлілігі бар және де олардың жүзден астамы қызметтік мақсатта қолданылады.

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында Қазақстандағы тілдік жағдаяты сөз етілгенде, «Қазақстанда тәуелсіздік жылдар барысында ешқандай да ұлт өз тілін жоғалтпағандығы жайлы айтылады. Біз тіпті кіші этникалық ұлт топтарына – ассириялықтар, рутулдар, лактар және т.б. топтарға сыйластықпен қараймыз. Қазақ жері 100-ден аса ұлттарды біріктірді. Әрине, барлық этникалық түрліліктер бірегей ұлт

болуы үшін жақсы цемент қажет. Және бүгінгі таңда ұлттың цементі болып табылатын негізгі фактор қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып табылады» [3].

Қазақстандағы тілдік жағдаят бірінші кезекте унитарлы типтің мемлекеттік құралымен және көпұлттылығымен сипатталатын әлеуметтік-демографиялық құрамымен анықталады. Қазақстан Республикасында мемлекеттегі халық тілдерінің тілдік байлығының дамуына әрдайым ерекше назар аударылған, оның заманауи қоғамның дамуындағы рөлінің маңызы жақсы ескерілді. Бұған дәлел егеменді Қазақстанның алғаш қабылданған заңдарының бірі – «Қазақстан Республикасындағы тілдер жайлы» (11.07.1997ж-дан). Мұнда Қазақстан халықтарының барлық ұлттарының тілдері мемлекеттің ұлттық байлығы, тарихи-мәдени мұрасы деп жарияланды. Қазақстандағы тілдердің дамуы жайлы сұрақтар еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бақылауында екендігі және жыл сайынғы халыққа жолдауында білім беру, мәдениет және тілдер білуге ерекше назар аударып отыратындығы маңызды фактор болып табылады. Президент жолдауында былай делінеді: «Халық ұрпақ тәрбиелеуде, оның денсаулығына, біліміне және әлемді тануына баса назар аударуы арқылы дана болады... Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін тең дәрежеде жақсы меңгеретін болады... Ол елінің патриоты, және бүкіл әлемге сыйлы әрі қадірлі болады» [4].


Заманауи әлемде көптілді мемлекеттер пайда болды, онда тұрғындардың аз бөлігі ғана бір тілде сөйлейді, оның өзі сирек кездесетін жағдай, қоғамның көпшілігі көптілді сипатқа ие. Заманауи Қазақстан солардың бірі. Мемлекетте екі негізгі тіл қатар өмір сүреді – қазақ тілі және орыс тілі, сол себепті тілдердің статусы мен қызметі ерекше мағынаға ие. Орыс тілінің еліміздегі қызметі өзінің арнайы ерекшелікке ие. Қазақстан – бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған мемлекеттердің ішінде орыс тілі жергілікті ана тілін саны жағынан басатын жалғыз мемлекет. Қазақстандағы тілдік жағдаят ана тілді тығырыққа тірейтін тенденцияға ие болды. Қазіргі таңда Қазақстан тұрғындары коммуникативтік жағдайлар мен қажеттіліктерге байланысты екі тілде қарым-қатынасқа түседі. Көп тұрақты қазақ-орыс және орыс-қазақ қостілділігі ғылыми әдебиетте табиғи билингвизм деп сипатталады. Біздің еліміздегі билингвизм – адамдардың сөйленісіндегі екі тілдің пайдаланылуы ғана емес, өмірлік шартталған, тарихи дәстүр барысында қалыптасқан қажеттілік. Қазақстандағы тілдік жағдаят бірінші кезекте қазақ-орыс билингвизмі есебінен (негізгі ұлттардың 75 %-ы орыс тілін меңгерген), екіншіден, орыстілділік (орыстар, белорустар, украиндар, поляктар, немістер, кәрістер, гректер, молдовандар, чуваштар және т.б.), ұлттық-қазақ-орыс қостілділік (өзбектер, ұйғырлар, түріктер, күрдтер, әзірбайжандар, тәжіктер, шешендер, қырғыздар, татарлар, дұңғандар, башқұрлар және т.б.) құрылады. Айта кетерлік жағдай, осы көптілді түрлі

ұлттар арасында пайыздық көрсеткіште, өзбектер мен тәжіктерді қоспағанда орыс тілі басымдылыққа ие болып тұр [6].

Қазіргі таңдағы Қазақстандағы тілдік жағдаяттың бір көрінісін сауда орталықтарынан байқай аламыз. Себебі, сауда орталықтары халық тұрғындарының жиі кездесетін жері екені белгілі. Қазақстан Республикасының ірі мегаполисі болып табылатын Алматы қаласындағы сауда орталықтарындағы тілдік жағдаят қандай? Ондағы сөйлеу тілі, сөйленіс қалай өрбиде? Қазақстандағы қостілділіктер пиджинделуге әкеп соқтырмай ма? Әр тіл өз тазалығын сақтауда ма?

Сауда орталықтарындағы сөйлеу тілі лингвистикалық мәселелердің бірі, себебі қалалық сауда орталықтарының тілдік өмірі қаланың тілдік өмірінің үлкен бір бөлігі. Ал қаланың тілдік өмірі ерекше лингвистикалық феномен болып табылады. Қазіргі қалалық сауда орталықтарындағы сөйлеу тілі – адамдар әлеміне, оның мәдениеті мен дәстүріне, тұрмыс-тіршілігіне толығымен ықпал етіп отыр. Бәрінен бұрын адамның жалпы мәдениетінің негізгі компоненті болып табылатын сөйлеу мәдениеті өте өзекті мәселе болып табылады. Кез келген сауда орталық қоғамы өзінің сыртқы бейнесі, сәлемдесу, тілдесу этикетімен ерекшеленеді. Сауда орталықтарында жүзеге асырылатын қостілділіктің даму сатыларының ерекшеліктерін бақылау арқылы тілдік жағдаятты, қостілділіктің өрістеуін байқау, оның дамуына себеп болатын факторларды айқындау соның негізінде сауда орталықтарындағы сөйлеу тілінің әлеуметтік-лингвистикалық табиғатын анықтауды қажет етеді.

Қазіргі қалалық сөйлеу тілі, сөйленіс пен қалалық полиэтникалық құрамға әсер етсе, екінші жағынан, қоғамдағы жаңа тенденциялардың алғашқы тұлғалық нығаюы, ресмиліктің әлсіздігі, либералдылық, яғни сөйлеу тіліне бақылау жасай алмау секілді өлшемдерді көрсетеді. Еліміздің ірі мегаполистерінің бірі болып табылатын Алматы қаласының сауда орталықтары қала халқы көп жиналып тұратын орны десек болады. Сол себепті қалалық сауда орталықтарда жүріп мұнда келуші халықтың сөйлеу тілін өздерінің хабарынсыз магниттік ұнтаспаға бастық. 2014 жылдың желтоқсан айы мен 2015 жылдың қаңтар, ақпан айларында жүргізілген бақылаудың нәтижесінде уақыт шамасы бір жарым сағат болатын 31 баян жазба басылды. Бақыланған сауда орталықтары қатарына Алматы қалалық Рамстор, Мега ойын-сауық орталығы, Cotton, Student және Қарқара сауда орталықтары кірді.



Сурет 1 – Сауда орталықтарында жиі кездесетін олқылықтар

Қалалық сауда орталықтарындағы әлеуметтік топтарға тән сөйлеу тіліне мысалдар: «Обычно қымбат еді ғой мұнда», «Чета мужскойлар қымбат боп кетіпті ғой», «Қазір кигенге жақсы екен матасы да нормально екен», «Күшті осындай обманка. I like обманкас», «Бағасы вроде нормальный», «Размері қанша оның? Или осыны алып көресің ба?», «Может мыналар размерін тауып бере алмай ма?», «Үстіне осы сияқты светлый рубашкамен киюге болады». Бұл сөйлемдер жасы 20-25 жас аралығындағы, ұлты қазақ екі қыз баланың диалогынан алынған. Байқағанымыз, бірінші сөйлемде айтылып отырған сауда орталығында сатылатын заттардың бағалары әдетте қымбат болатындығын орыс тілінің «обычно» сөзімен жеткізді. Және де сөйлемін пысықтауышпен аяқтады. Әрмен қарай да орыс тіліндегі «чета», «нормально», «мужской-лар», «вроде», «нормальный», «обманка», «или», «размер», «может», «светлый», «рубашка» деген сөздерін араластырып айтылды. Ал «Күшті осындай обманка. I like обманкас» сөйлемінде «обманка» сөзін орыс тілінде айтпақ түгілі, ағылшын тілінің грамматикалық құрылымына сәйкес және ол сөйлемге де орыс тілінің сөзіне ағылшын тілінің жалғауын қосып айтылды. Келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, Алматы қаласындағы сауда орталықтарындағы әлеуметтік топтардың тілдері айтарлықтай шұбарланғандығын байқаймыз.

Сауда орталықтарындағы әлеуметтік топтардың сөйлеу тілдеріндегі кездескен синтаксистік интерференцияға мысалдар:

- «Жиырма бір бар ма?» – Жиырма бір жасқа толғансың ба?
 – «Создавать еткенде, өзі жасамады ғой, басқарады да» – Негізін қалағанда, ол өзі жасамаған, тек басқарады.
 – «Ұзын куртқалар бар екен ғой мынақта» – Мына жақта ұзын көртешелер бар екен.
 – «Рубашкілер осындай кигім келед бірақ ұнамайды» – Осындай жейделер кигім келеді, бірақ маған ұнамайды.
 – «Цеснаны көргем болд мен» – Мен тек цесна банкті көргенмін.
 – Мынандай материал ұнайды маған» – Маған мынандай материал ұнайды.

Бұл келтірілген мысалдарда, сөйлемдер синтаксистік интерференцияға ұшыраған, яғни сөйлемдердің құрылу формасы екінші тілдің синтаксистік құрылымына сәйкес құрылған. Біз сөйлемдердің дұрыс деген нұсқамызбен қоса жаздық. Жоғарыда келтірілген мысалдар Алматы қалалық Мега ойын-сауық және сауда орталығында басылған баяндардан алынды. Енді Student ұялы байланыс телефондар сатылатын сауда орталығында басылған диалогқа мән беріп қарасақ:

Сатушы: *Спрашивайте что хотели. Цензорный, кнопочный?*

Сатып алушы: *Iphone-дар бар ма өзі?*

Сатушы: *Бар.*

Сатып алушы: *Қанишадан?*

Сатушы: *5-ыйлар 55 тысяча 5-ый S-тер 75 тысяча 4 S 35-36 тысяча тенге.*

Сатып алушы: *Даа?! 5-ый S белый қаниша?*

Сатушы: *Так белые стоит 82-80 тысяча. Они дороже чем черные. Просто их мало нам привозят только из за этого, а так черные воце классно смотрятся.*

Сатып алушы: *Ал 4 ол 35 да? Неге сонша арзан?*

Сатушы: *правильно же қаз даже 6-ой шығып кетті ғой.*

Сатушы 30-35 жас аралығындағы, ұлты қазақ әйел адам. Сатып алушы 20-25 жас аралығындағы, ұлты қазақ қыз бала. Байқағанымыздың, диалог басынан бастап сатушы тек орыс тілінде қатынасқа түсті. Сатып алушы қазақ тілінде сөйлеп бастағанымен, әрмен қарай орыс тілдегі сөздерді араластыра сөйледі. Бақылау барысында сауда орталықтарында мұндай жағдайлар көптеп кездесіп жатты. Сатушы әрдайым орыс тілінде сөйлейді. Себебі, жоғарыда айтып өткенімдей елімізде орыс тілін түсінбейтін қазақ жоқтың қасы. Әрбір қазақ орыс тілінде қажетті заттарын алуға шамалары келеді. Ал орыс ұлтының өкілдерінің көбі қазақ тілін меңгермеген. Сол себепті сатушылар кез келген тұтынушыға орыс тілінде сөйлесе керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе айтарымыз, егеменді еліміздің мемлекеттің тілі – қазақ тілінің қазіргі таңдағы қолданыстағы дәрежесі соңғы бірнеше жылдар бойы қозғалып келе жатқан негізгі мәселелердің бірі. Алматы қалалық сауда орталықтарында жүріп, сондағы әлеуметтік топтардың сөйлеу тілдерін магниттік ұнтаспаға басып, басылған материалдарды қағазға түсіріп, оларға лексика-грамматикалық тұрғыдан талдау жасап, әлеуметтік топтарды жас ерекшеліктеріне, жынысына, мүмкіндігінше кәсіптеріне қарай жіктеп, статистикалық санағы шығарылды.

Әлеуметтік топтардың сөйлеуінде көптеп кездескен интерференция және интеркаляция құбылыстарын айқындап көрсетіп, оларға ерекше назар аударылды.

Қалалық сауда орталықтарындағы әлеуметтік топтардың тіл мәдениеті, тілдік жағдаяты және онда кездесетін қостілділік, үштілділік құбылыстары, олардың көріністері Қазақстанда орыс тілі әлі де өз маңызын жоғалтқан жоқ және жоғалтпақ емес екендігін растайды. Әрине 24 жастан енді ғана асып келе жатқан еліміз үшін орыс тілі де, ағылшын тілі де өте маңызды. Және егеменді еліміздің тәуелсіз ұрпақтары халықаралық тілдері меңгеріп, елімізде көркейтуге үлес қосары анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Мечковская, Н. Б.** Социальная лингвистика // Пособие для студентов гуманитарных вузов. 2-е изд., испр. – М. : Аспект Пресс, 2000. – С. 207.

2 **Швейцер, А. Д., Никольский, Л. Б.** Введение в социолингвистику. – М., 1978. – С. 215.

3 **Назарбаев, Н. А.** Послание Президента РК // Стратегия «Казахстан-2050».

4 **Назарбаев, Н. А.** Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана от 27.01.2012 г. // [электронный ресурс]. – www.akorda.kz/...president...kazakhstan/poslanie_prezidenta (дата обращения 27.01.2012).

5 **Назарбаев, Н. А.** Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда, 2012. – С. 218-219.

6 **Алтынбекова, О. Б.** Этноязыковые процессы в Казахстане. – Алматы : Экономика, 2006. – С. 416.

М. Қ. Мәмбетова, Ұ. Ұ. Анарбекова

Отражение языковой ситуации в торговых центрах города Алматы
Казахский национальный университет
имени аль-Фараби, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

M. K. Mambetova, U. U. Anarbekova

Reflection of the language situation in the trade centers of Almaty
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.
Material received on 29.11.16.

Казахстан является многонациональной страной и в городе Алматы проживают представители около 100 наций. И все они являются посетителями торговых центров. В этой статье мы рассматривали языковую ситуацию в торговых центрах города Алматы. Изучение двуязычия в торговой сфере и социолингвистический мониторинг его функционирования позволяют нам отметить, что в данной сфере широко распространены различные типы двуязычия.

Kazakhstan is a multinational country and Almaty city is inhabited by about 100 nations. Approximately all of them are visitors of trade centers. In this article, we examined the language situation in the malls in Almaty. The study of bilingualism in trade centers with sociolinguistic monitoring and its functioning allow us to note that in this area different types of bilingualism are widely spread.

А. Т. Оналбаева¹, Қ. Т. Жанұзақова²

¹д.ф.н., и.о.профессора; ²д.ф.н., и.о.профессора, Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы
e-mail: ¹a.onalbaeva@mail.ru

ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ НЕВЕРБАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ КАК ОТРАЖЕНИЕ ГЛУБИННЫХ КОНСТАНТ НАЦИОНАЛЬНОГО МЕНТАЛИТЕТА

Работа посвящена исследованию невербальных средств общения. Невербальное общение, подобно вербальному, тесно связано с социальной стратификацией общества, поскольку невербальные знаки (жест, мимика, поза, организация пространства и т.д.) используются коммуникантами в соответствии с рядом параметров акта коммуникации, среди которых следует выделить: характер коммуникативной ситуации, сферу общения, вид речевого акта, возраст, гендерную характеристику, культурный контекст, место и регион проживания.

Ключевые слова: невербальная семиотика, социальная страта, национальный менталитет, сфера общения, социокультурная стратификация

ВВЕДЕНИЕ

Термин «социальная стратификация» обозначает:

- 1) иерархически организованную структуру социального неравенства, существующую в любом обществе;
- 2) процесс, в ходе которого группы людей иерархически выстраиваются соответственно некоторой шкале неравенства, представляет собой определенную дифференциацию социальных статусов и ролей.

Социальная страта – ранговый слой в рамках иерархической системы социальной стратификации, социальных статусных позиций и ролей [1].

Существует три классических направления стратификационных теорий – марксизм, функционализм и веберизм.

Марксизм сводит проблему социальной стратификации к различиям между классами, в основе которых лежат экономические факторы, прежде всего, отношения собственности.

Функционалистские теории связывают социальную стратификацию с профессиональным разделением труда, с необходимостью мотивации индивидов для заполнения важных профессиональных позиций. Неравное вознаграждение, включая доход и статус, считается необходимым механизмом, с помощью которого общество гарантирует, что наиболее важные для общества места займут наиболее квалифицированные люди. Поэтому система социального неравенства рассматривается как объективно необходимая в любом обществе, причем подчеркивается не конфликтное, а интегрирующее значение социальной стратификации для общества.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Альтернативная и марксизму, и функционализму модель социальной стратификации, получившая широкое распространение с 70-х годов, носит название *веберовской*, поскольку основывается на идеях М. Вебера. Вебер предложил плюралистический подход к анализу социальной стратификации. По М. Веберу, возможно множество относительно самостоятельных иерархических структур, не сводимых к классовой или профессиональной структуре.

М. Вебер выделяет три таких структуры – экономическую, социокультурную и политическую.

В современной социологии стратификационный анализ становится еще более многомерным. В нем учитываются и такие факторы, как *гендер, возраст, этнос* и т.д., связанное с которыми неравенство не сводимо к другим типам социального неравенства, к примеру – классовому [1].

Фактор социальной иерархии отчетливо проявляется в этикетных невербальных средствах *приветствия – прощания*. Так, в русской культуре XVI-XVII вв. существовало несколько видов поклона. В качестве иллюстрации приведем текст из исторического романа А. Н. Толстого «Петр Первый»:

«– А, Миша, здорово, – проговорил Степка Одоевский, стоя в дверях. Подошел к нему, поклонился – *пальцами до ковра*. Степка в ответ *кивнул*. Все же, не как холопу, а как дворянскому сыну *подал влажную руку – пожать*. – Садись, будь гостем».

И далее, после разговора, в котором богатый Степан долго поучает бедного Михайлу уму – разуму и, наконец, соглашается ему помочь, звучит напутствие:

«– ... смел не по чину, не по месту, не по роду. В другой раз в сенях меня жди ... И *кланяться* должен мне *не большим поклоном, а в ноги*.

У Михайлы затрепетали ноздри, – все же сломил себя, униженно стал благодарить за науку».

В данном отрывке отражены несколько видов русских приветственных кинем: кинема *рукопожатие* используется между равными по социальному статусу коммуникантами, кинема *поклон пальцами до земли* (большой поклон) используется, когда один из коммуникантов находится на более высокой ступени социальной иерархической лестницы по сравнению с другим коммуникантом.

Кинема *поклон в ноги* используется между хозяином и слугой. Отраженное в отрывке изменение используемых кинем иллюстрирует изменение взаимоотношения между коммуникантами: Михайла приветствует своего бывшего по детским забавам друга поклоном пальцами до земли, выражая тем самым свое почтительное отношение к его нынешнему социальному статусу. Степан использует рукопожатие в знак памяти о прошлых отношениях с Михайлой. Однако по мере того, как Михайла начинает жаловаться на свое тяжелое материальное положение, на безработицу и т.д., у Степана формируется иное отношение к Михайле, который предстает как человек инертный, рохля, не умеющий ни умом, ни психологически создать себе достойную жизнь. Степан в конце беседы указывает Михайле через рекомендуемую к использованию кинему (кланяться в ноги) на его истинное место в социальной иерархии.

Поклон как форма традиционного русского этикетного жеста приветствия описывается Г. Е. Крейдлиным в его монографии «Мужчины и женщины в невербальной коммуникации» [2], где он выделяет несколько видов поклона: *большой земной поклон* (им приветствовали духовное лицо, богатого односельчанина не только мужчины, но и женщины), *поясной поклон* (так жена кланялась мужу, женщины кланялись мужчинам, а те могли вообще на этот поклон не отвечать). Земной поклон был очень популярен на Руси еще несколько веков назад, существовали две разновидности земного поклона.

Земной поклон 1. Для исполнения этого поклона жестикулирующий из исходного вертикального положения становится на колени, иногда очень быстро, как бы не раздумывая, при этом руками и лбом касаясь пола. Какое-то время человек пребывает в такой позе, затем встает в исходное положение. *Земной поклон 1* обычно сопровождался еще одним жестом – *целованием* пола, земли, одежды или обуви стоящего или сидящего адресата, имеющего значительно более высокий статус, чем у жестикулирующего. Общее время исполнения этого *поклона* относительно большое: жестикулирующий, не поднимая головы, довольно долго находится на полу или на земле на коленях – нередко до тех пор, пока более высокий по статусу адресат не прикажет ему встать или не наклонится, чтобы помочь жестикулирующему подняться.

Земной поклон 2. Эта жестовая единица имеет также названия поклон до земли (или в ноги), низкий-пренизкий, глубокий, глубочайший поклон;

поклониться низко (глубоко, до земли, до самой земли, земно). Форма данной разновидности *земного поклона* выглядит иначе, чем первая. Исходное положение тела тоже вертикальное, как и в случае *земного поклона 1*, но затем человек наклоняется глубоко вперед, сгибаясь под углом чуть ли не 180°, т.е., наклоняется до земли. *Земной поклон 2* отличается от *земного поклона 1* еще и тем, что обычно сопровождается другим, нежели *земной поклон 1*, жестом-не *целованием*, а *касанием пальцами правой руки пола или земли*.

В настоящее время оба варианта *земного поклона* почти вышли из бытового употребления, но довольно широко встречаются в религиозном контексте, а также употребляются при искусственном воссоздании или игровой имитации каких-либо ритуалов.

Поясной поклон (жест, называемый также поклон в пояс или поклониться в пояс/поясно) по форме представляет собой наклон головы и верхней части туловища под углом от 90° до 180°. *Поясной поклон* является жестом с относительно большой амплитудой: такие жесты получили в кинесике название широких. *Поясной поклон* тоже сегодня не используется в повседневной бытовой

Сравнение кинем русской и казахской коммуникативной культур позволяет выявить ряд схожих жестов, однако полная адекватность наблюдается лишь в сфере интернациональных жестов: кинема *большой палец вытянутой руки направлен вверх* (знак высокой оценки, одобрения), кинема *показать кукиши* (знак категорического отказа), нахмуриться (знак недовольства), *рукопожатие* (мужской приветственный жест), *мортищаться* (выражение недовольства), *пожимать плечами* (знак недоумения, растерянности), *приложить палец к губам* (призыв к молчанию).

М. М. Копыленко, характеризуя взаимодействие этнолингвистики со смежными дисциплинами, в частности, с паралингвистикой, отмечает: «Люди, не владеющие общим вербальным языком, более или менее успешно понимают друг друга, обращаясь к языку жестов и мимики. Из этого нередко заключают, что «паралингвистические средства универсальны и присущи всем языкам» [3]. В настоящее время среди исследователей невербальных средств общения единодушно мнение о высокой степени национально-культурной маркированности указанных единиц, о чем будет идти речь далее.

В словарях русских [4] и казахских кинем [5], в кратком словаре «Знаки прошлого и настоящего» [6] отмечен ряд кинем, в семантике либо в форме исполнения которых наблюдаются различия. Так, семантика одобрения, поддержки, соучастия, родственно-дружеского отношения в казахской культуре выражается кинемой *арқа қағу*, в русской культуре – кинемой *похлопывать по плечу*. Формальное различие приведенных кинем предопределено различиями в ассоциативных связях соматизмов в

казахской и русской культурах. Соматизм плечо / плечи в языковом сознании носителей русского языка ассоциируется как часть тела, несущая основное бремя жизненных забот, отсюда сочетания *взвалить на плечи*, *переложить на чьи-либо плечи* (обязанности, дополнительные трудности, хлопоты или основные заботы), *на плечах чьих-либо находиться, быть* (обеспечивать выполнение долга, обязанностей), *на плечах чьих-либо лежать* (являться предметом чьих-либо забот), *с плеч сбросить* (избавиться от чего-либо тягостного, обременительного), *на своих плечах вынести, вывезти* (ощутить на себе всю тяжесть чего-либо работу, дело, обязанности).

Например: «Все заботы о семье *лежали на плечах* Гаврина».

(В. Катаев. Электрическая машина. 16 с.).

Желая приободрить человека, находящегося в затруднительном положении, коммуникант тактильным жестом как бы берет на себя часть его забот.

В казахской культуре в языковом сознании казахов *арқа* (спина) выступает как часть тела, на которую падает основная тяжесть физического труда, бытовых забот, моральных переживаний. Это нашло отражение в серии словосочетаний: *арқасына жүк артты* (взвалить какие-либо обязанности, обязать выполнить какое-либо дело), *арқасынан жүк түсті* (освободился от каких-либо дел, обязанностей, забот), *арқасын тосты* (готов к трудностям, лишениям), *арқасы сүйеу болды* (оказал помощь кому-либо, был опорой для кого-либо) и др.

Кинема *потирать руки* в русской культуре выражает предвкушение удовольствия, удовлетворение.

«[Чичиков] перед шкатулкой потер руки с таким же удовольствием, как потирает их выехавший на следствие неподкупный земский суд».

(Н. Гоголь. Мертвые души. 56 с.).

В казахской культуре данный жест не используется. Приблизженный к нему казахский жест *қолға түкіру* используется как знак активного приступа к конкретному физическому делу.

Кинема *рвать на себе волосы* как выражение скорби либо большой досады в русской культуре используется и мужчинами, и женщинами, тогда как в казахской культуре данная кинема характеризует только женский тип коммуникации и связан с конкретной коммуникативной ситуацией – кончина близкого человека. Сравнить:

«Вода между тем в судне умножалась ... Человек ... *рвал на себе волосы*, кусал персты, проклинал час своего выезда».

(А. Радищев. Путешествие из Петербурга в Москву).

Как отмечено в кратком словаре «Знаки прошлого и настоящего» [6] к античности восходит женская кинема *распущенные волосы*. Судя по

иллюстрациям (Н. Гнедич, П. Катенин, А. Майков), данная кинема архаичная, в современной русской культуре кинема *распускать волосы* в знак скорби и душевной боли не используется. В казахской культуре кинема *шашын жаю* (распускать волосы) является частью кинемы *бет тырнап, шаш жаю*, которая используется женщинами в коммуникативной ситуации кончины близкого человека.

Данная кинема функционирует в среде казахов и в настоящее время, при этом она может использоваться и в ситуации, когда человек чувствует себя в высшей степени оскорбленным, униженным, в состоянии сильного гнева. В следующем отрывке после перепалки между старухой и молодым юношей 16-17 лет старуха решает осрамить его перед всеми соседями и прибегает к данной кинеме:

Кинема *плюнуть, түкіру* имеется и в русской, и в казахской культурах, однако различие между ними наблюдается в характере коммуникативных ситуаций и в функциях, выполняемых данной кинемой в разных культурах. Так, в русской культуре кинема *плюнуть / плевать* используется как выражение большого отвращения, презрения.

«Женя как взвизгнет да всплеснет руками. Плюнула на картину, говорит: «Срамник ты, срамник этакой, Иван Семеныч!».

(А. Мельников-Печерский. Именинный пирог).

Кинема может быть использована по отношению к предмету, явлению, человеку и т.д.

В казахской культуре кинема конкретизирована *бетке түкіру* (букв. плюнуть в лицо) и используется как наказание. Известный этнограф С. Кенжахметулы в своей энциклопедии «Быт и культура казахского народа» пишет: «Бетке түкіру – маскаралау, қорлау түрі. Әдепсіз, тәртіпсіз немесе ұят басқан адамдардың бетіне түкіріп жазалайтын әдет бар» (букв. Плюнуть в лицо – вид наказания, есть обычай наказывать подобным образом людей, провинившихся перед обществом) [7; с. 179]. Эту кинему можно увидеть в фильме «Кыз-Жібек», когда все женщины аула, проходя мимо Бекежана, убившего Толегена, плюют ему в лицо.

ВЫВОДЫ

Национально-специфическими, характеризующими русскую коммуникативную культуру кинемами, не имеющими аналогов в казахской культуре и именно в силу лакунарности в казахской культуре обладающие потенциалом к заимствованию, особенно в среде русскоязычных казахов, являются следующие жесты: *покрутить пальцем у виска* (намек на чье-либо сумасшествие), *черкнуть себя пальцем по горлу* (знак сытости субъекта). В казахской культуре для выражения состояния сытости субъекта

используются следующие кинемы: *кесенің бетін алақанымен жабу* (букв. прикрыть ладонью пиалу), *дастарханның шетін қайыру* (отвернуть край скатерти), *дастарханнан ығысыңқырау* (отодвинуться от стола).

Итак, кинемы каждой национальной культуры характеризуются ярко выраженной самобытностью, полная эквивалентность кинем нескольких культур – явление редкое и наблюдаемое лишь в сфере заимствованных, интернациональных кинем и среди части эмотивных кинем. Большинство кинем различаются: физико-моторными особенностями исполнения, гендерными характеристиками коммуникантов, которые могут использовать эти кинемы, семантикой кинем, характером коммуникативной ситуации, в рамках которой кинема используется. Крайне важным предстает и исторический контекст. Разные эпохи характеризуются разным набором невербальных средств общения.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Словарь терминов социология // www.ref.by/slovari/soz/60.html
- 2 **Крейдлин, Г. Е.** Мужчины и женщины в невербальной коммуникации. – М. : Языки славянской культуры, 2005 – 228 с.
- 3 **Копыленко, М. М.** Основы этнолингвистики. – Алматы : Евразия, 1995. – 178 с.
- 4 **Григорьев, С. А., Григорьев, Н. В., Крейдлин, Г. Е.** Словарь языка русских жестов. – Москва : – Вена : Языки русской культуры, 2001. – 256 с.
- 5 **Момынова, Б., Бейсембаева, С.** Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2003. – 136 б.
- 6 **Романова, Н. Н., Филиппов, А. В., Панькин, В. М.** Знаки прошлого и настоящего. Краткий словарь. – М. : Финта – Наука, 2007. – 173 с.
- 7 **Кенжахметулы, С.** Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы : Алматы кітап, 2006. – 381 с.
- 8 **Оналбаева, А. Т.** Стратификация невербального общения в социокультурном контексте: дисс. ... докт. филол. наук: 10.02.19. – Кокшетау, 2010. – 258 с.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

Бейвербалды қарым-қатынастың тарихи-мәдени контекстінің ұлттық менталитеттің тұрақты мәндерін бейнелеуі

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. Материал 29.11.16 баспаға түсті.

A. T. Onalbayeva, K. T. Zhanuzakova

Historical and cultural context of non-verbal communication as a reflection of underlying constants of national mentality

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 29.11.16.

Мақала бейвербалды амалдардың ұлттық ерекшеліктерін зерттеу мәселесіне арналған. Бейвербалды қарым-қатынастың тарихи-мәдени контексті ұлттық менталитеттің тұрақты мәндерін бейнелеу қызметімен сабақтастықта қарастырылады. Сонымен қатар еңбекте бейвербалды қатынастың проксемикалық мәніне аса назар аударылып, олардың құрылымы мен тілде атқаратын қызметі зерттеледі. Зерттеуде ресми және бейресми қарым-қатынаста қолданылған бейвербалды амалдардың ұлттық мәні нақты мысалдар негізінде сипатталады.

The work is dedicated to the study of non-verbal communication. Non-verbal communication, like verbal, is closely linked to the social stratification of society, as non-verbal signs (gestures, facial expressions, posture, organization of space, etc.) are used by communicants in accordance with a number of the communication acts, parameters among which should be highlighted: the nature of the communicative situation, the scope of communication, the type of speech act, the age, gender characteristics, the cultural context, the place and region of residence.

Б. С. Самеева¹, Г. Ш. Мизанбаева², Б. О. Рахымбаева³

¹филология магистрі; ²аға оқытушы; ³филология магистрі,

Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

e-mail: ²gulbeibit_23@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚҰПИЯ ТҮСІНІС ТӘСІЛДЕРІНІҢ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР, ТАҢБА, ЖАРГОН АРҚЫЛЫ БЕРІЛУІ

Мақалада қоғам мүшелерінің кейбірі арасында болып жататын құпия түсініс үдерісі (процесі) көбіне тек жеке адамдарға ғана қатысты жай құбылыс болуымен бірге кей тұстарда мемлекеттік те сипаты бар проблема екенін ескере келе, бұл амалдар шағын топ арасында жалпыхалықтық қолданыстағы мағынасынан басқа мағынада жұмсалып, өзгеден өзінікін құпиялау, жасыру үшін қолданылатыны нақты тілдік деректер негізінде дәлелденді. Автор тілдегі бейвербалды амалдар, еже тіл, таңба мәселелерін арнайы қарастырған тілтанушы-ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, өз тұжырымын берген.

Кілтті сөздер: құпия түсініс, бейвербалды амалдар, таңба, еже тіл, жаргон, топ мүшелері, сөйлеу әрекеті, ақпарат.

КІРІСПЕ

Ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қай халықтың да күнделікті өмір-тұрмысында жекелеген адамдардың не өзіндік әр түрлі ерекшелігі бар шағын топ мүшелерінің арасында жалпыдан құпиялап, тек өзара ғана пікір алысуында ертеден-ақ пайдаланған шартты сан алуан амал-тәсілдері болып отырғаны – тарихи шындық. Бұлай болуы заңды да, себебі құпиялық құрылысы табиғаттың да адам өмірінің де өзіндік бір маңызды тілі екені сөзсіз. Сондықтан да біз табиғат тылсымдарының, адамның жан дүниесі сырының жұмбақтарын философияның осы құпиялық категориясында қарастырылатындай көреміз. Демек, қоғам мүшелерінің кейбірі арасында болып жататын құпия түсініс үдерісі (процесі) көбіне тек жеке адамдарға ғана қатысты жай құбылыс болуымен бірге кей тұстарда мемлекеттік те сипаты бар мәселе болып есептеледі.

Қазақ тіліндегі құпия түсініс сан түрлі амалдармен беріледі. Себебі адамдар өз араларындағы құпия, жасырын әрекеттерін дыбыстық тіл

арқылы ғана жеткізіп қоймайды, кей жағдайларда түрлі таңбалар мен ишараттар арқылы да түсініседі. Яғни, сөйлеу актісіне мимика мен түрлі таңбалар қатысады. Мысалы: 1. – *Анаспақар, сенін мепініні кепешіпір. Мепін сенініні жапықсыны көпере түпұрсапам да сенінінің шепешепеңінінің апайтқапан сөпөздеперіні жүнүрпегінімдіні тінілінін өпеткепенденпей бополдыты.* Бұл туралы «Қазақ тілі энциклопедиясында» еже тіл «қазақ жұртының өзара құпияласып сөйлейтін сөзі, жастар жаргонының бір түрі» деген анықтама беріліп, «*Секін мақығақын кекіл (Сен маған кел)*» деген мысал келтірілген. Яғни, бұл сөйлемдегі әрбір сөзді буынға бөліп, сол бөлінген буынның алдына сынама *-кі, -қы, -кы, -кі* буындарын қосып, жалпыға түсініксіздік туғызып тұр [1]. Бұл тәсілді қолданушылар арасында қатынас құралы қызметін атқарып, жай ғана қызық үшін қолданылмағанын күнделікті тұрмыстан да байқауға болады, яғни, өзгеден жасырмақ болған хабарын жеткізу мақсатында қолданады. Зерттеу барысында мұндай амалдар басқа да тілдерде кездесетіндігін байқадық. Мәселен, орыстың тілші-ғалымдары құпия түсіністің осы түріне байланысты: «От остальных условных языков отличается наличием только общеиспользуемых слов. Особенно часто использовался способ, когда слова расчленялись на слога, к которым добавлялся одинаковый маскировочный элемент, например: *-фер (вофердафер — вода)* [2]. Демек, қай тілде болсын сөз құрамындағы буындар арасына өздерінің қалауына сай, яғни, жоғарыда келтіргендерден басқа да буындарды қосып сөйлеу арқылы құпия хабарларын жеткізіп отырады. Осы тұста этнограф Е. Р. Романовтың: «Большинство понятий выражались общеупотребляемыми белорусскими словами, затемненными специфическими вставками, приставками: *ку-*» [3], – деген пікірі еже тілдің құпиялылығын нақтылай түседі. Осыған ұқсас пікірді басқа да зерттеушілердің еңбектерінен кездестірдік: «Самый общеупотребительный и самый относительно старинный язык этого рода есть так называемый разговор по херам, когда слог *хер* или какой другой, что все равно, вставляется между каждым слогом произносимого слова, причем к началу, а иногда и к окончанию слова также приставляется избранный слог» [4, 234], – деп ертеректе дыбыс арасына буын қосып пікірлесу болғанын пайымдайды.

Демек, еже тіл – ерте кездегі қазақ жұртының өзара құпия түсініс үшін пайдаланған сөз қолданысы, жастар жаргонының бір түрі. Бұл тәсіл бойынша екі жақтың сөзін бөгде адам түсінбеуі үшін сөз ішіндегі буын аралығына қосымша дыбыстар сыналанып айтылады. Олар тілдесуші жастарға белгілі код болуға тиіс. Код кілтін таба алмаған адресат үшін бұл қатынас құралы бола алмайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ерте кездегі жастардың осындай сөз қолданысын қазақ әдебиетінің классигі Ғ.Мүсіреповтің өткен ғасырдағы қазақ даласындағы әлеуметтік тартыстарды суреттейтін «Оянған өлке» романындағы Назыкеш пен Сейіт сияқты жастардың құпияласып тілдесуінен айқын байқауға болады.

Нафа-зыфы-кефеи, мефен сефенінің тіфі-ліфі-діфі-дефе афа-лафа-сафаң кефе-лефе-жафат-қафанқұфыл-қыфын сафа-сыфы-рыфы-ныфы-қыфы мыфыз-біфіт-тіфі дефен қафай-тафар-шыфы, — дейді Сейіт.

Өфе-тіфі-ріфік афайт дефей-сіфіз бефе! — дейді Назыкеш.

Өфе-тіфі-ріфік ефе-мефес афал-дафай сафал.

Афал-дафау мефен өфе-тіфі-ріфік ефе-гіфіз-дефе-мефей-тіфін-бефе ефе-діфі.

Офо-сыфы-ныфың сафа-гафан қофа-жафайыфынсыфы-гафа-ныфы-нафа жыфы-ныфым кефе-лефе-діфі!

Қыфы-мыфыз нефе-гефе жыфы-лыфып кефет-кефен. Сафа-ныфыр-сафаң-шыфы дефе-гефен дафа сыфын ефес-тіфі-гефін-дефе-гефен-дефе қафай-да қафа-шафа-рыфым-дыфы біфі-лефе афал мафай кефе тефем.

Сейіт пен Назыкештің әрбір әріп пен буын арасына *-фа, -фе* сияқты бір буын қосып жат-жаладан нені жасырғанына көңіл аударайық:

Назыкеш, мен сенің тіліңді ала жүрсін десең, мына келе жатқан құлқын сарыны қымыз бітті деп қайтарышы... — деген ғана сөзі еді.

Өтірік айт дейсіз бе?

Өтірік емес. Алдай сал, — дейді Сейіт қалжыңдап.

Алдау мен өтірік егіз дейтін бе еді? — деді Назыкеш.

Оның саған қожайынсығанына жыным келеді.

Қымыз неге жылып кеткен?

Қорқып кетесіз бе?

Жоқ, естігім келмейді.

Осы үзіндіде Назыкеш пен Сейіт еже тілді не үшін қолданған? Сөз жоқ, мұндағы мақсат — екеуінің құлқын сары түсінбесін деген ниеттерінен туған. Осы секілді сөз арасына буын қосып сөйлеу жастар арасында өте жиі қолданылған тәсіл болғаны байқалады. Еже тілден басқа да құпия хабарды жеткізуші амалдың бар екенін төмендегі мысалдан байқаймыз: *Кіші жүздің биі мен Бекболат шешеннің арасындағы ишара: Кіші жүздің биі екі қолын айқастырыпты. — Бекболат «құп болады» депті. Би: Алақанын жұмып-ашыпты. — Бекболат «құп болады» депті. Би: Қолын сермеп-сермеп қояды. — Бекболат «құп болады» депті. Би қолын түйістіріпті. — Бекболат «құп болады» деп он саусағын көрсетіпті. — Би «құп болады» депті.* Осындағы бір ғана *құп болады* деген сөз тіркесінен басқа ешқандай артық сөз жоқ. Бірақ екі адам арасындағы түсініс дыбыстық тілсіз-ақ тек *қол, алақан, саусақ* сияқты

дене мүшелерін түрлі қимылға келтіру арқылы толық орындалған. Мұндағы амалдар контекстік жағдаятқа негізделген, себебі қолды айкастыру контекске байланысты түрлі мағынада жұмсалуды мүмкін. Айталық, *жұмысымды аяқтадым, босын* дегенді білдіруі мүмкін. Сол сияқты, адамның *тоңғаны* да осы ишарат арқылы беріледі. Бірақ дәл осы контекстік жағдаятқа байланысты *алысуға жараймын* дегенді білдіреді. Ал осы бейвербалды амалдар тек қарым-қатынасқа түсуші адресант пен адресат арасында ғана толық түсінісу қызметін атқарады. Әрине, тілімізде таза бейвербалды амалдар арқылы айтайын деген ойын тұтастай, толық жеткізуге болатын тұстар да кездеседі. Мұны Т. Аяпова «прототіл» терминімен түсіндіреді [4].

Дыбыстық тіл адам баласының бір-бірімен пікір алысу, қарым-қатынас жасаудағы ең басты құралы болғанымен, олар тек сөз арқылы ғана емес, сонымен қатар дененің түрлі қимыл-қозғалысы арқылы да түсінісе алады. Тіліміздегі осындай бейвербалды амалдар сөйлеу барысында адамның қобалжу, қуану, толқу иірімдерін білдіріп қана қоймай, құпия, жасырын ақпаратты жеткізу мақсатында да қолданылады.

Адам баласының қарым-қатынас жасау қажеттігінен пайда болған дене тілі туралы түрлі пікірлер бар. Мәселен, тілші-ғалым Қ. Жұбанов: «Дыбыстап сөйленген сөздің олқысы, көбінесе ыммен толады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген я болмаса бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен ылаждап түсінуге болады» [5]. Бұл пікірден сөйлеу әрекеті кезінде айтылмай қалған немесе түсіп қалған сөйлемді тыңдаушыға бейвербалды құрылымдар арқылы толықтыруға болатындығын аңғарамыз. Бұл пікірді басқа да ғалымдар құптады: «Ым-ишара — санамен ұғынылатын көнеден келе жатқан әмбебап сигнал. Ол ақпараттың дұрыс қабылдануына көмектеседі», [6] — деген тұжырымды қазіргі зерттеушілер еңбегінен кездестіреміз. Бірақ бұл амалдардың өзі көп мағыналыққа ие болғандықтан, кей тұстарда ақпарат алмасушылардың арасында түсініспеушілік туғызады. Сонымен қатар құпия хабарды жеткізуде олардың жалпы халыққа таныс мағынасынан ауытқушылық байқалады. Б. Момынова мен С. Бейсенбаевалар «Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігінде «бас шайқау» ишаратының үш түрлі мағынасын көрсетеді: «ренжуді, көңілі толмағандықты аңғарту», «таң қалу, таң-тамаша болу, таңырқау», «біреудің ойымен, пікірімен үзілді-кесілді келіспеуді» [7]. Зерттеушілердің еңбегінде айтылмағанмен, шағын топ мүшелерінің арасында келісімге келу ишаратын білдіру мақсатында қолданылады. Мысалы: *Ербол төреші болғандықтан, енді жұрттың бәрі жаттап алған төрелікті өзі тағы бір айтып, өзі ойланып, бас шайқады* (М. Әуезов). *Жұмекен: «Әй, балам, балам! — деп басын шайқап аз тұрды да. — Ал, жолың болсын, ендеше! — деп қолын ұсынды* (С. Ерубаяев). *Айдын теріс бұрылғанда, Алма Асанға басын шайқады*

(С. Ерубаяев). *Мұнысы келістік дегені еді*. Келтірілген мысалдың алғашқысында «бас шайқау» ишараты арқылы отырғандармен келіспегендікті білдірсе, екіншісінде «реніш пен көңілі толмағандық», үшінші сөйлемде екі адамның келісімге келу ишараты байқалады. Бейвербалды амалдардың астарындағы мағына мен мәнді шеше алмаса, ол өзгелер үшін құпия, жасырын болып келеді. Бейвербалды амалдардың астарындағы хабарды толық түсіну үшін адресат пен адресанттың қолданылған құрылымдар жөніндегі білім дәрежесі тең болуы қажет. Мысалы: *«Не айтасыз, қашан команда бересіз» дегендей, Александр Васильевичке қарап қоямыз* (Жау тылында, 139 б.).

Ақ сары жігіт, «Тұра тұр» дегендей, аяғынан тартып қалды. (Жау тылында, 102 б.). Екі сөйлемде де ешқандай артық сөз жоқ тек қана астыртын ымның көмегімен айтар ойларын жеткізіп тұр.

Демек, ым мен ишаратты орайын тауып қолданса, ешбір дыбыстық тілсіз қарым-қатынас жасауға болатынын дәлелдей түседі. Адамдар өз араларындағы жасырын әрекеттерін, құпия хабарларын ым, ишара, емеурін арқылы жеткізу жиі кездесіп отыратын тәсіл. Осындай, ым-ишараның тоғысып келіп, кейіпкерлердің бейнесін ашуда үлкен рөл атқаратынын байқататын төмендегі әңгіме желісіне көңіл аударсақ:

Ерте заманда үш ағайынды жігіт ұзақ жолдан келе жатып, таң алдында көшіп кеткен үйдің жұртына келіп тоқтайды. Осы кезде үйге қыз кіріп келіп, үш жолаушының ортасына бір үлкен кесені төңкеріп шығып кетеді.

Қыз кеткен соң үшеуі: осы кесенің астында қандай зат бар? — деп таласады. Біреуі тұрып мұның астында қызыл зат дейді. Алғашқы білгір жігіт олай болса қызыл анар болды ғой деп, кесені төңкеріп көрсе, шынында да бұзылмаған анар екен. Қонақтарға шай жасауға келген қыз кесе мен анарды алып кетеді де, қайтып келіп, дастархан жайып, шай құйып беріп отырады.

Қызға қарама-қарсы бөстек үстінде отырған алғашқы жігіт қызға қарап, сақалын сипап тарамдай береді.

Мұны байқап отырған бойжеткен жігітке қарап, шашын сипайды. Жолаушы жігіт енді өзі отырған астындағы бөстектің жүнін сытыра сипайды. Осы кезде қыз жігітке қарап, көзін жұмып тілінің ұшын жылт еткізеді. Ұйқыға кеткен жолаушылар мен үй иелері таңертең төсектен тұрса, сақалды жігіт пен қыздың қол ұстасып бірге кеткенін біледі.

Шаш, сақал, бөстекті сипап, көзін жұмып, тілін көрсету — мәтіндегі пікір алысу, тілдесу қызметінде жұмсалған бейвербалды амалдар. Бұларды қолдануда бірде-бір дыбыстық тіл қатыспаған, бірақ екеуінің арасындағы қатынас үшінші жақтағыларға мәлімделмей толық жүзеге асқан. Осындағы жігіттің қызға қарап сақалын сипағаны — «Әжең сақалының түгіндей көп

мал берсем бере ме екен?» дегені, қыздың шашын сипағаны – «Шашындай мал берсең, береді» дегені. Бөстектің жүнін сыпыра сипағаны – «Сен үшін малды мына бөстектің жүніндей беремін» деген ой жеткізсе, қыздың көзін жұмып, тілін шығарғаны – «Ел ұйықтаған соң тілдес» дегені.

Бұл әңгімеден ымның тамаша құпия тілдесу амалы екенін айқын аңғаруға болады. Жалпы халықтық түсіністе ер адамдардың сақалын сипауы – бір нәрсе жайлы қатты ойға берілген қалпын белгілейді. Ал, бұл тұста жалпы халықтық түсіністен ауытқып, екі адамның өзара жасырын хабар алысу қызметін атқарып тұр. Дегенмен, күнделікті тұрмыста айтатынымызды сөзбен жеткізу мүмкін бола бермейтін жағдайлар кездеседі. Сондайда тілдегі бейвербалды амалдарды қолдану тиімді. Мәселен, соғыс жылдарына арналған Қасым Қайсенов шығармаларынан алынған: *Иван Кузьмич, «Бері жүр» дегендей, маған қолын бұлғап, өзі су жағасымен төмен қарай тартты* (113). *Иван, «Мынаның өнерін көрдің бе?» дегендей, маған көзін қысып қалды* (132). *Александр Васильевич, «Әзірге тұра тұрайық» дегендей, үлкен саусағын шошайтып, көзін қысып қалды* (160) деген мысалдардан байқайтынымыз, қаншама іс-қимыл, үлкенді-кішілі, жағымды-жағымсыз әрекет, оқиға, қауіп-қатер туралы хабарлар, команда — бәрі де саңқылдаған, санылданған сөзбен емес, көбіне ым, көз қысу, қолын бұлғау, саусағын шошайту арқылы жеткізіліп, өзара түсініс, сөзсіз байланыс осылар тәрізді әр алуан амалдармен жүзеге асырылған.

Адам баласының ақпаратты жеткізу үшін қолданатын материалдық объектісі — таңба. Қарым-қатынас құралы ретінде жұмсалатын таңбалардың тілдегі қандай да бір семантикамен алмастырылып, белгілі бір мағынамен қабылданатыны белгілі. Мысалы, жол бойындағы бағдаршамның қызыл түсінен *жүріңіз, жасылы* арқылы *тоқтаңыз, сарысынан дайындалыңыз* дегенді түсінеміз. Бұл жердегі әрбір таңбаның тілде қабылданған мағынасы болғандықтан, біз осындай әрекеттерге барамыз. Таңба мағыналық мазмұнға ие категория. Егер адресант пен адресат арасындағы код дұрыс декодталмаса, ол коммуникативтік қызметті атқара алмайды. Мысалы, детективті шығармаларда *келісімнің бұзылғанын* «терезенің алдына гүл қою» арқылы жеткізсе, қарапайым тұрмыста көбірек *күн сәулесі түсіп, гүліміз жақсы өссін* деген тілекпен терезенің алдына қоямыз. Демек, таңба құпия хабарды жеткізуде де маңызды қызметке ие. Кез келген жасанды таңба алдын ала белгілеп қойылған бір ғана ақпаратты жеткізеді, коммуникативтік қызметте пайдалану үшін адресант пен адресанттың арасында оның мағынасы жайында келісім болуы шарт.

Осы сияқты түрлі шартты белгілер соғыс уақытында жиі кездесіп отыратындығын соғыс жайлы жазылған шығармалардан аңғаруға болады. Мысалы: *Парашютты тез жиып үш рет сигнал береді. Біз де сол сигналды*

беріп орнымыздан тұрып, үлкен жерден келгендерді қарсы алдық (Қ. Қайсенов). Осы сөйлемдегі «фонардың қызыл түсті жарығы» – солдаттардың табысу белгісі. Бұл жерде де солдаттар өздерінің межелі жерге келгендіктерін жолдастарына хабарлап тұр.

Мысалы: *Бір ағашты керосинге малып тұтатып алды да, терезенің форточкасынан үш рет жарқ еткізді* (Б. Майлин).

Сөйлемдегі «үш рет жарық жағу» белгілік сипатқа ие. Бұл жерде де солдаттар өздерінің тұрған жерін басқаларға «үш рет жағылған жарық» арқылы жеткізіп отыр.

Тағы бір мысал: *Бір кезде Ленаның аяғы жіңішке сымға тиіп кеткенін сезіп, сымды ұстап көрді де, қатты өкінгендіктен басын шайқап, Нинаға соңымнан ер дегендей қолын бұлғап белгі берді де, жүгіре жөнелді* (Қ. Қайсенов).

Бұл сөйлемдегі «сым» белгілік қызметке ие, себебі сымның қозғалуы арқылы жақын маңда жау солдаттарының бар екенін анықтаған.

Осы сияқты, бір күні өрістен қайтқан малды жайған болып, кешкі асты алдымызға енді ала бергенде электр шамы жалп-жалп етіп, сөніп жана бастады.

– *Кино!* – деп, үйдегілер қуана шу ете қалды.

– *Қайдағы кино?* – деп шамға таңдана қарап ем, бәрі ду күледі. Үзіндідегі электр шамының жалп-жалп етіп, сөніп-жануды киномеханиктің: «Ауылға кино әкелдім, соны көруге келіңдер!» – деп шақырған белгісі екендігін шығарма контексінен аңғаруға болады.

Аталған мысалдар белгінің қарым-қатынас құралы екендігін дәлелдей түседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, ғалымдар таңбаларды бірнеше түрлерге бөлген. Ысқырықтың таңбалық қасиеті туралы Г. Камашева былай дейді: «Барабан арқылы тілдесу Батыс, Шығыс және Орталық Африка халықтары кеңінен қолданады. Алайда «барабан тілі», «ысқырық тілі» деген ерекше дербес термин жоқ, осындай айрықша тәсіл арқылы белгілі бір халық немесе тайпа өкілдері өз ойын ерекше өздері ғана білетін белгімен жеткізеді. Қазақ халқы барабан мен ысқырықты арнайы қолданбаса да, мал қайырғанда бос кәуектерді даңғырлату, әлдекімді шақырғанда, әлденеге таңғалғанда ысқырып жіберу, халық назарын аудару үшін керней (немесе басқа үрмелі-соқпалы музыкалық аспаптарды) қолдану, қауіпті жағдайды ескерту үшін (мәселен, жаудың келе жатқаны жайлы) немесе жорыққа аттануды, сонымен бірге ұрыстың аяқталғаны жөнінде ескерту мақсатында дабыл қағу да кездеседі» [8, 89].

Мысалы: *Тамақ жеп ел аяғы басылғанда, Жүсіп мұның үйінің алдындағы қос теректің түбіне келіп жылқышы құс сияқты ысқыратын* (Е. Қ.). Осындағы «ысқырық» Салтанат пен Жүсіптің табысу белгісі болса, ал халықтың түсінігінде «жылқышы ысқырса, су тасиды» деп деген мағынаға ие. *Аз уақыт өткен соң, біздің барлаушыларымыз көкек болып белгі бере бастады* (Ә. Шәріпов). Осындағы «көкек болып белгі беру» келісілген жерге жеттік дегенді хабарлап отыр. Ысқырықтың құпия тілдесу мақсатында қолданылғанын дәлелдейтін тағы бір дерек: *Алексей кешке таман есік алдына шығып, өздерінің келген атына шөп салып жүрген болатын. Кенет біреудің ысқырғаны естілді. Аты үркіп бір бүйірге жалт беріп еді, Алеша шылбырынан тартып жібермеді. Айнала мүлгіп тұр. Тып-тыныш атына шөп салып болып, үйіне қарай жүре бергенде ысқырық тағы естілді. Алеша тоқтап, жан-жағын байқап, біраз тұрды. Сонан соң: «Біздің адамдар болса, ысқырып белгі бермесе керек еді ғой» – деп ілгері қарай жүре беріп еді. Дуалдан топ етіп жерге түскен біреудің сыбдыры естілді. Біреу орысшалап тоқта дегендей болды. Жалт қараса еңгезердей біреу дәл қасында тұр.*

– Сен не қылған адамсың? Кім керек, – деді Алеша.

– Сендер жатқан үйге неміс солдаттары түсіпті дейді. Сен екеуіңе жанымыз ашып, басқа бір үйге орналастырсақ деген оймен келіп едім, – дейді әлгі жігіт.

– Олай болса, «мен келе жатырмын» дегендей неге ысқырасың, кімге ысқырдың?

– Көшенің екінші бетіне бір жолдасымды тастап, өзім дуалға шығып, біреу қораға шығатын болар деп күтіп отырғанмын. Ысқырғаным «шықты» деп жолдасыма белгі бергенім ғой.

– Екінші рет неге ысқырдың?

– Екінші рет жолдасыма «кете бер», – деп хабарладым.

Біріншіден, бұл контекстен байқайтынымыз, екі адам «ысқырық» арқылы қарым-қатынасқа түсіп, яғни, біреудің сыртқа шыққаны туралы ақпаратты жеткізсе, екіншіден, «ысқырықты» адамдар басқа мақсатта да қолданатынын аңғардық. Себебі Алеша мен оның тобындағылар арасында бұл «мен келе жатырмын» деген ақпараттың белгісі.

Мысалы: *Біреудің орман ішінде жүрген тысыры естілді. Шура көзін алмай, маңайын бақылап отыр. Арқасында жүгі бар, біреу дәп алдындағы дәу қарағайдың түбіне келіп отырғандай болды. Шура тоқылдатуын қайта бастады. Әлгі кісі орнынан тұрып, тура Шураға қарай жүрді. Ол радист Петька екен* (Ә. Шәріпов).

Бұл сөйлемдегі «тоқылдатып дыбыс беру» солдаттардың табысу белгісі сияқты.

Тағы бір мысал: *Қарабас фарфор кесені ағаш қасықпен қаққылап белгі берді* (Жұлдыз. – 2003. – № 12, Ордалы жылан. – 15-б.). Қарабас «фарфор кесені ағаш қасықпен қаққылап» өзінің келгендігін білдіріп тұр.

Құпия тілдесімнің тамаша үлгісі болып табылатын «ысқырық» туралы американдық лингвист Дж. Коуэн мынадай оқиғаны айтады: *Бірде ол Эйсебио деген индеецтің үйіне келіп, амандасып, хал сұрасып болып жатқанда, Эйсебио таудың етегімен қап арқалап келе жатқан адамды ысқырып шақырады. Екі индеец ысқырып біраз уақыт «әңгімелеседі». Кенеттен қап арқалаған адам Эйсебионың үйіне қарай бағыт алады. Келіп, қабын ашып Эйсебиоға көрсетеді, Эйсебио үндестен үйінен ақша алып шығып береді де, қапты үйіне енгізіп алады.*

Дж. Коуэн Эйсебиодан ысқырықтың мәні жайлы сұрастырып, оны жазып алыпты. «Не әкеле жатырсың?» – деп ысқырып сұрапты үй иесі. «Мен бір қап жүгеріні алып Тенангоға бара жатырмын», – депті қап көтеріп келе жатқан адам. – «Сен Тенангоға жүгерінді сатқалы бара жатырсың ба?» – «Иә, мен оны базарға апарып сатамын». «Қаншаға сатпақшысың? Маған сатып кетші». – «Бір қап жүгеріге 2 доллар 50 цент сұраймын». – «Мен саған 2 доллар 25 цент берейін. Маған қалдырып кет». – «Бара жатқан жерімде мен оны бұдан да қымбаттырық сата аламын». – «Алыс жолда шаршайсың ғой». – «Жақсы, сатып ал. Қазір мен саған көтерілемін». – «Ақшаңды қолма-қол аласың» [8]. Ендеше, бұл келтірілген тілдік деректер бізге «ысқырықтың» құпия хабар алысудың құралы екенін байқатады. Адамдар «ысқырық» арқылы алдын ала келісіп, түрлі ақпаратты жеткізуі мүмкін. Тек оның астарында не жасырылғанын шешкенде ғана оның мағыналық кілтін таба алады.

Осы сияқты сабақтың басталғаны немесе аяқталғаны немесе жұмыс уақытының аяқталғаны жөнінен хабар беруде де дыбыс белгілері қолданылады. Адамдар арасында бұл сияқты дыбыс тілінен өзге хабар, пікір алысу құралы жеке адам не, ел басына күн туған тұстарда орын алған.

Мақаламызда сол ата-бабаларымыздың күнделікті қатынаста қолданған жасырын түсінісу амалына талдау жасадық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы, 1992. – 36-б.
- 2 Головин, Б. Н. Вопросы социальной дифференциации языка // Вопросы социальной лингвистики. – Л. : Наука, 1969. – С. 22.
- 3 Ахманова, О. С. Словарь лингвистических терминов. – М. : Сов. энцикл., 1966. – С. 12.
- 4 Аяпова, Т. Сөйлеу онтогенезі. – Алматы : Раритет, 2003. – 280 б.

5 **Жирмунский, В. М.** Марксизм и социальная лингвистика // Вопросы социальной лингвистики. – Л. : Наука, 1969. – С. 148.

6 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы : Ғылым, 1999. – 26 б.

7 **Момынова, Б., Бейсенбаева, С.** Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы : Қазақ ун-ті баспасы, 2003. – 4 б.

8 **Қамашева, Г. К.** Қазақ тілдесімінің көмекші құралдары. – Астана, 2007. – 19-28 б.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

B. S. Sateeva, G. Sh. Mizanbaeva, B. O. Rahimbaeva

Передача скрытого значения при помощи знаков, невербальных средств и жаргонов

Карагандинский государственный университет
имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

B. S. Sateeva, G. Sh. Mizanbaeva, B. O. Rahimbaeva

Transfer of the hidden value by means of signs, nonverbal means and slang

E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.

Material received on 29.11.16.

В статье рассмотрен процесс создания тайного языка как явления индивидуального, характерного только для некоторых членов общества. Тем не менее некоторые моменты данной проблемы имеют и государственное значение. Слова, имеющие общеупотребительное значение, в малой группе используются в другом значении. Для сокрытия, для того, чтобы сделать смысл высказывания непонятным другим лицам, используются определенные языковые единицы. Автор, опираясь на труды ученых, изучив невербальные средства, жаргоны, знаки и символы, используемые для создания тайного языка, сделал собственные выводы.

In this article the authors consider the process of creating a secret language as an individual phenomena, which is typical only for some members of society. However, some aspects of this problem have governmental meaning. Some words with general meaning have different

certain concepts in small group. For hiding the true meaning of the phrase there are used certain language units. According to scientific sources the researchers make their conclusions through investigation of non-verbal means, jargon, signs and symbols used for creating a secret language.

ӨОЖ 882. 151. 212.2

А. Б. Сейсекенова¹, К. Қ. Есіркепова², С. Ф. Қанапина³

¹ф.ғ.к., доцент, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Астана қ.; ²ф.ғ.к., доцент; ³ф.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

e-mail: kenzhe.1810@mail.ru

... ҚОЗҒАУҒА КЕРЕК ҚОЛҒАБЫС (ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ГЕТЕ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ОЙ, СӨЗ, ІС БІРЛІГІ ИДЕЯСЫ)

Бұл мақалада Шәкәрім және Гете поэзиясындағы ой, сөз, іс бірлігі идеясы қарастырылған. Сөз өнерін адамның биік мүмкіндіктеріне жол ашатын игілікті мұрат, ақыл-ой мәдениеті мен парасаттылыққа, ойды іске асыратын қасиетті құрал дәрежесіне көтеретін күш-қуат мәселелері жан-жақты сипатталған.

Кілтті сөздер: сөз, ой, күш, іс, рух, материя, жан, кеңістік, қозғалыс, интуитивті метафора.

КІРІСПЕ

Әлемге әйгілі немістің ұлы ақыны И. В. Гете танымындағы ең жоғарғы символ – құдай мен табиғаттың бірлігі, мәңгі қалыптасу мен қозғалыс, рух пен материя, жан мен тән, ой мен кеңістік, ерік барлықтың бірін-бірі толықтырушы қасиеті екенін әмбебап шығармашылығымен дәлелдеген ойшыл ретінде белгілі. Бізге ой салатыны – осы мәселеде қазақ ойшылы Шәкәрімнің де әлемнің тұтастығын анықтау үшін қозғалыс табиғатына аса терең үңіле отырып, мәселенің түп қазығына әмбебап көзқараспен бара білгендігі. Шәкәрім көзқарасында кез-келген қозғалыс пен өзгеріс әрі түзілуші әрі бұзылушы немесе «жану мен шірудің түбі бір» болатын «рух» пен «ұрық» бірлігі екенін «Тіршілік, жан туралы» өлеңінің идеясы тұтастай дәлелдейді:

Жаралыс басы – қозғалыс,

Қозғауға керек қолбағыс

Жан де мейлің, бір мән де

Сол қуатпен бол таныс

Әлемді сол мән жаратқан [1, 230].

Шәкәрім қозғалысты – жан, мән, әлемді жаратушы деп түйіндесе, Гетенің «Фауст» трагедиясында мәңгі дамудағы ғаламдық болмысты рационалды әлем заңдылығымен түсіндірмей, интуитивті метафора арқылы жол табуға тырысқанын байқаймыз.

Трагедияның I-бөліміндегі «Фаусттың жұмыс бөлмесінде» атты көріністе Фаусттың латын тіліндегі Інжіл мәтінін неміс тіліне аударып отыратын тұсы бар:

(Ол кітапты ашып, аударуға кіріседі.)

О баста, алдыменен Сөз жаралған [2, 31]!

Шәкәрім ірі ойшыл ретінде ой мен сөздің астарын адамнан жоғарғы жаратылыстың бастауынан іздейді:

Шошыма достым сөзімнен

Сөз құдайдан шыққан бу.

Ұқпасаң көр өзіңнен

Жұтқызайын нұрлы су [1, 62].

Бу – сөзі бұл жерде метафоралық қызмет атқарып қана қоймай, көзге көрінбейтін ой ұғымымен пара-пар трансцендентті нұрлы суға теңеліп тұр. «Фаусттағы» «Мартаның бағы» атты көріністе Фауст Сөзді – түтін, дыбыс, құдайдың есімі де сол сынды деп түсіндіреді. Ал шын түйсінген адамға құдайды қалай атаса да:

Махаббат, бақыт, шаттық, жүрек деген –

Барлығы не десең де бір-ақ сезім [2, 62].

Сондықтан, Гете «Сөзді» бір мезетте «сөз-ой-күш-істің» бірлігі ретінде ұқтыруға тырысса, Шәкәрім «Сөз» арқылы:

Байлаймын да көзіңді

Патша қылам өзіңді.

Ұғып отыр сөзімді

Ел билетем жеті ру [1, 237],

– деп, сөздің жеті қасиетіне: мейірім, ынсап, әділет, шыдам, шыншыл, харекет, ақ ниетті жатқызады. Сөйтіп, Шәкәрімде Сөз ұғымы – мән, жан, жанның тәңірден бірге берілген жеті қасиеті бар жаратушы. Егер, Шәкәрім мен Гете жоғарыда айтып өткен ой мен сөздің бірлігін дәлелге алар болсақ, идеалистердің ой дегеніміз құдай деп қарастырып келген концепциясын да басшылыққа аламыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шәкәрімнің ұстазы ұлы Абай Сөздің үнсіз қалпы – ойдың бір мезетте материалдық қалпы – бар болуға айналуын, сөйтіп, әлемдегі мәңгілік қозғалыстағы табиғаттың өмірі болып қалыптасуын 38-ші қара сөзінде Алланың бір сипаты ғылым дей отырып: «... ғылымның бір сипаты кәләм, яғни сөйлеуші деген: сөз – қаріпсіз, дауыссыз болушы ма еді? Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз. Енді, олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын және басар, сәмиғ, яғни көруші, естуші деген. Алла тағаланың көрмегі, естімегі біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты. Бірі тәкуин, яғни барлыққа келтіруші деген сөз», – деп түсіндіреді [4, 140]. Бұл жерде арабтың тәкуин сөзі болдыру, жарату, қозғалысқа келтіру мағынасында қолданылып тұр.

Құрандағы «Әнғам» сүресінің 73-ші аятында: «... Ол көктер мен жерді шындықпен жаратты. Ол: «Бол» деген күні бола кетеді. Оның сөзі шын», – делінген [5, 136]. Шәкәрімнің «Тіршілік, жан туралы» өлеңінде:

Бас қозғалыс қой – жанның атасы

Ол жаратады гүрлеп, [1, 228]

– деп келетін жолдардағы бас қозғалыстың – құдай-сөз-жан-мән болатындығына көз жетіп тұр. Ендеше, Алладан келген төрт кітаптың бірі – Інжілдің Иоанн жазған Ізгі Хабар мәтінін оқып көрелік: «Әуел баста Сөз болған, Сөз Құдаймен бірге болған, Сөз Құдай болған» [6, 249].

Яғни, сөзге құдірет бітіру Шәкәрім өлеңінде ақынның шығармашылық ерік-қуаты, тазалық өлшемімен бір құбылыс екенін дәлелдеу үшін ұлы Абайға жүгінуден артық шешім жоқ:

Жүректің көзі ашылса,

Хақтықтың түсер сәулесі

Іштегі кірді қашырса

Адамның хикмет кеудесі [9, 130].

Соңғы жолдағы хикмет сөзі Ахмет Яссауидің өмірі мен шығармашылығы жайында жазылған Б. Сағындықовтың «Өз машайық» атты мақаласында берген түсініктемелеріне сүйенер болсақ, «парасат», «данышпандық» дегеннен гөрі әулиелер мен машайықтар ғана көрсете алатын керемет деген ұғымға сәйкес: «Алла тағала ғажап істерді адамдардың қатынасынсыз тікелей өзі көрсетсе, «хикмет», «құдірет» делінеді. Қарапайым тілге аударсақ, керемет – машайықтар мен әулиелердің ісі, мұғжиза-пайғамбарлардың ісі, құдірет пен хикмет – құдайдың ісі болып шығады» [10, 11].

Шәкәрімнің Сөзі өзі туралы:

Қанжармен ішің тілемін,

Бар сырынды білемін

Мазактаймын, күлемін

Деме сиқыр, неткен қу.
 Өлсең, сөзбен тұрғызам,
 Еріксіз мойын бұрғызам.
 Айтқанымды қылғызам,
 Жүрегіңе төгіп у.
 Сиқырыммен жүгіртем,
 Жар бетіне үңілтем.
 Дүниеден түңілтем,
 Кереметті мен жаду [1, 236-237].

Осындағы «Өлсең сөзбен тұрғызам» немесе «Кереметті мен жаду» сынды жолдар арқылы Сөз ақын болып сөйлеп, әрі қарай ақын мен Сөздің ара жігі білінбей, тұтасқан лирикалық көркем бейнеге айналған. Бұл жерде әлбетте басты рөлді поэзияның пайғамбарлық миссиясы атқарып тұрғанын өлеңнің соңғы шумақтары растай түседі:

Гете Сөз құдіреті жайлы өзінің «Ақын кітабы» өлеңдер топтамасын жазған. «Ақын кітабы» жинағының екінші бір атауы неміс оқырманына бейтаныс – «Мұғаннаме». Хафизде Пірмұған сөзі тариқат жолындағы рухани ұстазды білдірген. Осы кітапқа енген «Өлең және мүсіндеу» өлеңінде Гете «таза қолды» кемеліне жеткен әулиелік ақын тіліне магиялық күш бітіреді деп сенеді:

Салқын тапса жүрегіміз бір сәтке,
 Өлең шіркін кеудемізде тулайды.
 Ақын қолы таза болса әдетте,
 Су тұрмайды, алақанда құрғайды [11, 207].

Л. М. Кессель осы жолдардың дүниеге келуіне негіз болған үнді аңызын 1783 жылы Зоннераттың «Үнді мен Қытай еліне саяхат» атты еңбегінен оқығанын келтіреді. Аңызда үнділік әйел құдай Мариаталенің табиғат күштерін билеген кереметі болады. Бір күні Мариатале әдеттегідей көлден су алып, оны қолымен шар тәріздес қатты денеге айналдырып үйіне қайтуға тұра бергенде, көлдің бетінен періштедей сұлу бейнелерді көріп жүрегіне құмарлық оты түседі. Сол сәтте-ақ қолындағы су қайта еріп көлге ағып кетеді. Содан бері ол суды құмырасыз ала алмайтын болыпты [12, 51].

Гетенің басқа мәдениеттік элементтерді шығармашылық құштарлықпен сіңіріп, қажеттілігіне пайдалана білуі тек «Батыс-Шығыс диуанына» ғана қатысты емес. Мысалы, Гетенің Фаустты жоғарғы күштермен байланысы бар ерекше кейіпкер ретінде құстың да, аңның да тілін білетін Сүлеймен пайғамбар дұғаларын өзі істеріне пайдаланған. Бәрімізге белгілі Сүлеймен пайғамбар тек Инжілдің ғана емес, Құранның да кейіпкері. Фаусттың кереметі де сол – қасиетті кітаптардан алынған әр түрлі дұғалар, сөздерді оқу арқылы мәңгілікке, басқа уақыт шеңберіне өте білуінде. Антикалық әлем арқылы

табысқан жары Еленамен болған диалогта Фауст трагедияның 2-бөлімі, 3-көріністе Сөзге ерекше түсінік беріп өтеді:

Фауст
 Сөз жүректен шықсын қайнап бұлақтай
 Көкіректе жансын ойың шырақтай.
 Айналаға көз тастап...
 Елена
 Тұрам қалай құмартпай!
 Фауст
 Біздің рух есептемес уақытты
 Демек...
 Елена
 Нағыз бақытты [2, 154].

А. Аникст «Гетенің «Фаусты» атты зерттеу еңбегінде: «Фауст қазіргімен өмір сүреді, бірақ символикалық іс-әрекеттер арқылы басқа дәуірлерге де еніп кете алады. Және, ол ойларымен, рухани тәжірибесімен XVI ғасырдың адамы ғана емес екеніне оңай көз жеткізе аламыз. Сондықтан, Фаусттың тек бір тарихи кезеңге қатысы шартты. Ол барлық уақыттарда өмір сүреді және бүкіл ғалам оның іс-әрекеттерінің майдан даласы», – деп Гете кейіпкерінің ерекшелігіне мән береді [3, 69]. Сөз туралы Елена мен Фаусттың арасында болған диалог арқылы Гете Фаусттың бойынан тірі Логосты көрсеткісі келгендей әсер қалдырады. Гете – символмен сөйлеуді сүйген ақын. Осы диалогтың М. Құрманов аударған нұсқасындағыдай, Б. Пастернак аударған нұсқасында да жолдары аздап ауысып кеткенімен, негізгі логикасы сақталып аударылған. Диалогта Фауст А. Аникст айтқандай, Сөздің табиғатын уақытқа бағынбай, мәңгілікте өмір сүретін кейіпкер ретінде түсіндіреді. Әлемді пантеист, натурфилософ ретінде мәңгі тірі қозғалыстағы өмір деп түсінген Гете, сүйікті кейіпкерінің аузын дуалы еткені сонша, оның Сөзі бір мезетте мәңгіліктің өзегі-ой арқылы ғаламды көктей өтеді. Сондықтан сұлу Елена мәңгілікке қол созған адамның нағыз бақытты екенін мойындай бас иеді. Фаусттың жүрекке жылы тиген жағымды Сөзінің құпиясын қалай игеруге болатынын сүйгенінен сұрағанда, Фауст оны былай түсіндіреді:

Фауст
 Он кроется в невольности порыва.
 Мы ждем, в потребности обнять весь свет,
 Того, кто тем же полон...
 Елена
 нам в ответ
 Фауст
 Тогда наш дух беспечностью велик.

Прекрасен только...
 Елена
 Настоящий миг
 Фауст
 Жизнь только им ценна и глубока.
 Тому порукою?...
 Елена
 Моя рука [13, 333].

Гете кейіпкеріне бұл сөздерді бір күндігін ойлағандықтан айтқызып тұрған жоқ. Керісінше, Сөздің рухқа, мәңгілікке қатысын айқындаушы ретінде ауызына салып берген.

Бұл ой құдай, ой, қозғалысты бірлікте қарастырған христиан теологы Әулие Августин көзқарасына жақын келеді. Августин құдайда тек «бүгін» бар екенін, құдайдың «бүгіні» – мәңгілік деп түсіндіреді [16, 50-54]. Демек, Гетенің Фаустының өткені, қазіргісі, болашағы бар шартты уақытта өмір сүретін қарапайым пенделерге қарағанда айрықша жағдайы бар кейіпкер екенін танытады. Августиннің субъективті уақыт жайлы бұл көзқарасы кезінде Декарт, Кант сынды философтарға өз әсерін тигізген. Гетенің уақыт жайлы көзқарастары – оның ғалам мәңгіліктің ішінде өмір сүреді деген пайымдауларының нәтижесі. Сондықтан, әлемді қозғалыстағы мәңгілік деп түсіндіру кейінгі жылдары жазған кез-келген өлеңдерінен байқалады. Оның атақты «Өсиет» өлеңінде де мәңгіліктің қозғалысын мына жолдар айғақтайды:

Кто жил, в ничто не обратится!
 Повсюду вечность шевелится
 Причастный бытию блажен [13, 736]!

Қазақ ақыны Шәкәрімнің бүкіл әулиелік бітім-болмысы, оның жанының кристалдай тазалығы, періштедей үні, өз заманынан алға кеткен ерекше толымды білімі мәңгіліктік тұлғасын анық танытады. Ақын өзі туралы өлеңінде былай дейді:

Гайыптан хабар білемін.
 Жарымның алғам тілегін
 Қап тауын нандай тілемін [1, 246].

Мәңгілікке қол созған ақынды өз заманының аумалы-төкпелілігі, саясат та, мансап та алаңдатпады. Тек адамға екі дүниеде де керек анық ақиқат, шынайы ғылым іздеді.

XX ғасырдағы қазақ ақыны Шәкәрім Сөз, Ой, Істі бір деп ұққандықтан:
 Сикыр сөзбен арбасаң,
 Табиғат басын иеді.
 Кәрленіп кімді қарғасаң
 Қатесіз оғың тиеді, –

деп жырлайды [1, 247]. Сөздің ежелгі дәстүрлі қалпынан байланысын үзбеген Шәкәрім, оны тірі субстанция, ерекше құбылыс деп «Бәйшешек бақшасында» жазады: «Бет сұлулығы – тән сыйы ғой, дауыс пен сөз жан сыйы ғой, әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екеніне дау жоқ, бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды. Сөз бен ән сұлулығын танушы аз» [1, 485]. Сондай-ақ, Сөз – ажалсыз әскер, мәңгілікке өтудің, әлемді өзгертудің ең зиянсыз қаруы деп түсіндіреді:

Ойлаңыз, біздің ғаскер өле ме,
 Қағазға бір басылып қалған соң.
 Бұл мықты әскер емей немене,
 Жайылып талай орын алған соң.
 Қарумен қанша қатты ұрса да,
 Сөзіме жанның әлі келмейді.
 Бұл дүние шыр айналып тұрса да,
 Ғаскерім қартаймайды, өлмейді [1, 112].

Жүрегі тазаланып, періштелік күйге енген адам жанынан өлең өзі еріксіз төгіледі. Сөз, өлең, әуен адамның жанын тазалайды, дертіне шипа болады:

Жыр, өлең насихат сөз, мақал, тақпақ,
 Тауып айтса – дауасыз дерттің емі [1, 162].

Шәкәрімнің қозғалысты – жан, мән деп анықтауы XX ғасырдағы ірі француз ойшылы философ, теолог, археолог, палеонтолог, антрополог, неотомис Теяр де Шарден Пьердің қозғалысты: геогенез, психогенез, биогенез, техногенез, ноогенез деп бес түрге жіктеуіне сәйкес келеді. Жалпы, Теяр де Шарденнің [18, 220], В. Вернадскийдің «ноосфера» [19, 65] – ақыл сферасы, «ноология» – грекшеден аударғанда рух жайындағы ілімге сәйкес ұғымын Шәкәрім «таза ақыл» деп тапқан:

Рух деген дінсіз таза ақыл,
 Мінсіздің ісі шын мақұл [1, 231].

Әлемді құдай мен табиғаттың пантеистік тұтастықтағы өзгерісі деп қарастырған Гете, қозғалыс жайлы өз ойын былай деп қорытындылайды: «Біз тәжірибемізде байқайтын қандайлық реттегі болмасын барлық іс-әрекеттер үнемі бір-бірімен байланыста өрілген. Біз бұны былайша атауға тырысамыз: кездейсоқ, механикалық, физикалық, химиялық, органикалық, психикалық, этикалық, діни, данышпандық. Бұл мәңгі – Бірлік, көп түрлі анықталушылық» [18, 101]. Шәкәрім қозғалыс мәнін осылайша саралау мәселесін «Тіршілік, жан туралы» өлеңінде түсіндіреді:

Қозғаған қуат – жан дейміз,
 Жан өсті жаннан сан дейміз.
 Сол жандар әсер берген соң
 Жаралды сансыз тән дейміз.
 Жанына қарай тән солар.

Өсімдік күннен алады ас,
Күн суық болса түпке қаш,
Дым тиіп, нұр кеп жылытса
Өс тағы жайнап, көңіл аш! –
Дейтұғын жанда мән болар [1, 230].

Осы шумақтағы «дым», «нұр» арқылы жанның әлемге «жайнап, көңіл аш» дейтұғын мәнін сезімдік-заттық тұрғыдан басқа Шәкәрім «білім құдірет шеберлігінде өлшеу жоқ себеп» деп, Гете Эрос – өмірдің жасампаздығымен бірге бұл себепті «кемеңгер» деп анықтаған екен. Бұл тылсым құдіретті ақын поэзия тілінде трагедияның 1-бөліміндегі Фаустқа Жер Рухының берген жауабымен береді:

Өмір дауылында, тұрмыс толқынында
Арпалысам, тербелем.
Өмір-бақи бола бермек
Туу деген, өлу деген.
Өзгерген өмір,
Құбылған көңіл.
Уақыттың ұршығын иіремін,
Құдайлардың тоқимын киімдерін [2, 31]!

Қос ақынның да шығармашылығында орын алған осы сынды ғылым, дін, философия және әдеби әмбебап көзқарасқа жауапты тек ғылыми емес негіздерден іздеуге тура келеді. Әйгілі теософ Е. П. Блаватская «Құпия доктрина» кітабында: «Адам баласының алғашқы мұрағаттарынан, планетаның бірінші құрылысшылары пайда болғаннан бастап Құдай тек философиялық аспектідегі Бүкіләлемдік Қозғалыс ретінде ғана мойындалды. Оккультизм Бірліктегі негізді мынадай етіп қосындылайды: «Құдай дегеніміз құпия, тірі немесе қозғалушы От, және бұл көрінбейтін Бар дүниенің мәңгі куәгерлері – Нұр, Жылулық және Дым, бұл үштік өзіне бәрін сиғызады және Табиғаттағы барлық құбылыстардың себебі болып табылады», - деп жазады [23, 36-37].

Гетенің «Жұмыс» ұғымы құдайлық махаббаттың қозғалыстағы көрінісі, Шәкәрім түсінігіндегі адамның құдайлық қасиетінің бірі – «харекет» – деп топшылауымыз керек. Гетенің жырлап отырған «О баста алдыменен Сөз жаралған!» деп басталатын өлең жолдарындағы «Сөз» әрине «тіл-қатынас құралындағы» сөз емес, Заратуштра пайғамбар негізге алған «шапағатты ой», «шапағатты сөз», «шапағатты істің» бірлігі макрокосмдық үйлесімде өмір сүретініне пара-пар екенін түйсінеміз. Сондықтан Мефистофель Фаустқа:

Әдетте адам сөзге ден қояды,
Ойменен, іспен ғана сен жоя біл! [2, 47],

– деп ескертеді.

Шәкәрім әулиеліктің белгісі деп «хақиқат – жардың нұрына малынып, рахатқа батып отыру емес», жер әлеміне оймен де, сөзбен де, іспен де ұлы өзгерісті қоса енгізуді айтады:

Алаяқ сұмдарға ерсең, болмас жолың,
Қазағым-ау қаңғырып қайнар сорың.
Өнер, ғылым үйренсең еңбек етіп,
Мазак болмай елдікке жетер қолың [1, 211].

немесе:

Еңбекке шыда, ебін тап та,
«Сабырдың түбі – сары алтын».
Өзімшіл болма, көпті ардақта,
Адамның бәрі – өз халқың [1, 189].

ҚОРЫТЫНДЫ

Шәкәрім дүниеге ең керекті іс – басқаларға жәрдем ету, адамның негізгі мәні де сол екенін Л. Толстойдан аударған «Үш сауал» деп аталатын аңыз-әңгімесінде оқырманына тамаша мысалмен түсіндіреді. Әңгімеде бір патша халыққа мынадай үш сауал қояды: «Қай істі қандай уақытта істеген жақсы?», «Ең керекті кісі кім?» және «Ең керекті іс не?». Патшаға халықтан нақты жауап болмайды. Сонда патша жарлы адамша киініп, бір ақылды тақуаға келіп, жаңағы сауалдарын қайта қояды. Ағаш егіп жатқан тақуа патшаға жауап бермей, күрекпен жерін қаза береді. Тақуаның шаршағанын көрген патша, күректі өзі алып, жер қаза бастайды. Бір кезде жұмыс істеп жатқан бұларға бір жаралы адам кезігеді. Екеуі оны тақуа тұратын үңгірге жатқызып, патша оның жарасын таңып, өлімнен алып қалады. Сөйтсе, бұл адамның кезінде патша әкесін өлтіріп, дүниесін тартып алған соң, бұл да патшаны өлтіріп, кегін алмақшы болып келе жатқанда патшаның солдаттары жаралап кеткен. Ол патшаның өзін аман алып қалғаны үшін кегін ұмытып, кешірім сұрайды, патша да одан кешірім өтінеді. Соңынан патша тақуаға үш сауалын тағы да қойғанда, бәрін көзімен көрген тақуа оған үш сауалының үшеуіне де жауап берілгенін былай түсіндіреді: «Егер сен менің шаршағанымды біліп, маған болыспасаң, ерте қайтар едің де, мынау сені өлтіретін еді. Сондықтан, ең жақсы мезгілін тауып істеген ісің – маған болысқан кезің. Онда саған ең керек кісі мен болдым. Онан соңғы ең керектігі уақыт, ең керекті іс – мына жаралының жарасын байлап, қанын тыйған уақытың болды. Неге десең, сен үйтіп жәрдем қылмасаң, тірі қалса сенен кек алмай қоймайтын еді. Сондықтан, ол кездегі ең жақсы іс-жарасын байлаған болып, ең керекті кісі – осы жаралы болды» [1, 478-479]. Осы аңыз арқылы ақын адам баласының ойын тәрбиелеп, биік адамгершілікке саналы, мақсатты еңбекпен жеткізуге аса жоғары мән беретінін көреміз.

Осылайша, қос ақынның шығармашылығы ағартушылық пен надандықтың күресін бейнелеп қана қоймай, сөз өнерін адамның биік мүмкіндіктеріне жол ашатын игілікті мұрат, ақыл-ой мәдениеті мен парасаттылыққа, ойды іске асыратын қасиетті құрал дәрежесіне көтеретін күш-қуат деп ойымызды қорытқымыз келеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Құдайбердиев, Ш.** Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер.
- 2 **Жармұхамедов, М., Дәуітов, С. А.** Құдайбердиев. – Алматы, 1988. – 560 б.
- 3 **Гете, И. В.** Фауст. Неміс тілінен аударған М. Құрманов, – Алматы : Жазушы, 1982. – 200 б.
- 4 **Аникст, А.** «Фауст» Гете, Лит. коммент, – Москва : Просвещение, 1979. – 240 с.
- 5 Абай. (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. Т.2 – Алматы, 1986. – 200 б.
- 6 Құран Кәрім, Мәдина. – 604 б.
- 7 Киелі Кітап. Таурат, Забур және Інжілден алынған таңдамалы жазбалар, – Стамбул, 1993. – 462 б.
- 8 **Құдайбердіұлы, Ш.** Үш анық. – Алматы, 1991. – 80 б.
- 9 Краткая философская энциклопедия. – М., 1994. – 576 с.
- 10 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы, 1986. – 304 б.
- 11 **Сағындықов, Б.** Әз машайық // Қазақ әдебиеті, 2000, 14 шілде. – 11 б.
- 12 **Гете, И. В.** Таңдамалы лирикалар. – Алматы, 1983. – 240 б.
- 13 **Кессель, Л.** Гете и «западно-восточный диван». – М., 1973. – 120 с.
- 14 **Гете, И. В.** «Фауст». Лирика. – М., 1986. – 767 с.
- 15 **Брагинский, И.** Западно-восточный синтез в диване Гете и классическая поэзия на фарси. – М., 1963. – 12 с.
- 16 **Аветисян, В.** Гете и проблемы мировой литературы. – Саратов, 1988. – 255 с.
- 17 Философия. – Ростов на Дону, 1995. – 576 с.
- 18 **Конради, К. О.** Гете. Жизнь и творчество. Т. 1. Половина жизни, – М. : Радуга, 1987. – 592 с.
- 19 Краткая философская энциклопедия. – М., 1994. – 576 с.
- 20 Современная философия: словарь и хрестоматия. – Ростов на Дону, 1995. – 200 с.

- 21 **Жирмунский, В.** Гете в русской литературе. – Ленинград : Наука, 1982. – 559 с.
- 22 **Федоров, Ф.** «Фауст» Гете, Рига, 1976. 143 с.
- 23 **Бент, М.** Гете и романтизм (Проблема личности в «Фаусте» и драматургии Генриха Клейста). – Челябинск, 1986, 72 с.
- 24 **Блаватская, Е.** Тайная Доктрина. – Т.1 Космогенезис. – Минск, 1997. – 854 с.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

А. Б. Сейсекенова¹, К. К. Есиркенова², С. Г. Канапина²

...Поддержка в движении жизни (идея единства действий, слов, мыслей в поэзии Шакарима и Гете)

¹Казахский университет экономики, финансов и международной торговли, г. Астана;
²Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

А. B. Seysekenova¹, K. K. Yesirkepova², S. G. Kanapina²

...We will help the movement (idea of unity of actions, words, thoughts in Shakarim and Goethe's poetry)

¹Kazakh University of Economics, Finance and International trade, Astana;
²Kostanay State Pedagogical Institute, Kostanay.
Material received on 29.11.16.

В данной статье рассматривается идея единства мысли, слова и дела в поэзии Шакарима и Гете. А также говорится о величии искусства художественного слова, которая способна вести человека к высоким возможностям, открыть путь к благим делам, культуре и нравственности.

This article discusses the idea of the unity of thoughts, words and deeds in the poetry of Goethe and Shakarim. As well as the greatness of the art of artistic expression, which is able to lead a person to high opportunities, to open the way to good works, culture and morality.

**А. Б. Сейсекенова¹, К. Қ. Есіркепова², С. Ф. Қанапина³,
Б. М. Қадырова⁴**

¹ф.ғ.к., доцент, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Астана қ.; ²ф.ғ.к., доцент, ³ф.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.; ⁴ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
e-mail: kenzhe.1810@mail.ru

ПОЭЗИЯДАҒЫ ТАБИҒАТ ПЕН ЖАРАТУШЫ БІРЛІГІ

Бұл мақалада неміс ақыны И. В. Гете мен қазақ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының көркемдік әлеміндегі табиғат тақырыбы қарастырылған. Осыған байланысты ақынның табиғат лирикасы ғаламның тұтастық идеясының көріністерін жаппай ашуға арналған мазмұндық байланысы бар өлеңдерден тұрады. Шәкәрім мен Гете табиғатты тұтастық пен жекелік, оған деген махаббат объектілі және субъектілі екі жақты қатынаста болатын жағдай ретінде қарастырады. Қос ақынның поэзиясында адам өзінің құдайлық бөлік екенін тануы бір мезетте абсолюттен жекелікке, жекеліктен абсолютке қарай жүретін процесс арқылы танылады.

Кілтті сөздер: Тәңір, жан, өлім, космос, жар символы, табиғат.

КІРІСПЕ

Шәкәрімнің табиғатты жырлайтын өлеңдері ұлы Абайдың ақындық дәстүрінен нәр алған сабақтастықты нақ айқындайтын көркемдік пен танымдық өлшемдері қатар өріліп, бүкіл шығармашылығына сәуле шашып тұратын синкретті туындылар. Осыған байланысты ақынның табиғат лирикасы ғаламның тұтастық идеясының көріністерін жаппай ашуға арналған мазмұндық байланысы бар өлеңдерден тұрады. Сондай-ақ, Шәкәрім табиғаты жеке-жеке пейзажды сурет кескіндері емес, барлығы да бір жаратушыдан жаратылғанын паш етіп тұратын тірі бүтіндік. Әсіресе, ақынның «Әбден толып жарық ай», «Ақыл құсы адаспай аспандаса», «Шам жардан жарықпын деп күнәлі боп», «Тауық неге шақырар сағат сайын», «Тәңірі мен жан» сынды табиғатты жырлайтын көлемді өлеңдері жоғарыдағы ойымызды айғақтай түседі. Мысал ретінде «Әбден толып жарық ай» өлеңінің бірінші шумағын алып қарастыралық:

Әбден толып жарық ай,
Жоғарылап өрледі.

Таласып жарға байқамай,
Нұры кемін көрмеді [1, 255].

Осы сынды Шәкәрім өлеңдерінде жиі ұшырасатын «жар» сөзі оның табиғат лирикасында да өз мәнісін жоғалтпай, өлеңнің идеясын ашуда шешуші рөл атқарып тұрады. Ақынның рухани кеңістігіне бойлай отырып, оның лирикасындағы әрбір сөз қолданысының тылсым сырының астары бір емес, бірнеше таным жүйесінің бұр жарған жемісі екенін мойындауға тура келеді. Сол себептен, оның поэзиясы – «Үш анық» философиялық еңбегінде қарастырылатын негізгі объектілердің ғылымға дейінгі, ғылыми, ғылыми емес саналатын таным жүйелері тұрғысынан зерттелу нәтижелерінің поэтикалық көркем жемісі сынды.

Шәкәрім философ, тарихшы, ғалым, ақын, фольклорист, күйші, композитор болумен қатар теософ, әлемдік дін және эзотериялық ілімдердің неше атасын тексерген ойшыл ретінде өлеңдеріндегі ғашық жар ұғымын ғаламдық жиынтық образға, квинтэссенциялық мағынаға ие эстетикалық категорияға айналдырған. Сондықтан, ғашық жар – әмбебап бейне, ғаламдық мәңгілік сұрақтардың ауыр жүгін белі қайыспай көтеріп тұрған барлықтың баламасы, жүрекпен сезінуді қажет ететін символ. Шәкәрім өлеңдеріндегі жар символы метафизиканың негізгі предметі – ақиқаттың әр түрлі метафоралық атрибутикасы ретінде: жар-ақиқат «менің жарым қыз емес, хақиқаттың шын нұры», жар-нұр «жар есіркеп, бері қарап нұрына жүрек қанған күн», жар-құдай «өмір сырын көздесең, жарға шоқын, жаннан без», жар-жан «жарынан бөлек жаны жоқ» деп жырлануы оның шығармашылығындағы аксиологиялық құндылық болып табылады. Ол осы ғашық жарды іздеудің ауыр жолында («жардың жолы қиын жол») өзіне дейінгі ғылымның жетістіктерін, әлемдік діндер тарихын, мәдениетін, спиритизм, телепатия, фахризм, лунатизм, магнетизм сынды мистикалық тағы да басқа таным жолдарын синтездей келе, әлемді пантеистік рухани және табиғи тұтастықта қарастырады.

Әдебиетте шарттылық көп. Алайда суреткердің жер бетінен іздеп таба алмаған, не жоғалтқан идеалының ғашық жар бейнесінде берілуі әлемдік әдебиетте ақиқаттың көркемдік өлшемі ретінде өз шешімін тауып келе жатқан құбылыс. Осы ретте батыстағы классицизм, барокко, ренессанстық, сыни, ағартушылық реализмдер мен романтизм, рококо, сентиментализм сынды жазба әдебиетке бай бағыттардың мектебінен шыққан Шиллердің досы, Гегельдің замандасы Гете мен Шәкәрімнің көркем объектілерінің ұқсастығы уақыт пен кеңістік сынды шартты ұғымдарды талғамайтын құбылыс екенін байқатады.

Әлемді біртұтас жаратушы ие тұрғысынан қарастыру Гетенің «Фауст» трагедиясында толық көрініс береді. Трагедиядағы іс-әрекеттер өтетін орындар: аспан жер, жұмақ, тозақ, ал кейіпкерлері: құдай, аруақтар, періште, шайтан, албастылар болып келеді. Шығармада о дүние мен бұ дүниенің, адамдар мен аруақтардың, рух пен табиғаттың ара жігін ажырату қиын. «Фаусттың» 1-бөлімінде шайтанның үйіне ит болып келгенін сезген Фауст «Сүлеймен кілті» атты еврейлердің қасиетті көне кітабынан дұға оқитын тұсы бар:

Фауст

Айуанды ауыздықтау үшін мен
Сиынамын төрт ауыз сөз күшіне:
Саламандра, жалында!
Ундина, балқы да,
Сильф, жаркыра!
Кобольд, тез жеталқына!
Төртқаракүш
Дүниені билеген
Шебер емес қасиетін білмеген [2, 31].

Осындағы төрт қасиеттің иесі: от, су, топырақ және ауа екенін автор табиғи күштердің аңыздағы атаулары арқылы түсіндіріп тұр. Саламандра – ортағасырлардағы Сүлеймен патша туралы аңыздар бойынша отқа жанбайтын жәндік болған соң от иесі атанған, Ундина – су иесі болса, Сильф – ауа рухы, ал Кобольд–жер иесі [3, 234]. Автор Фаусттың шайтанды аластау тәсіліретінде қолданған осындай оккультті элементтер трагедияның бас-аяғында үнемі кездесіп отырады. Екінші бір назар аударатынымыз – осы көріністегі Мефистофельдің есік қағылған пентаграммдан қорқу себебі. Еуропа халықтарында есіктің жоғарғы жағына магиялық бесжұлдыз таңбасын қағып қоюды әртүрлі жын-перілердің рухын аластау үшін қолданса керек. Бес жұлдыз креске керілген Христостың бейнет шегуші әулиелік-символдықтан басы болып есептелінген. Мистикалық негіздерде бас жағы жоғары қаратылған пентаграмма құмарлықтарын еркіне бағындыраалатын күшті адам дегенді де білдірген [4, 84]. Гетенің мысалында Фауст –шамадан тыс рухани күш иесі ретінде табиғат өрт стихияның қасиетін игеруші адам. Ал Шәкәрім өлеңдерінде табиғаттың кезкелген құбылысының өзі тән, жан, рух үштігінің бірлігі, алдымен жан мен тән екі түрлі субстанция ретінде қарастырылады:

Басында жан мен дене екібасқа
Жан шыдап тұра алмайды қозғалмасқа
Дене сауыт сықылды жанның орны,
Оған да күту керек бұзылмасқа [1, 106].

Немесе: «жан-өзің, дене-киім», ал «Тіршілік, жан туралы» өлеңінде тәнге байланысты былай айтады:

Дене сезіміне нанба!
Сағым су ма екен?
Барып көрсең таяу сол маңға,
Бар дене, сезім түгел алдайды,
Бұл сөзімді әбден аңда [1, 327].

Гете тәннің тұрақты өзгерісі жайлы табиғаттағы мәңгі қозғалысқа қарап, дәл осы ойды өлеңмен түсіндіреді:

Только б час над ранним краем
Внешний трепет простоял!
Но уж белый дождь сдуваем
Теплым ветром, замелькал.
Надышаться не успеем
Влажной зелению в бору,
Как глядишь, смятен Бореем,
Лист трепещет на ветру [5, 728].

немесе:

Пусть кануны и исходы
Свяжет крепче жизнь твоя!
Обгоняя бег природы,
Ты покинешь и себя [5, 728].

Бұрынғы бабамыз айтып өткен сағым судай бұлдыр дүние, материалды әлем бір күй дене кінші күйге өзгеріп отыратындықтан қолда ұстап қалу мүмкін емес, алдамшы екенін жырлай отырып Шәкәрім қозғалыс туралы: «..Егер қозғалыс притяжение, отрицание өзіне тарту әрі итеру заңымен делінсе, ол қозғалысқа да себеп керек. Ол заңды салушы керек, және атом сияқты түп негізінде ерлі-қатынды сипат бар», – деп түсіндіреді [6, 26]. Мұнда дене толықтығы тартылыс пен қозғалыс және үйлесімге келтіруші себеп үштігі делінсе, жан өз кезегінде өз қарама-қайшылығы өзіндегі үштіктің бірлігі:

Жан мен дене – қосылған ерлі-қатын,
Екеуінен шығады көңіліміз [1, 106].

Гетенің поэзиясында табиғаттың Тәңірмен тұтастығы дәл осындай шешім тапқан: табиғатты Гете Шәкәрімсынды өзіне тарту, әрі итеру және қозғаушы себеп немесе жоғары өрлеуші үштік принциптің өмірі деп қарастырады.

Жан мен денені өзара ұлы тартылысқа әкеліп тұрған көңілді жүрек, тілек, махаббат, Шопенгауэр айтқан еріктің әлем ретіндегі көрінісі десек те, біржола үгіліп кетпей ұсталып тұрған тастағы тартылыс – махаббат;

өсімдіктегі, жан-жануардағы, адамдағы, өмірге құштарлық та; бәрі де жаратқанның жар бейнелі мәңгі арулы қуыз дүниесінің жемісі екенін Шәкәрім өлеңмен былайша өрнектейді:

Шын асықтың әрбірі
Өліп топырақ болды да,
Жаратылыстың тағдыры
Жаратты мені орнына.

Бәрінің нұры қосылған
Мол керемет менде бар
Жалғыз жарға шоқынған
Қайда мендей пенде бар [1, 238].

Шәкәрім мен Гете табиғатты тұтастық пен жекелік, оған деген махаббат объектілі және субъектілі екі жақты қатынаста болатын жағдай ретінде қарастырады. Қос ақынның поэзиясында адам өзінің құдайлық бөлшек екенін тануы бір мезетте абсолюттен жекелікке, жекеліктен абсолютке қарай жүретін процесс. Адамның әлеммен тұтастығын сезінуі соңғы сатыларында танымнан да жоғарғы сүйіспеншілік, махаббат арқылы келетінін Шәкәрім:

Жасырып тұр жар өзін,
Бас көзімен қарама.
Жүрегіңнің аш көзін,
Жанның сырын арала [1, 238],

– деп жырласа, Гетенің өлмес «Өсиет» өлеңінде де жар-ғаламның ақиқаты ұлы жүректерде ғана ашылады:

Издревле правда нам открылась,
В сердцах высоких утвердилась:
Старинной правды не забудь [5, 736]!

Бұл ой Гетенің «Диуанында» тұтастай байқалады. Гете-спинозист, алайда «Диуанының» негізгі дүниетанымды қастары мұсылмандық діни – мистикалық ілім – суфизм болып табылады. Спинозизм мен суфизмдегі ортақтық деп екі ілімнің де әлемді жаратушымен біріктіруін айтамыз. Гетенің суфизм ілімінен ең негізгі қабылдағаны жаратушы мен табиғат, адам мен жаратушы біріге алады деген идея болатын.

Шәкәрім мен Гете шығармашылығында суфизмнің әсері бар екенін жар деген сөздің өзі айқындап беріп тұр. Шәкәрім де, Гете де Шығыстың сарындарын, бейнелерін, идеяларын кеңінен қолданған. Алайда, Шығыс үлгісінің жаңғыруы бұл ақындарда поэзиядағы тиімді сөз ойнату мағынасында емес, керісінше шығыстық классикалық образдарды интерпретациялай отырып, өз эстетикалық және дүниетанымдық концепцияларындағы күрделі мәселелерді шешу мүмкіндігі бар көркемдік тәсіл ретінде қолданған.

Шәкәрім терең танымның иесі ретінде шала сауатты молда, имамдарға, надан ортаға қарсы «пұтқа табынушы», кәпір деген аттан қорықпай, табиғаттан өзіне демеу сұрап:

Ғайсадай жан беретін таңның желі,
Қайғымды желге ұшырып, тірілт мені!
Ақылым, кәрілікке жабырқама
Талпынып тағы да ақтар дүниені [1,162],

– деп толғанса, Гете болса рухына күш-қуат дарытуын найзағайдан былайша өтінген:

Исцели, гроза, мне сердце,
Дай с невзгодой побороться [5, 623]!

Гетенің өмірге, табиғатқа, сұлулыққа деген қатынасының өзі діни қатынас болғаны туралы Л. М. Тетрушвили Гетенің хатшысы И. П. Эккерман мен болған әңгімесіне сүйене отырып былай тұжырымдайды: «Ақынның Христос жайлы түсінігі табиғаттағы пантеистік құдайды түсінуімен, мысалы Күнге табынумен бірдей деп айтуға болады» [7, 50].

Шәкәрім үшін де нағыз дін Тәңір жаратқан табиғаттағы сансыз кереметтің шындық өмірдегі жанды ақиқат екенін білуден басталады. Оны ақын өлеңінде еш астарламай-ақ тура айтады:

«Ана сансыз кереметті
Кім жаратса, – тәңірі сол!»
– десе нетті,
Қойса бетті,
Хақиқатқа жайнаған.
Шала дін мен қате пәннің
Сөзіне ерме, маған ер.
Міне жаның, міне тәңірің,
Міне дінің, міне иман [1, 267].

Шәкәрімнің табиғатқа табынуын адамзат баласының «сәби кезеңіндегі» пұтқа табынушы сауатсыз дүниетанымына баласа кәділет сіздік болар еді. Өйткені, ақын табиғаттан ең бірінші жаратқанның құдыреті толықтығын көреді:

Нәресте, жас, күнәсіз күн мен айым,
Етегіңе қол тисе, адаспайым.
Жаратқанның құдіреті толықтығын
Сенің мінсіз нұрыңнан байыптайым [1, 260].

Шәкәрім дүниетанымындағы табиғатты сүюдің тамыры қазақы қанына біткен қасиет ретінде танылады. Табиғатты өздерін асыраушы, жебеп-желеуші, қамқоршы Тәңірдің сыйы деп түсінген көшпелі қазақ баласы үшін бұл занды құбылыс.

Қазіргі таңдағы герменевтикалық талап (Дильтей, Хайдеггер, Гадамер) оқырманның мәтінге қатыстылығын тілеп тұратындықтан, Шәкәрім мен Гете өлеңдеріндегі жар символы бір мезетте бар мен жоқтың, хаос пен космостың, рух пен материяның, шексіздік пен шектеуліктің, қажеттілік пен бостандықтың, өмір мен өлімнің, ой мен болмыстың, ер мен әйел бастаманың, объект пен субъектінің макрокосм мен микрокосмды үйлесімін аңсаған ғашықтықты түсінуді өлең сүйгіш қауымнан талап ететін символ. Шәкәрім осы екі таразының басын тең ұстамау адамзатқа нәпсі қор-зұлымдықтан бейнет шектіретінін «Арақ, мастық, жар, жан, шатақ, иман, иманның шешуі» өлеңінде жан-нәпсі деп ескерте айтады.

Ақынжанды – табиғат, өмір, тіршілік дей келе, адамзат ойында келе жатқан кейбір қағидалар сынды өмірді қайғы (Будда, Шопенгауэр) деп қабылдамай, керісінше, өмір кейіс емес, бейіс деп қорытындылаған.

Шәкәрім мен Гете поэзиясын мұқият оқығанда, ұлы ақындар ғаламның айтқан сырын пенделердің тіліне аударушы өкілдер ретінде адамзат алдында сөз алып тұрған пайғамбарларға айналып кеткендей әсер береді. Олар өздерінің тағдыр-талайымен күресе жүріп, жаратылысымен бірге біткен ақындық тамаша таланттары арқылы азаматқа тән асыл міндеттерін орындап кеткен. Ақындықтың өзі табиғат арқылы жаратқанның сыйлаған жан сұлулығы екеніне қос ақынның поэзиясы шәк келтірмейді. Сондықтан олардың өлеңмен өрілген өмірлері де ғалам тынысымен бірге жасасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермекші.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Құдайбердиев, Ш.** Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қарасөздер. Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, (А. Құдайбердиев), – Алматы, 1988. – 560 б.

2 **Гете, И. В.** Фауст. Неміс тілінен аударған М. Құрманов. – Алматы : Жазушы, 1982. – 200 б.

3 Зарубежная литература. – М., 1977. – 234 с.

4 **Папюс.** Оккультизм, Селена, 1994. – 512 с.

5 **Гете, И. В.** «Фауст». Лирика. – М., 1986. – 767 с.

6 **Құдайбердіұлы, Ш.** Үш анық. – Алматы, 1991. – 80 б.

7 **Тетруашвили, Л.** Проблемы пантеизма в лирике Гете // Гетевские чтения, 1991. Под ред. С. В. Тураева. – М., 1991. – С. 9-69.

А. Б. Сейсекенова¹, К. К. Есиркепова², С. Г. Канатина², Б. М. Кадырова³

Единство природы и создателя в поэзии

¹Казахский университет экономики, финансов и международной торговли, г. Астана;

²Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай;

³Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

А. B. Seysekenova¹, K. K. Yesirkepova², S. G. Kanapina², B. M. Kadyrova³

Unity of the nature and creator in poetry

¹Kazakh University of Economics, Finance and International Trade, Astana;

²Kostanay State Pedagogical Institute, Kostanay;

³S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 29.11.16.

В данной статье рассматривается тема природы в художественном мире немецкого поэта И. В. Гете и казахского поэта Ш. Кудайбердыұлы. В связи с этим лирические стихи о природе связаны между собой идеей мирового целого. Шакарим и Гете изображают природу как целостно так и индивидуально, также и любовь к природе проявляется как объективно так и субъективно. Поэзия обоих поэтов изображает человека в один миг как абсолютно составляющее бога, и наоборот человек познается от абсолютизма к индивидуальности.

This article discusses the topic of nature in the artistic world of the German poet J. W. Goethe and the Kazakh poet S. Kudaiberdyuly. In this regard, the lyrical poems about nature are linked with the idea of whole world. Shakarim and Goethe portray nature both holistically and individually, and also the love of nature manifested itself both objectively and subjectively. The poetry of both poets depicts a man in an instant as constituting God absolutely, and vice versa a man is judged from absolutism to individuality.

А. Б. Сейсекенова¹, К. Қ. Есіркепова², С. Ф. Қанапина³

¹ф.ғ.к., доцент, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Астана қ.; ²ф.ғ.к., доцент, ³ф.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.
e-mail: kenzhe.1810@mail.ru

**ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
ПӘНШІ ЖӘНЕ ДІНШІ МӘСЕЛЕСІ**

Бұл мақалада Шәкәрімнің көркемдік танымындағы дін мен ғылым мәселелері қарастырылған. Пәнші мен Дінші мәселесі Шәкәрім өмір сүрген ХІХ ғасырда ғылыми атеизмнің дінге қарама-қайшылықты көзқарасымен байланысты шиеліністі көрсету арқылы, Еуропадағы атеизм ғылымның дамуының нәтижесінде пайда болған көзқарас ретінде дінді кез-келген прогрестің жауы деп түсіндіру, сонымен қатар ғылым дінінен бөлек деген көзқарас түсінікті дәлелдеп көрсеткен.

Кілтті сөздер: Пәнші (ғылым), дініші, жаратылыс, ақыл, ар ілімі, өркениет, прогресс.

КІРІСПЕ

Шәкәрім шығармашылығындағы өзекті мәселелердің бірі пәнші мен дінші мәселесі болатын. Әсіресе, ғылымның пайдасы мен зиянын таразылаған ойшыл осы мәселеде Еуропа ойшылдарының еңбектеріне көбірек үңіледі.

Шәкәрімнің ақындық кітапханасында кездесетін еуропалық авторлардың бірі – Жан Жак Руссо. Ж. Ж. Руссо (1714-1778 жж.) француз жазушысы және философ, композитор. Негізгі шығармалары: «Ғылым мен өнер туралы ойлар», «Адамдар арасындағы теңсіздіктің пайда болуы туралы ойлар», «Юлия немесе Жаңа Элоиза», «Қоғамдық келісім», «Эмиль немесе Тәрбие туралы» т.б.

Ж. Ж. Руссо мен Шәкәрім көзқарастарындағы да ортақ мәселе – Шәкәрімнің пәнші сұрағына көбірек қатысты. Ж. Ж. Руссо мәдениет, прогресспен бірге адамшылық та төмендей береді, өркениет адамға бақыт әкеле алар емес деген қорытындыға келген ойшыл болатын. Жаратушының қолынан шыққан нәрсенің бәрі көркем болғанымен, адамға келгенде осының бәрінің өңі айналып шыға келеді деген Руссо, өркениет атаулының адамның табиғи мейірімді бастамасы мен туа біткен қабілеттерін көлегелейлеп тастайтын қауіптер деп санаған. Адамның дүниені, табиғатты «менікі» деп

меншіктеуі адамзат баласының басқалармен қоғамдасушы жауыз жәндікке айналуына әкеп соқтырғанын былайша жазады: «Ең алғаш сондай ойға келіп, біршама жерді қоршап алып, «бұл менікі» деп және соған сенген әрі көнген адамдарды таба алған кісі – нағыз азаматтық қоғамның негізін салушы болды. Егер біреу сонда оның қоршауын жұлып, орларын көміп тастап, тектестеріне: «Мұндай алдаушыға сенбендер, егер жердің бергені жұрттың бәрінікі, ел жер ешкімдікі емес екенін ұмытып үлгірсеңдер, онда құрысындар!» деп айқайлаған болса, ол адамзатты қаншалықты қылмыс, соғыс пен өлтірушіліктерден, қаншалықты күйзелістер мен апаттардан құтқарған болар еді» [1, 155].

Сөйтіп, адамдар теңсіздігі ең алғаш бұд «менікі» дегеннен пайда болғанын Ж. Ж. Руссо осылай айтады. Адамзат тарихын ғылым мен прогрестің күресінің тарихы деп, әлемдегі өзгерістің барлығы Жаратушының еркінде деп ойлап, 1755 жылы Лиссабондағы жер сілкінісінен соң ол ойынан күмәнданған Вольтерге қарағанда, Руссо зұлымдықтың барлығы Адамның өз кінәсінен, оның ашкөздігі мен жердегі тұрмыстың ақылға сиымсыздығы, өркениеттердің дұрыс бағытта дамуынан деп түсіндірді.

Жан Жак Руссо алғашқы еңбектерінен бастап, әсіресе, «Ғылым мен өнер туралы ойлар» атты шығармасында білім мен мәдениетті өтірік пен қылмысқа жатқызған болатын. Рационалдық құрғақ ақыл мен сезімсіздік жайлаған қоғамда адамды өзімілдік пен қатыгездік билейтінін, адамды құлданудың түр-түрі өрши беретінін жазған Руссоның пікірін ХХ ғасыр басында қазақ ақыны Шәкәрім де «Мен жетпіс екі жасқа келгенше» деп басталатын еңбегінде адам өмірін қалай түзеуге болады деген ойдың тереңіне сүңгі отырып былайша жазады: «Оқу, білім үйренген адам түрлі өнерді білетіні рас. Бірақ ол өнер – білімді қандай іске жұмсайды. Мен көрген адамдар үйренген ғылыммен түрлі қару жасап, улы газдар тауып, басқа адамдарды аң есебінде атып, әлсізді құлданып, жердің бетін адам қанымен бояғаннан басқа бітіргені шамалы. Бұған ең өнерлі, білімдіге саналатын Англия, Америка елдерін қараңыз» [2, 541].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шәкәрімнің осы сөздерін оқып отырып, ол Еуропа мәдениетіне, ғылымға, ғылыми жаңалықтарына қарсы болды деген ұғым тумайды. Әлемді тану тек ғылыми танымнан тұрмайтынын айтады. Ол ғылыми таным тек экспериментке құрылғандықтан, жантану мәселесі бір жақты болып, ғылымның негізгі мәселесі болып табылатын адамның өз тұлғасы, қоғамның болашағы бұлыңғыр әлі қауіпті болатынын қазақ елінде ғылыми көзқарастың қалыптаспай тұрған кезінен – ақ білген. Адамзат Ақыл – ойы арға ие болмай бақытқа бастамайтынын терең түсінген Шәкәрім, ғылымның суығынан гөрі, сезімтал жүректі әспеттемесе жоғарыдағы сөздерді жазбас еді.

Еуропадағы басты сентиментализм өкілдерінің бірі де бірегейі Руссо сезімталдық пен жүректі тыңдауды адамның Жаратушы берген ішкі мүмкіндерін ашудың басты жолы деп есептеген.

Ағартушы философтар адамдардың жаман істерді істеуі ақылды тыңдамай нәпсіге берілуден, олай болса, тек қана білім, ғылым адам зұлымдығын ауыздықтай алады есептеді. Ал Руссо болса, адамдардың жаман істерді істеуі дұрыс білім бермейтін қоғамдарда өмір сүріп, әркімнің өз жүрегінің әмірін тыңдай алмауынан, олай болса, бұзушы қоғамның әсерін дарытпай, адамның күнәсіз өз ішкі дауысын тыңдауды үйрететін білім ғана қоғамды зұлымдықтан құтқара алады деп өз ғасырында еңбектер жазған. Осыған байланысты Шәкәрімнің «ар ілімі» де Руссоның адамның ішкі арының даусын тыңдауымен ұғымдас.

Ғылым мен прогреске күмән келтірген ойшылдардың бірі – Лев Николаевич Толстой еді. Л. Н. Толстойдың «Ғылым туралы (Шаруаға жауап)» атты еңбегінде кедей адамдар білім алуды қаналушыдан қанаушыға айналу процесі деп түсінетінін тастанды жетім шаруа қыз Акулинаның помещицасының есіркеуімен білім алып, гимназия директоры Акулина Тарасовнаға яғни, госпожаға айналу мысалымен түсіндіреді. О бастан-ақ шаруа адамдар «жақсы» өмірге жетудің бір ғана жолы бар, ол – білім алу деп санағанын жазушы былайша жазады: «... стремление к образованию людей рабочего сословия, вызываемое если не исключительно, то преимущественно желанием избавления себя от труда рабочего сословия, противно установившемуся мнению, не включает в себе нетолько ничего похвального, но, напротив, есть в большей части случаев стремление очень нехорошее» [3]. Бұлайша болғанда көпшілік қауымның «білімге талпынуы» жақсылық емес, тіпті теріс бағыт екенін Л. Н. Толстойдың осындай көзқарастары дәл көрсетеді. Л. Н. Толстойдың осы көзқарастарын қазақ білімділері Абай, Ыбырай, Шәкәрім, С. Торайғыровтар да қосыла мақұлдап, қоғамдық көзқарастарды осы теріс бағыттан қорғап қалу үшін қаншама еңбектер жазды. Алдымен Абай тікелей Л. Н. Толстойдың өзін қазақ қоғамына «Интернатта оқып жүр» деп басталатын өлеңінде былайша үлгі етеді:

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңілінде жоқ санасы [4, 48-49].

«Жиырма бесінші сөзінде» Абай: «Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың

жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, жұрт қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» дейді [5, 119-120].

Пәнші (ғылым) мен дінші мәселесіне кең көлемде мән берген Л. Толстой Парижде ең алғаш гильотинамен кісі өлтірілгенін көргенде жаны түршігеді. Осыдан бастап оның Прогреске деген сенімі жоғала бастайды. Адамның ақылы мен ойынан тек қана адамға керекті заттар пайда болмайды, адамға қауіпті нәрселер жасалатынын көрген жазушы, адамзат тарихы қайда бағыт алып бара жатқаны туралы шындап ойлана бастайды.

Өз бауырын өлтіретін жауыздық, Прогресстің, тарихтың ақылға сийымсыздығы, ақиқаттың бүгін бір түрлі, ертең басқаша болып салыстырмалы түрде құбылуы, адам жанының иррационалдылығы басқа да Еуропа ойшылдары сынды Шәкәрімнің танымына көп сауал әкелді.

Осы кезде адамның Ұлы жануар екенін көрсететін еңбектер көптеп (Ницше, Шопенгауэр, Достоевский) дүниеге келе бастаған болатын. Тәттінің сұранысы жеңген адам өз өмірінің мағынасыздығын бастан кешіп жатқан шақта Шәкәрім «Тән билемей, жан билеп, ақылдың соры қайнап жатқан» шақтың барлық кемшілігін көре білді. Бірақ, Адамға деген сенімін жоғалтпады. Ақын әрбір тәттінің тарихы бар екенін, оның шовинист «бұзық қан» болып тарихты ылайлауы ұлтқа, дінге, территорияға бөлінуші өзімізді қатыгездігі деп түсінгенін өлеңінде былайша жазады:

Адамның бәрі бір,
Болмайды аласы.
Оларды бұзатын
Нәпсінің таласы [2, 186].

Алдымен жанды тәттінің түрмесінен босатып алып, адамды хайуандықтан нәпсіден азат етуді арман еткен Бостандықтың жыршысы Шәкәрімге «Адам ақиқатты бас көзімен емес, ақыл көзімен көреді» дегенде пәншілердің бес сезімге, яғни, бастағы көз емес, көңіл көзіне үңілуді жол қылуынан. Сондықтан оның:

Шын залымға берме ғылым,
Ол алар да оқ қылар.
Қаруым дер, кісі атып жер,
Ол ғылымды айла етер [2, 115].

– деген жолдарына назар аударсақ, ғалымның әлемді тануды өз тұлғасынан бастау керектігі негізге алынған.

Мысалы, Шәкәрім шығармаларында Батыс ойшылдарынан Огюст Конттың көзқарасы неге сынға алынған деген мәселеге келейік. О. Конттың позивитизмі туралы «Тіршілік, жан туралы» көлемді өлеңінде мынадай шумақтарды оқуға болады:

Қасына қылыш қайратқан,
 Досына гүлдей жайнатқан,
 Ерік пен талап ой беріп,
 Ойыңды сөзбен сайратқан
 Жан емес дейді «білгіштер».
 Осыған нанған есерлер,
 Ойы кем сөзге шешендер,
 Ақылмен жанды тексермей,
 Денешіл, пәншіл кеселдер,
 Дәлелсіз сөзбен ілгіштер.
 Бұл жан басынан бар,
 Ойла, тексер ақылмен,
 Құр сөзбен нанып ден қойма!
 Шын таза ақылдың таппас заты жоқ.
 Ол қасиетін жойма.
 Оларды сөзбен қайраған,
 Ақылдан алыс айдаған,
 Ойменен тапқан бұлдыр деп,
 Дене мен пәнге байлаған.
 Баяғы Конттың сөзі еді [2, 227].

Шәкәрім Огюст Конт туралы жоғарыдағы шумақтарда «білгіштер» дей отырып, позивитизмін былайша сынға алады: «1797 жылы туып, 1857 жылы өлген Огюст Конт деген адам: «Физика жолымен анықталмаған, метафизика нәрсені білем деп әуре болмайық. Дене сезімімен барлығы табылған нәрсені ғана шын деп білейік» – деген. Бір жол шығарып оған «Позивитизм» деп ат қойған. Соған нанып қалып, сол жолға түсіп, дененің бес сезімі арқылы білінбеген нәрсені біржола жоқ деп қоятын болған. Сөйтіп, жанның ең қасиеті – терең ой, ноқтадан сау ақылын арқандап қойып қазақтың қарын терезесінен қарап, өз жанын тани алмай қалған» [6, 31].

Ш. Құдайбердіұлы Конттың бес сезім мүшесі арқылы жаратылыстану ғылымдары арқылы бір езу танымның адамға толық білім бермейтінін «Дене сезіміне нанба!» деп жеткізеді:

Пәнші дейді: «Қайда тәңірі?»
 Дінші дейді: «менде тұр!» [2, 204]

немесе:

Пәнші нанды бес сезімге
 Дінші адасты жолынан [2, 205].

Оның «Үш анық» еңбегіндегі келтірілген ғалымдар мен ойшылдар пікірлерінің басым көпшілігі осы Еуропа ғалымдарының еңбектерінен келтірілген. Оларды ақын тым зерделеп қарастырған. Мысалы, Жан Жак

Руссоның ақиқатты іздеу жолына көңілі толмаған ол, өз еңбектерінде Руссоға ұқсас пікірлер айта отырып, дегенмен: «Руссо деген атакты поэт /ақын/ айтқанмен, басында адам тәңірінің барлығына нанбаса да, толыққа жетеді деп ойлаушы едім. Аяғында онымның бекер ой екендігін білдім. Тәңірінің барлығына ақылымен әбден нанбай тұрып адам толық тазалыққа жете алмайды деген зор философ Биренжие. Дін мәселесі шешілу үміті таялды деген Жан Жак Руссо, Ламетри, Лемке, Мишель, Кеттле сияқты неше жүз білімділер адамның ішкі ындынын тексеріп, дүниені жаңа бір дін қаптаса керек деген» [7, 14-15].

Шәкәрім «Адам немене?» атты өлеңінде барша адамзат баласы бір бауыр болғанымен ғылымды, білімді, өнерпаз елдердің өздері қарумен елді қырып, мықтының әлсізді құлдануы адамзат тарихындағы прогресстің ешбірі аман дамыған сайын ақымақтық пен хайуандықтан шыға алмай отырғанын ашына жазады:

Бақ – дәулетті мол берді жаратылыс,
 Пайдаланып, қылсаңшы жақсы жұмыс.
 Табиғаттың таусылмас қасиетін
 Жұрттың жұмсап жүргені – ақылсыз іс.

Қайда кетті жаралыс берген байлық,
 Ұстанғалы әскер мен қару сайлық?
 Жаны ашымай әлсізді аңша қырып,
 Мейірімсіз, озбырлығы осындайлық.

Күн көре алмай жақының жатыр өліп,
 Шіміркенбей жемтігін жейсің бөліп.
 «Ғылым деген бұл болса, адыра қалсын», –
 Демеске бара жатыр ішім толып.

Канеки, ақ жүрекке қайсың жеттің?
 Жеттім деп тамам жанды тентіреттің.
 Жиырмасыншы ғасырдың адамынан
 Анық таза бір елді көрмей өттім [2, 180].

ҚОРЫТЫНДЫ

Шәкәрім өз шығармашылығында бұл дүниеге тән қожа болмай жан қожа болғанда ғана дүние жалғаннан ақиқат дүниеге айналатынын айтады. Пәнші мен Дінші мәселесі Шәкәрім өмір сүрген ХІХ ғасырда ғылыми атеизмнің дінге қарама-қайшылықты көзқарасымен байланысты шиеліністі болды. Еуропада атеизм ғылымның дамуының нәтижесінде пайда болған көзқарас

ретінде дінді кез-келген прогрестің жауы деп түсіндірді. Сөйтіп ғылым діннен бөлек жеке көзқарас ретінде қалыптаса бастайды. Осыған қорғаныс ретінде дін де ғылымды жоққа шығаруға тырысты. Шәкәрім ақын осы екі көзқарасты да «бірезулік» деп сынайды. Ақынның осындағы алдын-ала болжағыштығы бізді таң қалдырады. Ақынның алдын-ала болжағыштығының дәлелі сол - ол дүние салғаннан кейін, XX ғасыр ортасында ғылыми атеизм шындыққа жанаспайтындығына байланысты өміршеңдігін тоқтатты

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әлеуметтік филолсофия (Хрестоматия) Ақыл кітабы. – Алматы, 1997. – 226 б.
- 2 **Құдайбердиев, Ш.** Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы, 1988. – 560 б.
- 3 **Толстой, Л. Н.** Педагогические сочинения. – М. : Педагогика, 1989.
- 4 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1986. – Т. 1. – 304 б.
- 5 Абай. (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1986. – Т. 2. – 200 б.
- 6 **Құдайбердіұлы, Ш.** Тіршілік, жан турлы. Абай, – № 9. 1994.
- 7 **Құдайбердіұлы, Ш.** Үш анық. – Алматы, 1991. – 80 б.

Материал 29.11.16 баспаға түсті.

А. Б. Сейсекенова¹, К. К. Есиркепова², С. Г. Канапина²

Вопросы науки и религии в произведениях Шакарима

¹Казахский университет экономики, финансов и международной торговли, г. Астана;

²Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай.
Материал поступил в редакцию 29.11.16.

А. B. Seysekenova¹, K. K. Yesirkepova², S. G. Kanapina²

Questions of science and religion in works of Shakarim

¹Kazakh University of Economics, Finance and International Trade, Astana;
²Kostanay State Pedagogical Institute, Kostanay.
Material received on 29.11.16.

В данной статье рассматриваются вопросы религии и науки в художественном познании Шакарима. Статья раскрывает спорные проблемы между Наукосведом и Религиосведом, где говорится о том, что религия является противником всему прогрессу и даже человечеству в целом, что данная идея уже признана научным атеизмом Европы. А также повествуется о том, что наука и религия несовместимы.

This article discusses the issues of religion and science in the artistic cognition of Shakarim. The article discloses the disputed issues between Scientist and Theologian, it says that religion is the enemy to all progress and even humanity as a whole that this idea has been recognized by the scientific atheism of Europe. And also tells that science and religion are incompatible.

ӨОЖ 801

Г. Т. Шоқым

филол.ғ.д., профессор, Қ. Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.
e-mail: shokum@mail.ru

ГЕНДЕРЛІК РӨЛДЕРДІҢ ТІЛДІК ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ

Мақалада гендерлік рөлдердің тілдік әлеуметтік мәні қазақ дәстүрлі қоғамындағы гендерлік рөлдердің ара салмағымен бағамдалып, тілдегі гендерлік лексиканың (кәсіби, тұрмыстық) қалыптасуы мен қолданылуының гендерлік лингвистикалық зерттеулер үшін маңызы сипатталады.

Кілтті сөздер: гендер, гендерлік рөл, мәртебелік рөлдер, жыныстың мәдени-әлеуметтік мәні, гендерлект, гендерлік лингвистика.

Тіл – адамзаттың тарихи әлеуметтік игілігі. Қоғамның әлеуметтік құрылымының тілге тигізетін әсері ең алдымен тілдің қызметінен анық көрінеді. Өйткені тілді қолданушы әлеуметтік топтар, таптар оны өз талаптіліктеріне, өздерінің әлеуметтік жағдайларына сәйкес қолдануға тырысады. Мұндай талап тілдің құрылымдық негізін өзгертпегенімен, оны функциялық құбылыстарға, өзгешеліктерге, әр түрлі жіктерге бөлшектемей

қоймайды [1, 32-33 б.]. Сондай жіктелімдердің түріне қоғам мүшелерінің жыныс айырмашылықтарынан туындайтын гендерлік тілдік ерекшеліктерді жатқызуға болады.

Гендердің әлеуметтік құрылымы – ерлер мен әйелдер арасындағы әлеуметтік қатынастардың ұйымдасқан үлгісі. Оның даму негізіне: 1) гендерлік әлеуметтендіру, еңбек бөлінісі, қоғамда белгіленген гендерлік рөлдер жүйесі т.б., 2) гендерлік сәйкестендіру жатады. Гендерлік стратификация әлеуметтік стратификациядағы негізгі категория болып саналады және тап, нәсіл, жас тәрізді өзгермелі стратификациялық категориялар қатарында қарастырылады. Сонымен бірге гендер еркек пен әйелге тән белгілердің (мінез-құлықтық, ментальдік, эмоционалдық, мәдени т.б.) қоғамдық құрылымдануын білдіретін күрделі мәдениәлеуметтік үдеріс ретінде ұғынылады.

Жыныстың тілдік мәдениәлеуметтік мәнін тұжырымдау үшін алдымен қоғамның қатынастық құрылымын түзуші рөлдік қатынастар жүйесін интегралдық сипатта қарастырып, сол арқылы гендердің пәнаралық парадигмасын қалыптастырудың біртұтас үлгісін жасау қажет. Әрбір тұлға қоғамда белгілі бір орынды иемденеді және нақты міндеттерді атқарады, ол үшін соған сәйкес, оның құқықтары мен міндеттері, яғни белгілі бір әлеуметтік мәртебесі болады. Әлеуметтік мәртебе – адамның үлкен әлеуметтік топтың өкілі ретіндегі (*мамандық, тап, ұлт, жыныс, жас мәлшері*) қоғамдағы орны. Әлеуметтік мәртебе ұғымы әлеуметтану шеңберінен шығып, қазіргі гуманитарлық ғылымдар арасында кеңінен қолданылып келеді.

А. Д. Швейцер «*мәртебе*» мен «*рөл*» терминдерін әлеуметтік жарыспалылықпен байланыстыра келіп, оның ішінде тілдің әлеуметтік жарыспалылығы және сөйлеудің әлеуметтік жарыспалылығы деп бөліп көрсетеді [2, 31 б.]. Тіл мен сөйлеудің әлеуметтік жарыспалылығы *стратификациялық* және *жағдайлық* (ситуативтік) өлшемде анықталады. Стратификациялық жарыспалылық қоғамның әлеуметтік құрылымымен тікелей байланысты, бұл *тілдің әлеуметтік жіктелімі* мәселесіне келіп тіреледі. Стратификациялық жарыспалылық әлеуметтік топтар мен жіктер арасындағы тілдік ерекшеліктерден көрінсе, жағдайлық жарыспалылық әлеуметтік жағдайға сәйкес қолданылатын функционалды-стилистикалық, диалектілік т.б. тілдік бірліктерді қамтиды. Ғалымның пайымдауынша, мәртебе мен рөл ұғымдарының ара қатынасын анықтай отырып, мәртебе – әлеуметтік жарыспалылықты, рөл – жағдайлық жарыспалылықты сипаттайды [2, 33-35 бб.].

Тұлғаның мінез-құлқынан, әсіресе сөйлеу әрекетінен аталған мәртебелік белгілердің барлығын да кездестіруге болады. Соның ішінде рөлдік белгілер гендердің мәдени концепт ретінде қалыптасуының әлеуметтік тетігі болып

табылады. Сонымен рөл ұғымын қалай түсінуге болады? «Әлеуметтік рөл – бұл мінез-құлықтың нұсқасы, қоғамдық жүйедегі және тұлғааралық қатынастағы тұлғаның объективті берілген әлеуметтік ұстанымы» [3, 252 б.]. А. А. Леонтьев пікіріне сүйенсек, рөл ұғымының астарында бір-бірімен өзара байланысты, бірақ гетерогендік (әр текті) үш түрлі түсінікті аңғарамыз: 1) рөлдік күтіліс (ролевые ожиданий); 2) бейтарап рөл; 3) рөлдік мінез-құлық (ролевые поведение). Рөлдік күтіліс «ойын ережесіне» сәйкес рөлді күтеді, ал рөлдік мінезқұлықты адам өз рөлінің шеңберінде нақты орындайды [4].

Әлеуметтік өзара әрекет барысында адамдар әр түрлі рөлдерді орындайды («ойнайды»), рөлдік қатынастарға түседі. Мысалы, «*басшысы-қызметкері*», «*мұғалім – оқушы*», «*әке – ұл*», «*ері – әйелі*» т.б. Сол сияқты тұлға екі немесе одан да көп әлеуметтік топтардың, институттардың, қауымдастықтардың, ұйымдардың т.б. субъектісі болып табылады. Мысалы, тұлға: *еркек, әке, күйеу, бала, оқытушы, ғылым докторы, профессор, редколлегия мүшесі* т.б. Бір адам әр түрлі адамдарға қатынасына сәйкес қарама-қарсы мәртебені де иеленеді, айталық, тұлға өзінің балалары үшін әке, ал өзінің анасы үшін ол ұлы болады. Бірақ сол мәртебелердің бірі адамның қоғамдағы ахуалын анықтайтын негізгі, басты мәртебе болып саналады. Мұндай мәртебе көбіне-көп негізгі жұмыс орнындағы қызметпен байланысты болады.

Сонымен, қайсыбір мәртебелік рөлді алсақ та (*әке, әйел, көрші, мұғалім, жолаушы, көрермен* т.б.), олардың әрқайсысының тілдік сипаттамасы бар. Тіпті қарапайым «атауының» өзінен адам санасында белгілі бір рөлге қатысты ұғым-түсінік туындайды, сөйтіп біртебірте рөлдік мінез-құлық таптаурыны қалыптасады. Сондықтан адамның түрлі рөлдерді орындауы барысында немесе бір рөлден екіншісіне ауысуы кезінде байқалатын тілдік ауытқулар (*стильдік, лексикалық, интонациялық* т.б.) рөлдік қарама-қайшылықтар (эмоциялық) тудырады. Мұны көбінесе кәсіби ортада, кәсіби-рөлдік сөйлеу үлгісінен аңғаруға болады, мысалы, *сіз сен* немесе *сен сіз* тәрізді тілдік ауыстырулар т.б. Л. П. Крысиннің пікірі бойынша, рөлдер тұлғаның әлеуметтік жағдайына, кәсібіне, жас ерекшелігіне, жынысына, отбасындағы орнына сәйкес, тұрақты және уақытша (мысалы, *жүргінші, сатып алушы* т.б.) болуы мүмкін. Адамдар рөлдерді иемденуіне (кәсіби, отбасылық т.с.с.) әрі оларды орындау сапасына қарай ерекшеленеді [5, 45-46 б.]. Алайда рөлдердің әртүрлілігіне қарамастан стильдің бір ғана түрі қолданылады. Мәселен, ресми-іскер стиль басшыға да, оның қарамағындағы қызметкерлерге де тән. Демек, бұл жерде рөл – екеу, субкод – біреу. Л. П. Крысин мұндай рөлдік қарым-қатынастардың ресми – *бейтарап – достық – сырластық* тәрізді қатысушыларға ортақ стильдік түрлерін ажыратады. Әрине, өзара қатынаста тұлғаның әлеуметтік мәртебесі (әлеуметтік жағдайы, жасы, жынысы, кәсібі) де ескеріліп отыратыны

белгілі. Кейбір жағдайларда әлеуметтік мәртебе үстеме стиль (доминант) қалыптасуына себепші болады [5, 50-52 б.].

Рөлдік күтілген жіктелім өте қатаң сақталған деуге келмейді. Рас, рөл іс-әрекетке жалпы бағыт береді, оның мақсатын айқындайды, ал оларды орындау стилі әр түрлі нұсқада көрініс беруі мүмкін. Мысалы, қазіргі әйелдердің жеке ұстанымдарында әйел рөлі аса елеулі маңызға және құндылықтарға ие бола бермейді, бірақ қоғам алдында әйелдің атқарар өз қызметі бар. Әлеумет тұрғысынан алғанда, атқаратын қызметтен ауытқу, оларды мойындамау жөнсіздікке әкеледі. Сондықтан атқаратын қызметке қатысты мінез-құлық ережелерін мейлінше ұстану тұлғаның қоғамда өмір сүруін жеңілдетеді, оның баянды болуына негіз қалайды [6, 253-254 б.].

У. Герхардт болса, рөлдерді мәртебелік, қалыптық (позициялық), жағдайлық деп ажыратады. Мұндай жіктелім әсіресе ұлттық-мәдени салыстыруларда тілдік әлеуметтену жайын (білімі мен соған сәйкес біліктілігін) зерттеу үшін тиімді. Мәртебелік рөлдер рөлдік теорияда көрсетілген «*мұра болған рөлдерге*» сәйкес келеді. Олар – адамның дүниеге келген сәтінен белгіленген, яғни субъектіге тәуелсіз, туғаннан сақталатын жыныстық рөлі, нәсілдік, этникалық, ұлттық, белгілі бір мемлекеттің азаматы ретіндегі рөлі немесе адамның өмірлік кезеңдерімен қатар жүретін жас ерекшелігіне қарай иемденген рөлдері, сонымен бірге көп өзгермейтін, дінге, әлеуметтік топқа, тапқа қатысын білдіретін рөлдер [7, 49-52 б.]. Бір ерекшелігі, мәртебелік рөлдер ретінде ассоциацияланатын рөлдік жіктелім бірқатар этностарда айтарлықтай айырмашылыққа ие. Мысалы, жыныс пен жас мөлшеріне қатысты рөлдер. Жыныстық рөлдер тұлғаның әлеуметтенуі (қай қоғамда болса да жыныстық рөлдер еңбек бөлінісімен байланысты), жас ерекшелігімен қатысты рөлдер (*бала – жасөспірім – ересек – қарт*) қалыптық рөлдердің орындалуымен сабақтасып жатыр. Қалыптық рөлдер – адамның иемденген орнына сәйкес атқаратын қызметі (рөлі). Мәртебелік рөлдер қалыптық рөлдердің орындалу түрін (модусын) анықтайды. Айталық, мұғалімнің қалыптық рөлін кім орындайтынын (*еркек/әйел, жас педагог/тәжірибелі педагог*) салыстырудың өзі жеткілікті. Жағдайлық рөлдер басқаларымен (мәртебелік, қалыптық) салыстырғанда еркін орындалады, тұлғаның белгілі бір сәттегі мінез-құлқы мен іс-әрекетін көрсетеді (мысалы, *сатып алушы, жүргінші рөлі* т.б.).

Сөйлеушінің мәртебесі мен рөліне қатысты жан-жақты талдау әлеуметтік лингвистиканың категориялар жүйесінде басты орын алады. Адам кез-келген уақытта өзіне тән құқықтар мен міндеттерді нақты түсінеді, тиісті әрекеттерді біледі, сөйтіп, төңірегіндегі адамдар күткеніндей, өз рөлін атқарады.

Гендерлік рөлдер – белгілі бір қоғамда, тарихи жағдайда қолданылатын әлеуметтік-мәдени нормаларға сәйкес ерлер мен әйелдерге берілетін

әлеуметтік рөлдер. Соған сай, әрбір жыныс өкілінің қоғамда міндетті деп танылған сөйлеу әдебі, мінезқұлық, дене қимылы т.б. талаптардың орындалуы шарт. Әлбетте, гендерлік рөлдер әр қоғамда, әр түрлі этномәдени, діни, әлеуметтік топтар мен жіктер арасында бірдей емес. Алғашында гендерлік рөлдер жыныс өкілдерінің биологиялық сипатына қарай жіктелген. Айталық, әйелге үй шаруасы, еркекке түз еңбегі тән болған. Б. Хасанұлы айтқандай, «Гендер факторы ең ежелгі заманнан көрініс береді. Алғашқы қауымда әйел мен еркектің, қыздар мен жігіттердің топтық өзіндік тілі болған. Еңбек бөлінісі биологиялық айырмашылыққа құрылған. Қазақтың «*ер адам – түздікі, әйел – үйдікі*» деген сөзі ертеде айтылған болса керек. Осыдан келіп, әр жыныс өкілінің айырма сөздігі пайда болған. Аңшылық пен құрылыс лексикасын еркектер қалыптастырған, ал үй шаруашылығы лексикасын тек әйелдер түзген. Соның бір белгісі – *көне әйелдер күнтізбесі* (IV ғасыр күнтізбесі) болған» [8, 284 б.].

Бір тіл аумағында әлеуметтік жынысқа – әйелдер мен ерлерге байланысты, олардың әрқайсысының сөз саптауында кездесетін тілдік бірліктер (сөз, сөйлем, сөйлемдер мен сөз тіркесі, фразеологизм, мақал-мәтелдер) *гендерлект* болып аталады. Алдымен айту керек, кейінгі кездерде әйел мен еркектің әлеуметтік қызметі жақындай түсті, бірақ олардың кейбір тілдік айырмашылығы сақталуда. Бұл термин алғашқыда еркектер мен әйелдердің сөйлеу іс-әрекетіне тән үнемі болып тұратын, үздіксіз белгілердің жиынтығы ретінде түсіндірілді. Кейінгі жылдардағы бірқатар еңбектерде еркектер мен әйелдердің кез келген сөйлеу іс-әрекетінде айырым белгі бола бермейтіндігі айтылады, сондықтан «гендерлект» жөнінде түрлі пікірлер орын алып келеді. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде: «гендерлект (ағыл. *gender* жыныс (*dia*) *lektos* диалект) ағыл. *genderlect* – бір этникалық тіл, ұлттық тіл, социолект көлемінде ер адамдар тілдерімен салыстырғанда әйелдер тілінің лексикалық, эмоциялық-экспрессиялы, грамматикалық, стильдік және басқа да ерекшеліктері» [9, 74 б.].

Әйелдер мен ерлер әр заманда әр түрлі мәдениеттік кеңістікте өмір сүре отырып, қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық т.с.с. өзгерістерді өздерінше қабылдап, сол қабылдағанын тіл арқылы әр түрлі белгілеген реттері анық байқалады. Бұған себепші жағдайлар жетіп артылады. Екі жыныс өкілі де жұмыс, кәсіп түрлері бойынша дараланады. Тілде көрініс беретін гендерлік ерекшеліктер еркек пен әйел атқаратын *қызмет* (*kəcin*) түрлеріне қатысты қазақ санасында қалыптасқан. «*Қажетсіз кәсін, есепсіз әдет жоқ*» деп есептеген халқымыз көшпелі өмір сүріп, табиғатпен етене жақын өсіп, негізгі кәсібі мал, аң, егін шаруашылығын үйлестіре дамытып, оны ұрпағына мұра етіп қалдырып отырған. Қазақтың байырғы тұрмыс-тіршілігінде де сыртқы шаруаны еркек тындырса, үйдің мүлік, ас-ауқат рәсімін әйел билеген.

Аң аулау, мал бағу, егін салу еңбегін атқарған – ер адам. Сондықтан да, *аңшылық* (аң, құс, балық аулау) – гендерлект. Әлбетте, аңшылық қазақтың күнкөріс кәсібі ғана емес, сонымен қатар *саятшылық* жас жігітті еңбекке, ерлікке баулыған, жастарды өнер-білімге, ойын-сауыққа, сайыс-спортқа жаттықтыратын болған. Өнерлі, ақылды, айлалы аңшыларға байланысты «*Құралайды көзге атқан мерген*», «*Жаман мерген бір теке атқан жеріне үш рет барады*», «*Балық аулай алмаған суды лайлар*» деген гендерлектілер кездеседі. Халық тұрмысымен астасып жатқан кәсіп түрлері кәсіп иелерінің, яғни еркек пен әйелдің гендерлік рөлін айқындап, соған сәйкес тілімізде (лексика, фразеология т.б. салаларда) гендерлік таптаурындардың қалыптасуына негіз болған. Айталық, «*Мал таппайтын еркек болмайды – құрарын айт...*» тәрізді гендерлектілер де малды бағып-қағу, өсіріп-өндіру ісіне байланысты пайда болған.

Қазақ қолөнері өзінің өмірімен, тұтыну қажеттерімен тығыз байланысты. Оның асы да, киімі де, баспанасы да мал өнімі болғандықтан, қолөнері де, сайып келгенде, сол мал өнімін өңдеу, ұқсату болмақ. Атап айтқанда: жүн иіріп, өрмек тоқып, киім тігу; киіз басып, үй жабу, төсеніш жасау; тері илеп, бас киім, аяқ киім және сырт киім істеу т.с.с. Әйелдер көбінесе үй ішін жасақтау, киім тігумен шұғылданған. Ал еркектер тері, ағаш (сүйек), темірмен байланысты кәсіптерді (*көңші, иші, ағашшы, темірші*) атқарған. Тері өңдеп, былғарыдан алуан түрлі аяқ киім (*етік, кебіс, мәсі, шоқай, шәрке*) тігетін *етікшілік*, қайыстан *жүген, тартпа, өмілдірік, құйысқан, шідер* секілді *айыл-тұрман* істейтін *өрмішілік*, сол сияқты ағаштан *ашамай, арба-шана* жасайтын *үйші, балташы, ұсталар* – гендерлектілер.

Қазақы гендерлектілерінің бірсыпырасы қазақтың арғы тегі-түркі тектес халықтарынан бастау алған *зергерлік өнеріне* байланысты. Ерлер арасында *білезік, сақина, жүзік, алқа, шашбау, сырға* тәрізді әйел қолды бұйымдарды жасайтын, *ер-тоқым, айыл-тартпа, жүген-құйысқан, үзеңгі-өмілдірік* секілді *ат-көлік әбзелдерін* алтынмен аптап, күміспен күптейтін *зергерлер* көп болған. Сондай-ақ *тұрманшы, зергер* тәрізді халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде өзіндік орны бар кәсіптер де ерлер арасында кең тарағаны аян.

Қазақ қоғамында *ісмер әйел* гендерлектісінің де өз орны болған. Ісмер әйелдер көбінесе мырзалардың, байлардың, ұзатылатын қыздардың жасауын, киімін тіккен. *Тымақ, кәмшат бөрік, қатипа тақия, нұшпақ ішік, қасқыр ішік, ақ қалпақ, түлкі ішік, сәукеле* сынды бұйымдарды ісмердің ақысын төлей алатындар ғана тіккізген. Кейбіреуі бестілік ат тұратын бұл киімдерді қай ісмердің тіккенін жұрт көргенде бірден білген. Тігіншілер ақысын көбіне кесіп айтпайды. «*Мырза түйе берсе, көпсінбейміз, бие берсе азсынбаймыз*» деген салмақты да, әдепті сөздері ісмерлердің есебін асырмаса, азайтпаған. Ісмері бар үй әлді, салтанатты тұрған. Ісмерлер өзіне мұрагер етіп қызын не келінін тәрбиелеген.

Ер адам шұғылданатын кәсіптердің бір гендерлектілік атауы – *сушы (құдықшы)*. Тереңдігі бірнеше құлаш болатын шыңырау құдықтарды қазып, шегендеу әрі ащытұшысын болжап білу – жігіттердің мықтысы ғана шыдайтын өте ауыр жұмыс. Ал қазақта ондай жігіттер аз болмаған. Иен далада қазылған мұндай құдықтар белгілі бір адамның не ауылдың меншігі болып қалатын (олардың кейбірі ел аузында).

Қысқасы, атадан мұра болып қалған кәсіп түрлерін сипаттау арқылы біріншіден, қазақ қоғамындағы еңбек бөлінісінің, яғни еркек пен әйелге бөлінген гендерлік рөлдердің ара салмағын анықтаудың, екіншіден, сол арқылы тіліміздегі гендерлік лексиканың (кәсіби, тұрмыстық) қалыптасуы мен қолданылу деңгейін бағамдаудың гендерлік лингвистикалық зерттеулер үшін маңызы зор.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Қордабаев, Т., Қалиев, Ғ.** Жалпы тіл білімі: Оқулық. – Алматы : Дәуір, 2004. – 240 б.

2 **Швейцер, А. Д.** К разработке понятийного аппарата социолингвистики // Социально-лингвистические исследования. – М., 1976. – С. 31-41.

3 **Әбсаттаров, Р., Дәкенов, М.** Әлеуметтану: Оқу құралы. – Алматы : «Ғылым» ғылыми орталығы, 2003. – 376 б.

4 **Леонтьев, А. А.** Психология общения. Учебное пособие. 2-е изд. – М. : Смысл, 1997. – 365 с.

5 **Крысин, Л. П.** Речевое общение и социальные роли говорящих // Социально-лингвистические исследования. – М., 1976. – С. 42-52.

6 Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік (құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева т.б.). – Алматы : Раритет, 2004. – 320 б.

7 **Тарасов, Е. Ф.** Социальнопсихологические аспекты этнопсихолингвистики // Национальнокультурная специфика речевого поведения. – М., 1977. – С. 38-54.

8 **Хасанұлы, Б.** Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психолингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 284-288 бб.

9 Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов / Э. Д. Сулейменова, Н. Ж. Шәймерденова, Ж. С. Смағұлова, Д. Х. Ақанова. – Астана : «АрманПВ», 2008. – 392 б.

Г. Т. Шоқым

Языковая-социальная сущность гендерных ролей

Актюбинский региональный государственный университет
имени К. Жубанова, г. Актобе.

Материал поступил в редакцию 29.11.16.

G. T. Shokym

Linguistic social meaning of gender roles

K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe.

Material received on 29.11.16.

В статье характеризуется значение исследования гендерной лингвистики в становлении и формировании (профессиональная, бытовая) гендерной лексики языка, соотношение гендерных ролей в казахском традиционном обществе и языковая-социальная сущность гендерных ролей.

The article presents linguistic social meaning of gender roles in the Kazakh traditional society, the value of formation and using of gender vocabulary (professional, domestic) for linguistic research.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ПГУ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА
(«ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,
«КРАЕВЕДЕНИЕ»)**

Редакционная коллегия просит авторов руководствоваться следующими правилами при подготовке статей для опубликования в журнале.

Научные статьи, представляемые в редакцию журнала должны быть оформлены согласно базовым издательским стандартам по оформлению статей в соответствии с ГОСТ 7.5-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», пристатейных библиографических списков в соответствии с ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».

Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

– В журналы принимаются статьи по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с полями 30 мм со всех сторон листа, электронный носитель со всеми материалами в текстовом редакторе «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) для WINDOWS».

– Общий объем статьи, включая аннотации, литературу, таблицы, рисунки и математические формулы не должен превышать **10-12 страниц печатного текста**. *Текст статьи: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка).*

Статья должна содержать:

1. **УДК** по таблицам универсальной десятичной классификации;
2. **Инициалы и фамилия (-и) автора (-ов)** – на казахском, русском и английском языках (*прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, см. образец*);
3. **Ученую степень, ученое звание, место работы (учебы), город** (страна для зарубежных авторов);
4. E-mail;
5. **Название статьи** должно отражать содержание статьи, тематику и результаты проведенного научного исследования. В название статьи необходимо вложить информативность, привлекательность и уникальность (*не более 12 слов, заглавными прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, на трех языках: русский, казахский, английский, см. образец*);
6. **Аннотация** – краткая характеристика назначения, содержания, вида, формы и других особенностей статьи. Должна отражать основные и ценные, по мнению автора, этапы, объекты, их признаки и выводы проведенного исследования. Дается на казахском, русском и английском языках (*рекомендуемый объем аннотации – 30-150 слов, прописными буквами, нежирным шрифтом 12 кегль, абзацный отступ слева и справа 1 см, см. образец*);

7. **Ключевые слова** – набор слов, отражающих содержание текста в терминах объекта, научной отрасли и методов исследования (*оформляются на языке публикуемого материала: кегль – 12 пунктов, курсив, отступ слева-справа – 3 см.*). Рекомендуемое

количество ключевых слов – 5-8, количество слов внутри ключевой фразы – не более 3. Задаются в порядке их значимости, т.е. самое важное ключевое слово статьи должно быть первым в списке (см. образец);

8. **Основной текст статьи** излагается в определенной последовательности его частей, включает в себя:

– слово ВВЕДЕНИЕ / КІРІСПЕ / INTRODUCTION (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре см. образец).

Необходимо отразить результаты предшествующих работ ученых, что им удалось, что требует дальнейшего изучения, какие есть альтернативы (если нет предшествующих работ – указать приоритеты или смежные исследования). Освещение библиографии позволит отгородиться от признаков заимствования и присвоения чужих трудов. Любое научное изыскание опирается на предыдущие (смежные) открытия ученых, поэтому обязательно ссылаться на источники, из которых берется информация. Также можно описать методы исследования, процедуры, оборудование, параметры измерения, и т.д. (не более 1 страницы).

– слова ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ / НЕГІЗГІ БӨЛІМ / MAIN PART (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Это отражение процесса исследования или последовательность рассуждений, в результате которых получены теоретические выводы. В научно-практической статье описываются стадии и этапы экспериментов или опытов, промежуточные результаты и обоснование общего вывода в виде математического, физического или статистического объяснения. При необходимости можно изложить данные об опытах с отрицательным результатом. Затраченные усилия исключают проведение аналогичных испытаний в дальнейшем и сокращают путь для следующих ученых. Следует описать все виды и количество отрицательных результатов, условия их получения и методы его устранения при необходимости. Проводимые исследования предоставляются в наглядной форме, не только экспериментальные, но и теоретические. Это могут быть таблицы, схемы, графические модели, графики, диаграммы и т.п. Формулы, уравнения, рисунки, фотографии и таблицы должны иметь подписи или заголовки (не более 10 страниц).

– слово ВЫВОДЫ / ҚОРЫТЫНДЫ / CONCLUSION (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Собираются тезисы основных достижений проведенного исследования. Они могут быть представлены как в письменной форме, так и в виде таблиц, графиков, чисел и статистических показателей, характеризующих основные выявленные закономерности. Выводы должны быть представлены без интерпретации авторами, что дает другим ученым возможность оценить качество самих данных и позволит дать свою интерпретацию результатов (не более 1 страницы).

9. **Список использованных источников** включает в себя:

– слово СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ / ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ / REFERENCES (Нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Очередность источников определяется следующим образом: сначала последовательные ссылки, т.е. источники на которые вы ссылаетесь по очередности в самой статье. Затем дополнительные источники, на которых нет ссылок, т.е. источники, которые не имели место в статье, но рекомендованы вами для кругозора читателям, как смежные работы, проводимые параллельно. Рекомендуемый объем не более чем из

20 наименований (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Статья и список литературы должны быть оформлены в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 (см. образец).

10. **Иллюстрации, перечень рисунков** и подрисовочные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

11. **Математические формулы** должны быть набраны в Microsoft Equation Editor (каждая формула – один объект).

На отдельной странице (после статьи)

В бумажном и электронном вариантах приводятся полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

Информация для авторов

Все статьи должны сопровождаться двумя рецензиями доктора или кандидата наук для всех авторов. Для статей, публикуемых в журнале «Вестник ПГУ» химико-биологической серии, требуется экспертное заключение.

Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. При необходимости статья возвращается автору на доработку. За содержание статьи несет ответственность Автор. **Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.** Датой поступления статьи считается дата получения редакцией ее окончательного варианта.

Статьи публикуются по мере поступления.

Периодичность издания журналов – четыре раза в год (ежеквартально).

Статью (бумажная, электронная версии, оригиналы рецензий и квитанции об оплате) следует направлять по адресу: **140008, Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Издательство «Кереку», каб. 137.**

Тел. 8 (7182) 67-36-69, (внутр. 1147).

E-mail: kereku@psu.kz

Оплата за публикацию в научном журнале составляет **5000 (Пять тысяч) тенге.**

РГП на ПХВ Павлодарский
государственный университет имени
С. Торайгырова
РНН 451800030073
БИН 990140004654
АО «Цеснабанк»
ИИК KZ57998FTB00 00003310
БИК TSESKZK A
Кбе 16
Код 16
КНП 861

РГП на ПХВ Павлодарский
государственный университет имени
С. Торайгырова
РНН 451800030073
БИН 990140004654
АО «Народный Банк Казахстана»
ИИК KZ156010241000003308
БИК HSBKZKX
Кбе 16
Код 16
КНП 861

УДК 316:314.3

А. Б. Есімова

к.п.н., доцент, Международный Казахско-Турецкий университет имени Х. А. Яссави, г. Туркестан
e-mail: ad-ad_n@mail.ru

СЕМЕЙНО-РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ КАПИТАЛ В РЕАЛИЗАЦИИ РЕПРОДУКТИВНОГО МАТЕРИАЛА

В настоящей статье автор дает анализ отличительных особенностей репродуктивного поведения женщин сквозь призму семейно-родственных связей. Ключевые слова: репродуктивное поведение, семейно-родственные связи.

ВВЕДЕНИЕ

В настоящее время отрасль мобильной робототехники переживает бурное развитие. Постепенно среда проектирования в области мобильной ...
Продолжение текста

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

На современном этапе есть тенденции к стабильному увеличению студентов с нарушениями в состоянии здоровья. В связи с этим появляется необходимость корректировки содержания учебно-тренировочных занятий по физической культуре со студентами, посещающими специальные медицинские группы в...
Продолжение текста публикуемого материала

ВЫВОДЫ

В этой статье мы представили основные спецификации нашего мобильного робототехнического комплекса...
Продолжение текста

Пример оформления таблиц, рисунков, схем:

Таблица 1 – Суммарный коэффициент рождаемости отдельных национальностей

	СКР, 1999 г.	СКР, 1999 г.
Всего	1,80	2,22

Диаграмма 1 - Показатели репродуктивного поведения





Рисунок 1 – Социальные взаимоотношения

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Эльконин, Д. Б. Психология игры [Текст] : научное издание / Д. Б. Эльконин. – 2–е изд. – М. : Владос, 1999. – 360 с. – Библиогр. : С. 345–354. – Имен. указ. : С. 355–357. – ISBN 5-691-00256-2 (в пер.).
- 2 Фришман, И. Детский оздоровительный лагерь как воспитательная система [Текст] / И. Фришман // Народное образование. – 2006. – № 3. – С. 77–81.
- 3 Антология педагогической мысли Казахстана [Текст] : научное издание / сост. К. Б. Жарикбаев, сост. С. К. Калиев. – Алматы : Рауан, 1995. – 512 с. : ил. – ISBN 5625027587.
- 4 http://www.mari-el.ru/mmlab/home/AI/4/#part_0.

А. Б. Есімова

Отбасылық-туысты қатынастар репродуктивті мінез-құлықты жүзеге асырудағы әлеуметтік капитал ретінде

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық казах-түрік университеті, Түркістан қ.

A. B. Yessimova

The family-related networks as social capital for realization of reproductive behaviors

A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.

Бұл мақалада автор Қазақстандағы әйелдердің отбасылық-туыстық қатынасы арқылы репродуктивті мінез-құлқында айырмашылықтарын талдайды.

In the given article the author analyzes distinctions of reproductive behavior of married women of Kazakhstan through the prism of the kinship networks.

Теруге 02.12.2016 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2016 ж. қол қойылды.
Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі шартты 20,0 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген А. Елемесқызы
Корректорлар: А. Р. Омарова, Б. Б. Ракишева
Тапсырыс № 2904

Сдано в набор 02.12.2016 г. Подписано в печать 15.12.2016 г.
Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 20,0 ч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка А. Елемесқызы
Корректоры: А. Р. Омарова, Б. Б. Ракишева
Заказ № 2904

«КЕРЕКУ» баспасынан басылып шығарылған
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
E-mail: kereku@psu.kz